

Ж. Махметов

# Махмет Оразалин

роман



Председатель Наурзумского райисполкома  
(1928–1930 гг.)

Астана, 2016

Ж. Махметов

# Махмет Оразалин

роман

ББК 85 Қаз-9  
Ж 80

Ж.Махметов  
Ж 80. Махмет Оразалин. – Астана, 2016.

ISBN 9970-23-945-7


Ж.Махметов – член Союза журналистов  
Республики Казахстан

Ж. 4902260207  
00(08)-09

ББК 85 Қаз-9

ISBN 9970-23-945-7

Ж.Махметов. 2016



Жанбыртай Махметов

Шауып келем, Шауып келем, қуып келеді, қуып келеді артыма қарай берем, қашып келем, көк айғырдың басын босата бердім, зырғып келемін, ілесер ешбір жанда болмады. Бошайды басып, Қарағайлыдан асып, Шұқаттың жанымен Ортабұлақ ойпатымен Жар қонысына барып бас тіредім. Көк айғырдың дүбірінен, шыққан ауыл адамдары жиналып топ болып қарсы алды, баласының бір уақиғаға кезіккенін білген Оразалыда қорқыныш сезімін білдіріп, қалың жұрттың алдына қарай бет алды. Махметтің түрінің бұзылып кеткенін сезгенді. Ахмет ентелеп барып, көк айғырдың тізгінін ұстап тұрып қалды. Тәтесін сүйемелдеп аттан түсірісімен, бағанаға байлап суытып терін басты. Ентігін басып, қорқыныш билеген бойын салмақтап Махмет жиналғандарға қарай бет алды. Жұрттың бәрі, әліде буыны қатпаған жас бала Махметке сенім білдіретін. Әкесі Оразалының жанына барып, ыңғай танытты, жылы қабағымен қараған әкесінің жүзін көрді. Көңілі өсті.

Құшағын жайып, «құлыным»! деп Ақбілек шешесі көзіне жас алып баурына қысты. Ауыл адамдары Махметтің жас болсада, өмірге көз қарасы жетіктігін аңғарған олар: Махметтің аузынан бірер сөз естігіміз келеді, - деп, - шулап бәрі бір дауыспен сөйлеп кетті. Махмет өз - өзіне келді, демін алып, бір қалыпқа түскендей болды. Көпшілікке қараған Махмет: Никалай патша құлады, жақтастарымен, қошқы - билермен Сибирге айдалыпты. Ленин бастаған большевиктер партиясы «Қарулы көтеріліс» жасап үкімет билігін қолдарына алыпты. Ленин: Совет үкіметі кедей –шаруаның үкіметі, - деп жариялапты!!! Ауыл адамдары қуанысып, бірін - бірі жаңа заманның орнағанын естіп білісті. Қуаныштарында шек болмады. Тағыда айтарым: Қашып келе жатқаным, артымнан Шолақсай қонысына келіп Кальчак әскерлері ауыл адамдарын қырып - жойып ұйлерін, өртеп атып тастағандары қаншама....

Қорадан малдарын тартып алып қуып жатыр, дүркіреген жұрт қайда барып тығыларын білмей әлек!!! Таныс жігітім Игорь Севостяновпен бірге қашып әреңдегенде барып құтылды, ол Бошайдың қалың орманына кіріп жоқ болды. Ер - жүрек ауыл жігіттері Кальчак әскерлеріне тойтарыс берседе қарулы, көп әскерлердің құрбаны болып:

Тарасенко, Куличенко, Федерчук, Коломенколарды атып өлтірді. Шын большевиктер болатын. Көк айғыр құлын кезінен қолда болды. Бағып өсірген Ахметті бауыр басып, «Жар» қонысын қандай мезгіл болсада қиын сәттерде жол тауып келетін. Жар қабағы, тік жар, жалпақ жатқан өзенімен жарыса салған қыстақтар,

көп үйлерден тұрады. Туып өскен, балалық шақтарыда осында, өткен. Махметтің туған бауыры Ахмет екеуі қатар өсіп, шаруаға ерте араласа бастады. Орта шаруа болғанымен Оразалының тұрмысы жақсы қуатты, жастай еңбекке баулып, шаруашылықтың қыр - сырын үйрете білді. Оразалы қайрымды болды.



Жетімдерге қол үшін беріп, сауын сиырға дейін жәрдем етті. Мал сойса жіліктеп, кедей - шаруаға таратып беретін. Ауыл адамдарының басына бір іс түссе, ақыл кеңесін беріп, жәрдемдесіпте жүрді. Сондықтан болар халық Оразалыны ел ағасы ретінде танып, айтқанын орындап, сый құрметін аямады. Жар қонысы. Шеткерек қотанда ұзын тартылған қой желімен байлаулы құлындар орын тебкен. Қой сауып, қымыз ұстаған, жұрт кең өріске малдарын ұзатып жатыр. Шалғын шөп жайлым кең жазықпен ұласқан. Жар өзен бойын қоғалы - қамыспен көмкергенге ұқсайды, табиғаттың әсем келбетін түрлендіріп тұрғандай сезінесің. Қыс айларында малға азық, көк қоғасын жылқыға азық етіп тебіндетіп қыстан қысылмай шығатын. Ірі қара малдарына ықтасын етіп, түгін тартса семіз болып қыстан шыға келетін. Оразалы ауыл адамдарына шаруаның осындай ретін айтып, мал ұстауға көптеп кірісе бастады.

Ахмет жанынан қалмай әкесінің қасында жүріп шаруашылықтың қыр - сырын жете меңгеріп алды. Оразалы Махмет пен Ахметті шақырып алып: Жаңа заман орнап жатқанда, алған

білімдерің тек қана сауатарыңды ашумен шектеледі. Заманға сай болу керек. - деп Махметке қарады. Махметтің ойында: оқып - білім алсам, халқыма бір көмегімді тигізсем деп, - ойлайтынын білдірген еді. Ауыл молдасы Берікбайда: Махметтің талабы жоғары, қолынан бәрі келеді, оқуға алғыр, келешекте үміт күтуге болатындығын Оразалыға айтып жеткізгем, - деді. Көп ұзамай Оразалы: Махмет сен Омбыға оқуға дайындал деп, - қадап айтты. Ахмет сен осындағы малға ие бол, шөп дайында, қыста келеді, дайын болуымыз керек деп, - сөзін аяқтады. Басын изеген Махметтің көңілі жадырап, әке тілегін қош көргендей ылтипат білдірді. Ахмет шаруаның ретін біліп, жолдастарымен қамыс - қоға дойындап алып, шөпке шығатынын айтып үлгірді.

Омбы қаласы. Махмет рабфакка қабылданды, қаланың үлкен шаһар екеніне таң қалды. Ол бұрын - соңды қаланы көрген емес. Көп ұзамай жолдастар тапты. Рабфакта татар жігіті Шариф пен орыс жігіті Сергеймен жақын жолдас болып, жатаханада бірге жатты. Әр жақтан жиналғандар, өздерінің мұнымен - тұрмыс жағыдайларымен бөлісті. Махмет оқуды тез меңгеріп, сабақты жақсы оқыды. Беделді болды, жақсы көріп жолдастары қатты силады. Шариф Татарстаннан келіп, ал Сергей болса Петербургтан көрінеді, әкесі патшаның жарлығымен Сибирге жер аударғанда, жолай Омбыға қоныстанған көрінеді. Көп азап шегіп, қорлықты көрген Сергейдің әкесі мен шешесі басынан өткізгенін айтып жеткізді. Орыстың бір қатар Чернышевский бастаған революционер топтың патшаға қарсы іс әрекеттерін баяндап, Сибирь жеріне жалаң аяқ - жалаң бас қыс айында аттың баурына алып, айдағанын көзімен көрген Сергей әңгімесі, бәрімізді елең етті. Сергей жас болсада, орыс шығармаларын оқып таныстырды.

Гогольдің, Чернышевскийдің, Салтыков - Шедринің еңбектері жатында сақталған. Махметтің көп нәрсені үйреніп, ойына түйді. Шарифте Татарстанның халқы бір кісідей егін салып, мал өсірудегі ел тұрмысын айтып ойымен бөлісті. Әңгімелерін Махметте жалғастырып елінің аш - жалаңаш тұрыс жағыдайларының ауыр - азаппен өтіп жатқанын жасырмады. Оқуын бітіріп, орысшаны жақсы меңгерген Махмет елге оралды. Сұлу табиғатымен елең еткен, Аяқбұлақ орманды алқапқа ұқсағандай қайың - терек аспанмен таласып жасыл - көк жапырағымен жайқалып ауыл сәніне келбет бергендей құлпыра түскен, байаулап батқан күн көзі қызылды жасыл сәулесімен өң беріп, үлкен алқапты алып жатқан көгалды көресің, сарқырап ағып жатқан бұлақта гүлмен көмкеріліп,

құлпыра түскен. Қайран қаласың, шығысқа қарай Ортабұлақ ауылымен жалғасып жатты. Ортабұлақта өскен ғасырлық ғұмыры бар

«Байтерек» алыстан мұнартып, адасқанға бағыт беріп, жол сілтейтінде сол. Биіктігі аспан бұлтымен таласқандай өте зәулім биікке бет бұрған, жуандығы он жігіттің құшағына пара - пар келгендей болса керек. Сондықтанда «Байтеректі» ауыл халқы «Қасиетті Байтерек» деп атап кеткен. Мол қоныс тепкен үйлердің көбі Басбұлақ, Ортабұлақ және Аяқбұлаққа орныққан рулы ел «Жиенбеттер» ауылы болатын. Басқада қоныстарды мекен еткен: Қарақұдық, Бабашал, Ақан, Жар, Жарөткелдің шөбі шүйгін, мал өрісі кең көп ауылды аймақ болатын.

Аяқбұлақ - ерекше табиғатымен көзге түсіп, ағып жатқан бұлағының сылдыры, құс базарыда қалың орман ағашымен сәндік құрып, көк - жасыл сәулетімен, ауыл келбетіде жаңа заманға қарай, аккудай қатар түзеген отау - үйлер құлашын кеңге жайып бүкіл аймақты алып жатыр. Мақтаса - мақтауға тұралық елге туғандарыда көшіп келсе керек. Жағалай қырат асулары мұнартады, жалпақ жол торабыда, қою шөп даласымен кең жазыққа ұласып жатыр. Бізде осы жолмен жүріп келеміз, әңгімемізде жол үстінде басқа елді қонысқа жағалай қоршаған мекендердіде сөз етіп келеміз. Қазақ даласының жері көп емеспе:

Науырзым, Қарамайшы, Саршығанақ, Сармойын, Жарман, Өмірбек, Егінсай, Қараменді, Сыбсың, Данабике, Шұқыр, Құмжота, Жаркөл, бәріді жақын орналасқан еді. Махмет осы аймақтың бәрін біледі, көз алдында, талай барып ойын - тойға қатынасқан кездеріде болды. Күресіп күш сынасқан еді. Балалармен суга түсіп, балық аулаған кездері, Жар қабағында күнді батырып жүргендегі уақыты, үйге оралмай, кешіккен кездері, балалық шақтарымен шектеледі. Омбыдан келісімен жұмысқа араласа бастады. Ұйымдық мәселелерді өзі шешіп, қоғам ұйымдарына есімі біліне бастады. Сөзге шешен Махмет қай жерде болсада - жол тауып бастама істерін жалғастырып жүрді. Жаңа заманның бағытында болды. Жас болсада ел дағыдырын шешуге бел байлады, белсенділік танытып халық сеніміне кірді. Көп ұзамай партия қатарына өтуге Қостанайға шақырды. Қауесетті естіген жұрт, елге таратыпта үлгірді.

- Қостанай қаласы. Орталық алаң. Обкомпартиясының үйі. Әдемі киінген келбетті жас жігітті қабылдап, партияға алынғанын хабар етті. Хатшы жолдастың қабылдауында болып жиналған партия, совет органдарына, коммунист Махмет Оразалинге сенім артып

отырғанын тілге тиек етіп, ең жауапты, тұңғыш ұйымдасуға шешім қабылданғанын қабарлаған хатшы: Науырзым көлемінде, өмірде бірінші рет колхоз құруға байланысты басқарма етіп, сайлап отырмыз, - деп сөзін аяқтады. Отырғандар зор ықылас көрсетті. Мінбеге Махмет көтерілді: Айтылған сенімізді ақтаймын, партияның алдында жауапкершілігімді түсінемін, - деп қадап айтты.

Сіз, - деді хатшы сол аймаққа бөлінген уәкіл Бермұханбетов Ақсауыт жолдас өзі барып, бірге таныстырады. Ақсауытты алғаш көруі Махмет танысып қол алысты. Ұзын бойлы, салмақты, келбеті келген, білімді кісі екенін аңғартты. Ертеңіне арнайы көлікпен Әуликөл арқылы, созылған даңғыл қара жолмен жүріп, Науырзым бағытына тарттық. Жол жөнекей бірнеше елді басып жүріп келеміз. Күнде ашық тамаша, күн көзімен сәулеленіп даланың сұлу келбеті еріксіз көз тартады. Жолай шырылдаған торғайдың үнімен ілескен, аспанда бұлтсыз көк күнбезімен жылылық танытып көңілді бір шаттыққа бөлегендей жүріп келеміз. Ақсауытта туған еліне аңсары ауып сағыныш сезімін сөз арасында білдіріп қояды.

Махметтің ойында обылыстық партия хатшысының сөздері ойынан кетер емес. Жігіт болсаң: «елінді бақ, аштық - жалаңаштықтан» құтқар, сонда ғана халық сеніміне кіресің деген, - сөзі қайта - қайта орала берді. Ақсауытта қостағандай: Махмет сенің білімің бар, ұйымдастыру мәселесін бірінші қой, халықтың сеніміне кіріп, артыңнан ерте біл - сондағана шын коммунист екенінді бәрі біледі, - деді сөзін аяқтап. Махметтің ой - мақсатыда осы еді. Ақсауыттың айтқан сөздеріне басын изеп, сенімділігін білдірді. Махметтің ойында өзі қатар ауыл азаматтарын бірінші топтастырып, колхозға мүше ету болды. Адал ниетті адамдарды қатарына тарту бірінші кезекте тұрды. Қарсыластарға түсіндіріп, жаңа жолға салу қиын болатындығын жасырмады. Ескі заманның тәрбиесімен өскен бұқара халық, бай тұрмысын жақтаушыларда көп екенін есінен шығармады. Олардың арасында «суға салсаң - батпайды, өртке салсаң -жанбайтындарыда» кездесетінін білді. Махмет бұның бәрін ой тізбесінен өткізіп отырсада, мойымады. Осылармен жол тауып күресетінінде жасырмады. Қастандық, төбелес, өлімге дейін баратын қулардың істерінде есінен шығармады.

Ескі заманның ескіргенін, заңның тозғанын халыққа түсіндіріп, көп таластардың туындайтынында ақыл мен парасаттылыққа сенім артып Махмет көңілін биік ұстап отырды. Халықтың: «Талапты ерге нұр жауар», деген сенімнің ойынан бір сәт шығармады. Елге берген сенімін ешқашан жоғалтпады. Байсалдылық танытып Махметтің

әрбір сөзіне риза болған Ақсауыт: жас болса да, халық үшін туған азамат екеніне» ой түйді. Көңілі өсіп, сенімі арта бастады. Кең байтақ дала. Жүріп келеміз. Ақсауыттың елге деген сағынышы соншалық көзін айырмай, жарысқа қалып бара жатқан арманды ағаштармен құлпыра өскен көк майға сұлу келбетімен танылған шексіз алқап жатыр. Туған жер, туған елдің табиғаты әрқашан ыстық. Бір сәт Ақсауыт: бала кезімнен оралып келе жатқаным, ойым қобалжып, елге деген сүйіспеншілігім жаңа оянғандай болдым! - деді де маңайға көз тастай бастады. Махметте: өзінің басынан кешкен бір сәттерін әңгіме етіп Ақсауыттың көңілін аударды. Ол кезде 16 - га жаңа толған уақытым еді, - деді Махмет. Қаптаған Колчак жауынгерлері Шолақсай елді қонысын басып алып, ойрандады. Жазықсыз жандар құрбан болды. Естіген маңайдағы елді қоныстардағы халықтарды үрей қалмады. Олар патшаның сенімді жауынгерлері «ақтар» болатын. Қаруланған, атты әскері, бағыты «Күйік» арқылы Торғай уезіне жол тартпақ.

Қазақтың қалың қолы «Күйікте» соққы беріп қырып салды. Тірі қалған, бір бөлігі жиналы Торғай асуына қарай бет алды, - деді Махмет сөзін аяқтай келіп, мұндай сұрапыл» соғысты кім көрген! - деп біраз ойға кеткендей болды. Ақсауытта елендеп: Халықта жері бар, апандар кілең! - деп жалғастырды сөзін көздеген мақсаттарына жете алдыма, құр әурешілік, өздерін қойдай қырып салғаны Батпаққара қазақтарының ерлігімен батылдылығы өте ғажап екен. Жол үстіндегі әңгіме осылай жалғасты. Артта жұбатылған ирімді шаң қалып отырды. Күн беткейін алға ұстап, Науырзым қонысына қарай жүріп келеміз. Күн ұясына жақындап, қызыл жалын шашқан кез болатын. Алыстан сағымданып, көкшіл арман алқапты бұлғырлайды. Елмен ескен шөп алқабы жайқалып қала берді. Махмет ой үстінде; Жиёмбет халқының жағдайы қалай болар екен деген ой жол үстінде мазалаумен келеді. Алып ұшқан, жас жүрегі аштықтан арыла алмай, жокшылық тауқыметі қатты барады.

Заман болса аласапыран аш - жалаңаштықтан шағын Жиёмбет ауылы құрып кетуі де мүмкін, бір жағынан «Сталинский репрессия» ұсталған адамдарда қайта оралмай қаншамен жетім балалар мен жесір әйелдер, аңраған әжелер, сүйенетінінен айрылып қалған от басылар аяныштыда, қиналысында.

Алып шеккен халықтың да сауатсыз, хат танымайтын жағдайлары бір жағынан етек алған.

Еңсесін көтерді де Махмет Ақсауытқа бет бұрып: Қаншама отбасының күн көрісі жоқ, аш - жалаңаш, сауатсыздық - ыстық бәрін

бір мақсатқа қолын жеткізсем ғой! - деп сөзін түйіндей келіп, қиналып барып қайта орнына отырды. Ақсауытта бірден сөзіне құлақ салып, Махмет сен жассың жаңа үкімет сеніп тапсырып отыр, аш халықты асырау, сауатсыздықты жою бәрі де сенің мойныңда, елге сен ғана осыларды ұйымдастырып Жиёмбет әулетін сақтау саған ғана сеніп тапсырып отыр: «Ерін таппаған ел жетім» деген мақалды есінде сақта, бағытыңнан таймасаң ғана қол жеткізе аласың, қиындықты сонда ғана жеңесін деген, - ағалық сөзімен аяқтады.

Мұнартып артқан көкшіл орманды алқап Науырзым қонысында келіп қалдық. Жалпақ қара жол, тізбектеліп шұбалаң тартқан сіздерге артта қалды. Шырылдаған Торғайды жол бетінде, кезектеп ұшып, көгал жиек шөптермен сағымданып барып, қыраң төбелерде артта қалып келеді.

Махмет көңілі көтеріңкі, ел маңына келгенде байқап, бірде ойға шомып, бірде қуаныш үстінде бейнесін байқатады. Жастық шіркін, қайратты да мол, күші де бар, жұпың артқан денесі ширақ қозғалады. Әсем ажары, келбетімен ақшыл өңі жарасымды, кең мандайға күн көзінің әлсін - әлсін түсіп, жарық сәуле шашқан бет нұрына, жігіт төресі, болғандай ой түсіреді. Кейде екі беті қызарып алмұрт тартып, сұлу рең береді. Құлағы қызарып, қомақты шашың жел үрлеп, қобалжытып қояды. Екі иығына екі кісі мінгендей, жаурынды күшті екенін сездіреді.

Махмет талай ойын – тойларда көрсете алдына жан салмауы ауыл адамдарының есінде.

Ну орман дерсін, тірегіне Науырзым қонысы орналасқан үлкен алқапқа көз жүгіртсе тояр емессің. Құм көшкініне шөге орналасқан көп ауыл үйлері сұрғылт тартқан қоңыр және көше бойына шыққан ағаштар әр жерде шоқы болып көрінеді. Аспанмен таласқан биік қарағай ағаштары, сағымданып ауыл сәнін келтіріп, сырт қараған адамға, әсем табиғатымен бөленгендей сұлулық танытады. Сұлу табиғатына бізде қуандық. Салғыртты ұмытып, көше бойын өрлеп келеміз.

Ойымыз тезірек елге жетіп, іс тындыру санамыздан кетер емес. Ауыл халқына өз сәлемімізді жеткізіп, айтылған сөз бен ойымызды іске асыру бірінші кезекте болды. «Болар істің басына, иесі келсе қасына», - дегендей ой мазалап Махметтің әрбір қадамында, жол үстінде орала берді. Кейде қабағы түйіліп кеңістіктің көрсеткендей, салқын денесіне мұздай су құйылып кеткендей, бейне қалыппен келеді.

Жиналған халық тартыс үстінде болсада, ымыраға келіп «Шилі» колхозын құрды, басқаруға Махмет Оразалин сайланды.

Біраз шаруаны тындырысымен, Татарстанға дайындалып жатты. Шарифпен хабарласқан соң, Нөкетайды ертіп, қара жорғаға мінген бетімен, қасында бір қарулы жігіттерді алып, өгіз арбамен ұзақ жолға бет алды. Көк биеден өтіп, Қостанай қаласымен Қарабалық қоныстарын басып біраз жүрді. Қара жорғаға мінген Махмет жол бастап, желіп отырды. Нөкетайда көш бастап, өгіздерін біраз шалдырып алып жол жүріп келеді. Құлазыған ұзын соғылған қара жол, орман арасымен, созылған арба көші жылжып келеді. Күн көзінің ыстығы да батып, сыртқы бешпент шапандарын шешіп жеңілденіп қалған Махмет ой үстінде: Шаруамыз оңға басып, тұқым алып елге аман сау оралсақ деген ойын бұзып жібергендей, жана салап Нөкетай ат тізгінін тоқтатып: Махмет біраз шаршаған түрі бар көшті аялдатсақ деп, - ойын келте айтты. Махмет жалт қараған бойы: Жарайды онда арман ішінде аялдап, өгіздерді біраз оттатып алғанын дұрыс қой деген шек қақты. Шаба жөнелген Нөкетай көшті тоқтатып жігіттерге бұйрығын жеткізіп жатты. Біраз тыныққан олар күш жинап қуаттағандай белгі берді. Әлі де біраз жер, ауылды елдерді басып жүруге бел байлады. Қара жол соқпағы арбаны да қояр емес, бірінен соң бірі қирап біраз қиындыққа да батты. Бірақ көш керуені тоқтаған жоқ. Татарстан еліне кіріп аяқ басты. Ауыл қоныстары жиі орналасқан, шіркеу мен мешітке толы елді мекенде, алыстан көз тартып көрініп қояды. Қызыл кірпіш үйлердің зәулім салған түріне қарап тұрып қаласын. Орыс бай кулактарының үйлері мен дүкендері орналасқан. Кедейлерінің үйлері бозғыл, қара сыланбаған, шет жаққа қарай ығысқан. Махметке қарап Нөкетай: Бұл жақтада кедейлер жетеді екен - ау! – дегенді.

Махмет бұрылған бойында: Халықтың бәрі әрине бірдей емес патша заманында оңғаны барма? – деп сөзін жалғастырды, жана үкіметке, партияға бүкіл халық сенім артады, бізде көштен қалмайтын ел боламыз, болашағымыз алда, - деп Нөкетайдың арқасынан қақты, шыдауымыз керек, сол үшін аянбай күресуді қажет етеді. «Өз қолымыз өзіміздің нанымызды тауып жесек», содан асқан бақыт барма? – деген Махметтің ойлы сөзі естігендерге үлкен үміт артты. Қуанышты күндерінде болатындығына сендірген Махмет қара жорғамен алға түсіп ұзай берді. Көште қалар емес. Татарлардың жүздерінде жылу қарсы алып, бағыт беріп жатты. Нөкетайдың жеккен өгіздеріде мықты, күн ыстығына шыдап, сықырлаған арба дауысымен жолды жалғап келеді. Шариф

жолдасымен уағдаласқан ауылына да жақындап қалды. Енді бір қыр асуымыз керек деп, - ниет білдірген Махмет Нөкетаймен қатарласып жүріп келеді. Қай ауылға соғып жүрсекте жолы қатаң танытып бар тамағын алдына тосады. Біз туыстас халықпыз, - деген Махмет сөзі қарсы алғандарға ризалық сеніммен қарады. Махметтің ойынан шыққан сөзіне бәрі де ниет білдіріп жатты. Дастархан жайылып Татарстан жеріне қошеметке бөлініп, жолдастары көңілді жағдайда болуы жолының ашылғаны десті қасындағылар.

Махмет Нөкетайды қасына ертіп, өзінің орынбасары етіп, жұмыстың бәрін сеніп тапсыруы бұлжытпай орындайтынын білді. Қолынан іс келетіндігін аңғарған Махмет, Наурызым Сыбсыңнан ағайынды Нөкетай мен Ағытайды колхозға көшіріп алуыда осының айғағы болуы керек. «Тар жол - тайғақ кешу» заманында, - деп сөзін жалғастырған Махмет істің қасында жаны ашитын сенімді, ақылды қандай қиындыққа мойыматын, іске ыңғайлы тәжірибесі мол азаматтарға айтып есіне салған.

Махмет: Жаңа шаруашылыққа бірігіп, колхозға ауыл адамдарын топтастырып, артельге мүше еттік егін салып, мал өсірдік болашаққа қадам басып, елді қалыптастырып басты мақсатқа қол жеткізе бастадық, - аштық пен жоқшылықты артқа тастадық, - деген сөздері колхоз жиналысында жиі айтылып, халық санасынан орын алды. Нөкетайдың ойында осы сөздер ұмытылмастай жаттала берді. Махметке арқа сүйеп, өз ісін мығым ұстағаныда осы еді. Әрбір іске мән беріп, егін мен малға жауапкершілікпен қарап, қалт жібермеуге патия алдында жауапты екенін түсіне білді нан молшылығы болатынына сенді.

Заман талабы - халықты аштықтан құтқару, от басына мал ұстату халықтың әл - ауқатын, тұрмыс жағдайын көтеру үкімет талабыда осы болатын. Махметке сеніп тапсыруыда осы болатын. Мал қоныстарымен егісті аралап, аттан түспегелі біраз уақыт болды. Махмет пен Нөкетай бірге аралап мал өрісіне дейін, шабындық жерлерді көріп егістік алқабына барып бас тіреді. Егінге дайындық жасап себуді ұйғарды, халықты біріктіріп науқанды бастапта кетті. Көктемнің алғашқы күндерін қалт жібермеуді ұйғарды. Жақсы бастама - нан молшылығына ұйғарды.

Халық көңілді іске бар күшін аямады ерте - тұрып кеш жатты адал істің бастамасына сеніп, Махметтің соңынан ере білді. Ауыл маңы құлпыра өскен көк жасыл ағаштарымен айшықталып, көрікті келбетіне ұқсағандай. Сұлу табиғатын көргенде, бұдан басқа жер жоқ деп ойлап қаласың. Аспанмен таласқан биік ағаштар, құлпыра

өскен көгалдар, толқын атқан сағымдар, жарқыраған күн сәулесін өзіне тартып, шуақ жаздың, әсемдігімен ұласып жатыр. Жарасқан аймаққа Махметпен Нөкетайда көз тігіп қарай бергісі келеді. Өріске шыққан мал өрісі табын - табынымен кең даланың беткейіне қарай бет алды. Ат үстінде отырып, көтеріңкі көңілдеріде бұл жайытқа қызыға қарайды.

Еңбек пен келген ауыл тұрмысы, жақсарып халқының көңілді күйін бірден аңғарасың, артта қалған қиындықтарды басынан өткізген Махмет көңілі көтеріліп: Әліде қаншама жұмыстар күтіп тұр, бұл тек бастамасы ғана, осының бәрі ел дағыдыры, - деп сөзін жалғастырды, олжалы болып қайтсақ екен, ел ырыздығы еңсемізді көтерер деген ой түйді. Біздің тілекте сол, - деп бастаған Нөкетай: Бір жағадан бас - бір жағадан қол шығарсақ, төккен теріміз зая кетпейтініне сенемін, сонда ғана ісіміз оңғабасып, ойлаған мақсатқада жетуіміз сөзсіз, - деді Махметке жақындап келіп. Махметте: Әрбір адам ой санасын ақылмен байыптап, болашақ өмірдің келетініне сеніп, адал еңбекке Нөкетай сыяқты болса деген сенім, колхоз өмірін асқақтатуымыз сөзсіз, - деп жиналған топқа қарап көтеріңкі дауысымен жеткізіп жатты. Махмет сөзі кім - кімгеде ой салып өтті. Жанашыр жандардың көп бола бастағанын аңғардық. Нөкетай күрең атымен артқа шауып, бақылап, көш бастап келе жатқан Махметке жақындап баяндаумен болды. Әрбір көлікке ие болған қарулы жігіттерде, өздеріне мықым екенін бірден аңғартты. Жолға шыққалы бір жетідей болып қалды. Алыс жол, қатпарлы ой - қыры көп, ыстық күн, қиындыққа қайта - қайта соқтырды, бірақ ешкім мойымады, ел дағыдырын есінен шығармады.

Күнде шайдай ашылып, ыстықта басылғандай, жайма шуақ орнады. Татарстан шекарасына ене бастадық, өгіздерімізде пысып тоқтаусыз жүріп келеміз. талай асулардан асыпта, тау қыратына жақындап қалдық. Қырат маңынан өте бергенде, алыста келе жатқан машинаға бірден көзі түскен Махметтің жүрегі елжіреп, бір қуаныш хабардың сезгенін білді. Ирек - ирек артынан шаң ілесіп, машинаның тез келіп қалғанын Нөкетай бірақ білді. Машинадан түсіп, жүзі таныс, кластас досы Шариф құшақ жайып, қара жорғаға қарай бет алды. Махметте жалмажан атынан түсіп, құшақтасып біраз тұрды, сағыныш көңілдерін басты, Омбыдан кейін қаншама уақыт өтті дерсін.

Қандай ыстық бірге жүріп, - бірге тұрған, жатаханада бір төсекте жатып, талай сырларымен бөліскен кездерінде еске алыпта

жатыр. Көңілдерінде қуаныш орнағандай, бір - біріне деген сенімді ықыласы орынды еді. Қасындағы жолдастарын таныстырып болған соң, Махмет келген ойын жеткізіп, елінің күйзеліс жағыдайын сөз етті. Шариф бірден қош алып, келген жұмысын орындауға ниет білдірді. Махметті машинасына мінгізіп, көлікті бастап ала жөнелді. Ықыласын сезген Нөкетайда көңіл тоғытып, сенім ықыласына бөлгенді.

Татарстан. Аудан орталығы. Ұзын көше, сәнді үйлер, зәулім ғимрат, мекемелер көз тартады, аумағы үлкен алқапты алып жатыр. Көк –жасыл ағаштарымен бой түзеген. Көшелері мен аялдамаларда, алаңдарда жайқалған гүлдерді кездестіресің. Шетте қорғаны бар үлкен үйге аялдадық. Кеткенше осы үйде боласындар, - деп Шариф үй иесіне таныстырып жатты. Көп ұзамай, ертеңіне көлігімізге тұқым артып, хош айтысып, қимастықтан жолға оралдық.

Шарифтің азаматтық ісіне Махмет сондай ырза болып, жолдасының аудан әкімінен жоғарлауына тілек білдірді. Аз уақыт болсада Махметке біраз шаруашылығын таныстырып, құрлыс саласынан тәжірибесін бөлісті, істеліп жатқан жұмыстарын көріп, Шарифтің алғыр іскер екенін білді. Көмегін аямаған ол Махметті құрмет тұтып, біраз жерге дейін шығарып салды. Күндіз - түні жүрумен жол азабы азайып Көкбиеге келіп бірақ тоқтады.

Астыққа күзет қойып, қауыпсыз болуды ескерткен Махмет Нөкетайға қатан тапсырды. Көздің қарашығындай сақтаған тұқымымен Шиліге бет алды. Ауылға келіп қалдық, - деген жігіттер сенімі Махметті одан сайын құрмет тұтып, айтқанын бұлжытпай орындауға сендірді. Өздері талай жүрген қара жолмен жүріп келеміз. Ойымыз ауыл адамдарын қуанту болса, Махметке сеніп, колхозға мүшелікке өтетіндер саны көбейсе деген ой жетеледі. «Көп түкірсе - көл болады, - деген қазақ тегін айтпаса керек, бірі егінші, бірі малшы болып жаңа колхоздың дәрежесін көтеріп, ат салысу орынды еді. Бәрініңде ойында осы.

Шын пейіл, шынайы ықылас. Айтылған жалынды сөзге құлақ асқандар Махметке сеніммен қарайды, қолдайды. Алма - кезек заманда арқа сүйер адамның болғаны, күш - жігер беріп жүректеріне қуаныш ұялатады. Қиыншылық басына түсседе төзімділікпен ой түйген Нөкетай: Махметке үлкен сенім артып, қуаныш көңілін сөз арасында білдіріп қояды. Колхоз Шилігеде жеттік. Алдымыздан қаптаған халық қарсы алып, көлік басын, қоймаға қарай түзеді. Қара жорғаны алыстан таныған ауылдастарының жүздірінде қуаныш

сезімі байқалады. Үлкендеріде көгалға жиналып Махметтің келуін сағынышпен күткен еді.

Атынан түсіп үлгіргенше халықтың қоршап алғанын бірақ білді. Көпшілігі қышақтап жатса, біреулері бетінен сүйіп, батасын беріп, аман сау келгенін жеткізіп жатты. Қоймаға жауапты Әлібекте амандасып, Махмет: Тұқымды көздің қарашығындай сақтау керектігін қадап айтты. Әлібекке міндетеді. Уақыт аз тездетіп тұқым себуіміз керек, - деді. Нөкетай Ортабұлақтың жері дайын деп хабарлады. Сөзін жалғастырған Махмет: Бұл іске бәрімізде бір кісідей жұмылуымыз керек, - деп көпшілік назарын өзіне аударды. Таң біліне ағылған жұртта есеп болмады бәріде Орабұлаққа қарай ағылуда. Көктемде жаман емес, жиі - жиі жаңбыр жауып, дала келбетіде өзгеріп сала берді, қаулап өскен шалғын шөпте, мал өрісін бір шама молайтып тастады. Тұқымдыда тез арада сеуіп алсақ, жаңбырлы күндер көп болатыны сөзсіз, - деген ойға оралды. Тұңғыш рет Ортабұлақ бауырына егін салып, біраз жұмыс атқарылды. Ұйымдастыруда басы - қасында болып Махмет ауылдастарын еңбекке үйретіп, көптеп тарта бастады. Жауын көп болып, егінде қаулап өсті. Ырыздық несібе молайды. Халықтың жүздері ашық, беттерінде күлкі билеген сәттерінде байқалады. Махметке деген сенім арта бастады.

Егін пісіп, қарбалас уақыт. Сар далада жайқалған егін алқабына көз тояр емес. Халық бұрын - сонды бұл құбылысты көрген емес. Егін оруға кірісіпте кетті. Жас - кәріге қарамай ауыл адамдары, егіс алқабында топ - топ болып, қол орақпен ши - сноп байлап, қырманға жөнелтумен болды. Нөкетайда күрең атымен екі ортаға шапқылап ұйымдастыруды бұлжытпай орындауға басшылыққа алғанды.

Алғашқы дәндердә, тау - тауғып үйілген бидай сабағын, тақыр жерге ретімен төсеттіріп өгіз молотилкамен бастыра бастады. Айгіміс бастаған егде әйелдер: Иіс, Тотығыс, Бимаржан, Ақшай, Мыңжылқы, Ақбала, Дәметкен, Сартай, Жайнагүлдер бастырылған алғашқы дәнді ұшырып, бір шама үйіп тастады. Қырман басы көңілді думан ән кешімен ұласып жатты. Үлкендердің бас -қосып отыра қалған кездерінде «жас болсада Махметтің іскерлігін» айтып әңгіме қылатын, болашағы мол, келешегі алда деп мақтап отыруды әдетке айналдырды. Казірдің өзінде бүкіл ел, көрші аймақтан, обылыс көлеміне жайылды. Тұрмыс жақсарып, тоқшылыққа берік қадам баса бастадық. Махмет жалшылықты атымен келместей етіп құртты. Көпшіліктің аңсаған өмірі, дүниеге келіп, Махметтің арқасында тәуелсіз ел орнады.

Айгіміс женгесін Махмет қатты силайды. Жеңгесінің іскерлік – ұйымдастырғыш қабылетіне риза болып, қырман басын сеніп тапсыратын. Жаңа егіннің бидайын пісіріп, нанды халыққа таратып берген Айгіміс болатын. Қырман басына келген Махмет: Келер жылдың тұқымын құйып алыңыз, - деп тапсырма беріп жатты. Еңбекші бұқараға мол астықты таратып, жоқшылық - аштықтан біржола құтылғандай болды.

«Брыздық несібесі» молайып, тоқшылық жайлады, көңілдері көтеріліп, қуаныш сезіммен «мархабатқа» бөленді. Жиналған жұрт алдынашыққан Махмет: Әліде бұдан артық жақсарамыз, осындай тамаша ұйымшылдықпен еңбек етсек, нан мен ет көбейеді, тамағымыз тоқ болады, әр отбасына сауын сиырда беремін, - деді. Бұл сөзі бүкіл жұрттың еңсесін көтеріп тастады. Көпшілік қол соғып Махметке үлкен ризалығын білдіріп жатты. Қырман басында кешкілік саған ән ауыға естіліп жатты. Жас әйелдер мен балалары қырман басында, көңілді күлкіге оранып, ойын ойнаған балалардың бойында шаттық қуаныш байқалады.

Қырман басында Нөкетайда: Махметке істеліп жатқан жұмыс туралы сөз етіп: Қыстаққа маялар үйіліп қарқынды жұмыстың істеліп жатқанын, келер қыста қысылмаймыз, - деді назар аударған Махмет: оларға астық таратып бер, еттенде құр алақан қалдырма, - деп шегелеп айтты. Олар біздің арқа сүйер еңбек адамдары, осындай молшылық солардың еңбегінің жемісі, әр қашанда оларға қолдау көрсетіп отыру біздің міндетіміз сондағана ісіміз оңға басып, колхозымыз өрге басады, қатардағы ел атанамыз, - деді.

Күз. Дала шөптері сарғайып, ағаш жапырақтары түсіп, күнде салқын тартқан уақыт болатын. Махмет қара жорғамен күнде аралап, мал қыстақтарына барып қайтуды әдетке айналдырды. Ертең қыр астында, қыс барын естен шығармады. Кедейліктен арылтамын деген ой мазалап, басын жастыққа тигізбей, дамылдамады. көпшілікпен іс бітетінін түсінген Махмет олардың әрбір сөзіне мән беріп, ойын ортаға салып шешімін тауып отырды. Колхозға жан - жақтан көшіп келіп жатты. Махмет тәртіпті өте қатаң ұстады. Оларды көпшілік талқысына салып, ел тыныштығын сақтады. Посев, уборка, сенокос және мал қыстатуды табыспен аяқталысымен «сабантой» жасап халықтың көңіл - күйін көтеріп отырды, істелген қауырт жұмыстарды қортындылап отырды.

Күз айларының бірі болатын. Қылышын сүйретіп қыста келді. Ызғарлы суық, жел бағымымен дала төсінде қар басты. Колхоздың алғашқы қыстауы еді. Қақаған аязды күндер басталып, боранымен

ала келді, қоныстарда қиындықта туа бастады. Адам күші жетіспей, қораларды қар басып, төбесімен сипап кетті. Тез шұғыл, көмек етуді ұйымдастыру қолға алынып, есіктерін ашып малды құтқарып отырды, әйтпесе бірнеше жылғы малшы еңбегі еш болатынын түсінген көпшілік бар күшін салып бақты. Жауапты адамдарды бекітіп, әрбір қыстаққа жауапты екенін, малды қыстан аман шығару шаралары белгіленді. Махмет әрбір малшылардың үйінде болып, мұқтаждарына бар көмегін беріп отырды. Халық сеніміне кіріп, адал көңілмен еңбек етуді қалыптастырды.

Аяқбұлақ ауылы. Еңсесі биік оқшау орналасқан колхоз кеңсесі. Маңайы толған адамдар бірі келіп жатса, әлде біреулер шығып жатқанға ұқсайды. Жеке бөлме маңдайшасында Махмет Оразалин деп жазылған. Кабинеті жұпынығана ұзын столмен орындықтарға толы, қабырғада әртүрлі суреттермен егін мен мал қоныстарының аттарымен жер аймақтарының картасы ілінген. Жұпыны болсада, тәртіппен жарасымды етіп орналастырған. Махметтің тұсында қызыл жалау жайылып ілінген, столдың оң жағында қағазға толы шкаф, кең столға жайылған Шилі колхозының картасы, қолдан сызылғаны білініп, қызыл қарындашпен белгіленген. Стол басында отырған Махметтің әрбір сөзіне, бас изескен мамандар, нұсқау алып жатқанға ұқсайды. Сұлу келбеті, қою қасы ажарын ашып, ашық дауысы сыртқада естіліп тұр.

Айтқан сөздері, нақты естіліп шешендігін байқатқ Махмет отырғандардың назарын аударып: Басбұлақ, Ортабұлақ, Қаракұдық, Ақан, Жар сыяқты қоныстар тым алыс орналасқан, сондықтан мал басын сақтауға Нөкетайдан бастап, Төлеміс, Селғазы, Мырзахмет. Әбдіктерді бекітемін, оларға бүкіл жұмыстарды: шөп беру, суару, қар аршу, ықтасын жасап қамыстан шеп ұстау, талдан ықтасын ұйымдастыруды тапсырамын. Жылқыдан тәуір аттарды ұстап мініңдер, қандай уақыт болмасын хабарласып тұрыңдар, әсіресе ит - құстан сақ болыңдар, - деп ескертті. Қыс көзі қыраулы, ат үстінде дамылсыз жүрісті керек етеді. Ақпан мен Қаңтардан қысылмай шықсақ еңбегіміздің ақталғаны емеспе, - деп қадап айтты. Сондықтанда партия сеніп тапсырған істі, жаңа құрылған колхозды өкендету, бізбен - сіздерге байланысты, - деді Нөкетай: Махмет сөзін қостап, адал еңбек ешқашан зая кетпесі сөзсіз.

Кенеттен қолында ат қамшысы бар Сүйіндік: Суық хабар жеткізе келдім, боран басталғалы топ қасқыр, мал қораның төбесінен түсіп, бір шамасын қырып кетті, - деп жантайып отыра кетті. Бәрімізде төбеден жай түскендей болдық. Махмет ойланбастан атып

- тұрып: Нөкетай сен мылтығыңды алып, 5 - 6 жігіттермен тездетіп атқа конуымыз керек, - деді. Отырғандарда есікке қарай бет алып, бірге баратынын білдірді. Махмет үйінен тұлып алдырып, қара жорғасын ерттеп мініп Басбұлаққа бет алды. Қарулы жігіттерде қолдарына құрық пен сойыл алып сондарынан еріп отырды. Сүйіндік бірден із кесіп қоныстан біраз жер жүріп қалың талға барып аялдады. Сайраған із, көкжал екенін аңғарған Нөкетай жақын маңда екенін ескертті.

Күн ұясына бата қоймаған уақыт еді. Талдың ішіне кіре бергенде атына атылған көкжалды байқамай сасып қалған Нөкетай мылтығын алып үлгіргенше, күреңнің тамағына ұмтылып ауыз салды, бақандай өткір тістері ат терісінен өтіп, қан бұрық еткенде, мылтықты басып, көкжалды бірден құлатты. Тобына қарай ұмтылған жігіттер қуып жетіп, омбы қарда ойсырата құрықпен пергілеп, қуып жетіп бетін қайтара бастады. Сырттан қара жорғамен шауып келіп, Сойылмен ойсырата екеуін құлатып үлгірген Махмет: қоршаңдар, - деп бұйрық етті. Қасарысқан қасқырлар болатын емес, бойкүйездік танытып, бет - бетіне қарай қашумен болды. Қалың қарда қанша арпалысада қаша алмайтынын түсінген Нөкетай бастаған топ алысқа жібермей бір - бірлеп соға бастады.

Махмет алдын орап жібермеді, көкжалға жанасалап, қарулы қолымен жұмыр - шоқпарды сілтегенде, қансырап барып құлап түсті, жан беру оңайма, атылып барып жылқы төсіне жармаса түсті. Көзі шалған Нөкетай мылтықпен сұлатып үлгірді. Табын қасқырмен шайқас біразға созылып, 11 қасқырды алып, олжамен қыстаққа оралды. Алдарынан қарсы шығып күтіп алған Саркен, Әлмағанбет, Дәулеттер қуанысып бір пәледен құтылғандай ризашылығын білдіріп жатты. Түгелдей үйден шығып, бала - шағаларымен қасқырлы көріп қызықтады. Ержүрек істеріне таң қалысып бұрын - соңды бұлай ешкімде дала қасқырымен арпалысын естіп көрген емес.

Біреу - екеу емес табынын жою барып тұрған батырлық емеспе. Әп, сәтте үй иесі тамақ ішуге шақырды. Қоржын үй, жылы бөлме іші, шешініп болған соң, төрде отырған Баймағанбетті бірден көзі шалған Махмет сәлем беріп, жанына барып отырды. Оң қабақ танытқан Баймағанбет: Махмет бұларың өте жақсы болды, әйтпесе бар малымыздан айырлатын түріміз бар еді, меніңде биеммен сиырымды жеп кетті, - дедіде сөзін жалғастырып, үлкен қаталық жасадым. жалғыздықтың күні құрсын, енді менде мүше болғым келеді, - деді.

- Распа осы айтқаныңыз, - деді Махмет. Рас айтамын балаларымада ескерткенмін. - деді сакалын сипап, бір аллаға шүкіршілік айтқаным - айтқан, жұрт қатарлы өмір сүргім келеді, қуанышты менде бөліскім келеді, қашанғы ескі заманның етегінен ұстай береміз «бұл ақымақтың - ісі емеспе». Бір кездерде Уалилердің жетегіне еріп адасыппын, оларда оңған жоқ қатын –баласынан айырлып, малын жоғалтып елін тастап көшіп кетті. Не ұтты ұйып отырған семьясынан айрылды - бір, екінші ата қонысынан, үшінші күнкөріп отырған малынан айырлып, жер кезіп кетті, - деді Баймағанбет ұялып барып Махметті құшақтады. Көпшілікке қарап Нөкетай: Біздің Махмет кеңпейіл, қайрымдылығы мол, адамдарға жан ашып, қолынан келгенін бәрін істеп, болатынын түсіндіріп жатады. Мен болсам қыңырлығына қарап, қасаршылық қайтарарем.

- Жоқ олай емес, жаңа заманды түсінбеуі мүмкін. патша шабармандарының тісі батып қалған, ескіге үйреніп, байдың қол астында болып, өмірден күдер үзгендердің сапында болған, - деді Махмет, осы айтқаның өте орынды, солай болғаны шындық! - деп отырғандарда қостай жөнелді. Махмет: Қыстақтағы жауапты жұмыс атқарып жатқан міне сіздер, мал басын сақтау, оны өсіру сіздерге байланысты, мезгілімен шөп беру, оларды суарып күту керек, сондағана мал күйлі қыстан шығады, төл аламыз, ұрғашы малды сауын етіп, еркегін дала жұмыстарына пайдаланамыз, қолхоз сонда ғана аяғынан тұрып кетуіне бар күштеріңді аямауға шақырамын, - деді басшы малшы қауымның алдында. Саркен бастаған малшылар тобы, аянбай еңбек етіп өз үлестерін қосуға сендірді. Басбұлақ баурындағы қасқырмен айқас осылай басталып, бүкіл қыстаққа жетті. Қайсар жігіттердің бұл ісіне риза болып, ауылдастары мақтан етіп айтып жүрді. Мұндай әңгімені ести сала Абенде бүркітін қамдап, ит тазысымен көкжалға қарсы тор құратынын сездіріп қалды. Абен әкесі Байсалдан үйреніп, аң аулаудың бәр сырын жатқа білетін тәжірибесі мол аңшы деп айтатын ауыл жұрты.

Әкесі барда Ортабұлақ жерінен бірде қасқыр мен түлкі құтылмайтын деседі. «Халық айтса - қалт айтпайды» деген сөз бар, қасқыр ішігін кейіп, түлкіден құлақшын тіктіріп кейіп, үй ішіне төр төсекте жасаған еді. Абеннің бүркіт жайында шеберлігін Махметте естіп үлгірді. Ендігі ойыда осы болды, қасқырға тосқауыл жасап жаппай аулауға бет бұрды. Нөкетайды өзіне шақырып алып: Ортабұлаққа барып Абен бастаған бүркітшілер тобына қозғау салып, ирім - ирім тал қойнауын сүзіп шығып, ізін кесіп соққы берсек, - деді басшы.

Құп алған Нөкетай аңшылықты туғаннан жақсы көретінін бірден сездірді: өте орынды олай болса қарулы жігіттерді қазір дайындап жолға шығамыз, - деді. Қамданған олар ертеңіне жолға шықты. Боранның беті қайтып, жау борасынданып, аязға аязға ұласқан. Басшы кара жорғамен аяндап, арттағыларды күтіп тұрды.

Аттары қонды - күтімде, тойтарыс беруге дайын. Қара жорғаның бір қасиеті алыстан бақылап, оқыс іске, охранип дыбыс беріп сездіреді. Қалың өскен тал орманның баурына қарай бет алдық. Осы аймақты түгел сүзіп өтсек дегенше, Абенде қолында бүркіті бар. соңына ерткен екі тазысымен алдымызды орай берді. Күткенімізде осы еді. «Қарап қалмас - қамшыны бас» дегендей топ болып ағыла жөнелдік. Нөкетай алда жүріп із кесіп келеді.

Тұтқиылдан соққан көкжалдан ат үркіп, дөңеске қарай шаба жөнелді. Байқап қалған Абенде бүркітті қолынан жұлып алып, «айт» деген жуан даусымен тазыларын қосыпта үлгірді. Лашын аспанға көтерілдіде, ағып келіп, көкжалдың басына қонды, керіспей жұлқынып беріспей, алысқан қасқырдың көзін шұқып алып, ағызып жіберді, арпалысып барып омақасынан құлады. Тазыларда аяғынан тартып, денесін мыж - мыж етіп талай бастады. Бүріген қалпы, аюлы тұйақтарымен шиқылдап, екі көзінен алар емес, ашулы күйде қарсыласқан көкжалдан өшін алғандай ешкімдіде жолатар емес, үшкір тұмсығымен шұқып қояды, сілейген қасқырдыңда жаны кетіп, қозғалмай сұлық түскен бойында жата берді.

Абенде атымен шауып келіп, жерге түстіде бүркітін шақырып дыбыс бердіде, аяқтарын босатып қолына қондырды. Қасқырды олжа етіп Нөкетайға байлады. Ілгері жүріп жылжи бастадық. Қырат жағасында Махмет пен Төлеміс бүркітке қайран қалып, Абенді қарсы алып, ерлік ісіне ризалық білдіріп, арқасынан қақты. Осындай жігіттерді мақтан тұтамыз, - деген Махмет: Абендей көп болса ит - құста жолар емес - ау, әр қашанда бетін қайтарса, қоныстың малы түгел болары сөзсіз, - деді. Басында түлкі құлақшыны бар, қасқырдың терісінен қаптал ішік кейген, Абен екі беті қызарып, суыққа берілер емес, қайта жанып түседі. Ендігі ойы түлкіге жібру. Сағаны жағалаған Нөкетай тобы тал түбінен қашқан қоянды көріп, айғай салып, шауып келеді: «Бүркітті жібер!», - «Бүркітті жібер!» - деген дауыстар жан - жақтан шығып жатты.

- Сол сәтте төбеден құйыла аққан лашын шұйлығып барып, түлкінің үстіне бірақ түсті. Жата қалған түлкінің демі бітіп, бүркіттің өткір аю тырнағы, батпандай аяқтары мертқып жібергені байқалады. Әкесінен дарыған Абен көп білгенге ұқсайды. Қасына

келгенде, иесіне бауыр басып, бірден танығандай, аяқтарын жалмажан босатып, шиқылдап барып қолына қонды. Тағыда олжаға оралғанын байқаған, Төлеміс: «Батырың шеберлікті әбден меңгеріп, бұл қонысты бір өзі қорғайтындай қалып алған түрі бар, ерлігіңе куә болдық!» - деді. Махметтің қасына келген Нөкетай мен Мырзахметте қостай жөнелді: «Айтуға тұрарлық жас жігіттің бүгінгі ісі құптарлық - ел мақтанышы деуге болады!» - деді. Қабақтарына мұз қатып, көк аязды елеместей, көтеріңкі көңілмен алға қарай жылжып ала жөнелді. Тағыда бір шолып өтсек деген ойда болды.

Махметте қарсы болмады: Абен енді бір қимылдап, сойқан көрністің куәсі еткенің жөн, - деді. Бүркітті қызыл етпен тамақтандырдыда, күш қайратын қасқырға жіберуге дайындады. - Әп сәтте, көкжалдың жалғыз аяқ жолмен қыр асып, ағып бара жатқанын көзі шалған бүркіт, соңына түсті. Алай - түлей сокқан боранда, қытымыр аязда бетіне қалды, дауылдатып, қаққан қос қанатының желі, ұшқыр денесімен ілесіп, аспанмен ұшқан құсын бағыты, өткір желде бөгет болар емес. Бұрын - соңды көрмеген көрніске таң қалмасқа, қайран қалып, таңдай қағысты. Ортабұлақ үстіндегі дала жыртқышы мен соғыс, қоныстағыларда таң қалысты. Махмет қасындағыларымен қонысқа барып ат тіреді. Басшыны көріп жиналғандарға: «Бүгін болған ісіміз, сендердің бағып отырған колхоздың малы ғана емес, күн көріп, отбасын асырап отырған қаншама ұйлердің малының амандығы, жағалай ағаштарды мекен етіп, дамылсыз малға шауып, күн бермей отырғаны, мынау, осыны біліп, біз қайтып жайбарақат отыра аламыз, тек қана бүркітпен қорғаныс жасамай - малшыға мылтық беріп қорғанышты күшейтуіміз керек, - деді Махмет сөзін жалғастырып: мынау отырған шиектей бала шаға, асырап жеткізу, сіздердің міндетіңіз, күнделікті тамағын беріп, әр отбасында сауын сиырдың болғаны дұрыс, бізде осыны ойлап, қайтсекте жекенің мал басын көбейту жолында, барлық шараларды істеуді жөн көрдік.

«Сақтықта –қорлық жоқ!» деген дана халқымыздың асыл сөздерін естеріңнен шығармай, күнделікті өмір тіршілігімен ұштастырғандарың жөн. Өмір талабы осындай. Көпшілік алдында: Нөкетай сен жауапты іске басшы болып, Абенді бүкіл қыстақтарды бүркітімен аралатып, қауыпты жерлерді бақылауға алыңдар, колхоздың бір жылғы еңбегі зая кетпесін! - деп қатаң тапсырды. Төлеміс пен Селғазыда түсініп, тосқауыл ұйымдастыруға, қарулы жігіттер мен қоныстарға аттанып кетті. Махмет қаладан оқ - дәрімен мылтық алғызып, малшы - шаруаға таратып беруді тапсырды.

Кеңсе маңы толған адам. Бәріде Махметтің Ортабұлақ қонысынан келуін күтіп отыр.

Жылаған бала мен әйелдердің дауысы жиналғандардың бәрін толқытты. Суық хабар қазірде тарап үлгірген. Алжыған, Мырзағали, Әмірлерді ұстап әкетті! - дегенде Махметтің қара жорғадан қалай түсіп келгенін байқамады. Аяулы азаматтардың өздері еді. Халықтың сүйенішіде осылар болатын. Үкіметтің бұл аюандық ісі, бүкіл елді қайыстырды. Дағыдыр шіркін осылай болғаныма? - деп қаласың. Жетім бала мен ана дағыдыры не болмақ? Қайғылы, қасырет заман қайта оралғаны ма!? Кім үшін, кімге сүйеніп, еңбек етіп жатырмыз, қолдайтын партия, совет қайда? Қайғылы заман етектен тартып, аштық - жағадан алса, тірідей аяюлы азаматтардан айрылып жатқанымыз мынау!

Күнделікті сауатсыздықта кейін тартып, заң шеңберін білмей жатамыз. Күн көрістің қамын ойлаған, кедей шаруаның қалы не болмақ!? Аштықтан өліп - қырылу қазақтың мандайына жазылған ба? Келер ұрпақ болашағы қалай болмақ? Осының бәрін Махмет ой өзегінен өткізіп, орындықта біраз үнсіз отырды. Кеңсе адамдардан бос емес, ағылып келіп жатыр. Қаншама шаруа алда күтіп тұр. Жаңа құрылған колхоз жұмысында дамыл табу өте қиын, қажымас - қайрат керек. Жас, бойында осы қуатты, ақылмен меңгерген, - Махмет бәрінде іспен шешіп, жұмысты ұйымдастып, шаруашылықты ілгері жүргізе бастады. Қасарысқан жауыздарда, кертартпа қуларда, аз болған жоқ. Төлемісті жіберіп, ол кезде ауыдық советті басқаратын, Семиозер НКВДысына келіп, жазықсыз жандардың жағыдайын біліп, қандай кінәлары барын анықтап, хабар етті. Сұрапыл заман дағыдыры не болмақ?!. Басшының күн сайын, бойын билеп, қайғылы ойға түсіп, біраз мұқалды. Қандай жағыдай болмасын, азаматтарды сақтап, жас колхоздың іргесі сөгілмеске уәде етті. Жанын аямай, күндіз - түні аттан түспей, елдің бүтіндігін сақтап, қоныстарды аралап, кедей - шаруаның жағыдайын біліп отырды. Еңбек адамдарын, құдайдай силап, басына түскен ауыртпалықтың бәрін жеңе білді. Құлшын түсіп, өткір айбаттылығымен, кедергі жасағандарды тас - талқан етті. Мал өсіру, шаруашылықты дамыту, бірінші мақсат етіп, алға қойды, егін - дала жұмысында кезек күттірмейтін қауырт уақыт болатын. Ауыл мектебін салу басты назарда болатын.

Халықты түгелдей оқытып, хат танитындай сауатын ашуда ой мақсатынан кетпеді. Дәрігерлік орында бірінші тұдды, ауырып сырқаттанша, жұрт жағыдайы не болмақ, кішкентай қара домалақ жас баллардың болашақ дағыдырышы?! Кеңсеге жинап, бас көтерер,

қолынан іс келетіндермен жиын өткізді. Жұмыс адамдарын сұрыптап, бригада құрды. Татарстаннан көрген іс тәжірибесімен бөлісіп, құрлысты бастауға, тез арада саман құйып, үй мен мекеме орындарын жаз салып бітіруді Төлеміске тапсырды. Мал күшін пайдаланып, аттарды арбамен құрлыс материалдарын тауға қойды.

Саман айдаатып, жұмыс қарқынын өрбітті. Беделді азаматтарға: Сарсен, Әбдік, Жұман, Төлеубай, Садықтарды әр салаға жауапты етіп, жаппай үй салу жұмыстарына бекітті. Күнделікті істеліп жатқан жұстың басында болып, орындалуын қатаң түрде талап етіп отырды. Науырзым қорығынан ағаштар тартып, керекті құрлыс үй жабдықтарын дайындап, отыруды күнделікті іс етіп, сапалы аяқталуын, әрбір салынған үйдің жылы - әсем болуын талап етті. Жиындарда жалқаулық танытқандарға соққы беріп, істі тез түзетуін тапсырды. Басшыларға аяушылық танытпады, мектеп пен емхана үйлерінің жылдам бітуін қатаң қадағалап, көпшілікпен үме жасап, екі айдың ішінде аяқтап шықты.

Ауыл адамдарында қуанышқа бөлеп, жаңа өмірге қолы жеткендей қуанысты. Көңілдері көтеріңкі, жүзінен күлкі кетпеді, сұлу киінген қыз - келіншектерде ауыл сәнін асқақтатып, той - думанға ұластырып, әсем салған көңілді ән ауада қалықтап, шырқалды, халықта бұрын - сонды, естіп көрген емес, жұпар исі аңқыған дала келбеті - Аяқбұлақ ауылымен өзгеріп, тамаша аймаққа айналып отырғанын аңғарасың. Халықтың бұрыннан күткеніде, ел болып етек жинағаныда осы еді, жаңа өмірдің басталып қуанышқа толы, әрбір ітелген ғимрат болсын, мал басы өсіп, нанымыз молайуы Махметтей басшының халықа деген сүйіспеншілігі, адал қызмет етуі болатын. Ондай басшы болмаса күніміз не болмақ, мұндай сұрапыл заманда деген ой, кім - кімде басына кетпестей түйді.

Жадырап жазда келді. Қайнаған шақ. Қауырт жұмыстар. Әлібекке тұқымды қайта - қайта тапсырып, қолды болмауын ескеркен еді. Тіршілік өмірді шешетінде осы еді. Әйгіміс женгесіде қарап отыра алмады, қайнысына бар көмегін беруді мақсат тұтты. Кеңсеге келіп: Мен әйелдерді жинап, кигіз басып, малшыларға кигіз үй жетіспей жатыр деп, - естіп едім. Соны біз дайындап беріп, қамтамасыз етсек, жайлымға уайымсыз барады деп сендірді. Құп алған Махмет рахметін айтып, керек жаракты тауып беріп, тез іске кірісуін Нөктайға тапсырды. Жиналғандар да есеп болмады, жас әйелдер мен егде адамдардың біреуіде қалмаған. Әйгіміс - әжнің шапшаң кимылымен, ұйымдастырғыш қабылеті кем түспесе керек. туылдырық

жапқыштарды, кернеу мен төсеніштерді, іргеліктерді көбейтіп, текеметқып басып үлгірді.

Жаңарған малшы қоныстары, жайлымға көшіп, сәнді ақ отаулар қаз тұрды. Еңбек адамдарына құрмет көрсетіп, отыруды жұрт болып қолға алуыда игілікті істің бірі еді. Колхоз дүркіреп алға баса бастады. «Көп тікірсе - көл болады» - деген қағидалы сөз содан қалса керек. «Жұмылып кіріскен –істе оның табады» - деген халық сөзі бәрінінде жатында сақталып, үлкен - кішіге қарамай, топ - топ болып, жұмыс басына ағылатын болды. Әрбір жиында сөз сөйлеген Махметтің өткір тілімен, қатаңдық танытқан келбетін, әркімде байқап, колхоз өмірінің, алға басыуына шын ықыласын білдіріп отырды. Жұрт тілегін ұмыт қалдырмаған басшы, Әбдікті шақырып алып, Тас - обадан, дирмендік тастың жеткізуін тапсырды. Өгіз арбамен жолға шығып, Бимендімен Басбұлаққа бет алды. Көрікті жер, үлкен ағашты орманымен, сылдырлап аққан бұлағы, шалғын өскен коюлы жусанды шөптер, әдемі келбетін, беріп қыратты – дөңестерімен шектелген.

Қыраң қабақта қызыл жолақ тартып, үй орнындай тастардың тұтастығы байқалады. Міне солардың дұрысын таңдаған Бименді қолына айбалтасын ұстап, іске кірісіпте үлгірді. Әп, сәтте дирмендік тастарға толы, арбаға тиеліп, жолға шықты. Жетінің ішінде дирмендер дайын болды, бидай тартып, нанға қарық болған ауыл адамдары, көңіл күй кеше бастады. Жарөткел бойы, ұзын созылған өзенді жағалап қоныс тепкен, ақ үйлер көрінеді. Бұлар жайлауға ертемен шыққанға ұқсайды. Дирменді алғаш алғандарда осылар. Таза ауа, құнарлы жайлымдарға толы, жалпақ даланың төсінде малы өріске бет алған. Басқасыда жаппай шыға бастады. Мал қоң алып, көк шалғынға семіре бастады.

Кедейліктен құтылып, тоқшылыққа қолы жеткен, малшы көңілі қуанышты, нан мен ет молшылығын жасаған басшы Махметке дән риза, жаңарған кигіз отаулар жылылық танытып, от басыларының көңіліне қуаныш ұйалаған. Махметтің ендігі ойы, жолын білетін Нөкетайды Татарстанға жіберіп, Шариф жолдасынан халыққа киім - кешек алдыру керектігін түйді. Жиында осы ойын қоштағанғандар басшының сөзін құп алып қуанысып қалды. Соңында олар Махметтің жас болсада көрегендігіне, таң қалысты. Біртіндеп ел қатарына қосылуға бет бұрғандығы байқалады. Оған дәлел мектеп үйінің аяқталып тез арада бой көтеруі, халқының денсаулығын ойлап емханада іске қосылды. Малшы қауымда жаңарған ақ отауларға ие болып, жайлымға шығып, қатар түзеді.

Колхоз орталығы, қаз - қатар салынған әсем үйлермен толықты. Дала мен ауылда қайнаған еңбек, бос адамды көрмейсің. Күндіз - түні сықырлаған арба үні алыстан жүк тиеліп, құрлыс ағаштарын жеткізуде. Балшық айдап, саман басуды тоқтатар емес, қайта көбейтіп, кептіріп үлгірту қарқыны күн санап, өсіп келеді. Жаңа үйлердің іргесі қаланып, аз уақытта бой көтеріп қалды. Мәдени ошақ «Қызыл отау» да, көп кешікпей сап түзеді. Колхоздың үлкен кеңсесін салу Махметтің ойында болды. Ауыл адамдары басшыға зор сенім мен ізгілік білдіріп, болашақ үмітімен қарап, жаппай соңынан ерді. Бақытты жол бастаушы Махмет екенін, түсінген көпшілік батасын беріп, денсаулығын тіледі. Колхозға күн сайын, жаңалық қосылып, жақсылықтан қол үзбеді. Басшының әрбір ісі, халықтың көңілінен шығып отырды.

Жас кезі, әлі үйленбеген уақыт еді, Махмет 18 жаста болатын. Қылшылдаған қайраты, сұңғақ бойлы, сұлу жігіт жолы түсіп, Шошқалыға барып, ойын сауықта алғаш рет Нұрсұлумен танысып, жарқын сұлу келбетіне көзі түскен еді. Оның салған әсем әні бірден баурап әкеткені жүрегінде сақталып қала берді. Көрікті сұлу жас жігітке, Нұрсұлудың назары ауды. Махмет сылтау етіп, жанына жақындап барып, тізе бүкті. Әнін естіген халық қайта - қайта Нұрсұлу «айсын» деп қоймай қайталаумен болды. Риза болған көпшілік үйге симап, далада тұрып қошеметтеп жатты.

Тағыда жаңа өлеңімен, шырқалған ән, дала үнімен ұласып алысқа естіліп жатты. Ән арасында, қара көзінің қиығымен, қарап Махметті ұнатқанын сездіріп, қасына жақындай түсіп, жүзін көрсетіп бұрып қояды. Махметте оттай жанып, жиіншке белінен ұстағысы келіп, аңсары ауытқып барып «ұят» деп өз - өзін тоқтатумен болды. Кейде қолдары тисіп қалсада, Махмет жақындауын қоймай, тойдан кейін, кездесуін қалайтынын білдіріп үлгірді. Нұрсұлудың үміттенгеніде осы еді. Бірақ ойын - сауық тоқтамады, ән жалғасып, шырқала берді. Қою шашын, тамаша етіп өрген бұрымы, ұзын болып, денесіне түскен, әсем қызыл көйлегімен, өрнектелген желетке - қамзелі, жиіншке белімен жарасып, сұлу келбетін, аппақ ажарын бұрыннанда көріктігіп жібергендей.

Назды дауысы мен айтқан мұңды әні, көпшіліктің назарын бірден аударып, егде әйелдердің көзіне жас алып, жылағаны байқалады. Алқа тағымымен безендірілген, ұзын көйлегіде, бұрым шашына жарасқандай көрінеді, құлағында сырғасыда, жарқырап днесіне рең бергендей сезінесің. Басында үлкілі тақия, оюланған өрнектермен безендірілген қызылды - жасыл сәулетті түрі байқалады. Кең

мандайлы, қою шашын артына тастап, салған әнімен бұрылып Махметке қарап, сезімін айтуға ұялып, кештің бітуін күтгіргенді. Ойын-сауықтың бітуін олда қалады, сүйгенін айтып, ғашықтық отын тұта-тып, жеткізуге асықты.

Шіркін жастық жалыны тоқтамады, үдей түсті, «құшақтап - аппақ үлбіреген бетінен бір сүйсем» деп арман етті. Той бітіп, жұрт тарқай бастады. Нұрсұлу қыздардан бөлініп, жарық ай сәулесін бетке ұстап, аяндап басып, көгалға қарай беттеп келеді, алып ұшқан жүрек қойсынба, әлсін - әлсін артына қарап көз тастап қояды. Махметте шыдай алмай, жалын атқан ыстық сезімін, кеудесіне сиғыза алмай «ғашықтық» оты жетелеп, Нұрсұлуға қарай адымдап басып бет алды. Қос жүректің сағынышы қойсын ба?! Жанасалап барып, жиіншке белінен ұстай алды, қолымен қапсыра ұстап, бауырына тартуы мұң екен, Нұрсұлу екі қолымен құшақтай беріп, сұлу ажарын Махметке қарай бұра бергенде, оймақтай ерінінен сүйіп біраз тұрсада, мауқы басылмай, қайта - қайта сүйумен болды.

Құшақтары жазылмай, бауырына тартып, әлсін - әлі сүйумен болды, аңсаған арманы орындалғандай, ниет білдіріп, бірін - бірі шын «ғашықтығын» дәлелдеумен, түн асырды. Жібектей созылған Нұрсұлу денесі, асылып барып, көк алға отыра кетті. Қайраты мол, жанып тұрған кезі еді. Қос қолымен бауырына қысып, аузынан сүйе бастады, денелері түйісіп, айрылмастай жабыстыма, ұзақ бойына, алма бағының райында болып, сүйіскен еріндері жабысқандай айырлар емес. Ысық сезім, оттай жанып, рахатқа батқан, денелері суыттындай көрінбейді, қайта жанданып, сұлу жүзіне қарап, құшақтап сүйе берді, сүйе берді.... Таңата барып айрылысты. Сол ұмытылмас кеште, уәделесіп сөз байласты. Нұрсұлу өзінің қолымен тамаша оюлап тігілген қызыл орамалын Махметке арнап ұсынды.

Әр қашанда, мені ойлап, есіңнен шығармастай, оюлы орамал, қос жүректің серті, - деп білемін дегенше болмай Махмет Нұрсұлуды құшағына алып, ажарлы бетіне - бетін түйістіріп, жұмсақ аузынан сүйе бастады, еріндері жабысып, тәттілік ылтипатқа, ұласып жатты. Ертеніне уәдаласып, кешті бірге өткізуге келісті. Той екі күнге созылды. Сыбсыңға көрші ауылданда ағылып жатты. Нұрсұлуды бұрыннан көріп жүрседе, танысқан емес, енді міне «ғашық» болған қыздан айырлар емес. Кешкі уақыт кезі болатын. Осы кешті тағыда бірге өткізуге келісті.

Шеткерек көшемен жүріп келеміз. Жарық ай сәулесі, ақшыл ажарын ашқандай, көрікті бейнесімен, күміс алқасы жарқырайды, ұзын шашын алдын жіберіп, қара көзімен сүзіліп, Махметке қарап,

жақындай түсіп, белінен құшақтап, сүйісе бастады. Құлашын жайып, бауырына қысқан бойы Махмет, көтеріп алып, саяжайға барып аялдады. Нұрсұлуда жанындай сүйетіндігін «ғашық», екендігін баян етті. Кеш салқындап, Нұрсұлудың жұқа көйлекпен тұрғанын, сезіп, үсіне шапанын жапты. Мойнына асыла құшақтап, Махметтің бауырына қарай, денесін бұрып, өзіне тартты. Ыстық денесін байқап, құшақтаған қалпымен, астарына төсеніш төсел, құлай кетті, қолдары жазылар емес, тамаша денесінің тигенін сезіп, қос алманың арасынан балки түскен денесін алар емес, сүйіскен қалпымен біраз жатты. Таң атқанша біраз уақыттың бар екенін білді.

Таза ауа, күнде сондай жылы, көңілді кеш, ыстық сезімге қайта - қайта орала берді. Құшақтары ажырамады, бірін - бірі сүйумен болды, бауырына қысып, сұлу денесінің жиіншке белінен құшақтап, өзіне тартты. Жеңіл денесі ікімделіп, жақындай түсіп, бірін - бірі құшақтай жөнелді, салмақты денесімен қимылдап барып, қызыл алманың арасынан бөгелмей өтіп, балқығанын көріп, қос жүрек енді ғана табысқанын білдірді. Заман тағыдыры бұларды қоспады. Махаббат жолы алысқа бармады, аяқсыз қалды, жібі үзілген сүйіспеншілік жылдар асып, ұмытыла бастады.

Түбектен жол тартып, Тлеужан «Шилі» колхозына келіп бет түзеді. Кеңсеге жиналғандардың үстіне келіп, үлкен бөлменің шетіндегі орындыққа жайғасты. Біраз үндемей отырып, сөз қатты: «Сендер мені білмейтінде шығарсыңдар, жаңа келіп, мүшелікке кіргелі отырмын, ендігі қалған бар өмірім, мекенім, жұртым осы ел «Шилі ауылы» болмақ! - деп бастап ұзақ сөйлеп кетті. - Осындағы 70 үйді сұрасаң, түбіміз бір рулы елміз - жиенбеттен тарадық, тіршіліктің қамын арқалап, елдің тумасы болып келдік. Жалданып малшылықпен күнімізді өткізіп, қыста қарақшы - күзетс болып, малын күзеттім.

Енді қартайғанда ел арасында болып, жұрт қатарлы тірлік етіп, отыруға келдім!» - деп сөзін аяқтап, жабырқау, жүдеу кейіппен басылды. Отырғандардың ішінен, орта бойлы, сабасына келген толық кісі Селғазы: «Бұл ел ішінде жақын ағайының барма? Жарылып сөйлегеніңе қарағанда, кімді пана етіп келдің? - деді. Төлеужан іркілмей, Селғазыға жауап айтпай, назарын Махметке аударып сөйлей жөнелді:

- Осы отырған елдің бәрі туыс, тек қана туғаным, қойма меңгеруші Әлібек бұрын келіп, колхозға бірінші болып, мүше болғанында білесіңдер. Қазір атасы туыс емес, тірлігі туыс заманда, силастықтың құлы, деп бекер айтпаған, - деді. Байсалдылық танытып,

Махмет: - Пана тауып, ел боламыз деген орынды, көшіп келіп, колхоз ісіне ағайынның ерлігі - «еліміз осы туған жеріміз» деген сөзіңізді хош көрдік, келген ағайынды кет демейміз, ол жақтада туыс - бауырлас жұртымыз.

Бізде жаңадан құрылып, ел болып қалыптаса бастадық, кеше ғана Мырзахмет - қараның малшысы болған, қысы - жазы дамыл таппай, алатын көк тиыны жоқ, кедей сорлыларды езуде ұстап, малын бақтырған байдың қарамағындағы, азаматтар бүгінде тең правалы, еңбек етіп, ауылдағылармен біте қайнасқан: Әлкен, Смағұл, Қорғанбектер мақтаулы еңбек етіп жүр. Басқада айта берсең: Сейдалы, Жұман, Әбсаттарда байдың қарамағынан ауру тауып, мүгедек болып қалған, аяз бен қыста далада түнеп, талай қиыншылықтарды басынан өткізіп кеміс болды. Осы ағайындарды, төсек тартып, жатып қалмай тұрғанда, жаңа ашылған дәрігер үйіне апарып қарату керек. Колхозға жаңа келген Ғани қыз, дәрігрлік мамандықты оқып бітірісімен жұмысқа кіріскені көп болған жоқ. Емделіп айығып кетсе, колхоз жұмысына кіруге сөз берді. Салынып жатқан қаз - қатар ақ үйлерді, жаппа шым үйлерден шығарып, беруіміз орынды, олар еңбек адамы, уақытша ауырып, тез сауығуын қалаймыз.

Партия - совет осыны талап етеді, кедей - шаруаның үкіметі деп, текке айтпаған. Биыл түгелдей, шаруаның, бәрін жаңа, жылы үйлерге қоныстандыруымыз орынды болмақ, - деді. Осындай орынды сөзді естіген Төлеужан, Махметің жас болсада, дана екеніне көзі жетті: «Ел есімін - ер шығарады» деген халық сөзі, сен нағыз жиенбет әулеті үшін жаралған екенсің, - жарайсың нағыз ер азамат, деп сені айт деп, - батасын беріп шыға берді.

Кеңсе іші. Көктем егісіне дайындық туралы жиын басталды. Сөз алғандар, жауапты істің уақытында өткізуін айтып міндеттемелер алып жатты. Бәрінің ойын, істелетін жұмыстардың қиындықтарын сораптап, Махмет өзінің аратырлық сөзімен жеткізе білді. Осал жерлерін түзетті, кемшілік жібергендерді сынап, қатаң жаза қолданатынында ескертті. Жауапты адамдарды белгілеп, қостан кетпеуге тиым салынды. Әсіресе тұқымды, ұрлатпай, жыртылған аңызға себуді Нөкетайға тапсырды.

Ертеңіне қайнаған дала жұмысы басталыпта кетті. Атағы қырдан асып, ауылдарды аралаған «Шилі» даңқы, ауданға жайылды. Көшіп келушілерде көбейіп, колхозға кіріп, отбасын сақтап, ашаршылықтан құтылу еді. Келушілердің көбі, кешегі байдың жал-

шылары. Махметтің атағын естіп, колхоз тұрмысының жақсара бастағанын, халықта нан барын, естіген жұрт, бізде жұмыс істеп күнімізді көрсек деген ой түйіп, келуіде осы еді.

Нұрсұлудың оқу бітіріп, алғаш рет мұғалім болып келуі, ауыл адамдары үшін қуаныш болды. Жаңа мектепте салынып бітті. Оқуға баратын жас бүлдіршіндердің тізімін ала бастады. Кешкі кластар ашылып, жаппай үлкен - кішіге қарамай ел адамдарын сауаттандыру партия - совет басшылығымен жолға қойыла бастады. Қалын жұрт сауатын ашып: газе - журнал оқуға бет бұрды. Махмет талай жиын-дарда: «Бұл өте қуанарлық - іс» деген еді.

Қызыл отау, аурухана, монша үйлері бой көтеріп, пайдалануға беріле бастады. Алда толып, жатқан қарбалас істер күтіп тұр. Дала жұмыстары, егінді исарап қылмай уақытында қолмен орып, жинап алу, көп күшті керек етсе, шөп шауып, мал қоныстарына тасып жеткізу, сарайлар салып, қыстақтарды жөндеп, мал қыстауға дайын ету, кезек күттірмейтін жұмыстар болатын. Айтылғанның барлығы адал еңбек пен ұйымдастырудың арқасында ғана қол жеткізуге болады.

Түсінген халық, Махметтің соңынан қалмай, айтқанын орындап, шаруашылығы өріс ала бастағанын байқады. Мал басы өсіп, күш көлігі көбейіп, өгізбен толықты, егінненде мол өнім алынып, нанды тойғанша жеуге ықылас етті. Байлардың жайлаған жері: Сармойын қопасынан басталып, Жарман, Сыбсың, Қарақұдық, Өмірбек, Сулы, Саршығанаққа қарай созылған жазық аймақ болатын. Сармойын көлі құс базары деп аталып кеткен. Мырзахмет - қараның жайлаған жері, өріс қылған мекен - қоныстары еді. Түп - түгел үкімет меншігіне өтті, байларды Сармойыннан аластатқаны едауыр болды. Ермай Нұғыманов қоныстанған Қарасу шағын ауылдан тұрады. Мал ұстап, балыққа бай, көлге жақын орналасқан жапа үйлер бытыраңқы салыныпты. Бірге өскен Ертайды бала кезінен білетін.

Ауыл тойларын, бірге өткізіп «сал жігіт» атанғаны есінде. Махметтің ойында «балық шаруасы» ұмыт қалған емес. Егін бітісімен Төлеміс, Әмір, Мырзағалиларды ертіп, Қарасуға жол тартты. Құмжота ауылын басып, жазық даламен Ертай досына келіп, Қарасу көліне аялдады. Махмет сабырлық танытып, досына бұрылдыда: Саған үлкен - жауапты жұмыс тапсыруға келдік! - деп сөзін жалғастырып, балық аулау, - халыққа керек - ас. соны бір ыңғайға келтірсең! - деп ойын білдірді.

Ойланып барып, досын: Келісемін бірақ үйім тар, ескі шымнан салынған, үгіліп құлағалы тұр! - деді. Олай болса, үйді салып беремін, келешекте колхоздың малында қыстатуға Сармойын қопасы қолайлы орын, өткен байларда ақмақ емес, табын - табын сиылар мен үйір - үйір жылқыларын тебіндеткен аймақ, қыстан күйлі шығып жақанын үлкендерден естігенбіз, - деді Махмет. Ертай көңілденіп, жолдасын шығарып салды. Барған істің беті қайтып, көңілді оралғанын білдірді. Кеңсеге жинап алып, балықты аулауға, қатысты жұмыстармен ақылдасып шешіп, тездетіп саманнан баспана салуға уәделесті, қатынайтын көлік бекітілді. Үйді 3 бөлмелі етіп, салып берісімен, жылқыны табынымен Қарасу қопасында қыстатуға шешім қабылдады. Жіберетін бақташы - малшыда сол үйде тұратын етіп келісті.

Нөкетайға тапсырып, бұлжытпай орындауға сөз байласты. Қаладан ау алдырып, шағын қайықпен, көлге жүзіп, ау құрды. «тегің ет - ел таланына, ырыздық несібе болып оралды. Махметтің есінде қалғаны: әкесі Оразалы: Қыста жылқы болсын және ірі қараныда қопалы қамыс арасында қыстату, өте тиымды, әсіресе малшы қауымға, қоғалы көк құрақтың түбірін жеп, ойықтан су ішіп, аяз - боранда ықтасын болып сақтайды, - деген сөзі бала кезінен сақталып келеді. Жар қонысындада Ахметте малды осылай қыстатып, әке тәжрибесін үйреніп, қонды етіп қыстан шығатын.

Ахмет басқарған, туған жері «Жар» ды, қоныс етіп, мал ұстады, жылқылары табын болып, көбейе түсті. Жазда шөп дайындап, ауыл адамдарын біріктіріп, мал басын өсірді, колхоз қарамағында болып, көктемгі дала жұмыстарына күш көлігін, өгіздерді үйретіп соқа салуға дайын етті. Ұйымдастыру қабылетінің бар екенін ауыл адамдары жоғары бағалады. Табын жылқыларының ішінен өзінің көк айғырдың тұқымын, ерекше етіп, мәпелеп өсірді, құлын кезінен Ахметтің маңайынан шықпай, үлкен айғыр болып, бүкіл табынға иешілік етті. Кейде Ахмет ерттеп мініп, жұмыс басын аралап, колхоз орталығына барып, тәтесі Махметтен нұсқаулар алып, көп істерді тындырып жүрді.

Шағын ауыл жұрты аянбай еңбек етуге, тұрмыс жағыдайын көтеруге ат салысып, қолынан келгенін істеген Ахметті бағалап, си - сипат көрсетті. Беделіде артты. Қандай шаруа болмасын, істі табанда шешіп, жұмыскердің көңілінен шығып жүрді. Бойында қуаты бар жас жігіт, мал өрісімен, шабындықтан шөп дайындап мал қыстағына жеткізіп отырды. Қыстың көзі қыраулы екенін түсіне білген Ахмет шаруашылығын бірде ақсатпауға тырысты. Тәтесі Махметтің

ызғарынанда қорықты. Дамылсыз тайшаларды үйретіп, арба - көлігін көбейтті. Топ - топ қылып, өгіз - тайшаларды, басқа қыстақтарға жіберіп отырды. Жұмысына риза болып, Махмет туған баурын, құшақтап арқасынан қағатын.

Төлеміс ауыл советі, бастама көтеріп, «Үме» ұйымдастыруды қолға алып, бүкіл ауыл адамдарын жинады. «Қызыл отау» қабырғасы көтеріліп, төбесі жабылғалы, біраз күн болды. Сылақ жоқ, бригада үлгірмей жатыр, сылаудан басқасы бітіп тұрған үйді тез арада істеп, жиындармен жастар кешін өткізу белгіленді. Орман алқабына ақ үйлер тігіліп, Әйгіміс бастаған қыз - келіншектер, даладан жершақтар қазылып, қазанға ет асылды. Жұмыстың соңында, Нұрсұлу бастаған мұғалімдер мен оқушылар коцертті, той - думанға ұласты. Шырқалған ән кешкі самал желмен есіп, ауылды орап алды. Естігендер Нұрсұлу әнін үйіп, тыңдап, сұлу келбетін көріп, таңданып жатса, қайсы біреу, тағыда айтқанын қалап, қол соғумен болды. Жібектей созылған, тамаша дауысы, жүрекке жылы тиіп, көңілдерін ашты, жаңа өмірге қадам басқандай арман биігіне, көтеріліп ұшқандай сыр шертті. Ешкімде ойлап, нанбастай, аз уақыт ішінде, концерт ұйымдастырып, халықтың көңілін көтереді, ән айтып Нұрсұлудың салған әні - ай деп кім айтады.

Тамаша әнімен көпшілікке жеткізе отырып, түгелдей сауатын ашып, білімді болуға шақырды. Уәделескен ауыл адамдары, етеңіне ағыла бастады, жаңа салынған мектеп үйінің үлкен залы лық толды. Сабак кестелері жасалып, бірауыздан оқитындарын білдіріп жатты. Біраз күндер өткенше Нұрсұлу әні құлақтарынан кетер емес, «Қызыл отау» ға жиналып, тағыда естиміз деп үміттенді. Нұрсұлу өте ақылды кліншек, дағыдыр байламымен Сәуленбекке тиіп, айрылғансоң, мұғалімдік оқуға түсіп, диплом алып, бітірген бетінде Шилі колхозына келіп орналасты. Өнерлі әрі, білімді адам болып өсті. Нұрсұлудың салған әні, әркімнің жүрегінде сақталып, аңызғып айтып жүрді. Мектепті басқарып, ұйымдастыру қабылетімен көпшілікке жақты, әр қашанда ортақ тіл тауып, бірін қалдырмай, жас - кәрінің бәрінде оқуға тартты.

Бөгет болғандармен сөйлесіп, заман ағымынан бос қалсаңдар, өмір бойы, өкінетін боласыңдар, - деп халықпен бетпе - бет кездесіп, үгіт жүргізді. Еңбегі зая кеткен жоқ, бір жыл болмай, хат танып, кітап оқуға көшті. Олар белсенділік танытып, топ - тобымен газет - журналдарға жазыла бастады. Ән салып, халықты өзіне, тарта біліп, «Қызыл отауға» жинап, кезек күттірмейтін «түгелдей сауаттан-

дыру» ісін жалғастырып, халық алдына шығып, өз өнерлері мен концерт беруге дайындады, себебі олардың ішінен әншіде, бишіде, қарасөз шеберіде шыға бастады.

Жас талант, иелері әсіресе бой жеткен қыздарды, тәрбиелеп ескі салтпен үйінде отырып қалмасын деп, түгелдей баурына тартып, «қазақ ансамбылын» құрды. Нұрсұлу бастаған бұл «ансамбыл» қоныстарды аралап, жайлымдағы малшылардың ақ отауында болып, концерттер берді. Тамаша ән мен күйлер беріліп, жаңа заман талабына сай, шырқалған ән үні аспанда қалықтап, көңіл - күйлерін көтеріп тастады.

Осылайша іс - шаралар жалғасын таба бастады. Нұрсұлу білімін бұданда асырып, көтеру үшін, әдеби кітаптарды көп оқитын. Әсіресе, Сабит Мұқановтың «Ботакөз» романындағы қазақ қызы Ботакөздің ел - жұртынан айрылып Қытай жерінде, азап пен күн көруі, батылдығымен -ерлігін аса құрметпен есіне алып жүретін. Ботакөздің мұңды салған әндері, бүкіл қазақ даласына тарап, «қайран - заманай» әндерімен шырқалатын.

Бақытты заман туып, сүйгеніме, қосылсам, - деп жырға қосып, ботадай боздап, көңілі босап жылаумен әндеріне қосатын. Арманы орындалмай, елінен айрылып, сүйген жарына қосыла алмай, қамығып, бөтен жердің тұрмысына үйрене алмай, қайғылы күн кешуі, өткірлігімен өмір - тағыдырына қарсы тұра білді. Сұлу қыздың сыры мен мұңы, белес алып орындалмай қала берді. Осыны ойына түйіп: «Қызыл отауға» жинап алып, қазақ қыздарын сөз етті, етектен тартқан «қазақтың ескі салтын» жойуға, белсенділік танытып, білім алуға шақырды, көзі ашық адамның -білімді болып, өз правасын қорғауға міндетті. Қазақтың ескі салты «тоқалдыққа бару» атымен жойылды, - деді Нұрсұлу сөзін жалғастырып.

«Байлар құрыды, заман өзгерді, әркім енді өз болашағы үшін күресу керек, сондықтан сендерді білімді етіп тәрбиелеп, келешекте сендер: мұғалім, дәрігер, агроном, мал маманы болуға ыңғайлы сындар, келешек өмір сендердің қолында», - деді. Ботакөз көрген азабын сөз етіп, сүйген жарынан айрылған мұңын айтып, ботадай боздап туған жерін тастап, Қытайға барғанын, адасып бақытсыз болып қалғанын, әнмен жеткізіп қайғылы мұңын шағады. Кеш соңынан, көпшіліктің сұрауы бойынша Нұрсұлу мұңды әнімен жалғастырып, отырған қыздарға жеткізе білді. Арман асуы осылайша жалғасты, оқып білім алуға серттесті. Әрбір қадамын, партия - советтер қостап отырды.

Күн батып, қас қарайды. Махмет үйге кеш оралды. Қара жорғаның үстінен күні бойы түспей, егіс басынан оралғаны, қатты шаршатты, жас болсада елемейтін еді, бүгін ерекше болатын «дау - жанжалда» аяқ астынан табылатын, «бір қарын майды - бір құмалақ шіртетін» дейтін қазақ мақалы, сондай кебініде байқалатын. «Жалқаудың - күні қарам» ессіз адамдар, ойынан айрылып, жұрдай болғанша азып - тозып, қоғамға зиянын келтіреді, жөнге салуды «қатаңдықты» талап етеді. Орындамасқа болмайды «аюды таяқ» үйретеді деген сөз осыдан қалған.

Аспанды қара бұлт басып, қараңғылық ертемен түсе бастады. Табиғаттың тосын мінезі ешкімгеде ұнамады. Әп, сәтте тамаққа отыра бергенде, шақырусыз сау етіп, «қызыл жағалылар» кіріп келді. Махмет бір пәленің болғанын бірден аңғарды. Құндыздың балалармен есін жинауға үлгірместен Махметті ұстап алып, далаға шығуға бұйрық етті. НКВД майоры Чертаков қолындағы қағазды көрсетіп, киіндірдіде есікке қарай жылжи берді. Сол кеште: Төлеміс. Нөкетай, Әбілғазы, Сыздық, Бекқожа, Әлімдерді ұстап, Қостанайға жөнелтіп жатты. Шиліден бұлар болса, Түбек пен Шолақсайдан: Алменов Сұлтан, Шолақ Омар, Ихтиляпов Бекділда, Сауытбеу Әлкендерде бар. Жаппай ұстау, жоспарлы науқанға айналып, артта жылаған бала мен еңіреген жары қала берді. Сталиндік қуғын - сүргін басталып, қол шоқпары Берияның жасалған әрекеті, бүкіл елді қайыстырды.

Құрбан болып, өмірін қиып жатты. Махметтің тек қана үлгіргені, Мырзахметті шақырып алып, колхоз жұмысын ақсатпауға жетім бала мен жесір әйелдерге қол үшін беріп, аш қылмауды тапсырды. Бас көтерер адам қалмады. Топалаң дүбірге айналды. Өлім мен өмір дағыдыры туды. Ауыл адамдарын үрей биледі, қорыққаннан естері кетіп жылау мен күндерін өткізді. Собалаң заман қайта туды. Елді мұң мен қайғы басты, қайтып күн көреміз деген жұрт ойлары естерінен кетпеді. Халық жаулары деген айдар тағып, Қостанай «ақ түрмесі» не қамағандарында есеп болмады. Олар кімдер? - ойлап жатқан ешкім жоқ.

Жаңа үкіметтен осыны күтіппе едік, деген ойлар әркімнің есінен шықпады. Күнле тексеріс, жауап алу, нақақсыз айыптар тағу, жалғасып жатты. Бірақ адал адамдардың, өзіне сенімді скенін, ақталып шығатынына үміт артты. Махмет мойымады, қайта ауылдастарын ішіне тартып, ақыл - кеңес беріп отырды. Көп ұзамай, дала

жұмысына шығарып, жол салғызды. Қол арбамен ұсақ тастарды, тасытып ұшы - құйры жоқ, алыс жолға төсетті. Әркімгеде онай соқпады. Жарайалмай, жатып қалғандарыда болды.

Өз жағыдайын түсінген Бегділда: Махмет аға! Мен мына жұмысты көтере алатын емеспін, күн сайын, жағыдайым нашарлап барады! - деп қасына барды. Махмет көп ойланбастан: Мақыл, мен түсінемін, ойластырып көрейін! - деп, сыртқа шығып кетті, - бағыты бастыққа барып сөйлесу еді. - Біраздан кейін оралған Махмет: «Інішек! сен енді, атпен су тасисың, шыжыған ыстық күнде, адамдарға суық - су жеткізіп тұрасың! - деп Бегділданы қуантып тастады. Өте орынды болған десіп, - жиенбет қауымы риза болып қалды. Ойластырдыда Махмет қаладағы орыс жолдасы Сужиков арқылы жақсы адвокат жалдауға уәделесіп, істің ақ - қарасын шешіп білуге келісті. Көп ұзамай, істері оң жолын тауып, үш ай дегенде, бостандыққа шықты. Қуаныштарында шек болмады, аман сау елге оралды. Махмет өзі құрған «Шилі» колхозына қайта тұрды.

Сұлтан Алменовта «Түбек» колхозына басқарма болып, кірісті. Қайғылы оқиға. Тотығыс шешейдің жалғыз баласы, бұдан бір жыл бұрын, атылып кеткен болатын. Жазықсыз жандардың құрбан болуы, елді дүрліктіріп, жылатқан еді. Тотығыс шешей, кеңсеге жылап келіп, күн көріп отырған жалғыз сиырын, сен жоқта Мырзахмет етке салып жібергенін баян етті. Жалғзынан айырлып қалған, сорлы шешейдің мұңын естіген Махмет, қаталдық танытып Мырзахметті желкеден беріп, кеңседен қуып шықты.

Жігерленіп: - «Тез арада, сауын сиыр үйінде тұратын болсын!» - деп ақырды. Арам ойлы, көрермаушылық Мырзахмет бойында болатын. Естіген көпшілік: Колхоз осы Мырзахмет қолында болса қайтер едік, - деп күлісті. Махмет оны бір жола колхоздан қуып жіберді. Елді бүлдіріп, тайақ ойнататындарды қудалап, қатаң тәртіп орнатты. «Шилі» колхозы, шаруашылығын жалғастырып, ел сеніміне кіре бастады. Жұмысшылар қуанысып, басшының қайта оралғанын айтып, ел болып, ұйымшылдық танытып іске белсенді түрде кірісе бастады. Көпшілік көтеріңкі күй кеше бастады.

Халық айтса қалт айтпайды: «Ерін тапқан – ел озады» - дегені осы еді. Махмет қалың жұртты жинап «Қызыл отау» дың кең залына жиын ашты. Сонау: Басбұлақ, Қарақұдық, алыстағы Ақан, Қарасу қоныстарына дейін хабар етті. Көптен сөзін естімеген халық, тайлы - таяғына дейін жиылды. Жаңа салынған үйді көріп тамашалады. Бұрын –соңды көрген емес, кең залы, орындықтар қойылған, терезелеріне сәнді маталардан тігілген перделер, үй ішіне сән беріп,

сұлулық бейнесін танытқандай. Стол басына Махмет пен Төлеміс жайғасты. Төлеміс жиналысты ашып, тиыштық сақтауға шақырды. Махметке сөз берілді. Ашаң жүзді, кең мандайлы, өткір көзді, сөзге шешен Махмет бастап жөнелді: «Біз аз уақыт ішінде, нан ға қол жеткіздік, қаншама жыл азап шеккен, кедейлерге үй салып бердік. сауындары жоқтарға сиыр беріп, от басын асырауға көмек еттік. Колхозға бұрын 52 үй мүше болса, қазір үш есеге өсті.

Халық не құрлым көп болса, сол құрлым шаруашылықта көбейеді. Қазір бізде жаңа мектеп, аурухана, өздерің отырған «қызыл отау» үйі, кітапхана, монша және тұрғын үйлермен толықты. Осының бәрі халық үшін, келер ұрпаққа арналып, жақсы білімді, ақылды азамат етіп, тәрбиелеу, бізбен - сіздердің міндетіміз, жаңа өмірге қадам басу, осыдан басталады, сол үшін аянбай қызмет етпек. Халық тұрмысын жақсартып, нан мен малды аймаққа айналдыру, бүгінгі күннің талабы, партия талабы, сол себепті, тағыда қайталап айтам, осында отырған жауапты адамдар, колхоздың болашағы үшін, қатаң түрде жауап беретінін естен шығармауы тиіс. Қиыншылық заманда, арпалыс пен тартыс кезінде, қол жеткізген – жетістігімізді, көздің қарашығындай сақтау - күнделікті жауапты ісіміз! - деп сөзін аяқтады.

Жиналған көпшілік ду қолсоғып, тамаша сөздерімен алғыстарын білдіріп жатты. Мінбеге көтерілген ауыл советі Төлеміс: Ертең Аяқбұлақ бойындағы сая жайға ақ отаулар тігіліп, колхоздың құрылғанына 3 жыл толуына байланысты той өткізіліп, ас беріледі - Нұрсұлу басқарған мектеп ұжымының концертін көресіндер. Нұрсұлу ән шырқайды, - деді. Жұртың бәрі қуанысып, қуанышқа толы шын жүрегімен, кигіз ден тігілген ақ отауға қарай ағыла бастады, сұлу қыз - келіншектерде қызыл - жасыл ұзын көйлектерімен, қыпша бел мәнерлі қамзелдерін киіп, үкілі безендірілген тақиялары, моншақталған ұзын қолаң шашы белінен түсіп, алтындатқан белдіктері алыстан жарқырап, топ - тобымен келіп жатты.

Данабике қонысы. Қараменді елінің жазығына орналасқан. Мекенді ұзын әрі жалпақ өзен қиып өтіп, арнасынан асып толқып жатқанға ұқсайды. Кигіз үйлер саға бойына қоныстанып мал өрісіне жол ашқандай, өзен бойлап жайылымға бет алған. Бұл аймақ екі ғашықтың елі болатын. Жас жігіт Дана, сұлу қызы Бикеге өлердей ғашық болып, кездесе алмай, арманда болып қайғымен күндер өткізіп жүргені ел есінде еді. Сәті түсіп уәделесіп, қашуға бел бұды. Қараңғы түн, қою кара бұлт аспанды жапқан. Қос атты жетектеп. Дана Бикенің келуін күтті. Жұқа киіммен, желең шықан беті, жүгіре

басып, алып ұшқан жүрек сезіммен атқа қонды. - Ал кеттік! - деген Бике сөзі мұң екен, шауып ала жөнелді. Көп жүріп, қаншама елді қоныстарды басып, ізін суытып үлгірді. Аңдыған қарақшылар қойсынба, жол кесіп ұстап алды. Қаскүнемдер жиналып, өзен бойына келді. Ойы екі ғашықты өлтіріп, армандарына жету болды. Ара тұрар жан болмады. Тірідей байлап тақтайға, шегеледі, азаптады көтеріп алып, өзен ағысына салып жіберді. Бұрқаған өзен тасқыны қойсынба, ағысы алып жөнелді. Өкінген халық, білмей қалып, дүр сілкінді.

Қайғырған халық, өліміне себепші болған өзен атын: «Дана-бике» деп аңыз қылып, ел аузында қала берді. Екі ғашықтың өлімі өлең –жырға қосылып, тыңдағандарды талай жылатқан. Дауыс қылып, екі жастың қосыла алмай, сұм заманның құрсауында қалып, арманда кеткенін, қарақшыларға қарғыс айтып, зұлымдық істерін бетіне басты. Ол кезде заманның тарлығы, үкіметтің жоқтығы болатын. Байдың қол шоқпарлары елді билеп, қырып жоятын. Қыздарын «тоқалдыққа» алып, өздерін күң етіп, жалшылықпен күн өткізген, патша үкіметінің қалыптасқан үкімі болатын.

Патша құрыды, келмеске кетті. Теңдік орнады. Ортабұлақ өңірінде, дін жолында көп оқыған Қоянбай атайдың өмір жолы халықпен тығыз байланыста болды. Аяқбұлаққа көшіп келіп, шағын мешіт ашып, көпшілікті бір алланың өзіне сиындырып, мал басының аман болуын тіледі, от басының бақытты болуын қалады. Жолдасы Төлемістің бірге колхоздың іргесін қаласып, адал қызметіне сеніммен қарап, маңызды жұмысты тапсыратын. Ол да жақсы отбасы болып, Зәкіммен бала өсіріп, тұрмысыда ешкімнен кем түспеді. Қоныстарды бірге аралап, талай қиындықтарды бастан өткізген, жолдарда бораннан адасып, елді мекенен басқа жерлерге барып, далада түнеген кездеріде болды. Тағы бірге, салтатпен жүріп келеміз, бағытымыз Ақан, Қара - құдық қыстақтарына барып қайту.

Өрісі кең, бұл аймақ малға қолайлы, шөбі мол, жағалай жайлым, суы бар. Жардан басталып, Ақан, Бабашал, Қарақұдық қыраттарымен жалғасып, Жарөткелге дейін жазықты алып жатқан кең дала, жерінің шөбі көк тартып, әліде сарғаймаған. Біз түскен Жар қабағын алып жатқан, орманды биік ағаштары аспанмен таласып, бастарын көгілдір сағым салып, ескен желмен ілесіп қозғалады. Жаз болса, бала біткен ағылып, мойыл теріп, доданаға өш болып қызығады. Етекке, қарай көгалды қалың жерге бүлдірген қаптап өсіп, шелегі толғанша кетпейтіні анық. Қайнаған ыстықты күтіп,

шөл айдаған түйе құстай, Жар өзеніне барып суға түскен балалардың жүлкiсiн көрiп, маз боласың. Топ болып ау құрып балықта ұстайтын.

Өлкенiң әсем табиғаты қандай сұлу едi? - молшылығыда көп. ойын балаларды ерiксiз өзiне тартып маз ететiн, күн батып, қас қарайғанша маңайынан кетпейтiн. Көршi ауылдан келгендер қызыға қарап, бiрге суға түсiп, жемiс теретiн, асық ойнап «ұтысқа» таласатын. Ауыл адамдары мектеп жанына көптеп жинала бастады. оқу жылы аяқталды, - деп хабарлаған Нұрсұлу: колхоз басшысы Махметке сөзбердi: «Қарап отырсам ауылда адам қалмағандай бәрiде осында жиналып қалыпты, үлкен - кiшiде осында. оқуды аяқтап бiр жылғы қортынды сабақ не бердi?! - деген сұраққа: хат танып, кiтап оқуға жол ашылды, газет оқып, өмiрде болып жатқан жаңалықтарды бiлiп отыруға қол жеткiздiңдер, бұл өте қуанарлық iс емеспе?!

Соның бәрi сiздердiң алдарында тұрған Нұрсұлудың арқасы. күн - түн демей, еңбек етуiнiң жемiсi, оның шырқаған әнi. ешкiмнiңде құлағынан кетпестей болып, орын алды. Сондықтан аудандық партия комитетiнiң тапсыруымен үкiмет наградасы: «Отличник мұғалiмi» деген атақты табыс етемiн!» - деп Махмет Нұрсұлуға жақындай түсiп, жағасына алтынмен жазылған медальды қадады. Ура!.. Ура! Уралаған дауыстар, қол соққан халықтар бiрiнен соң - бiрi шығып сөйлеп, құттықтап жатты.

Махметте бетiнен сүйiп, құшақтап құттықтады. Төлемiсте совет атынан жалынды сөз айтып, - құттықтады. Нұрсұлу жиналғандарға назарын аударып: «Әлiде бiлiмдi адам етiп шығаруға сөз беремiн, осындай дәрежеге жеткiзiп, мектеп салып, сендердi кiтап оқуға қол жеткiзiп - сауаттандырған, Колхоз басшысы Махмет Оразалинге алғысымды айтамын және партияға еңбегiмдi бағалап награда беруi мен үшiн үлкен бақыт, сондықтан бұданда артық еңбек етiп, ауылды түгелдей бiлiмдi адам етiп, әсiресе қыз балалардың мақстына жетуiне уәде беремiн!» - дедi. Қуаныш тойы - далада концертпен жалғасты, ән айтылып, назды дауысымен Нұрсұлу салған әнге риза болған халық шапалағы толастамады, тағыда!.. тағыда! деген дауыстар естiлiп жатты. Көнiлi көтерiңкi, қалпымен жаңа өлеңдердi ән еттi. Риза болған ауыл адамдары, қуанышпен тарқаса бастады.

Басбұлақ қонысы. Төртеу болып, қара жорғамен бастап, түс ауа келiп жеттi. Жерде көк жетiлiп, қоныс тебкен жайлау маңы. едауыр жер, тал маңында аппақ ақ үйлер көрiнедi. жайлауға жаңа шыққан кезi болатын. Қаптаған малда алыстан көз тартып, сағыммен iлескен толқын болып, күн көзiмен көгiлдiр аспан ашық, жылу шашып.

жағалай гүлденгендей, таза ауасын беріп тұрды. - Осындағы малшы Бәжен: «Бейнет көрсек - енді зейнетін» көреміз деп күле сөйледі, - Расында солай Баке! Енді рахатын көріндер, айран - сүттерің болатын болсын, жеке сиыр сауып, өзімдікі деген ырысқа қол жеткізу басты міндет, - деді Махмет: Ақ отаулар көбейіп, малшы қауымға ризалығын білдірді.

Өрісте малы болса, жағасы жайлауда, тамағы тоқ, - деп Төлемісте басшы сөзін қуаттап отырды. Бәжен осындағылардан, ақылды көпті көрген, жауапты екенін бірден байқатып: Мақа! - деді қыстақты аралап көріп, қиындық істің жайын айтпақ едім, мұнда үлкен қоныс болғансоң, үйлерде тобымен орналасқан, малшы қауымда көп.

Ұрлық жағында естен шығармауға блмайды, кейде ұстап алып, қырлысып қаламыз, Жөнін айтсаң көнбейтін, содырлар мазамызды алып, бөгет жасап өрістегі шаруа малын құртпақ ойы бар, - деді. - Неге жасырдың, кім ол! Қайдан келген пәле, бізге соны келтір!, - деп Махмет айғайға басты, - Алауыздық жасап, шаруаның малында не әкесінің құны бар?! «Тез ондайларды аластату керек, колхоздан қуып, жер аударамын. - деген сөзді естігендер бәрі жиналып, қаумалай бастады. Қорыққандары байқалады, әптен дізесін батырып, момындарды дыбысын шығармай қорқытып, алғанға ұқсайды. Махметпен бірге келген жігіттер, екі - үшеуін тобымен ұстап, көпшілік алдына алып келді. Еңгезердей, жаурынды, екі иығына екі кісі мінгендей, қара домалақ, басшы алдына барып, қисайып тұра қалды. Солақ екен, Махмет шыдамады, оң қолымен періп - періп жіберді, - «қара домалақ тонқайып барып, гүрс етті, қатты құлаған болуы керек жерге домалап жатып қалды». Төлемісті орталыққа шаптырып, мелиция алғызды.

Байлап - матап алып кетті. Махмет жүрген жерінде қатаң тәртіп орнатты. Колхоз малымен кедей - шаруаның малын, күн көріп отырған сауын сиырын сақтауға уәде етті. Әйтпесе елдегі осындай «жауыздардың» бедеуінде кетпеске кім кепіл?! Жиналған қауымға, мал басын сақтап, өлім - жітімге жол бермеуге шақырды. Халық Махметке сенімді ақтауға сөз берді. Жиналғандардың бәрін ертең «Жар» басында бас қосуға шақырды, қуанысып қарсы алды.

Жар аймағы, екі ағайындының туып өскен жері. Мал басы көбейіп, қыстан аман шығуына арналған «бас қосу» тойы. Ұзын тартылған, үлкен қара су өзені елді қойсты бөліп жатыр. Орналасқан көп үйлер қоңыр тартып өзенге қарай ығысқан. Өзеннің арғы бетінде, қалың тал ағаштары орын тебкен. Ахмет ауыл жігіттерімен

тал саясын таңдап алып, Әйгімістің қыз - келіншектермен жасаған. ақ текеметтері, жабылған кигіз үйлер қаз - қатар тігілген. Өгіз арба мен ат жегіп, келгендердің бәрі, алыс қыстақтардан жиналғандар. топ - тобымен кигіз үйлерге жайғасты.

Көк дөнен сойылып, ас берілді. Жиналғандар алдында, сөз алған Махмет: «Қаншама аяюлы» азаматтардан айрылды, қайтып оралмады. Тотығыс шешейдің жалғыз, кешегана арамызда жүрген, ұсталып саясаттың құрбаны болып, атылып кетті, - деді сол уақытты пайдаланып, жалғыз сиырынан айрылды, «жауыздық жасағандарды колхоздан қудық» - бірақ сауын сиырын қайтарып бергіздім. Естеріңде болсын кедей - шаруаның өжданын қорғау, біздің міндетіміз, «бұл халық үкіметі - кедей шаруаның үкіметі» сондықтан, атқа мінерлер партия - совет алдында жауап бересіңдер.

«Биыл қыстан аман шығып, біраз мал басын өсірдік, ел болып аянбай еңбек етудің арқасында, «тамағымыз тоқ», түгелдей шаруа қауымды сиырландырдық, олардың от басы - бала шағасында бүгінде «сүтте бар, айран - қатықта бар, ірімшік - құртқада толы». Бұл жағыдай, колхозға дейін болыппа еді?! - Әрине жоқ, ол кезде тек байларда ғана болатын, жалшы қауым жыртық үймен, іркіт ішіп. берсе бір құлақ нанмен күнін өткізген.

Қалай істеседе «байдың шабармандары сабап» ит құсатып ұстап, жауыр - жапа шектірген бас көтеруге шамасы келмегендер өліп кеткен. Осына отырғандардың біразы «басынан кешкен мұңдарын айтып, жылау мен сезімдерін білдіреді», - деп шешендік тілмен жекізе білген Махмет асішіп болған соң, қыстақты аралауға бет бұрды.

Оп айдалып, саманда басылып, көп үйлердің қабырғалары тұрғанын байқады. Қой малына қорада бой көтерген. Тәтесі Махметтің қас - қабағына қарап, Ахмет ағаш беруін өтінді, қар түспей. күн суытпай тұрғанда бітіріп алуды тпсырды. Қасына ерген Нөктай: «Бас Наурызымға 4 - 5 көлік жібердік, бүгін - ертең келіп қалуы керек» деп хабар етті. Бірден осында түсірт деп бұйрық етті. Жар жігіттері, қонақты шығарып салып, ой тәжрибесімен бөлісті. Ахмет, сөзге сараңдық танытсада, қыста табын жылқыдан бастап, қойға дейін өзен бойына жіберіп, ойықтан суарып, қамыс арасында көгалға жіберіп жайатынын, ықтасын етіп жар қабағын пайдаланып келгенін көпшілікке сөз етті. Нәсілден қалған «Атақты Көк айғыры» жеке бағымда екенін көсетті. - Мен деді Ахмет: «Жылқыны өріске жібергеніміз болмаса, бақпаймыз, күн батып, қас қарайғанда - табынды сатырлатып «Көк айғыр» қуып қотанға айдап кіргізеді. қандай қыс -

жаз болмасын, ұмыт қалдырған емес», - деді. Бәріде таңырқасып, тұқым алсақ деген ойға келді.

Ахметтің жұмысқа нығым екенін аңғарған жұрт, рахметін айтып тарқасты. Жар қонысы - барлығынада жол тартты, осы жерден шығатын. Малда көп шоғырланып, жазық жайлыммен, қырат етегі шабындыққа бай, қоғалы қамысыда бар. Махмет бұрыннан шаруашылыққа ыңғайлы жер екенін, талай айтқан болатын, үйде салынып, адам саны өсіп келеді. Жұмыс басы ыңғайланып, қалыпқа келген: «Барлығы –бір адамдай жұмыла кетіп, ұйымдасуды әдетке айналдырған».

Колхоз орталығы. Күн санап үйлерде, қабырғасын көтеріп, төбесін жапқан, жаңа көшелерге салынып, қатар түзеген. Көшіп келушілерге үйдің орнын беріп, өздерің саман басып, үй салып алуға кеңес берген. Жұмылған халық ертелі - кеш, баспана салып алуды хош көріп, қуанысып табиғаты сұлу аймаққа қол жеткізгенге мәз болып аянатын емес. Бірігіп істеп, үме жасауды үйреніп алып, сылағын тездетіп, кіре бастаған. Колхоз үлкейіп, орталық жаңа үйлерге толықса, қоныстарда база салынып, мал баының өсуіне кең жол ашылды. Құрлыс материалдары жеткізіліп, дамылсыз тасыған көліктердің жүрісі - тұрысы бәсеңдемеді.

Ең қиыны оп айдап, саман басу, Әлменнің қарамағында болатын. Қара жорғамен жақын келіп, жұмыс басында аялдады. Әлменмен сөйлесіп, көбетуді тапсырды, бірнеше жерден қазылып, оп шұңқыры көбейе түсті. Бұлақтың суын бұрып, опқа пайдаланды. Тағыда бригадалар ұйымдастырылып, үй жоспарын көбейтті. Тозығы жеткен шым үйлер, қиратылып жаңа үйлерге қоныс аудара бастады. Ешкімде қалыс қалмай, балаға дейін өгіз айдап жұмыла бастады. Маңайын қолынан іс келетіндерді топтастырып, қалың бұқара халықпен жұмыс істеу, күнделікті тәжірибеге айналды. Орталық кеңсе, жақында салынып, пайдалануға берілді, үлкен залы мен басшы отыратын кабинеті, әсемденіп көз тартатындай, перделермен ойуланған, столдармен безендіріліп, ақ қабырғасы, күн сәулесімен жарық беріп тұр.

Стол басында Махмет, кезекті жиынға шақырып басшыларымен өзекті мәселерді шешуге бет бұрды. Жауапты адамдарды сөйлетіп, егін мен мал жағыдайын сынға алды. Қоғамдық мал басы, өспей кейбір «Бабашал», «Ортабұлақ», «Басбұлақ» қоныстарының кемшіліктерін бетіне басты, қыста қора іші қараңғы, қиынан тазартылмай, белшесінен батқан малдың жатар төсегі жоқ «ірі қара астынан азады» дейді, сол сиқы қайталанып, жасалған ебек еш

болды деген осы. - Нөкетай сен осыған қалай жауап бересің?! - деді Махмет орнынан тұрғызып: алынған бұзау саны өте аз, шөп қыста мол болды, жауапсыздықтың салдарынан жапа шегіп отырмыз, қолдарыңнан келмейтіні бар, мәселені кезінде көтеріп, дұрыстауымыз керек еді. Жауапсыздық деген осы! Күбілжіген Нөкетай: «Адам күші жетпей, айлап боқтары алымбады, тамшы ағып қора суға толды, далада боран ауызды бекітіп тастаған күндер болды, су ішпеді. Мал астынан азады дегеніңіз, орынды бірақ білсекте еш қайран жасай алмай, шөп берумен арпалыста өткіздік. - деді.

Осындай жағыдай, «Ортабұлақта» орын алған, - деп Селгазыға түйлікті, қарнынды сипай бергенше, қыстақты қарап отыруға күшің жетпедіма?!, қолыңмен жұмыс істеп қиналып жатқан жоқсың, сорлы малшы не көрседе солар бағып, асырайды қыстан шығаратында. жауаптылықты сезінеді. Ал сендерші, астарыңа бір - бір ат бердім. уақытылы қарап тұрындар деп «қатан» тапсырдым «қолаңсыз» жағыдай туа қалса, халықты аяғынан көтеремін деп сөз еттім, бірақ орындалмады.

—Сіз енді боссыз, жұмыстан алындыңыз, қолымен саман құйуға барыңыз, - деді Махмет дауыс көтеріп: Мұндайларды тайрандатпаймын, қолынан жұмыс келмейтіндерді, қара жұмысқа саламын. ұнамағандарды колхоздан қуамын, маған «қайрымсыз масылдардың» керегі жоқ, - деп тіке айтып, бәрінеде ескерту жасады. Онык жегім келмейді, партия алдында жауаптымын, жаңа орнаған колхозды өсіріп, қатарға қосу, халық тұрмысын көтеру, аштықпен сауатсыздықтан әптен арылу, бүгінгі міндет, олай болса мал басын қайтсекте өсіріп, егін көлемін кеңейту, нан молшылығын жасау, негізгі мақсат. Жатып —тұрсақта ойымызданда. жүрегімізденде бір сәт кетуге тиіс емес, сондағана ел боламыз, «енбектің - зинетін» көреміз, - деді сөзін аяқтап.

Сөйлеушінің ішішен Әбдік суырлып шығып: «Мақанның айтқаның бәрі дұрыс, бәрімізде жауаптымыз, айтылған сын орынды - жұмыс түзеледі, жағалай қоршаған дұшпан ауылдар, біздің осындай ғажайып тұрмысқа қол жеткізгенімізді, көреалмайды. оларда бұның жұрнағы жоқ, - деді сөзін жалғастырып, қаншама үйлер мен мәдени ошақтар бой көтерді, моншада бітуге азақ қалды». Расында, солай Құмжота мен Жаркөлден қаншама адамдар көшіп. қоныс аударғанын білеміз, - деді Төлеміс. Сенбай, Қоныс, Әлжан. Сауытбайлар сөйлеп, тапсырылған істің басын өз мойындарына алып, адал атқаруға сендірді. Мырзахмет екі ай жүріп. жұмыс таба алмай, Махметтен кешірім сұрап «Шиліге» қайта оралды.

Егіс алқабы көбетіліп, қаншама жер өңделіп бидай себілді. Егін бітісімен жауында жиі жауып, көңілдерін көтеріп тастады. Ыстық орнап, күн сәулесін төге бастады. «Береке түбі - бірлік» деген сөз, ауыл бірлігін сақтаумен болды. Күн - түн санап, ат үстінен түспей жұмыс басын аралаумен, уақыттың өтіп жатқанында аңғармасада керек. Жайдарлы жүзімен, халықпен амандасып, жағыдайын әменде білуге тырысты.

Ағайынның татулығын ештен шығармады. Шаруаға өзі ұмтылыс жасағандарды, қуанып қарсы алып қоймай, көмектесу жолдарын іздеді. Көшіп келгендерге жаппай үй салуға жағыдай тугызғаныда орынды. - Ол, да ағайындар, туыс деп паналап келді, - деді Махмет: қайда жібереміз, барар тауы жоқ «бар көмегімізді» аямау керек, ертең бірі малшы, бірі егінші болады. Келген қонаққа төр көрсету, ата дәстрі емеспе?! Байсалды, ақыл танытқан жас жігіт Махмет ой арманыда «Шилі» елін сыртқа паш етіп, атағын шығару «жиенбет руының» даңқын асыру еді, күйлі ел етіп, заман талабынан қалмай, партияның қойған мақсатына жету еді. Жастардың үйлену тойына жол ашып, кигіз үйлермен алтыбақан құрып, беруді тапсырып отырды. Бұрынғыдай «тоқал» алуды атымен құртты.

Жас жігіттер қатары көбейді, жұмысқа араласып, дауылды іске айналдырды. Шариф жолдасынан қол үзбеді. Хат жазысып, хабарласып отырды. Нөкетайды Татарстанға бірнеше рет жіберіп, киім - кешек, құрлыс жабдықтарын алғызып отырды. Жастар ойын - сауық кештерде тамаша көйлек пен жарқыраған тағымдары бар мәнерлі ойюланған қамзелдерімен, тақия киіп шыққанда танымай қаласың. «Отауға» жиналып кештер өткізуді мақсат тұтты.

Егіс даласындағы жұмыс толастар емес. Шықан бидайдың бағыты қаулап өсіп, биіктеп барады, соны сақтау, мал түсірмеу керектігін тапсырып, күзет қойылды. Жылқы аяқтанған мал, Селғазы қайтадан жылқыға оралған соң, барды бақылап, оқыс жағыдайдың болмауын қадағалап отырды. Нан халық үшін, - деген Махмет сөзі, Селғазының құлағынан кетпеді, кездескендердің есіне салып, айтумен болды. Құлақ аспағандарды, «шыбыртқымен» көндірді.

«Ақылды бірден ұғады - ақылсыз жанжалмен тынады» деген дейді халық. «Опықтың орнын баспа, өзің құларсын» деп жай айтылмаса керек. Қаншама тер төгіліп салынған егін, бір күнде жылқы аяғымен жоқ қылу, барып тұрған «жауыздық» десіп жұрттың ой сезімінен шыға берді. Молшылық нан биылда болады, - деп сендірген Махмет, күн сайын егіс басында болып, ертемен оралуды жөн көрді. Ертедегі атамыздардың тандап алған «Шилі» өңірі, қандай дерсің,

сылдырап аққан бұлақ суы, ішсең миыңнан өтеді, орманды биік ағаштар ит тұмсығы кірер емес, жалпақ жазық далада осында. - Қайран қаласың, қандай ақылды, болашақ өмірді болжап, ұрпақ игілігіне арнап қалдырған жер дерсің. Алып жатқан, кең аймақ: Аяқбұлақтан басталып, сонау Ақанға дейін созылып, Басбұлақтан Жарөткел жазығына дейін созылып жатыр. Қай жерге барсаңда, шалғын шөппен, шабындықты көресің, мал өрісі тағы бар.

Егіндік жерлер қаншама, құнарлы топырағымен, қырат бауырына дейін созылып жатыр. Осыны ойлаған Махмет: «Келер ұрпақтың асыл қазынасы, бұдан әсем, әрі көрікті ел орнайтынына сенімдімін, нан мен ет тау –тау болып, халық тұрмысы шалқып өтетін болады», - деді көпшілік назарын өзіне аударып, қол соғып қуанысқан ауыл адамдырында ес болмады, риза болып тарқасты. Сыртан келген «көк» аттыларда таңырқасып, еліне мақтап барып тамаша өмірге елес бергендей болды.

Сармойын жайлауынан басталып, Жарман, Бас Науырзым. Сыбсыңға дейін алып жатқан үлкен аймақ - қалың Сүгірлер қонысы болатын. Қарамайшы жерінен өтіп, Қызбел жерінен қоныс тепкен өтейлер рулы елі еді. Қатынаста жиі болып, «қыз алып - қыз беріскен» көрші ауылдар жиі орналасқан. Махмет бұл өңірді бала кезінен жақсы білетін, тойларда болып, күш сынасып күрескенде... Бірнеше күн өтті, өз жанын қинап Құндыз жылап отырды. Кеудесінде жандырған уайым арасында: - Аздың! Айныдың Махмет! Алтын үй –ырысым деуші едің, «от басым - балаларым». Кеудемді өртедің, жүрегіме дақ салып, көңілім бітіп құрыды. Күдіз - түні жылаумен болдым. Үйіңнің шаңырағы құлады, бойымды қайғы басты. Ақталар сөзіңді естігімде келмейді, айтпа маған. Күнім құрыды, бақытым сөнді! - деді. Төсек үстінде Құндыз, Махметтің аяқ жағында отырып жылаумен таңды атырды. Махмет: «Көрші Балбөпенің сөзі өтірік, жалған!» - деп өзі ақтайтын сөздерді қиналып айтты.

Қанша ақталғанмен Құндыз, Махмет құшағына маңайламай жұбатып, айтқан сөзінде тыңдамады. Өмірдің мәні кеткендей болып, дінгегі құлап, күйреп бүлінгендей оқыс көрінді. Сезімде алшақтап, тау басынан құлағандай күйге айналды. Кең дүние төңкеріліп, аспан құлағандай, махабат тасқын судай ағып өткендей болды. Құндыз өкпелі жүрек сезімін айтып салды. - Қатын сорлының күні құрсын! Құрысында өшсін, бұл өмірдің енді, қалғаны жылағаннан басқа не амалқалды дейсің, мен сыяқты сорлы әйелдердің көретін күні осы емеспе?!.

Үй іші күңгірт тартып, тыныс тарылды. Балаларда ойнауды қойып, бір уайымның күйзелісіне түскендей, сазарып, боз тартып төсектерінен тұрмай, жатып қалды. Өсектеп, әптен Құндыздың құлағына құйып зарлаумен айтқан оқыс сөздері, есінен кетпестей Нұрсұлуды сипаттап «көңілдесі» дегені ұмытылмады. Нұрсұлудың мұғалім болып, Шиліге қайта - қайта келуіде растығын байқата бастады. Бірнеше күннен бері Құндыз оң қабақ танытпай, ашулы күйімен, жылауда болды. Келген қонақтарда, көңілсіз күйімен ажырасты. Береке кетті. Жауапты жұмыс бір жағынан Махмет үшін, қайғы - қасырет орнағандай болды.

Көпке созылған тартыс бәсендемеді. Бұынғы күндерім бәрі сөнді, өлі денем қуыс болып қалды, көз жасым бәрін жуып әкетті! - деді Құндыз. - Олай деме, қайт бұл сөзіңнен, от басын ойла, өсекке ермей, бұрынғы болған іске мән берме, ол кез менің үйленбеген жас кезім - балғын шақ, 18 де болатынмын, сағанға дейінгі уақыт еді. - деген Махмет Құндызға жақындап, құшағын жайды. Осылай татуласып, бір ымыраға келді, көңіл күйлерін сүйісумен жалғастыра түсті. Жарық күн сәулесі үй ішін орап алды. Бақытты күндер қайта оралды. Құндыз бұрынғыданда ажарланып, Махметке адал жар екенін білдіріп, айағының ауыр екенін сездірді.

Арпалыс заманның ауыр күндері өтіп жатты. Әрбір сәт Махмет үшін өте қымбат болатын. Оның соңында қаншама халық, кедей сорлылар, тұрмыс жағыдайлары төмен, қалайда осыларды асырап, ел қатарына қоссам деген ойлар мазалаумен болды. Махметтің қайраты мен қаталдығы, ақылдылығы мен адамгершілігі, топ жарып, өткір тілді шешендігімен ойлаған мақсатына жетіп, халқына - жаңа өмір сипап, тұрмысын дүзеді, нанды молайтып, мал басын көбейтті, ауыл адамдары бірі қалмай Махмет бастаған жаңа бастамаға ере білді.

Шариф жолдасынан хабар келді. Татарстан ұмытқан емес, шынайы жолдас деп осыны айт. Адамдарын жіберіп күмелі шан мен күмістеген жеп - жеңіл арбасы мен әпзелдерін жеткізіп салды. Қос пар атқа арналып жасалған күймелі арба, көрсе қызар тамаша етіп, жасалған оюлы күмбез, жылтыр орындықтары, былғарымен қапталған арқа сүеніші, көсемдеген ұзын шілтер хамуты, бзбендірілген дөңгелек доңғалақтары, жеп - жеңіл салмағымен көз тартады. Енді біріғай жазда ат арбамен жүрсек, қыста күймелі шанамен жүретін болдық, - деп ой түйген Махмет қадірлі жолдасына, рахметін айтып «дұғай» сәлмін жеткізген еді.

Досы Сужиковта хабар айтып, Махметтің келуін күтіп еді. Бұрыннан ойында досының сөзін тастамады. «Тар жол, тайғақ

кешу» кезінде Қостанай ақ түрмесінен, екі елдің азаматын шығарып алғанда, осы Сужиков болатын. Ұмытуға болмайды, адал дос деп осыны айт. Жазықсыз жаралыларды көзі көрген Махмет ойынан бір сәт шығарған емес, үш айғы азабымыз, үш жылдай болды. Қабақ тірескен шақтарда, сойқан тексеріс, миыңды ауыстырып «допросқа» қайта - қайта шақырып, «тайақ» ойнатқан күндерді басымыздан өткердік, шыдамағандары көтере алмай өліп кетті. Түрмеден босанғансоң, қуана - қуана, өлімнен құтылғандай болдық. Досыма баруға дайындалып, пар ат жеккізіп жолға шықтық.

Шаруаның бәрін Нөкетайға тапсырып, алаңсыз қара жорғамен Қастанайға бет түзедік. Қобалжыған кейпін, бақылаған Нөкетай алаңдамаңыз деп сендірді. Қара жоға қамшы салғызбай, есіліп желіп отырды. Әңгіме үстінде жол қысқарып, қыраттар мен ауылдарды басып, дөңестерден асып жүйткіп келеміз. Жеңіл арбаның үсті жайлы. ой - шұқырды елемей, бір қалып пен қозғалып қояды. Бойында жігері қайнаған, жас кезі күндіз - түні жүрісті елейтін емес. Ол кезде Махмет жаңа ғана 26 ға шыққан кезі еді. Қотанайға келіпте қалдық. алыстан мұнартқан биік үйлер, сағыммен жалғасып толқындан көрінеді. Ат дізгінін бос қойып, қара жорганың жүрісіне сендік, апарар жерді біледі. Қала маңында құжынаған мекендер, қалып жатты. Кіре бергенде күн көзі, ұясына бата бастаған шақта, қызыл тартқан аспан сәулесі, жерді жаба қоймаған.

Ұзын шеткі көшемен тартып, ызғумен үлкен қызыл үйге бас тіредік. Қызыл кірпішпен мәнерлеп салынған, үлкен албарыммен бірден көзге шалынды. Махмет бұрын істі болғанда, келіп кеткенге ұқсайды. Досы бірден алдынан шығып, құшақтап қарсы алды. Омбыдан оқыған Махмет орысшаға жетік сөйлеп, бірден бауыр басып, әңгімеге көше бастады. Әйелі Нина Петровна оң қабақ танытып, ас әзірлеуге ыңғайлана берді. Төлеміс аттарды жайғастырып. ішке кірді. Қыза түскен әңгіме барысында, репрессия жайында болатын. Жазықсыз жандар қамалып, қасырет - қайғы орнады.

Жалған дүние тас - талқан болды. НКВД - нің басшысы Берияның бұйрығы елді аралап, жаппай ұстау мақстын іске асырып, жетім бала мен аңыраған әйелі қалды. Тосқауыл болар бір жанның болмағаны?! - халықты қатты күйзелтті. Ашық апан, кең дүние, жалпақ даланың қазаққа тар болғаныма?.. Сүйекке біткен таңба болып қала берді. Осының бәрін баян еткен Сужиков ауыр күрсініп! «Аьх» деп демін алды. Екеуі біраз үнсіз отыр. Тамақ ішіп, әлденген соң, далаға шығуға бет алды. Ойлары қызу әңгіменің бітпегенін сөз ету еді. Көшеге жүріп, бстін бұрдыда: қазақта бір мақал бар «жол анасы - із»

деп едіңіз. «Қашанда біреу бастайды - көп қостайды». Орыс пен қазақтың ұлы жазушыларының шығармасын оқып: Лев Толстой, Салтыков - Шедрин, Мұқтар Әуезов, Сабит Мұқановтар қандай тамаша кітаптар жазып қалдырды. Осыларды оқып, білімді толықтыр, сондағана блашақтың кілті сенде болмақ, сен оқытып келешек ұрпақты тәрбиелей аласың «Болашақ біліммен - жалғасады», «Оқымаған сауатсыз боп - ашынады» дейді халық, - халық айтса қата айтпайды деген ұғым осыдан қалған, - деді. Көп кітаптарын беріп, арбаға әкеліп салды. Татулық, шын досы екенін тағыда дәлелдеп, үлкен үмітпен Махметті құшақтап, табыс тіледі, жолға шығарып салып, ұзақ тұрып қоштасты. Досының әрбір сөзі, есінен кетпеді, жастарды оқытып білімді ету, сол оқыған білімді халыққа жаю, дегені күнделікті жұмыс «бағдарламасы» болып бекіді.

- «Адасқанның –жолы болмас» деген сөз, бірге жүргендердің арасында, керісіпте қалатындар - өзінше бұра тартып, жолдан тайғызып, көреалмаушылық пікірмен кездесіпте қалады. Ондай боз өкпелерді, аластатып өткір тілімен Махмет жұрт алдында «масқара» етіп колхоздан қуып жіберген - ді. Айла - тәсілмен, бұзақылықтың тонын киіп, мал тонап, бүлік шығарып, қораға от қойғаныда есінен кетпеді. Суық хабар лезде жетті. Жарөткел қонысында мал ұрланып, табын сиырды айдап әкетіп, қараңғыда жоқ болды. - Кім шыдап тұрады дейсің? Махмет бастаған топ - жігіттер атқа қонды. Жарөткел қыстағы онша алыс емес, ызғытып келіпте үлгірді. Төлемісте топ жинап, қыстақ маңайын торлап, із кесті. Ештеңе табылмады, әккі болған ұрылар деп, таң атуын күтті. Ызасы қайнағандар ерсіл - қарсыл жүрумен шектеле берді.

Қолға түссе аямайтындарын сездірді. Қонысты жарып өткен жалпақ өзен бойы, алысқа сермеп, жазыққа барып созылып жатыр. Таң жаңа атып, жарық сәулесі түсе бергенде, көз ұшында басы қылтиған адамды байқап қалған Махмет: Айда кеттік! Кеттік! деп айтуы ғана аттарына қонып, шауып ала жөнелді. Өзеннің құйа беріс аңғары, алыс болатын, тіке жар қоршаған, тек бір жағында жайбарлау аласа жол болатын. Аңғардың іші кең, ну - талды ағаштармен толығып, ауылдың малы сиятындай көлемді алып жатыр. Ұрыларда осы жерді байқап болжағанға ұқсайды. Жалма жан қоршалып, аттылар айқайға баса бастады. Нөкетай ауыздан жақындап барып: Шығындар! Әйтпесе! Мойындарыңа қыл арқан салып, атпен, қонысқа дейін сүйретеміз! - деді. Айғай! Жан - жақтан шығып жатты. Баки бастаған топ бекініп алғанға ұқсайды.

Қарулы жігіттер қойсын ба?! Аттарымен пергілеп, аңғарға түсіп, ойранды сала бастады. «Шекіскен - қоймас» дегендей, әл сәтте Бакиді ұстап алып, атқа өңгеріп жағаға алып шықты. Күші ісіне сай Ғаниат, сом денесімен Баки –қудың қолын қайырып, төмпештеп тастады. Қара малды айдап әкеп, табынға қосты. Бұрын - соңды көрмеген би таныс адамдар, көшпен ілесіп "ұрлыққа"бекінгенге ұқсайды. Қаруланып ат мініп, ықшамдалып алған қалпыла қарағанда, басқа жердеде осылай "бойн"етіп жүрген тәрізді. Қыл арқан мен қол аяқтарын байлап, милиция келуін күтті. Таяқтыда аз жеген жоқ, денесіне дақ салмаңдар, - деп кенес етті. Қоныс басында малшы - жұртта жиналып қалыпты. Қораның ішінде қарсы тұрып, таяқ жеген Сейдан, сегіз өрім ауыр қамшысымен Бакиді бір - екі рет салып жібергенде, санынан қан жосып аға берді. Қиналса керек, енді "ұрмашы", "ұрмашы"!! деп жалынды, көзінен жаста шығып "ұрлық - түбі қорлық"деген осы деп, Сейдан тағыда тепкілеп тастады. Махмет атынан түсіп: Сендер колхоз малына қырағы болыңдар, бұл жағыдай тек дала қасқыры емес, адам қасқыры өршіп, етек алып барады "сақтықта - қорлық жоқ" әбір қадамдарынды байқап, бөтен адамдардың жөнсіз жүрмеуін тесеріп отыруларың керек.

Қандайда жағыдайға мұқиат қарап, хабарлап отырыңдар, сондағана үкімет малын сақтай аламыз "Баки" сыяқты дұшпандарды ұстап, аяққа таптап өлімші етеміз. - Бұл жайт, мәңгілік есінде қалатын етіп, жазасын беруіміз өте орынды. Есі болса, естіген адам аяқ басып, бізге келмейтін ету бізге шарт! - деп сөзін аяқтады. Санасына жеткізіп айтқан сөзі, малшы - қауымның бас изесіп тарағаны байқалады. Қырдан құлаған ат арба, даңғыл жолмен Жарөткелді бетке ұстап, құйындатып келеді. Жақыннан қызыл жағалылар екені анық көрінді.

Атын бұрып, жиналған топқа келіп кірді. Милиция қызыметкерлері, жалма жан қыл арқаннан босатып, "кісен"салып бесеуін арбаға тиеп алып жөнелді. Баки тобы ұсталып, жеті жылға, бас бостандығынан айрылды. Жұрт құлағына осындай хабар жетті. Қаракұдық қыстағы, мал көп шоғырланған аймақ. Сәндібек Түбектен көшіп келген, шөмекей әулетінің бірі болатын, мал бағып еңбекке ұстамды екенін байқатқан. Аң аулап, бүркіт салудың шебері еді. Осындай еңбек адамын көргенде жаның сүйсініп, жүрек елжіреп сала береді. "Еңбек етсең ерінбей", "Тояды - қарның тілінбей" - деген Абай сөзі ойға орала береді. Жолымыз түсіп, ести сала қыстаққа бесеу болып жеттік. Ойымыз, Сәндібектің шеберлігін байқау, бүркіт салып, етектегі шолу еді. Жағдайларын мұқиат көріп, жұмыстарын байқап.

малының қондылығы мен күйлі екені, айтпасада бір қарағаннан аңғардық. Шарулар мен сөйлесіп, ой бөлістік, қысқа шөбінің жетіндігін айтып, бәріненде - сақ болуға айтып үлгірдік.

Жиыннан кейін, Сәндібек бүркітін алып, жылжи бастады. Бүркітіне "Шұбар" деп ат қойған. Шұбардың алып аяқтры, оң қолының тәжісіне отырып, алдына симай, қомақтанып келеді. Бүркіт-десең осыны айт! - деді Нөкетай көрген жерден: Тұмақтары, аухымданып, шембелдей соққан аятары, ірі денесімен, қос қанаты жалпиа біткен, қол шатырындай жылтыр тартып, ат еріне нығып алғанға ұқсайды, - деді Махметке жанасалап барып: Менде осылай ойқортып келемін "Келсең - кел" дегендей бүркіт ыңғай тартады.. бұрын - соңды аң аулап тәжіресі молдығын байқатып, үстіне қасқыр ішікті киіп алып, аязды мән демей, жота мен ойдым - ойдым тал түбін сүзумен келеді. Алыстан бізге жалтақтап қарап қояды.

Бізде соңына түсіп, бағып келеміз. Бір түйткілдің болатынын сеземіз. Көзімізді алмай, Сәндібек қимылына қараумен болдық. Жотадан шығып, қашқан түлкіні бірден көзі шалған Нөкетай: Өне кетті! өне кетті! деп айғайға басты. Естуі мұң екен Сәндібек, қолындағы Шұбарды босатып жіберді. Аспанға бірден көтеріліп, желпіген қанатының сыңғырығы, төменнен естіліп, алып құстың түріндей есіліп ала жөнелді. Көкте бағыдарлап, жерден көзін алмай, самғап келеді. Тау құсындай төмен құлдилап ағып келеді, көз ілесер емес. Шүйлігіп барып, комды аяқтарын түлкінің басына бағыттап барып, ауыр денесімен тұяқтарын батыра салып жібергенде, шапқан түлкі жалып етіп табанына түсті.

Сәндібекте атымен шауып барып, Шұбардың аяқтарын бостып, өліп кеткен түлкінің денесін алып шықты. Ғажайып, көрніс бәріненде ұнады. Түлкіні Нөкетайға байлады. Айнала шабыс кезінде, қасқыр ізін байқаған Сәндібек: Кеш болысымен ұлыған қсқыр дауысы естіледі, бізді торлап жүргенге ұқсайды, - деді. Олай болса, бір пәленің төніп тұрғаны, - деді Нөкетай сөзін жалғастырып: Мен осында қалып, бақыласам, қасыма екі - үшеуін алып, қолымда ала шыққан "мылтығым"бар, қазір керекті оқты жасап көп ету керек, үйткені "қасқыр"тобымен қорадағы малға шабуы мүмкін, - деді. Махмет біден дұрыс деп Нөкетайды қостады, Сәндібекте бірге аулаймыз деп сендірді. Қасқарайып, қараңғылық жер бетін баса түсті. Махмет адамдарымен орталыққа беттеді. Нөкетайға сенді, қасқырдың бетін қайтаруға уәде етті.

Қараңғы түн, қою кара бұлт аспанды жауып, ессіз —өңірге жан біткендей болды. Құлазыған дала төсінде әлде бір сыбыстың естілер

- естімесі құлаққа кіріп, бойды сыздатқандай әсерін береді. Ұлыған қасқыр тобы қоныс маңын шарлап, жақынба деп қаласың. Кейде ескен желмен, сыза тартып, етек аралап кеткендей болады. Нөктай. Сәндібектің үйінен ас ішіп, әлденген соң, дала маңын шарлауға шықты. Көп жүрді, ұлыған қасқыр дауысын естіп, қарақшы маңынан аңдуда болды. Түн асып, иттер үруін басқан кезде, сарай маңынан екі қарайған жылжып, төбеге өрмелеп бара жатқанын байқап қалды. Жалмажан мылтықтарына оқ салып, төбе бұрышына қарай, еңбектеп дыбыс білдірмей жылжи түсті. Екеуіде мылтығына сенімді. Атса қалпақтай түсетін етіп, оқ жасаған, бірақ оқтың тиуын біл. Бір сәт. қора ішінде тобыр малдың дүркірегені естілді. Хайуан! Төбеден түскенғой деп қортындылады.

Асықпады, саспай болжам жасап, терезеден ішке кірді. Қолдарында мылтық, байаулап барып, шеткі ығысқан жаққа қарай, аяңдап келеді. Қаранғыда көзі жалтырап, от жаққандай, елес беріп қояды. Өкірген қара қасқа бұқаның дауысы, жер жарғандай, өкіріп барып, аюлы мүйізімен қуып келіп, лақтырып жібергенде қыңсылаған дауысы үдете түсті. Қасқыр іргеге соғылып, томп етті, шаруасы бітіп, мойыны астына қайырлып құлады, екінші тарланды Нөкетай мылтығымен атып түсірді.

Қораның кең есігін ашып, табынды албарға шығарып тыныштатты. Мал аман, екі қасқырды соғып алыпты деген хабар Махметкеде жетті. Бұл басы ғана деп топшылаған бойда, көкжалын ұстау керек деген шешімге келді. Оталықтан бірнеше аттыларды жіберіп. Сәндібек Шұбар бүркітімен атына мініп, қалың қолмен шатқалға қарай бет алды. Екі қыраттың түйіскен жері, үлкен ойпатты алаң. қалың талмен жалғасып, көде болып өскен бұталар, шұқырды жауып, ештеңе көрсетпейді.

Қасқыр апаны деп болжаған Нөкетай, аттан түсіп, адамдармен іздеуге бет бұрды, ізін кесті. Өлден соң бұта арасынан, көк жалдың атып шыққанын байқап қалған Сәндібек, жалма жан бүркітін ұшырып кеп жіберді. Құйындатып, аспаннан бірақ шықты. Көкжал адам жоқ бағытпен, жазыққа қарай ызғып барады. Шұбардың бірден көзі шалып, үстімен ағып барады. Қос қанатын жымқырып алып, шүйілген бетінде, қасқырдың үстіне барып күріп етті. Ағылған күш қойсынба, қолаңқы кеспе алып тырнағын қос - қостап, екі аяғын көзіне тығып, басын бүре құлатты. Бірден соқыр етіп, қанын ағызды. Қайда барады, соқыр көзімен жұлқынғаннан ештеңе шығара алмаған соң, құлаған бойында қыңсылап жата берді. Сәндібек топ болпып, шауып жетті. Шұбарда иесін танып, тұяғын босатып, қолындағы тұғырға

қонды. Кереметтігін көріп таңғалысқан ауыл адамдары мақтаумен болды.

Шұңқырды қопарып жүріп апанын тауып «қақпан» құрды, кешкілік бақылауға уәделесті. Қасқырдың алдын алмай, құтыла алмаспыз, ойламаған жерден шабуыл жасап, малды құртуы әбден, «дәндіккен» қайта - қайта тарпа бассалып жеп кетеді, - деді Нөкетай, топ болып көзін біржола құртуымыз керек. Бәріде қостай сөйледі. Олжалы болған Сәндібек, қонысқа бет алды. Күш жинап тағыда шығатынын сездірді. Жиналған топпен тағыда, ертеңіне торауылдап, қалғандарын күшігімен қолға түсірді. Аңшылардың бұл ісіне жұрт таңғалысып, қорықпай көкжалдармен шайқасын аңыз қылып сыртқы елге таратты. Қарақұдықтағылар қорықпай, алансыз еңбек етіп, қыстан қысылмай шығуына уәде етті. Мал басы өсіп, адал еңбектері жанып, жаз жайлауға шығуға дайындалып жатты. Жайдарлы жүздері, үлкен үмітке сүйреді, ет - сүт тағамдары молайып, қарындары тойды, күш - қайраттары толысты.

Ақан қонысы. Қыраң бетке орналасқан, қоңыр үйлер шымнан салынған. Түс ауа 4 - 5 атты осында келіп тоқтады. Шеткі бір үйден өрт шығып, май шамнан кетті деп, әңгіме еткен - ді. Аттан түсіп, шаруашылыққа бет бұрды. Қора маңы, былығып жүрер жер жоқ, айқыш - ұйқыш төгілген қоқыстан көрімбейді. Іші толған, шығарылмаған навоз, белуардан басып жүрген табын мал, қоңы төмендеп, арықтап біткен. Опасыз қылықтарын бірден сезген Махмет: «Түгел жиналындар деп бұйрық» етті. Жиналған өңшең жалқаулар, қалай ғана оқыс жағыдайға апарып, не ұтқыларың келді, үкімет малын құртып, айламызды асырамыз дедіндерме?

—Әлде араларыңда бүлікшіледің ісі ма? Тез жауабын айт! Қатайған Махмет қабағы түйулі, алпарысқанды жоқ қылып жіберуге, опасызды омақа етуге дайын еді. Қалайғана Әбдікке сеніп, істі тапсырғанымыз, қолынан ештеңе келмеймін олақты жұмыстан кет! деп ақырды. Басын төмен салып, шетке қарай ығыса берді, көлікке ілесіп жүріп кетті. Бұлай жұмыс істеуге болмайды, тез арада қалыпқа келтірмесек, малдан айырылып қаламыз, - деді. Нөктайды қонысқа бекітіп, оталыққа жіберіп түгел адамдарды көтеруге тапсырма берді. Ертеңіне ағылған жұрт, Ақан қонысына жиналып, топ - тобымен қора тазартып жатса, екінші тобы шалы жасап талдан жылы ықтасын етті. Құрлысшылар өртенген үйді, қалыпқа келтіріп, ішін сылап әдемі етті.

Көшіп келген адамдардан іріктеліп, малшыларды тағайындап, қонысқа жаңа өмір орнағандай болды. Күш көлігін бастап, Ахметте

5 пар өгізді жауапты адамға табыс етті. Мал сойылып, көмекке келгендерге ас берілді, жауапты малшыларға ет таратылып, сауын сиырларды алғызып үй басына бекітті. Шөбі мол, қысқа жетуге болады. Қоныс басына жинап алып, Махмет: Бұдан былай, малды қараусыз қалдырмай, қоңын түсірмей бағу малшының міндеті, сол үшін балық жағыдайды жасап отырмыз, нандыда жеткіземіз, бірақ сіздерге айтатыным, - деді малшы қауымға назар аударып, қоңын жақсартыңдар, көктемде төл алып, мал басын өсіру негізгі міндет. сондықтан уақытында суарып, шөбін беру, күтімін жақсарту сендерден сұралады. Бөгет жасайтындарды аямаймын, айтып шындықтарыңды білдіріп отырыңдар, кеш болмасын.

Оқыс істің жұмысы немен аяқталғанын көзбен көрдіңдер, ел болып күн көрсек деген уәдамыз қайда жоғалды? «Бір құмалақ - бір қарын майды шірітеді» - дейді халық, олай болса бір Ақандағы оқыс жағыдай, дұшпандарымызға таба етпейме? Кәне кім осыны ойлады?! Күдіз - түні ат үстінде жүріп, қыста суыққа тоңып, жазда ыстықты басымыздан өткізіп жүрген еңбегіміз зая кеткеніме? Жоқ бұлай болмайды, бұл іске малшыдан бастап, әкім құмарларға дейін жауапты. Тез жағыдайды түзеуіміз керек, жауапты адамдар осында қалып, түзетпейінше ешкімге айаушылық жоқ, - деді Махмет. Уақыт зымырап өтіп жатты.

Шаруа жұмысы қалыптасып жақсара бастады. Көктем айыда күн жылынып, көк шыға бастады. Маңайды мал өрісі орын тебе бастады. Жұпар исі аңқыған дала өсімдігі, қызылды - жасыл гүлімен құшағын айқара ашып, маңайды орап тастады. Әркімде аңсаған сол далаға баурын төсеп, қуанғандай қалып береді. Құстарда келіп, жазық етектегі ұзын созылған, алыстағы өзенге қарай, бет алып ұшып жатты. Алыстан көз тартып, күміс сағымдар, желмен толқып, теңіз суындай арнадан асып желбіреді. Қызықтаған аттыларда, қыр дөңеске қайта - қайта барумен болды. Жаз жадырап күн сәулесін төгіп, жер бетін көк майса шөптер басты.

Малшыларға кигіз үйлер жеткізіліп, жайлауға шығу науқаныда тезей түсті. Енді малшы жаңа ақ отауға кірмек. Тозығы жеткен, жыртық - жамау түндіктермен мүдем қоштасты. Жаңа өмір салты Шилі даласынан мәңгілік орын тебті. Қонысқа қуанышты хабарда жетіп. Махмет Татарстаннан алғызған киім - кешек, малшы от басына берумен тынды.

Әсем маталар мен түрлі тағымдар қыз - келіншектерді көтеріп тастады. Бұрын - соңды қолы жетпегендер, көрумен таңырқасып, сұлу қыздарын көріп, киінгенде танымастай қалыппен өзгеріп сала

берді. «Адам көркі шүберек» деп текке айтпаса керек. Мал төлдеп, Ақан қыстағы бірінші блып, өріске шыға бастады. Өсім мол болды, - деген Нөкетай Махметті қуантып тастады. Ақ отаулар тігіліп, жотаға барып жайласқан, оты мол осы аймақты, қашанда мақтан тұтады. Жиалған малшы қауымы Нөкетайға Махметтің «ерулікке» келуін күтті. Малшы басы Сағит «қара қошқарды» атап, семіздігін байқап союға ыңғайын сездірді. Табысқа қолы жеткен Ақандықтар ұйымшылдықтарын көрстіп, жұмыстарын қалыптастыра бастады. Бөлініп баздарын ремонттап, маңайын тазалап тәртіпке салды. Әйелдер жағы бірігіп, үйлерін ақтап, сылады. Қоңыр түсі өзгеріп, ауыл сәніне оранды. Ақ жарқын жүздері көңілді күйге ұласып, от басы балаларының рахатын көрді.

Қасқыр апаны. Күз өтіп, қыс келді. Жаңа жауған қарда жер бетін басып, ақ шағаладай тұмар еткен. Қырат аймағы қосылған жері шатқалға айналып, үлкен ойпатты алаң жасаған. Дөңгелек, ирімденген қалың биік ағаштар, ну орман болып, тұмсығы ит кіретіндей ғана ықшамдалған. Бірақ бұл мекен, қасқыр мекені болып, өсіп өнген. Бауырайы жазық даламен: Ақан, Бабашал, Қарақұдық, Басбұлақ, Ортабұлақ, Аяқбұлақ, Жар, Жарөткел ауылдары қоныс, тепкен малды аймаққа айналып, жаз жайлауымен, қыста қора толы малдарымен күн кешіп отырсада, жота шатқалынан ұйысқан қасқырлар көне тартып, малдарын жеп мазасын алумен, табынға шауып, айдап әкетіпте жүрді. Тосқауыл болмаса, шаруада малынан айырлып, күн көрісі жоқ болуыда мүмкін. Ақ сақалды үлкен қарт кісінің, биесін жеп, шаруа Жұманның жалғыз сиырында тоба еткен.

Махметті осы ой мазалап, шатқалға жиналға бұйрық берді. Бүркітшілерде жиналып, көрші Құмжота ауылынан Сағи бүркіті мен қоса, соңына ерткен құмай тазысы және бар. Қара жорғамен соңында Төлеміс пен Нөкетай бастаған бір топ атты шатқалға бет алып келеді. Қара жорғаның желісіне, ере алмай артта қала берді. Қауым болып жиналған топқа Махмет көз тігіп, бетін бұрды. «Жау қайда деме - жер астында» опанын қазып көкжалдың орнықталы біраз болды, қандай заман өтпеді дейсің. Махмет ойланбастан Нөкетайға: «Сен аңға жақынсыңғой, тәжірибеңде кем емес, қасыңдағы топ жігіттермен шатқалды сүзіп, ордасын табындар, үркітіп дала төсіне қарай шығарып, бүркітшілер тобына қарай ығыстырындар, - деді.

Мылтық асынған Нөкетай: «Бәріңде қаруланып, ұзын салмақты құрықты қолдарыңа ұстап, соңымнан еріндер», - деді. Қарулылар қойсынба, шатқалға барып, тұс - тұстан беріп жөнелді. Махмет пен

Төлеміс шатқал үстіндегі дөңеске барып аялдады. Абен бүркіті «Қарашолақ» ты сылап сипап, жем сауытынан тамақтандырып, алып күш қуатын байқайын деді. Тұқымы басқа тау бүркітіне ұқсастық қалпы, атан түйеге де шабуыл жасайтындай кейпі бар. Қасына келген Сәндібекте бүркіті «Шұбаршолақ» ты дайындап, жем сауытын беруге асықпады. Жер –жерден келгендер, бүркітті көбейтті, «ел құлағы - елу деген емеспе» хабар жеткендердің бірі қалмаған, қосылып үлгірді.

Некетай жанындағы, қарулы Сапар құрығын көтеріп: Кетті әне! Ұстандар деп, - айғайлады. Көкжал омбы қарды боратып, жонға шығып бет алды. Естіген сәтте, Абеннің қолынан лып етіп «қарашолақ» та қанатын қағып, биікке зымырай жөнелді, қасқыр қимылын бірден байқапта үлгірді. Абен қарап тұра алмады, қарашолақтың соңынан қуа түсті. Сол мәзетте бір топ қасқыр апаннан шығып, қашып үлгірді. Аңдыған бүркітшілер құсын жіберіп, шапқыласып ойран салды. Қайсы қайда кеткенін білумен әлек. Қарашолақ жетіп алып, төмендей ұшып ызғып келеді. Абенде қайта - қайта айғайға басып, құсына жігер бергендей, қамшысын көтеріп белгі етеді. Құста иесінің ыңғайын сезіп, қатулы тұмсығын алға тартып, шеңгел аяқтарын жазып жіберген. Отты көздері жана түсіп, қасқыр шабысымен ілесіп келеді. Айтса айтарлықтай қарашолақ тұқымы, ерекше жаратылған құсқа ұқсап, батылдық танытады. Жұл жұмыр бас бітісінде, шоңғал алып денесі, дауылды жарып ырғып келеді.

Күнде бұлтын сыдырып тастап, жарқырай түсті. Жап жарық кең дүниенің жаңа ғана есігі ашылғандай болды. Махмет пен Төлеміс қуанысып, күнде жарқырап, шайдай ашылып сәулесін шаша бергенде, аттарымен сырғытып, шатқал етегіне құлап келеді. Бүркітке сенімді, омбы қарда шапқылаумен қасқырда күшін құртады, - деді Төлеміс. - Солай болғанын менде қалаймын, - деді Махмет. Қабак бауырына жете бере, Қарашолақ көкжалдың денесін бүріп, ауыр салмағымен екпінді күш алған, қос қанатының лебі, бірден жер бауырлатты.

Өткір тұмсығын тығыш жіберіп, ішінен қанын сорғалатты. Абенде келіп жетіп, қарашолақты өңгеріп қолына қондырды, қасқыр қыңслап барып көз жұмды. Айбатына таңырқаған Махмет: «Нағыз ұстайтын құстың өзі екен», - деді. Жаңа ғана шауып келіп, көзімен көріп Абеннің арқасынан қағып алғысын жаудырды. Тағыда қарашолақ басқаның ізіне түсті. Қайткен күнде тобырды құрту ойында болды. Сәндібекте олжасыз емес, үлкен айбарлыны құлатып, соғып

алды. Шұбаршолағын тағыда жіберді, аспанды бойлап қалықтап ұшып, қашқан қасқырдың ізіне түсті, шабысын тойтарып үстінен келіп басына қонып, көзін ағызды, омбыға омақаса құлаған бойы, аяғын серпіп құлап түсті.

Сағи кешеуілдеп соңғы қасқырдың ізін кесті. Лашын бүркіті аспанға көтерлуі сол екен, көзі шалып, құлдилап құлап келеді, бүре түсіп, тұмсығымен кеңірдегін қиып жіберді. Құмай тазысы тамағынан алатүсіп сүйрей жөнелді. Лашында денесін бүріп, үстінен түспеді. Асығып жеткен Сағи құсын қолына алып, қасқырды екінші біреу құрықпен жатқызды. Шайқас бұнымен бітпеді. Ашынған аңшылар қалған қасқырдың соңына түсіп, ізін кесті. Ұйлыққан қасқырдың апанын қазып, күшігін іздеді, қақпан құрып жатқандарда болды. Қаншама жыл малға шауып, опық жегеніміз қаншама?! Есептесек бір шама болғанығой. - Құстың бабын білмейді екенбіз, жақсы қарасақ бұданда күшті болар еді, - деді Төлеміс. - Шынында солай, күтімі аз, жемсауы шамалығой, - деп күлді Нөкетай келгендеді иегімен нұсқап.

Бодыры шыққан, аздырып алғанба, қоянның өзне шаба алмағаны көрініп тұр, - деп күлді. Шамайына тидіма? - сендердің шаруаң не, құс өзіміздікі қалай ұстайық өзіміз шешеміз, тілмаштың бізге керегі қанша, - деді келген аңшының бірі. - Жоқ біз әшейін сөз еттік, қоянмен шектелгенсоң айтылған сөз, келгенсоң қасқыр аулау, апанын құрту негізгі мақсат үшін хабар етіп жібергенбіз. - Ол орындалмай босқа қалдық, - деді біреуі, бірақ біз ендігі жолы дайыдалып, қасқыр алатын боламыз, Махметке уәде еттік, - деді. Жарайды онда, айтқаның болсын. Абеннің қарашолағына қызыққандар, кетер емес, тағыда өзінің шатқалына келіп қалар деген үмітпен біраз күтті. Шапқылаған алдыңғы топ, жинала бастады. Сәндібек пен Абен топ ішінен көрінбеді. Соңғы қасқыр ізімен кетті, - деп Нөкетай топшылады. Махмет пен Төлемісте топ ішінде бірге тұрып, келуін күтті. Алыстан жұмсақ қармен шауып келе жатқан Абенді көріп, артында сүйреткені бар, қажығасы қос - қостан байлаған жүгі, жерге салбырап, жүргізбей келеді, сондада шабысы бәсеңдер емес. Бес қасқырды емдеген Абенді аттан көтріп, қошеметін аямай, ду көтеріп жатты. Махметте қасына барып, құшақтап бетінен сүйді: Керемет батыр деп осыны айт, - деді. Тағы үшеуі бар, - деді Нөкетай. Тағыда алыстан аттылар көрінді, ішінде Сәндібекте жүгімен жақындай түсті.

Үш қасқыры мен бір түлкіні олжа еткен. Сағида түлкіге жаудай тиіп, қоржынын толтыған. Махмет Төлеміске - бәрін жинауға кеңес етті. Нөктай түгел топты шақырып, жондағыларға хабар жіберді.

Бүркітшілер топ болып, көбейе түскен. Бойын қуаныш билеге Махмет: «Біз сіздерді жинағанамыз, алма кезек заманда, малымен күнін көріп, аштықты басынан өткізген, кешегі байдың жалшысы, бүгін малшы қазақ - ағайындарды қоғау еді. Ет, сүтінен айырып, үйіндегі жалғыз сиырын, ұялы қасқырлар талап жеп, ойранды салған. Міне енді бізде соларға ойранды салып, тұқымымен құртып, шатқал жерін, қауыпсыз өріс қылып, мал жайлымы етпекпіз.

Сіздер соған қол жеткізіп, тамаша күн туғыздыңдар, әсіресе Абенді айта кетуді жөн көрдік, оның ерлігі, көкжалмен арпалысып «қарашолағымен» жекпе - жек айқасу, арпалысып - жұлқыласып жеңіп шығу, айла тәсілдің, тәжірибе іскерліктің арқасы, оқыс бассаң қасқыр шайнап тастауға бар. Кезінде табынды ие еткен жұлымнан бәрін күтуге болады. Шапқан ат үстіндегі адамға ұмтылып, ат - матымен адамдыда құрман еткен, - деді. Бүркітшілердің арқасынан қағып «рахметін» жаудырды. Төлеміс пен Нөкетайда құшақтап барлығына ризалығын білдірді.

Хош айтсып, орталыққа бет түзеді. Қаражорға желісімен жол бастап, түс ауа келіп жетті. Жемсауын беріп, қарашолақ пен шұбаршолақты сылап сипап, біраз тыңайтып, биік дөңеске барып демін алды. Жан жақты бағыдарлап, көз салып Абен отырған жерге барлығыда жинала батады. Сәндібек осы кезде шауып келіп, қаршыға аңғарын байқадыда: - Жібер өзі көрді ғой! - деді. Сол сөз бұрығы болды. Шұбаршолақ лып етіп, ұшып ала жөнелді. Ұшып барып, шатқалдың арғы бетіне барып қонды. Көз жазып қалдыма, жағалай қарап, қанатымен ұлпа қарды боратып жатты. Бұны аңдысып бақылап отырған бүркітшілер сөзі: «Бетіне кетті! Бетіне кетті!» деу болды.

Қаршыға қос қанатын сермей түсіп, жиекке қарай ағыла жөнелді, биікке көреріліп бағыдарлап алдыда, құлдилап барып, сатыр - күтір еткізіп, шапқылап бара жатқан түлкіге барып, конжиа түсті. Қаршыға белін майыстырып денесін бауырына жинап, салалы тұяқтарымен бүріп тастады. Жүруге қалы жоқ, бұлқыналмай көбік қарды қан етіп, әлі кетіп жығылды. Аңшылар аттың басын қоя беріп ағыза шапты. Қаршыға түскен жерге ең алдымен Сәндібек пен Абен келіп жетті. Құлазыған дала төсі, ақ қарға көмілген бойы, күн жарығымен шағылсып, айналаны күмістей жарқыратып көмкерген. Сол даланың ауасы бүгін біз үшін, шайдай ашылып жолымыздың болғанын тілеп тұрғанын сезесің. Жарк - жұрық еткен құс қанаты. дала төсіне шығып, ойранды сала келді, аңды бұрқыратты. Қарашолақ кезек күтіп, аспанға шығып сайран етуге ымтылыс білдіріп.

Абеннің алдынан шығып, ер тоқымға жайғасып, орнығып алған. «Апанын жойып қасқырдың. Қуаныш елге орнады» деп Махмет ой түйді.

Кезекті сайыс қыл үстінде тұрды. - Қайран қыран! Не деген бұл, бәрімізді қарық қылдығой! Алғанымыз қаншама, бәрі қаршыға құстың еңбегі емеспе?! - Тоқта сөзге! Бұл еңбек Абендікі, - деді Сағит, қасына жүзеңгілесіп барып, бұрылдыда жүзіне қарап сөйлеп кетті: Әне жемсауын қара, білдей тоқты еті құсатып, дайындап қойған, сылап сипап жас баладай, ертемен тұрып тамақ беруден жалыққан емес. Қарашы намбасан, отырыстың өзі, - деп қаршығаны нұсқап: семіз қошқардың денесіндей, көкжалға дейін опырып салып, ойсыратып жеңіп жатқаны сол емеспе?! Аспанын көкке келтіріп, сұңқар денесімен, ауыр салмақтап быт - шытын шығарып, алысуға шамасын келтірмей, сұлқ еткізіп құлатып үлгіреді, - деді.

Әп сәтте айтқанша болған жоқ, қолынан сырғып түсіп, ұшып үлгіргенін сезбей қалдық. Бақсақ көзі шалған жазыққа қарай, құлдилап барады. Абенге иек қағып белгі беген Сәндібекте, қоса қозғалды. Қар қиыршығы күнмен жарқырап, көз қарататын емес. Алдын бөгендей ат жүрісі бәсеңдеп, барып дөнеске шықтық. Шұбалаң тартқан іздер, жан - жақтан хабар жеткізіп шабуылда. Бәріде қашқан қос түлкінің соңында. «Көкең бейігінен» өте шапқан ат шабуылы бәсеңдер емес.

Дала төсі кең созылып жатқан аймаққа ұқсайды. Сағиттің ойында тек қана Абеннің шсберлігін айтып, көптің назарын өзіне тартып шауып келеді. Жарайсың Абен жігіт болсаң осындай бол! - деп қояды. Көріп келеді, тағыда түлкі үстіне, қонған қалпын бірден байқатты. Күлімсіреп қарағандар Абеннің соңынан еріп келеді, аңда - саңда мақтау айтып, күлдіріпте қояды. Шабысын бәсеңдетіп, тоқтай қалды қасына барып, қаршығасын «Кеу! Кеу! Леп дыбыс берді. Қанатын сілкіп алдыда, ұясына қарай қозғала берді. Ақылды құстың сезімталдығы бұларды таңғалтты.

Олжалы болғандар, қанжығасын қос - қостап, екі жақ бетіне теңеген, аяңдай басып жортып келеді. Абенде көрші ауылды жақын татып, жылы сөзбен ағалық істің жайын айтып, бауырмалдығын байқатты. - Бүгінгі сайысты «мақтан» етіп еліне жеткізуге уәде қылды. Расында өте ғажап, айтуға тұрарлық жайт! - кімде болса мұндай ерлік жасарма еді, - деді қостаған біреуі. Көз тимес, жасырып қалай айтпассың? Шындығы сол, өздерің басынан аяғына дейін куә болдың?! Таласта! Тойтарыста! Алып ұшпа қаршығада! Қоян - қолтық шабыста болды. Ең бастысы «апанды - ойран ету» керек, соны

орындадық. Кедей - шаруа бір - екі малын, қорғаштай қорғап, жатып - тұрсада тілеуі соның үстінде болатын. Күн көрісінде - мал еді. Абен қонақтарын шығарып салып, қасқырмен түлкіні байлам етті. Аттарына қонып, қоштастыла: «Құрытып апан көкжалдың, Жауыздығын бастырдың» деп Абенге арнады.

Орталық. Кеңсеге жиналғандар, қоныстан келгендер еді. Талқыланып, сөз айтатын бірақ мәселе, жауапты адамдарды бекітіп, 4 пен 5 табыннан қыстатылып жатқан мал басыың өсуіне байланысты болатын. - Бұл өзекті мәселе, жаны ашып шаруа жайын жетік білетін, қолынан іс келетін адамды таңдап, ферма басшысы еткіміз келеді. Қоныста малшы қауыммен бірге тұрып, жұмысты ұйымдастырып дөңгелетіп әкететін адамды тағайындағанмыз жөн. Ол бірге болып, қолымен істеседі, кемшілікті түзетіп, ұйымдастыруға ықшамды, тепсе темір үзетіндей күші бар, айтқанын орындауы сөзсіз.

Жинағаным, - деді Махмет, көпшілікпен шешіп алғанмыз орынды, Жауапты іс - жатсынбайды, - деген қазақ, олай болса, өздерің ой қотып, пікір айтқандарың дұрыс, - деді. Айтушылар көп болды, мәселе шешіліп, жауапты адамдар тағайындады. Ішінде Ахметте бар, жас жігітті мақтап, көпшілік бір ауыздан паш етті. Мал қыстатуда тәжірибесімен бөлісіп, төл алуды, алға тартты. - Шынында, - деді Төлеміс: қонысқа пар өгіз - тайншаларды үйретіп, арнайы адам қойып, күш көлігін көбейтті, шөп тасу мен құрлысқада Ахметтің өгіздері емеспа, - деді.

Нөкеғайда растай түсті: «Өзі бас болып, бәрінде қолымен атқарады, сондықтан малшы қауым Ахметсіз жұмыс бастамауға бел бұған» - деді. Ахмет жүзі қызарып, көпшіліктен мұндай мақтауды есту ойынада кіріп шықпаған. Жиын аяқталғн соң, әркім өз фермасына жол тартты. Ахмет көк айғырына отырып, Жарға бет алды. Алып ұшқан жүрісі, екпін желмен ілесіп, жол жөнекей қалып қойғандарды баса, төтемен есіліп алға қарай жүре берді. Қамшы салғызған емес, өз екпіні жүрісімен, қалаған жерге жеткізеді. Бос уақытында жылқы табынын, қуыстырып қожалық еткен «көк айғыр» қасиетімен жүр көзіне таныла бастауыда содан. Қай уақыт болмасын Ахмет жас болса да, ерінбей уақытын өткізуді, әдетке айналдырған «Әке - нәсілі» деп құрмет тұтқан, сол тұяқ «асыл - нәсіл» болып, қартайғанда айтып қалдырған «өсиетін» ұмытпай, құлында тып «құлынын» қараңғы жерде сақтап, жеке қараумен өзі өсірген. «Боран - шашында» елді тауып, қатерсіз жеткізген. Ахмет бүкіл

жастық өмірін «Көк айғырға» арнаған, бауыр басып іскерлік танытып «иек қағысын» түсінген қаситті жылқысын әр қашанда дәріптей білді. Жас болсада, жауапкершілікті сезініп, мойыған емес. Тәтесі жалғыз баурына, әрдайым жұмысты сеніп тапсыратын.

Суық хабар «Бабашалдан» келіп жетті. Махмет бастаған ауыл басшылары бірден атқа қонды. Қаражарға желісімен жол бастап ала жөнелді. Тез жетіп, оқиганың ізін басу ойынан кетпеді. Үш жыл болсада колхоз өміріне балта шабу әлі тоқтамағанын естен кетпестей, дақ салуға батылы барған кім? Барғанша мазалаумен жүріп келеміз. Шағын қоныс болған мен 4 отар қой осында орын тебкен. Малшы қауым аттарды көрісімен, жиналған бойда қарсы алып, қошемет көрсеткендей болып жатты. Қабағы түйулі Махмет үйлерді көріп, ішін аралауға бет алды. Ойы, бүйір тартқан бұзақыны анықтап, жапа шеккен сорлыларды анықтау болды. Кім өзі!, Қайдан келді!, Кім әкелді, Мұнда оны пана еткен кім! Осының бәрін анықтау боды. Бір үйден өтіп, екінші үйге кіре бергенде, ауыз үйде арыстай болып жатқан денелі біреуді көзіміз шалды. Қасына келіп, оятып тұрғыздықта: Кімсің, қайдан келген адамсың? Есің дұрыспа осындай уақытта кім жатады?! Қақ жаурында, қарулы адамға ұқсайды, асықпай киінуге ыңғайланғанын байқаған Махмет шыдай алмай, оң қолы - жұмыр жұдырықпен, беріп жібергенде, тоңқайып барып жерге топ ете түсті.

Көпшілік қойсынба, сүйретіп алып, далаға шықты. Жиналған жұрт қоныстан Какім есімді жалқаудың кетуін талап етті. Бұл есім көшпенділермен еріп, мүшелікке кіріп, қонысқа келген бір күн істеп, екі күн жатуды шығарған «кесапат» екені анықталды, өзінше айнасын асырып жеңілдің үстімен еңбек еткісі келгеге ұқсайды. Махмет ашулы дауысымен: «Кет жаның барында, осы жерден, әйтпесе жазаңды береміз, сендейлерге орын жоқ! - деді. Күмілжіп, орнынан тұрдыда: «колхозға мен малшы болуға келгенім жоқ», мал ұстап жеке өмір сүруге келдім, - деді Кәкім. - Сөзіңді тоқтат! сенбедің әулие аузына келгенді оттап, жалғыз сиырыңба, қираған арбаң ба?! Тоқтат сөзіңді! - деді Махмет: «Момындардың арасына кіріп алып, осылай күн көрем дедіңба? Жоқ! Олай ешқашан болмайды, біз оған жол бермейміз, еңбек етпеген «қулардың» құйрығы бірақ тұтам, бәрін сыпырып алып, «Бетпаққара» жолына апарып тастауға уәде етем, қайда барсаң онда бар, қаңғып барып сендердің жол бойында «арамтамақ - қулардың» өлгені дұрыс.

Сауын сиыр колхоздың малы, біз малшыларға от басына күн көрісі үшін таратып, нандыда мол еттік, қанша мал ұстасада қой -

ешкілеріне шөптіде ұлықсат еткенбіз», - деді. Өзің басыңмен ойла бұл заманда қандай жер, осындай жағыдай жасап отыр, жағыдайың болса неге бізге қаңғып келдің?! Жерге тамағың болмай, аштықтан өлетін болған соң, көшіп келгендермен айланды асырып, ісінді жасырып келгенсің. Бізге адал еңбекші қауым керек, жаңа өмірге талпынысы бар - от басы, бала -шағалы, - деді.

Кәкімді арнаулы көлікпен, елден шығарып ұзатып салды. Батпаққара ол кезде естіген ел дүрлігер «қауесет» келіп жатты Үлкен қара жол бойы, өлген адам денесі кездесіп, адам өмірі қарам болғаныма? Оларда қазақ баласы аштықтан тамақ іздеп, аң аулауға шығып, үйіне қайта алмай әлсіздіктен жол бойында өліп кеткен. Ол қасырет адам баласының басына туған аштық жылдары еді. Кәкім бірнеше айды артқа тастап, қайта оралды. Бұл жолы әйелімен екі баласы бар, от басы болып, кешірім сұрап, колхозға қайта алуын өтінді. Үміт алға жетеледі. Махмет ыңғай бермеді, жалқаулықпен көзі шыққандарды, ығыстырып отырды. Төлеміс пен Нөкетайда: кешірім етіп, балалары үшін, - деп қолқа салды. Ертеңіне бүкіл қоныстағы малшылар мен егіншілер жиналып, «Қызыл отауға» кең залына лық толды.

Жиналыс «бір жылдың ішінде - неге қол жеткіздік» деген сауал? Жауапты адамдадың алдында тұрды. Шығып сөйлеушілер кемістік пен жегістіктерді баян етті. Қортынды сөз алған Махмет: «Қай салада болмасын, ілгері жылжуымыз байқалады, әсіресе егіннен мол өнім жиндық, бір жылдық «нан» ымыз бар, келер жылға тұқымды құйып алдық. Татарстанға Нөктайды жіберіп, «тарының» тұқымын адырамыз, масақ теріп тары нанын житін боласындар, - деді сөзін жалғастырып, ең басты міндет төл алу, мал басын көбейту деген, күш көлігін - өгізді көбейту керек. Шаруашылық кенейіп, жыл сайын өсім байқалады, сол себепті шөпте шабылып, қыстаққа жеткізуді керек етеді, қор салып, құрлыс материалдарын жеткізу басты міндет. Көктем егісі, жерді өңдеп, жыртуда өгізбен атқарылады.

Осының бәрі халық үшін істеліп жатқан шара, тұрмыстары жақсарып, көңілді өмір сүруге жол ашуымыз керек, олай болса, осы отырған бүкіл қауымға айтарым «Еңбек етсек» бір кісінің баласындай, жұбымыз жазылмай, әр кім өз міндетін «бұлжытпай» орындағанда - қол жеткізе аламыз», - деді. Аяқталар кез жақындағанда, зал есігі ашылып, Кәкім балаларымен жұбайы қасында ішке кірді. Жиналысты басқарып отырған Махмет орнынан тұрып, көпшілікке назар аударды: «Бұл кісінің оқиғасын түгелдей баян етті. Көпшілік талқысына салып «жұрдай» етті.

Сөйлегендер ұятсыздығын бетіне басып «жалқаулығына» оралуы мүмкін деген тұжырым айтты. Шыдай алмаған әйелі, екі балам үшін кешіріп, колхозға алсаңдар, деп өтінді, жұмысты мен өзімде істеймін, балаларды аш қылмай, еңбек етуге, көпшілікті сендірді. Олай болса деді Махмет: «Балаларың үшін жағыдай туғызайық, саман құйып, шағын баспана салып, балаларыңды мектепке беріңдер, білім алсын, аш қылмаймыз, Нөкетайға тапсырамын, бір сауын сиыр беретін болады.

Риза болған халыққа алғысын жеткізген әйел, балаларымен қуанысып «Махметке алғысын» қайта - қайта айтумен жеткізді. Қарап отырған жоқ, ертеңне бірігіп оп айдап, саман құйа бастады. Какім әйелімен, үй қабырғасын көтеріп, төбесін жапты. Ішіне кіріп, сылау жұмысын бастапта жөнелді. «Асауға –тұсау» деп қазақ текке айтпаса керек, осындайларды тәртіпке салып, уақытында жаза қолданып, қателігін мойындатуды Махмет ұмытқан емес. Төлеміс тұрып: Қазір сендердің алдарына Нұрсұлу бастаған, ауыл ансамбілі концерт береді, концерт «Қызыл отаудың» ашылуына байланысты болмақ, - деді. Залда ду қол шапалақ жалғаса берді. Нұрсұлу салған ән, қаздай қалықтап, тыңдарманды өзіне орап алды.

Назды дауысы, көпшіліктің жүрегінен орын алып, жаңа өмірдің есігін ашқандай болып қуанысты. Концерт біразға созылды, еңбек адамдарының көңілін көтеріп тастады «қайғы - мұңды» ұмытып болашақ заман төріне қарай нық басып, аттарына мініп қоныстарына бет алды. Тағыда думан кештердің болатынын Төлеміс есіне салды. Жүздерінде күлкі, қуаныш ұялағандай жайдарлы сезімдерін білдірді.

Аласапран уақыты еді. Қазақстан жерінде аштық жайлады. Репрессия құрбандары болып, ұсталып жатыр. Қазақ халқының басына туған «қара бұлт» таралмай қайғы - қасыреттен арылмаған шақ болатын. Шилі өңірі бір сәт күйзеушілікті танытпады. Қасы тұрып, заман тағыдырына, өз шаруасын нығым етіп, аянбай еңбек етіп, от басын сақтады. Егін пісіп, шөп науқаны қызу жүріп жатқан уақыт. Жас өспірім: Бегалы, Жаппас, Ғарыпжан, Қарауылбектер қарап отырмай, өгіз жетектеп қыстаққа шөп тасыды, мая үйді. Орталыққа салынған үйлер қатар түзеп, көшелер көбейді, әсем үйлер күн сайын қатарымен толықты. Егін аймағы кеңейіп, мал басы көбейді. Бұрынғы байдың жалшысы, қазір колхоздың белді малшысы болып, адал еңбегімен көзге түсе бастады. «Ел тілегі халықпен» - деген мақал шындыққа айналып, тоқтыққа бет бұрды.

Жарөткел мал өрісінің беткейі болатын. Өзеннің бергі бетінде қоныс - қыстақтар мекен етсе, арғы беті кең жазық, бауырай толған қалың шөп, мал өрісінің аймағына айналған шақ. Биылда өзен бойына ақ үйлер тігіліп, отау құрған. Күн сәулесімен жарқыраған, үйлер сәні алыстан мұнартып, сағыммен қоса жүріп, кеңістікке жол ашып, сәулесімен көк аспан кереметін өзіне тартып, тынық ауаның келбетін көбейте түскен. Қаз - үректерде өзен бойына жарыса ұшып «қаңқылдаған» дауысы естіледі. Қанаттарымен су сабалап өзенге қонып жатса, аққулар жүзіп, әсем табиғаттың сырын ашқандай ән салады. Алты қанатты, шеттегі ақ үйге барып ат тіредік. Ауыл адамдары бізді бірден танып, қарсы алып қошемет көрсетіп жатты.

Жұртта жиналып қалыпты. Ойларында бір мұң бардай, көңілсіз қабақ танытқандарыда болды. Төлеміс, шеттей беріп, Махмет құлағына оқыс жағыдайды сыбыр етті. Жағалай көз салып, манжайды сұрап білуге, кигіз үйге бас сұқты. Көрпе жайылып, тұста ұстаған кілем тұсына барып, төрге отырдық. Үлкен ақ сандық, үстіне реттеліп жиылған қызыл түсті көрпелер, төрде ою салған әшекейлі текемет төселген, құрулы шымылдық көкшіл бойаумен әсем түске бөленіп, жұмсақ құс жүнінен жасаған мамық көрінеді. Басқа қанатында қасқыр мен түлкі терілері жылтырап, күн сәулесімен шағылысқан бейнесін көрсетіп, түндіктен түскен жарықпен үй ішін тамаша етіп бояп үлгірген. Жайғасып отыра бергенде, сырттан біреудің келе жатқаны сезілді.

Қара сақалды, ұзын бойлы, үстінде жалаң шапаны бар, қарт кісі, қабағы қатулы, ойында айтпақ сөзі бар, тездетіп келіп, қарсы алдымызға отыра кетті, сөз бастап: «Махмет сенің келгенің, жақсы болды, «жолы болар жігіттің жолдасы алдынан шығар», - деп қазақ текке айтпаған, - деді Сәрсен ақсақал, әңгімесін жалғап, осыдан біраз жыл бұрын, үкімет орнамай тұрғанда Ақмаржан қызымызға, құлқай әулеті Жәрменкенің Сұмағылы «тоқалдыққа» алуға құда түсіп, бір үйір жылқысын берген еді.

Сол малын даулап келіп, жендеттерімен, бүкіл ауыл жылқысын айдап, Әуликөлдің «Шөптікөліне» қарай асырды. Содырлары зорлық - зомбылық жасап, Майдан, Кәрімдерді ұрып - соғып жарақат етті. Араша түскен Ақжарқын қызымыздың шешесі Күлайымды өлімші ғылып, ат бауырына салып, арқан тартып сүйреумен болды. Қазір халы өте мүшкіл, адам қатарына қосылу екі талай», - деді ауыр күрсініп, - Уьх!! деп демін алды.

Кімдер олар! Қайдан келген! Тыныш жатқан елде қандай әкесінің құны бар? Айып - аларын патшадан сұрасын, Колхоз малында қандай шаруасы бар? - деп орнынан атып тұрып, Махмет: «Жоқ бұларға оңай болмас, жердің тесігіне кіріп кетседе суырып аламыз», - деді орталыққа бет бұрды. Кетерінде Төлемісте: «Дәрігер» жібереміз, емдетеміз деп хабар етті. Орталыққа келісімен, ашуга мінген бойында, тез хабарласып, қуғыншы жіберіп үгірді. Нөкетайды ауданға жіберіп, милиция әкелуді тапсырып, өзі топ бастап, сайлы жігіттерді соңына ертіп құлқай жеріне бас тіреді. Шөптікөл ауылы «Октябрь» мекені болып өзгерген. Көшенің орталық алаңына хабар естісімен, үлкен - кішідемей жинала бастады. Көпшілік назары келгендерде болды. - Жиналып болдау дегенде Махмет алдыға шығып, бүкіл жртты өзіне қаратып, шешендік тілімен сөз бастап ала жөнелді: «Қазір жаңа заманда өмір сүріп, теңдік алған кезіміз «әйел мен еркек» тең правалы, олай болса «тоқал аламын деп» ортамызға келіп ойран салған Сұмағұлдың жендеттері момын малшыларды ұрып - соғып қан етті, тіпті оданда сорақысы Ақжарқын қыздың араша түскен анасын, аттың бауырына алып, арқанмен байлап, біраз жерге дейін сүйретіп шала жансар етті. Осындай «аюандық» жасаған Сұмағұлды жендеттерімен біздің алдымызға әкеліңіз деп бұйырды. Ішінен егде ақсақал шығып: «Біз бір тұтас ел едік, шыркын бұзып, өтіп кеткен патша заманының ісін қозғап «тоқал» аламын деп желіккен Сұмағұлдың бұл ісі, кешірілмес күнә болып, халықтың маңдайына тиген соққы болды.

Әкесі аурып, төсек тартып жатып қалды «баласына» ренжіп, шиектей бала шаға қалыс қалды. Менің жақтағаным емес Махмет сен әлі жассың жас болсаңда ел басқарып «жиенбет әулетін» бақытты етіп отырсың «Ері жоқ —ел жетім» деген қазақ, сол жетімдікті бастан кешіріп отырған жайымыз бар. Сен сияқты ел басқарған адам болса Сұмағұлдың бұл қылығына жол бермес еді, - деді.

Шіріген бір жұмыртқа, заңмен өздерің шешіндер, - деп сөзін аяқтады. Төлемісте булығып: «Бұларға ешқандай кешірім жоқ, жаралы әйел өлім үстінде, қансыраған малшылар өмірі не болмақ?! Сол сәтте, пар ат жеккен Нөкетай бастаған қызыл жағалылар сау етті. Топ ішіне келіп үлгірген Сұмағұлды, жендеттерімен ұстай бастады. Қолдарына кісен салып тексерісте айыптап «аюандық» істерін бетіне басып, арбаға отырғызып, ауданға бет алды. Колхоз малын түгелдей санап, қонысқа айдап апаруға уәде етті.

Сот үкімі хабар етіп: Смағұлды және оның жендеттрін бес жылдан жеті жылға дейін соттады. Кұлайымның беті бер қарап, ауруынан айыға бастады. Төлеміс Ақжарқынды шақырып алып, «Қызыл отауға» меңгеруші етіп тағайындады. Жаман ат жатсын ба? Елден - елге тарап үлгірді. Естігендер жағасын ұстап, ызасы кернеп, жазықсыз жандардың таяққа жығылып, жапа шегуін құптамады. Қарақшылардың енді ел маңына жоламауға, басын сұқпауға, тиісті жасасын алып, құрсауға түскенін естіп, жылқыларды үйірімен оралғанын көріп, дүбірлі істің беті қайтқанын түсінген жұрт, көңілдері жайланып қалды.

Ақжарқын дауы біраздан бері басылмай, еміс - еміс естіліп жататын. Ауыр наукастан айыға алмай, әкесі Әшім дүние салды. Ағайындары сырттан тон пішіп, Ақжарқын сұлуды «тоқалдыққа» бермек болып, келісім қылғандарда солар болатын. Үйір - үйір жылқы алып, буындары пісіп, кеудесін керген ағайындардың ісі жалғаса берді. Бас көтерер ешкім болмады, шешесі Кұлайым екеуі ғана қалды, қызының бақытсыз болғанын қаламады. Айтыс - тартыспен күндерін өткізді. Ақжарқын келбетті, өте сұлу, өткір мінезді қыз болып өсті. Әділетсіздіктің бетін ашып, қара қылды қақ жарғанының өзі болатын. Ұзын бойлы, бұраң бел, аппақ жүзді, жарқыраған айдай болып, сәуле шашып, әсем бейнесіне, ұзын шашы өріліп беліне түсегін. Қызыл желеткесі оюланған түсімен, қыпша беліне жарасып, көк - жасыл көйлегімен әсемденіп, үкілі тақиясымен жұрт алдына шығып, сөз алған:

«Жетім қыздың жан ашыры барма екен?

Талай қызды зорлықпенен жар еткен.

Шал сипаған денемді құрт жесін деп,

Өмірлерін өткізіп, зарын төккен»!!!

Ақжарқын туған нағашысы Дабылға еріп, қалаға кетті. Мақсаты мұғалімдік оқуға түсіп, елге оралуды арман етті. Жасыан оқуға деген қабылеті бар, ауыл мектебінде оқып білім алған Ақжарқын бірден оқуға қабылданып, жатаханаға орналасты. Құрбыларымен танысып, білім жолын қуып, көп кітаптар оқып, білімін жоғарлатты. Ақжарқынның болашағы зор екенін аңғарған құрбылары, өте жақын айрылмастай дос болып, қимастық көңілмен жалғаса берді. Кешкілік уақыт. Институттың үлкен залы. Көркем - өнер студентерінің концертіне жиналған дар көп болды.

Ақжарқынды жұрт алдында, ән айтады, деп бір сәт хабарланды. Бәріде көз тігіп, сахнаға қарап қалды. Айдай сұлу бейнесін көргенде, көпшілік қол соғып, қошемет көрсетті. «Қайран анам» деген әнімен

күңіреніп ала жөнелді. Қайғылы сөздері, әннің ырғағымен көпшілікті қайран қалдырды. Көзіне жас алған құрбыларыда болды. Өмір қиындығын осылайша баян етті. Біразға дейін қол соққан жұрт, әннің тағыда жалғасын күтті.... Институт қабырғасынан екі жыл білім алған Ақжарқын оқуын жақсыға бітіріп, мұғалімдік «дипломмен» ауылға оралды. Анасының қуанышында шек болмады. аурудан сауығып, үй шаруасына жарайтындай болып, тыңайып қалған. Сағынған ана Күнайым қызының бетінен сүйіп, құшағын айырмай, жылаған назын білдірді. Жарөткел жайлымы. Құс тізбегіндей. қатар үйлер бой түзеген. Алты қанат ақ отау толған адамдарға мал сойылып. ас берілді. Күлайым үлкендерден бата тілеп, қол жайылды. Бәріде қостап Ақжақынның бақытты болуын, өзінің сүйген жарына қосылуын тілеп, болашақ қызыметіне сәттілік тілеп тарқасты.

- Егін орағы басталған кез. Халықтың бәрі түгелдей, дала жұмысына ауысқан. Қырман басы қайнаған еңбек. Қолымен орылып, бидай сабақтары «бумаға» буылып, қырман басына жөнелтілуде. Бітік шыққан егнді, тез арада жинап алуға, жиналған жұр ауызынан «молшылық» сөздері естіліп қояды. Тары түсіміде, өте жақсы тары наны қарын тойғызады, масақ теріпте жатқан балаларда осында. Ақжарқын оқу басталғанға дейін, Нұрсұлу екуі оқушыларды бастап, жұмысқа кірісіп кетті. Ақылына сай, ой арманыда халқының білімді, сауатты болуын қалады, сұлу келбетімен бәрін өзіне қаратып, туған ауылының адамдарын, мәдениетті - білімді - сыпайы етіп тәрбиелеп шығару «мақсаты» болды.

Нұрсұлу салған дара жолды, кеңейтіп алға апару үшін «қырман басында», «жиналған топ ішінде», «той - думан» кештерінде әңгіме - жиын өткізіп, партия көсемі Лениннің «Оқы, оқы, және оқы!» деген сөзін жеткізе білді. Күнайым айығып тәуір болсада, қаракшылардың істеген озбырлық істері, өлтіруге дейін барғанын есінен шығармады. Бірақ қол үшін беріп, қамқорлық танытқан Махметтің батылдығы мен өжеттігі арқасында аман қалып, малымызды қайтарғаны ұмытылмас ержүрек деп байымдады.

Шилі колхозы күн санап, құлашын жая бастады. Бірнеше көшелермен толғып, ақ шатырдай ақ үйлер сұлу келбет танытып, жаңа өмір қыратынан асып, сырт жерге әйгілене бастағаныда сол еді. Елім деп, сағына келгендердің бірі: Баймұқан мен ағайынды Бекқожа мен Тоққожаларда көшіп келіп, от басын құрады. Қарап отырмады, Баймұқан зор денелі, екі иығына екі кісі мінгендей, сомденелі соқпақтай жаурынды, кісі келісімен ұсталық жасауға ниетін білдіріп, темірден

ою ойып, қыстың өгіз шанасын, шөп таситын жаздың арбасын жасап шығаруға, ұмтылыс жасап шеберлігін танытып ұста үйіне жайғаса бастады. Махмет көзіне көрініп, темірден түйін түйетінін бірден аңғартты: «Бізгеде керегі сол еді, арба донғалақтары алыс жерге шыдамай, қирап істен шығып, жарамсыз болуы, жұмысты бөгеіп отырғаны есімізде, енді міне өз ошағымыз орнап, дала жұмысының тоқтамауына сөз берген ұста, арбаларды ремонттап, донғалақтарын темірмен қаптап мықты етті, жаңасында жасап, Бекқожа екеуі бірігіп ағаштан арбаныда, шананыда, оймақтай етіп, жұмысшы қауымға сиетті», - деді. Ағаш шебері атанған Бекқожа колхоз құрлысына есік - терезені көптеп жасап, үйлердің тез бітуіне жол ашты.

Күндіз - түні аянбай еңбек етіп, колхоздың өрлеуіне бар мүмкіншіліктерін аямады, Махмет оларға жаңа үй салып берді, кең бөлмеге жайғасып от басымен қуанышқа бөленді. Токқожа өте үлкен бапкер, конюх болып, іске кірісті, қара жорғаны күйлі етіп, және пар атты дайындап, алыс жолға төзетіндей күтім жасады, ерінбеді. Аттарды іріктеп көсемге жегетін, үйретіп, пар аттарды, аудан. обылыс орталықтарына баруға дайындығын үзбеді. Қара жорға жеке күтімде болды. Рулы жиенбет елі - үлкен шабарға айналды. Ақжарқын жасынан ғашық болып, ешкімге сездірмей келді. Ой арманы. жастық күндері, айтқан әсем әндерінде, үміт үзбей арнаған еді. Тағыдыр шіркін қоспады, сол күндері өтіп кетті. Ақжарқын тағыдыры, сүгір жігіті Құмжота ауылының Сайлаубек баласы Исламмен көңіл қосты.

Ұзату тойы. Ақжарқынның нұрлы жүзі, бір сәт ажарын ашып, ақшыл тартқан беті, күнгірт тартып, ой үстінде қалықтап, тұйықталып қалғанын аңғарасың. Қабағыда жабырқау, мөлдір көзінде күлмейді. Түндікті айқара ашып жастар салған ән қалықтап. сыртқа естіліп, алысқа кетіп жатты. Ақжарқын құрбыларына домбыра ұсынып «баста деген» ниет білдірді. Құрбылары қостап «қоштасу» жырын айтып жөнелді. Ақжарқынның мұңды өлең сазы, ой арманының ашылмаған сыры бар екенін құрбыларына сездірді. Жатталып айтылған Абай өлеңі:

«Жарық етпес қара көңілім не қылсада»!!! деген жолдары Ақжарқын ойын білдіріп, қосылып салған ән жыры, естен кетпестей. жүрекке барып ұялады. Нұрлы жүзі, ай сәулесімен жарқ етіп ашылғанда, құрбысына сырын ашты, шыдамады. Сол наз естен кетпес күндер болып ұялады. Ұзақ жылдар ой арманын, айта алмай, жастық жалын шақтары, мұңды болып, іштегі дертті «ғашық» сезімін, жас кезінде айтуға, батылы бармай ішінен тынып, өкінген

жүрек дерті болып қала берді. Қыз сырын кім ұқсын. Ашылмаған гүл, асыл дене, ұшқан жүрек, мұнды сырымен үндесіп тұрғанын сезесің. Сөзді тарта сөйлеп, мөлдір көзінің іркіліп қарағанын ешкім аңғармады. Аяулы қыз сырын ұққан адам болмады. Құрбыларының ән толқыны жилеп айтылып, кезектесіп айтумен жалғасты. Ойда жоқта Ақсұлу жеңгесі «күнік» етіп қол соққанын байқаған жұрт «қошемет» көрсетіп Ақжарқынға өлең айтуын сұрады. Қолына үкілі домбырасын алып, жалғыз анасына арнаған өлеңін айтып, зарлы - мұңын әнге қосып, көпшілікті жылатты.

Тыңдаған егде әйел Ақмаржан: «Қалқам қандай сұлу жан едің, мұнды өлеңің кеудемізді жылытып, бойымызды балқытты, - деп көзіне жас алды, көпшілік тілегіне қосылып Ақжарқынға батасын беріп, сұлу бетінен сүйді. Ертеңіне бүкіл ел жиналып, ұзатып салды. Алыс кетседе, Шиліні қимады, жалғыз шешесін тастамады, мұғалімдік қызыметіне қайтып оралды. «Қызыл отау» Ақжарқынның қарамағында болды, концерттік бағыдарлама жасалып, үйде отырған қыздарды, «ескі заманның - қазақ дәстiрiн» тастап, кешкі жиналатын жастар ұйымына шақырып, үйлерінен алып шығып, қатарымен танысып, ән мен күй тартуна белсенділік жасады. Өзі салған әндерді үйретіп, қағаз бетіне түсіріп, таратып беріп, оқып жаттап алуға баулы бастады. Көп ұзамай, өлең кітаптады өзбетінше оқып үйрене бастады.

Ақжарқын кешкілік Сабит Мұқановтың «Ботагөз» романындағы басты кейіпкер, қазақ қызың Қытай жерінде, ауыр қиыншылыққа тап болғанын, сүйгеніне қосыла алмай «алыс - арман» өмірінің өткендігін баян етіп, түсіндіре білді. Қазір қазақ қыздарының, оқу іздеп, барлығына да тең правалы, екенін түсіндірді. Өнерін көрсетіп, халық алдында концерт беру, елді жаңа өмірге тарту «қызық - думанға» қолдарын жеткізу, бүгінде партия талабы, - деді сөзін жалғап, жастар мен танысып, өз теңінді табасың, сүйгеніңе қосыласың, жас шаңырақ көтеріп - от басына ие боласың.

Ақжарқынның жүрегінен шыққан жалды сөз кім - кімдіде, тебіrentіп, ой - арманының орындалуына жол ашқандай болды. Түсінген халық, лег - легімен кешкі «концерт» көруге асықты. Нұрсұлу мен Ақжарқын әндері, кең залында қалықтап, назды үні бойды билеп, жүрегінде сақталып қала берді. - «Ой, дүние - ай!» деген мұңды әні жұрт көңілін жұбатып, жылаумен басылды.

Ортабұлақ егіс алқабы. Жазық даланы алып жатқан, егін көлемі кеңейіп, бидай мен тары, біршама көтеріліп қалыпты. Жауын жиі болып, халық үмітін оздырды. Бірақ, қырағыдай сақтау баршаға да

міндетті. - Селғазы байқап, қалған болуы керек, топ жылқылар, табынымен егіске қарай бет бұрыпты. Хабар жетісімен, тез арада адамдар, жіберіп бетін қайтарды. - Жылқыға ие бола алмаған Жаркенді кеңсеге шақырып алып Махмет: Қандай опасыз, ақымық адам едің! Елдің күн көріп, отырған нанынан айыру барып тұрған қылмыс! », - деді. Сол қылмысты істеп отырған, сендейлерді сойылдың астына алып, көк шыбынды көзіңе ұялатып қойғанда ғана түсінерсін», - Кәрі Құтпан, егде әйелдерге, дейін борбай еті - борша болып, бір құлақ нан үшін ертелі - кеш дала жұмысында, еңбек етіп жүрген аяюлы жандар емеспе, - деп сөзін аяқтады. Махмет отыра алмады, қаражорғаға мініп, егіс алқабына тартты, соңына ерген Нөктай, Төлеміс, Селғазыларда қалыс қалмады. Жаркен сол арада табынды айдап, етекке түсіріп үлгірген. Жалпақ, көлемді жерді алып жатқан. көкпенбек болып, көтеріліп қалған егінді көргенде Махмет көңіліне қуаныш ұялап, халық несібесі мол болатынына бәріде қуанысты. Махмет қасындағылардың назарын өзіне тартып: «Бүгіннен бастап, күндіз - түні күзет қойымыз керек, әйтпейінше Жаркен сияқты қуға сеніп, бір моментте ғана, айырылып қалымыз әптен, Нөкетай сен ауылға жетіп, күзетшілерді әкеп, қатаң тәртіппен түсіндіріп, күзет қой, «Сақтықта қорлық жоқ» деген атам қазақ», - деді. Нөктай ең маңызды - ел дағыдырын шешетін, халықтың күнгеріс наны екенін түсінді.

Орталыққа бет қойды. Махмет қасында Төлеміс пен Басбұлақ жағына барып, қайтуды жөн көрді. Ойпат, қыраттар асып, төте салған жолмен жүріп келеді. Балуардан қалың шөп, шабындыққа толы, кезінде шауып алсақ көк шөп, малғада жұғымды деп ой түйді. Жазық жердегі алқапта шөпшілер бригадасымен кездесіп, осы тапсырманы орындату еді. Қақ жол табаны сықырлаған арба доңғалақтары, тақыр жолмен аяңдаған өгіз көші, артып алған, сірескен шөп маясы тиелген, бағыты Басбұлақ қыстағына жеткізу. төрт\*бес табынға қыста жетерлік етіп, қысылмай шығу керектігін аңғарды. Қос бсында, шөпшілермен сөйлесіп, көктей шабуға ұйғарым жасап, бекітілген қыстақтардың маясын үйіп, тасуды тездетуге сөз берді. Қалыс қалғандарға қосымша адам жіберіп, күзгі егін орағына дейін, бітіруді Нөкетайға тапсырды.

Сармойын көлі. Балық пен құстың мекені. Ертай: балық бар, көлік керек, - деп хабар етті. Селғазы бастап, өгіз арбамен жолға шықты. Алыстан жарқыраған дария сыяқты, көз нұрын тартады. Кең даланың жазығымен төте асып келеді. Алыстан сағымда, ағылған бұлт құсап, желмен толқыған, ақ бидайықты басып келеміз. Қою

қалың бұталар, қырат белдігін басып, әсем табиғат сұлулығына көңілің толып, баяу желмен ілесіп, буылдыр тартқан, көк майсалы, жапырақтар жайқалып, қалып барады.

Кең өрістеп осыны айт! Суы мол, жазық алаң төсінде өрбіген табын қойды көресің. Әр жерде екі - үш кигіз үйлрді көресің, жайлымды қуалап, өріс қылған жерлерді басып өте бердік. Ертай - Қарасуынада келіп жеттік. Үй маңы толған жайулы аулар, жазып керіп тастаған. Көл жағасы, бірнеше қайық су бетінде, жағаға тірелген. Жанадан салынған үлкен саман үй, бірнеше бөлмеге бөлінген. Жайдарлы жүзімен қарсы алған Ертай, адамдарына, көлікті артып беруді тапсырды. Балық көп, шортан - шорағай, алабұғада қаптаған.

Брыздық несібесі мол болса, халықта тоқ, - деген қазақ қағидасын естен шығармай, Селғазы көңілі орнына түсіп, тез жеткізіп ауылды қуантсам деп ой түйді. Кеш болып, күн ұясына бата бергенде Шиліге келіп бас тіредік. Бәріде қуанысып, алдымыздан шығып қарсы алды. Махметтің айтқан сөзі, бірінші қоныстағы шөпшілрге таратып, бер дегені есінде, сосын ауыл адамы. Айтқанын орындап Жарөткелден бастап, Басбұлаққа дейін таратып үлгірді. Жайлауа шығысымен, қоныста қалған адамдардың 15 - 20 шақтысы шөп дайындап, өзінің қыстақтарына жетерліктей шауып алуды, ферма басшысына Махмет қатаң тапсырған. Татарстаннан, Шариф досынан «өгіз - қасилканың» қаншамасын аддырған, қыстақтарға 3 - 4 - тен таратыпта берген. Шұрайлы жерді орап алып, кез келген уақытта көк қалпымен, тасып алып отыруды әдетке айналдырған, сондықтан олар ерте жұмылып, өздерінің малы үшін, ертең қыста шөп жетпей, опық жемеудің әдісіне көшкен. Нөкетай Татарстанға барған сайын, колхозға керек құралдар мен жабдықтарды ұмытпай әкелумен болды. Өгіз жегетін, шөп тырмаға дейін қамтамасыз етті. Қирағанды жөндейтін, Баймұқан ұстамыз, қалтқысыз жұмыс істеумен болды. Сондықтанда Махмет жеке, үлкен үй салғызып берді. Бекқожа әйдік шебер ағаштан ою ояады, қарындаш арбамен, күймелі шананы өзі жасап шығара беретіндігін үйренді. Колхоз жұмысы қалыптасып, өнерлі адамдармен толықты. Әйгімісте қыз - келіншектерімен бастаған ісін жалғастыра берді, жыл сайын, жаңа кигізден жасалған «ақ отау» көбейіп, малшы қауымға беріліп отырды.

Қазақтың екі аруы: Нұрсұлу мен Ақжарқын қыстақтарды аралап, малшы қауымға, оның от басына дейін «әріп» үйретіп, хат танып сауатын ашты, газет - журналдар таратып, еркін оқуына жол ашты. Олардың келуін, маңдайымызға біткен «бақ» деп бағалады.

Бізді жағалай қоршаған рулы ел - ел болып бірігіп туған - туысымен күн көріс заманында, сонау Қызбелден басталып - Сұлуқөл аймағна дейін, алып жатса, батыстан Бас Науырзымның - Қараменді мекенінен бастап, «Түбек» ауылына дейін алып жатыр. Қойы – қоралас, өрісі бір, қарым - қатынасы үзілмеген. қыз алып, қыз беріскен. мәңгілік татулы ел болып, рулығын сақтаған, халық басынан «нелер өтпеді», мойымады қалпын сақтап қала берді.

Махмет ауыл кеңсесіне бүкіл жұртты жинап, үлкен жиналыс жасап бас қосты. Жоғарыда болып жатқан «жойқан» істерді айтып, көпшілікке тағыда хабар етуді жөн көрді. Осыдан аз уақыт бұрын, - деді сөзін жалғастырып, айаулы - азаматтарымыз: Мырзағали, Мырзатай, Қаракен, Әмірлерді ұстап, қысым көрсетіп, түрмеге қамады, «халық жауы» деген өтірік айдар тағып, жазықсыз жандардың өмірін қиды, оралмады. Жылаған бала мен еңіреген ана қалды. Олардың ақ - қарасын шешетін ешкім болмады. Әліде басылмай, ел маңайынла «дүмпулер» естіліп, күнде бір пәленің болып жатқанын естисің. Қайғы - қасырет енді келмесе екен, тыныштығымызды сақтап, халқымызға ие болып, шаруамызды ақсатпай, барымызды сақтап, жұрт игілігіне арнауымыз керек, олардың күн көріс жағдайын жақсарту біздің қолымызда, сол себепті осы отырған, сіздер мен біз. аянбай еңбек етсек қана, бәрінеде қол жеткізе аламыз, - деді. Орынды сөз - орнын табады деген пікірмен тарасты.

Шилі өңіріне қыс түсіп, қытымыр аязды ала келді. Күн сайын боранда үдетіп, қалың қар жолды басып, тоғайларды ағартып тастады. Қиындық туып, қыстақтрды қар басып, көміп кетті, шөп берілмей, маялардыда басып қалды. Махмет үйде отыра алмай, қатты қиналды. Ауыл адамдарын түгелдей көтеріп, қыстақ басына топқып бөліп, жәрдемдесуге бұйырды. Істі ферма басшыларына тапсырып, қар көшкінін, тазарту жұмыстарына, ұйымдастыру талабын қойды, шығын болдырмауға кеңес берді. Қарулы жігіттер, ауыл адамдары, табиғат зұлымына қарсы тұрып, шаруа қолын ұзартты. Әбден тәжірибе жинақтаған көпшілік «қандай жағыдай болмасын - жабылып істеу көмегіміз», - қиындыққа мойыған емеспіз. Ел, тағыдыры! Жұрт тағыдыры! Осылай сақталады емеспа?! Боранға қарамастан, Махмет жылы киініп, қаражорғамен, алыс жатқан Қарақұдық бағытына қарай, үш - төртеу болып жолға шықты. Біраз жүргеннен кейін, дауыл қарсы алдынан шығып, қарлы боранымен көз көрсетпей, адастыра бастады. Үскірік аязда, етектен тартып,

тоңдыра бастады. Жағалай аппақ, қай бағытта екенімізден айрылдық, қас маңайына мұз қатып, көзімізді жаба бастады, бір - бірімізден көз жазып, айрлып қалу қаупы туа бастады.

Боранның күштілігі сонша, бір қадам жер көрінбестей соғып тұрды. Нөкетай мен Төлемісте қатты жаурады «енді қайттық, тірі қаламызба?» деген ой туа бастады. Ыдырап, кетпендер деген сөзі Махметтің бір уысқа жиналып, ақылдасуға шақырғаны еді. Жүрмеген соң аттарын, жетектеп, бәрі бас түйісе қалды. Алыстан мұнартқан «Байтеректе» жоқ болды, көрінер емес. Махмет қатты дауысымен, аттарына мініп, соңымнан еріндер деп, бұйрық етті. Қаражорғамен алға түсіп, дізгінін босатып қоя берді, сол - ақ екен, басын төмен салып, қыстаққа қарай жөнеле берді.

Біраз жүріп, жазықтан асып, қабаққа өрлей басып, шатқалға тірелгенде, тау қар дөңесінен иттің үргенін естіп қуанысып қалдық, қыстақ осы манда екенін жобаладық. Шылбырмен жалғасып, қалыс қалмауға уәде еткеніміз, «тірі» қалудың амалы еді. Қаражорға жүрісін бәсеңдетіп, қыстақ алдына әкеп, үйге кіргізді. Бұрын - соңды мұндай боран болған емес, - деді Махмет. Аттарды жайғастыруға, шөбін беріп, күтуге ферма басшысы өз мойнына алды.

Аман қаламыз ба? деген сөзі Нөкетайдың есінен кетпеді. Әбден шаршап, тоңған Төлемістің өңі ма? әлде түсіма? біразға дейін өз - өзіне келе алмады. - Бір өлімнен қалдық деген Махмет сөзі «қаражорғаның» қасиеті арқасында, житін нанымыз таусылмағанын есіне салды. Кімде - кім бұл бораннан, мұндай «сұрапыл шеңгелінен құтылған емес» құрсауында қалып, талайды мерт қылған - алапат еді. Үміт үзілгендей болды. Енді қайттік, - деген пікір айтылып, Махметтен бір жауабын күткендей болдық. Қаражорға теңселіп осыра бастады. Бақытымыз бар екен, ісіміз оңға басты. Тобымызбен қоржын салынған, үлкен үйге келіп кіргенде, қарсы алдымыздан Саркен ақсақал, бірден тоңып, адасып келгенімізді лезде байқаған ол, тез шешіндіріп, төр бөлмеге қарай нұсқады.

Аязбен қатып қалған, аяқ киімдерін әрең шешіп, мұз басқан тұмақтарын ағытып, тұлыптарын алып, қыраудан тазартып, қарын сілкіп, пеш маңайына іліп қойды. Көп ұзамай шайды дайын етіп, бой жылытып, қара қазанда ас пісіріліп, маздаған тезек жағылып, үй жылып қоя берді. Махметке алғысын айтып «өлімнен» құтқарғанына, есінен кетпестей ризалығын білдірді. Үй иесі жалпылдап, бізді күтумен болды. Ас ішіліп, қалың төсек салынып, құс жастықтар мен жылы көрпеге орандық.

Боран басылмай, қозғалу болмады. Жатқан жеріміз өте жайлы. кең блме, тұста ұсталған тоқыма кілемдер, сұлу бейнесімен көрініп. үлкен мәнерлі сандық үсті жиналған түрлі - түсті кілемдер мен көрпелер жинаулы. Төрде, қалың тексетпен, қолдан тоқыған қошқар мүйізді айшықталған сары түсті клем төселген. Қонақтар тұсында желбіршек салынып, қызыл лентамен жиектелген, шымылдық жинақталып сандық үстіндегі көрпеге жапқан. Таза үй ішінің әдемі сазы, көз тартып, сұлу кейпін келтіріп, көңілімізді орнықты етіп қуантты. Денелері жылынып, өз - өзіне келе бастаған Төлеміс: Әбіройдың бергені, денеміз үсік шалғанын білдім, жүргеніміз жақсы болды, тұрып қалғанда аттанда, өзімізде бітіп едік, қаражорганың осындай қасиетін мақтан етеміз, - деді. Аттарды оңаша күтімге алып. көк шөппен мол етті. Саркен ақсақал өзін тың санап, қонақтар жайымен болды, бәрін орнына келтіріп, ықыласын аямады.

Суықты көтере алмады ма? Нөкетай қатты ауырып, төсек тартып, жатып қалды. Жегенін құсып, ішіне ас батпай, қызуы жоғарлап. тыпыршумен таңды атырды. Күн басылар емес, соғып тұр, қолдан келер, қайран болмады. - Саркен тез ойластырдыда, бақсы әйелге хабар етіп, алғызды. Көпті көрген, егде әйел, тамырын ұстап, ем жасауға кірісіп, әлден соң, аурудың бетін қайтара батады. Нөкетай басын көтеріп, шай ішуге жарай бастады. Тамақ ішіп, бойы дүзеліп. қуатты қалпына келе батады. Боранда сайабыр тартып, айдалада көрініп, көзін аша бастады, тау қарлар үйіліп, шаруа қолын босатпады.

Қалың жұрт, қармен алысып, қораларын аршып, албарға малдарын шығара бастады. Маялары аршылып, шана жүретін жолдары қалпына келе бастады. Қарулы топ, қындықтың бәрін жеңе білді. Ферма басшысына, мал сойғызып, кеткенше ас беруді тапсырды. Олармен кездескен Махмет: «Қаракұдық қонысын» түгелдей қарын тазалап, албарларын кеңейтіп табын тұратын етіп, жасауды тапсырды, сыртынан ақ қала соғып, қар алмасқа жағыдайын, бүкіл қонысты қамтуына кеңес берді, бір жағынан, малға ықтасын болса, әрі қарай жаю борасыннан қорғайды, қонысты қар алмайтын етіп. биік еткендерің дұрыс, - деді. Аттарын дайындап, орталыққа жол беттеп, барлық корші көлемді жинап, әсіресе Саркенге рахметін айтып, жаудыра бастады. Қаражорғаға отырып, барлығыда Шиліге бет алды.

Үйіне оралған Махмет түн уақытын босқа жібермей, орыс жолдасы Сужиков берген кітаптарды қарап, орыс - қазақ жазушылары-

ның шығармасын, әсіресе, айдауда жүрген Чернышевскийдің басынан өткізген қиыншылықтары, Патша үкіметінің жендеттері ұрып-соғып, Сибирге 10 жылға бас бостандығынан айырып, жер аударғаны, халықты бостандыққа шақырып, қарсы күресуге, әділ заманның орнайтынына шақырды. Ауезов пен Мұқнов шығармаларыда дала бостандығын аңсады, қазақ халқының басынан кешкен «талай - тартыс –зұлым», істерін сөз етті.

Орысшаны жақсы меңгерген Махмет оқудағы жолдастарында ескеалып, ұмытқан емес, қиыншылықта қол үшін беріп, әсірес Шарифтің жасаған қызыметі, колхозды аяғынан тұрғызуға Татарстаннан тұқымнан бастап, шөп қасилксына дейін, одан қалды, құрлыс жбдықтары қаншама?! Осының бәрі шынайы достықтың арқасы. Саманнан үй тұрғызуды, баз салуды, мектеп, дәрігерлік емхана, монша және «Қызыл отау» тұрғызу онайға түскен жок, бәріне үйретіп, ұымдастыруды керек етті.

Осыларды оқығанда, әсіресе мәдениеті мен ғылымы дамыған орыс халқынан үйрену өте орынды, үйткені «Ғылым мен техника» ерте дамып, меңгерген болашағы күшті, халқы оқыған өте сауатты жаңа мемлекет: «СССР» деп аталып отыр. «Осындай елден қалыс қалмау «жалшылық», «көшпенді» өмірді басымыздан сыпырып тастап, «техника» замнына аяқ басу өте тамаша болар еді, бұл болашақ жастардың еншісінде деп ой қорытты. Сол болашақ бүгінен басталады, оқу оқытып, мектептер ашып, сауаттандыру жолында, жаппай хат танып, газет –журнал оқуға қадам жасауы бастамасы деп қорытты. Келешекте алып техникалар, дала жұмысын басқарып, ұшан теңіз егінді аймаққа айналдрып, қора - қора қойлар мен жайлымдарды малға толтыруы сөзсіз», - деді Махмет жиында сөйлеген сөзінде.

Осыған жетер бір ғана мақсат: «Оқып, білім алу» жатсаңда - тұрсаңда ойдан шығармау керек. «Заман өзгеріп, кеңшілік заман орнайды. бәріде техникамен атқарылатын болады», - деді Махмет. Заман дұрысталып, боз торғай қой үстінде жұмыртқалайтын өмір келеді, іштен тартқан зұлымдықта тиылып, жетім сорлы жыламайтын бақытты өмір туса, жендеттердің аты өшіп, ел дағыдырын, бейбіт - татулыққа шақыратын күн алыс емес, - деді. Қазір сол өмірдің іргесін қалайтын біздер, ағайын арасында татулықты орнатып, оқыс мінездер танытпай, колхозымыздың шаруасын ақсатпай, мал басын өсіріп, егінді молайтуға бет бұра бастады. Сондықтан бәрімізден адал еңбек пен жаны ашырлықты талап етеді. Жалқаулық пен

сенімсіздік етек алса, қол жеткен ісімізден, атақ әбірәйімізден айырылып қалуымыз мүмкін.

Ешқашан жол бермей, қатан тәртіп орнатамыз, шет танытқандар жазасыз қалмауына сөз беремін, - деді құлағына құйып ескерту жасады. Жұмысты тастап, аласұрулыққа салынып, бетіне кетіп қалуды тоқтатып, аюшылық танытпай, колхоздан шығарып, қағытып жіберуді бұйрық етті.

Ақан қонысы. Кең жазықпен шектелген, биік қырат үстінен орын тепкен. Созылған жалпақ жолмен, шөпшілер керуені, легімен жол ашып келеді. Қайнаған жұмыста осында, қарап жүрген жан жоқ. Бәріде өз шаруасымен қоныс басында. Үйілген маяда, көбейіп көңіл қуантады. Қоралар маңы тазарып, қалыпқа келген. Тал тасылып, албарлар кеңейтіліп, жаңадан тұрғызып жатыр. Қызған еңбектеріне риза болып Махмет оң бағасын беріп, сәттілік тіледі. Баз басына келіп, аялдаған шөпшілерге, колхоз бойынша істеліп жатқан, жұмыстарға сипат беріп, көпшіліктің көңілін көтеріп, нанды от басына көбейтеміз деп сендірді. Жұрт қуанысып қол соғып Махметке батасын беріп, арба легі жолға бет бұра бастады. Биыл шөп жақсы шыққан.

Жазық бетін, көк майса бидайық басып, Жар қонысына кіріп, өзен алқабымен жалғасып жатыр. Ұшқан құстарда, тізбектеліп, өзен маңынан орын тепкен. Өскен қалың тал ағаштары, су қуалап, ұзаққа созылған. Жар көркін, алыстан әсемдеп, жаңа салынған үйлерді, көріп жүріп келеміз, бағытымызда соның өзі болтын. Құлдан қашқан жер дейтін. Асыл жануарлар аяқ басқан, шөбін жеп, суын ішкен қаниетті алқап бүгінде, мал өсіріп, жылқысы көп жерге, берекелі қоныс атанып, бата алған жеріде осы. Туған жерге не жетсін Махмет ойын қортып, ат үстінен жан - жаққа көзтігіп, балалық күндерін есіне алып, толғанып қояды. Кележатқан аттыларды байқаған, бойы Ахмет шыдай алмай тәтесінің алдынан шығып, атымен орала берді. Көк айғыр, охрандыда, иесін танығандай, ат үстіндегі Махмет мінген қаражорғаға жақындап, мойнын төсеп, иесін бірден сезіп, жақындай түсті. - Қалай, дерсің? Жанекеш жануарда сезеді екен - ау! Келмей жатып, жақын тартуын қараш? - деді Төлеміс салған жерден. Нөкетайда байқап қалса керек, қасиетті жанурдың қылығына таңырқап біраз тұрды: «Көк айғырдың, өжеттілігімен, қайраты қашанда мол, - деді. Ахмет амандасып, сәлемдескеннен кейін: «Махмет тәтеме, құлын кезінен үйретіп, шөп беріп тамақтандыратын, денесін сүртіп, өзенге апарып шомылдыратын, суға қандырып, жемін беретін.

Ойнақтап, біраз жерге дейін шауып келіп, қолына тұра қалатын. Сол қасиетін ұмытпаса керек, - деді де атынан түсіп, дайын тамақ ішуге, алты қанат шеткі ақ үйге қарай, алға түсіп жылжи бастады. Төсек төселіп, араб кілемдерімен ішін жайнатып, төсек көрпелер салып, қойған төрге беттеді. Түндігі ашылып, таза ауа лебі, күн сәулесімен қосақталып, үй ішін жарқыратып, қалың нұрға бөлегендей, аяғымызды кілемге жазып, құс жастықты басымызға салып, құлай кеттік. Шаршаған болуымыз керек, таңертеңнен бері ат үстінен түскеніміз жоқ. Аста келді, тай сойылып, жылқы етінің иісі мұрынды жарып, біржағынан қарнымыздың ашқаны, түгел жеп, табағын босатып беруге, ығайлана бастадық. Керемет бір отрыс болды деп, - Нөкетай іштен түртіп, Төлеміске же - же - же, - деп қайталаумен болды. Артынан шай ішіліп, тамақ басып, далаға шықтық.

Көк бидайық, ауыл іргесінен, қыратқа қарай жол тартқан. Мидай дала төсінде, өрбіген қара мал, жайлымнан бас алар емес. Жылқы табыныда, қырат маңынан көрінеді. Ахмет көк айғырды, біраз суыттыда, жүгенін алып, бос қояберді. Солақ екен! Құйында тып, ала жөнелді, қос аяғының тебісінен, құм бұрқырап, шаң биіктеп жолдың бәрін алып кетті. Сабаз жылқы, деп осыны айт, - деді жұлып алғандай Нөктай, тұқымын көбейтіп, адасқанда жақын жолдасын осы болады. Төлемісте қостап: қазірден бастап қолға алсақ кеш емес, - деді. Сойқын істеріне, риза болған Махмет: көшіріп бір жақсы адамға берсек, тек қана құлынды күтіп, баптайтын, тұқымын сақтап, басқа малға қоспайтын, ұстамды адамды керек етеді.

Ол адам тек қана, ріктеліп алынған құлын - тұқымымен айналысқанда ғана, жауапты болуы керек, қараңғы жерде ұстап, өсіп айғыр болғанша, қамаудан шығарылмағаны жөн. Сонда біз, тұқымын сақтап, күш жігерін, өз қалпынан ауытқымай нәтижелі етеміз», - деді. Көп кешікпей аттылар, «рахметін» айтып жолға шығып, жүріспен бет түзеді. Қайда барсада, кімнің үйінен тамақ іш шеде бір шаруа жайын, айтып соның орындалуын қадағалауды ұмытқан емес. Ат үстінде, суыт жүрседе, бірге бас қосып, ақылдасып алатын - ды. «Бақыламаса, оқыс оқиғаның болуы әпден, «бес саусақ» бірдей емес, - дейді қазақ, болғызбау. ел тұныштығы кетіп, жұмыста береке - бірліктің сақталмауына апарып соғады, дұрыстау кеш болып, қанатын жаяды. Әр істі болғызбау үшін, басын алуымыз керек, сондағана іс түзеліп, өз арнасына түседі», - деді Махмет: Дұшпан қайда деме тобылғы түбінде, қатал тәртіппен, бақылауды күшейтіп отыру, барлығымызға міндет. Қалт басып, қорамызға от салып, бүкіл малымы-

зды қырып салуыда мүмкін, дамылсыз аралап, қоныстарды бақылауды бір сәт есімізден шығармауымыз керек, күн сайын аралап малшы қауыммен сөйлесуді ұмытпаған жөн. Еткен еңбегіміз еш кетпесін, - деді. Тағыда жол үсті, қаражорға, алдын бастап желіп келеді. Бетіміз тағыда Жарөткел қонысы. Соқпасқа болмайды, қаншама мал шоғырланған аймақ. Өзен бойындағы шеткі ақ үйге мойын бұрдық. Ат жүрісінің дүбірі алыстан естіліп, елең еткен жұрт бірден көздері шалып, хабар етеді. Үрген иттерде аяқ дүбірін, сезіп алдыңнан кес - кесдеп шыға келді. Махмет тобымен аралауды әдет қылып, шаруа жайын бірден, шешіп табан астында «оң шешімін» айту жұрт көңілінен шығып отыруды қалады. Шет үйге барып аялдадық. Махмет Төлеміске: - Бұл ауылға түспей - ақ өтеміз, - деді.

Алдымыздан, ұзын бойлы, қабақ танытқан, шөңгел жүзді қара жігіт, қарсы шығып, соғып кетуге ыңғай білдірді. Төлеміс, атынан түсіп, қолын алып жатып: Махмет танысып қой, «Түбектен» көшіп келген ағайының бірі аты Шөкей жиенбет Омардың туысы, - деді салған жерден. Махмет көрісімен: Мен білемін, Қостанай «ақ түрмесінде» жақанда Омарға келіп азық - түлік әкеп бергені есімде, - деді. Содан бері көп жыл өтті, жақыда көшіп келіп, уақытша паналап тұрған жағыдайын айтып өтті.

Тұрақты жұмыс болса колхозға кіріп, бір кісідей істейтіндігін жасырмады. Жұртта жиналып, Махметті қоршап алып, аттан түсірін қошмет көрсетіп, біраз аялауды өтінді. Ойлары болып жатқан, жаңа үкімет хабарын есту еді. Шаруа барысында, әңгіме арасында сөз етпек болып, тұжырымдады. Алты қанат үйге жиналған қауым алдында сөз шешендігін аңғарта сөйлеп, үкімет пен партия талабына тоқтап, халықты білім алып, түгедей бірі қалмай, хат танып сауатын ашуға шақырды. «Көп қоныстарда малшы қауым күнделікті газет - журналдарды оқып, үкімет саясатын біліп отыруға қол жеткізді», - деді. Бірер айдан кейін кітапта оқитын болады. - Біздіде оқытып, әріп тануды бстадық, - деді малшы қауымы, тағыда Нұрсұлу мен Ақжарқын келуін күтіп жүрміз, бәріне де қол жеткіземіз деп сендірді. Шөкей отырған жерге, аққұба ашаң жүзді, басында қызыл шалысы бар, жас келіншек, иіліп отыра берді. Мөлдіркөз, сұлу келбетімен төрге қоз салып, қарағанда «Баянба» деп ойлап қаласың? Сөзге араласып, ашық дауысымен «Түбек» елінің жағдайын сөз етіп, болып жатқан істеріне көңілі толмай, келуінің себебінде айтып өтті. Таңырқаған көпшілік сөзінің қандай әдемі жұмсақтығын, сұлу ажарына сай өткірлігін бірден байқатты.

Сырттан адам келіп: «Мөлдіркөз» деп шай құйуға, қонақтарды, көрші үйге жүрулерін шақырды. Сәнді киімі, ұзын бойына жарасып, тағым алқасымен жарқырап, үй ішіне көгілдір сәуле шашқандай, икемді қолымен шай құйып, тамылжыған денесімен илігіп, батынас жылтумен болды. Аты Мөлдіркөз екенін бірақ білдік. Аппақ саусақтары, кесе ажарын ашып, қанша шай құйып, ішкеніміздіде ұмытып қалдық. Іше беріппіз - іше беріппіз! Қараған мөлдір көзінің қиғы, бойымызды алып, сымбатымен жарастып, жайғасып отырып қалдық. Төлеміс көзін алмай: шіркін осындай әйелің болып, армансыз өтермедің, деген ой іштей мазалап, тынышын алды. Сөзге тартып, ашық қысылмай сөйлеп жауабын беріп отырды. Шөкейдің бір кезде сырттан шақырған дауысы естілді. Мөлдіркөз орнынан тез тұрып, далаға бет алды. Шөкей: қазанға суқұйып, отынды дайында деп бұйырды. Шайды жинап келіп, күйеуінің айтқанын үндемей қабылдап, іске кірісе берді. Лезде, семіз тоқты сойылып, қазанға салынды. Жершак басында жиналған жас әйелдер Мөлдіркөзге жәрдемдесіп, тезек жағып ас пісіре бастады. Мөлдіркөз ас жабдығымен үйге кіріп, көз қиғын Махметтен айырмады. Кең маңдайлы, сұлу жігіттің, әдемі келбетін ұнатқан Мөлдір, әр нәрсені сылтау етіп, жігіт алдын кес - кестей берді. ойы сөз тартып «көңілінің барын сездіру еді».

Мөлдір сезімі қаулап өсіп, оңаша қалуын арман етті, ыңғайы келмеді. Қазақ қашанда, қонақты құдайдай күтіп, ас беруді, қалып еткен. Жолымыз болды, - деп Төлеміс кетуге ыңғайлана бастады, жұмыс қауыммен кездескен Махмет, ферма меңгерушісіне, жұмыстар тапсырып, қоныс маңын аралап үлгірді, тасылған шөпті көріп, үлкен екі - үш маяның үйіліп бой көтергеніне көңілі толды. Шөпті күшейтуді тапсырды: «Қыс қатаң болса, қиындық туындап, малдан айрылып қаламыз, сол себепті қысқа жетерлік еткеніміз дұрыс», - деді Махмет.

Жауапты ферма басшылары, қонысқа жауапты адам, қандай жұмыс болмасын, малшымен бірге атқарып: «қыста - малды қыстатып, төл алу, қонды етіп, жайлымға шығару» болса, «жазда сол малға, бүкіл қыстақтағы адамдарымен шөп дайындап, қора маңына жеткізу», деді. Атына оралып, Төлеміспен орталыққа бет алды. Қаражорға үстінде, келе жатып ойға шомығаны, Мөлдір есінен кетпестей, жүрегінен орын алды. Оның өткірлігі, үй шаруасын, оймақтай етіп қалыпты ұстауы, адам қызығарлық жүріс - тұрысы, киген киімі жарасымды, сұлу келбетін бейнелей берді. Ойымен

байқатқан Мөлдір жиі келіп тұруын сездірді. Мөлдір көзінің астымен, сағыныш тұғырын ұстауға, белгі бергендей, кетерде көз алмай біраз жерге дейін қараумен болды. Асқақ арман ойы, мың құбылып, ойлаумен күндерін өткізді. Мөлдір көп ойлап, бойындағы сезімнен құтыла алмады «Ухлеп!» жатыпта қалды. Дала кезіп, қараумен болды. Құба жонды аралап, қайтыпта жүрді. Үйде береке болмады. ұрыс - жанжалға ұласып ұлғая берді. Шөкей таяқпенде ұрып, қызғныш сезімін талқан етті.

Мөлдір ұнатқан адамын, жүрегімен қатты сүйді, бар арманын соған арнады. Шөкейдің жындылығын бетіне басып, айырлысып тынды. Ешкімгеде тіс жармай, сырын бойына сақтап, почта меңгерушісі болып орналасты. жастар қатарын түзеді. Ізденіп жүріп, ауыл мектебін сыртай оқып бітірді, кітап оқып білімін көтерді. «Талаптыға - нұр жауар», - деген осы еді. Колхоз жұмысына араласып, белсенділік танытты, өткір қыз екенін біліп, көпшілікте силай бастады. Жас қыз от басып, өзінің сүймеген адамы Шөкейге шығуы, толып жатқан естелікті құрайды. Мен ол кісіге бармаймын, барсам буынып өлем, - деген Мөлдір сөзі, шешесінің ойынан кетпей, әке қаталдығымен малға сатылып, күйеуге шыққанын есіне алды. Табын малды айдап әкеп, зорлықпен қызды, байлап, матап атқа өңгеріп алып, дыбысын шығармай «бода» еткені есінде. Қараңғы, оқымаған балғын кезі еді. Барар жер, басар тау болмаған Мөлдірге, кім араша болар жанның болмағаны, үмітін үзіп қала берді. Ескі салт, әліде етектен тартып, аяқтан шалып, ауыл өмірінен кете қоймады.

Жастық өмірін құрбан етіп, егде адамға тиіп, асыл денесін сақ етіп, мәңгілік дақ қалдырмауын, шошып - оянып есіне алатын. Мөлдір асыл махаббатын, аяққа бастыртпай, өзінің арман еткен өмірін, көрге түскен кипін жасап, аяушылық шыңына жетеміндеп, тырысып бақты, ізденіс жасады. Меңсіз, ақауы жоқ жүзінде, аппақ дөңгелек бет пішіні, мөп - мөлдір қара көзі, сұлу кірпігімен қадала қарап, ой түйінін екшелеп, батылдық танытқан қалпын байқатады. Сөйлегенде, аппақ тістрі, біркелкі болып, әдемі ауыз бітімімен жарасып, сұлу келбетін одан сайын әсемдеп көрінгендей, қызықтайсың. Бұл ажар қыздың шыншыл ашықтығын көрсетеді. Жарқын жүзді, күлкі қызды қызығы мол жандай танытады.

Әр сөйлеген кезінде, Мөлдір жүзі күлермен тәрізденеді. Сауықшыл көңілі тақауда тұрған сыяқты. Көңілі тартпаған, сол бір дәуір, Шөкей арасында болды. Арыздасқанмен соңымнан қалмай, қарақұс құсап, ақшыл денемді бүріп, есімді алды. Қарулы қолдары, білегімді жібермей, төсекке тартып бұқтырдыда, есімнен айрылып,

кара бұлт басқандай, жапан дүзде жалғыз қалып, тебініп шығар қауқарым, жұлқынсамда болмады. Көңіліме мұң келіп, көзіме жас алдым, өмірім үзіліп, қайғы басқан денемді әзер жинап, басымды көтеріп далаға қаштым. Дұзаққа іліктімдеп іштей ойлап, ой басып, зауқым болмай бетімі жүре бердім.

Сырттан тобырлармен, шапан пішіп, табын малдың құнына, сатылып кеткенім ба? Әлде мен сыяқты сормандайлар, өмірі тоз болып, өкінішпен жылдар асырып, сұраусыз кеткені ма? Алғаш Шөкейді көргеннен соң, мен оған бармаймын, елімде өз теңім табылмағаны ма? Деген сауалға ешкімде басын ауыртпай, тыңдағысы келмеді. Айттырып қойған тек Шөкейге деп отырып алды. Әкемнің каталдығы, анам сөзін тыңдамай, өміріме үніліпте қарағысы келмеді, өксіп жылап, төсек тартып жатып қалғанымды елегісі келмеді. Кейде, өзіме - өзім қол жұмсап, бұл жалған өмірдің әділетсіз билігін ұстағандардың қолында екенін топшыладым.

Басқа жерге қашып, кетіп өз теңімді тапсам деген ой, есімнен шықпады. Қалай, кіммен? Жол тосып жолаушымен ба? Тобымен келгендерді, топ жарып, батылдық сөзімді да айтып, естеріне салғам, жаңа үкімет заңына шағымданып, бастарың бәлеге қалып жүрмесін деп, ескерткенмін, - деді Мөлдір. Кейбіреулерінің есі шығып, аулақ жүрейік десе, тағы біреуі заңба, әлде бос сөзба, илануды қойды? Дариға. ең жақын дос - бауырым. Шиліге барып, туыстарын көріп, біраз болды.

Сұлу табиғатын тамашалап, жыр қылып, өркені өскен ауылдың тамаша көрністарін сөз етіп, ауыз жаппады. «Колхоз орталығында, жаңа үйлер мен мектеп, жастарға арнап салынған «Қызыл отау», емхана, монша тағы басқа гимраттар бой көтеріп сәндік орнаған. Жастардың тамаша концертінде болып Нұрсұлу мен Ақжарқын әндерін тыңдап қайттым, - деді Дариға, сөзін жалғастырып, бүкіл жастарда, қаншама көшіп келушілерде, күн сайын ағылу үстінде. Бауырлас - туыспыз деп келгендеді, колхоз басшысы Махмет қарсы алып, жұмысқа орналастырып, үй жағдайында ретін келтіріп, саман үйлерді қаптатып жатыр. Ол өте жас, отызға келмеген, сұлу жігіт, ұзын бойлы, қайраты денесіне сай, өткір бүкіл халықты соңынан ертіп, мал да, егінде сонда «Үме» жасап, көпшілікпен қандайда іс болмасын, бәрін атқарады, мал сойылып, аста беріледі. Менде егін оруға қатынасып, кешкілік жастар ән айтумен үйлеріне қайтуды, әдет қып алған.

Мөлдір сен өте сұлу тамашасың, саған пар сол жігіт, өмірінді бақытты етеді, аңыздағы «Қозы мен Баяндай» ұқсастығын

байқалады, өзің көрсең талып түсердей сымбатты, қара қылды қак жаратынның өзі дерсің», - деді, қос қолымен құшақтап, сағынып қалған Мөлдірді баурына тартып, бетінен сүйді, Уайым басқан кейпін көріп, біраз отырды. Көзіне жас алып, Шөкейдің опасыз қылығын айтып, жұлқынып, әрең құтылғанын айтып сөз етті. Бағына қарай «абыройын» сақтап, қыз қалпымен кетуге шешім қабылдағанын, әйтпесе қажмұр әкесі Имаш, байлық үшін бәріне баратындығын ескертті.

Онда сен! Тездет бүгін үйде қалуға болмайды, - деді Дариға жұлып алғандай, мен өзім нағашыларыңа апарып, табыс етем. Үлкен қара жол, Шилі бағыты, ағылған көш, өгіз арба мен жылқы жеккендер кездесіп, жайаулап соңынан ере берді, баратын жеріде сол. Жолы түсіп, күн батуға бет алған шақ, қыр асып «Түбектен» едауыр жерді, артқа тастап келеміз. Шаршағанда арбаға мініп, жол бойына әңгіме етіп, Шилі өңірінің қалың ағаш - тоғайларын, сарқырап аққан бұлақтарын сөз етіп, таусылмас әңгіме «жол қысқарғанын» қаладық. «Басшысы өте сөзге шешен, Омбыда оқып білім алған деседі. Көпшілік алдында сөз сөйлегенде, байсалды ашық дауысымен халық құлағына түсіндіріп, болған жағыдайларды, колхоз өмірімен байланыстырып, сөйлегенде риз болып қуанып қаласың.

Бидай мен қоса тарыда егіліп, масақ жинауға барып, қаншама тарыны үгітіп, қап - қапқып әкелдік емеспе. Тарының наныда, тамақ тойғызып, көзе ішіп жүрдік», - деді. Мөлдір, сұлу денесін жасырып, жалаң киіммен, арбада отыра берді. Дариға Мөлдірдің өткірлігін, кішкентайдан білетін, бірге өсіп, ауыл мектебінде бірге бітірді. Сөйлескен жұрт, Мөлдір бейнсін, суреттен көргендей, келбетіне қызығып, ойын айталмай күбілжіп, сырттай беретін. Орталыққа келіп, тоқтағанда түн ортасы болатын. Дариғаның үйренген жері туысна қарай бет бұрды. Мөлдірде таңырқап, жаңа үйлер мен көшелерді көріп көңілі жайғасты. Ертемен тұрып, нағашыларын сұрастырып, тағыда Жарөткел қонысына бет түзедік. Алыс емес, қазірде, өзен бойынан ақ үйлердің жалғасқан тізбегін, қуалап тауып алдық.

Отауынан шығып, бәріде Мөлдірді құшақтап, қарсы алды, бетінен сүйді. Қанша қуансада, Мөлдір қабағы, сыз тартып, ашпақ жүзін қоңыр басып, сөз сарабын сұйық етіп, жабырқау болып отыра берді. Дариғаны жібергісі келмеді, біраз бірге болуын қалады. Ойынан, Махметті бір көрсем деген, арман тілегі өрши берді. Мөлдір сыбанып жіберіп, нағашы жеңгелерін ошақ басында, тамақ істеп, тез пісіру сырларымен бөлісіп, үйрте білді. Қонақтарды қалай күтіп, ас беру сырларында аша білді. Ол жасынан, шешесі Сақыптан үлгі

алып, жастай үйреніп алғандығы байқалады. Бір апта өтпей - ақ Шөкей қуып келіп, Мөлдірді тауып алды. Ыңғай бермеді, сондада кеткісі келмеді. Нағашыларына айтып, шум шығарғысы келуін қаламады. Оны Мал беріп, атастырған адам екенін айтып түсіндірді. Ешқашан сүйген емеспін, сүймеймін да, жеке жатып, басқа үйде қонып жүргенін сездірмеді. Бәріде Шөкейдің кетуін қалады. Дариға жата берді, бірге жүріп, шаруада істесті. Алып ұшқан жүрегі, Махметті көріп, келбетті жігіт екеніне көзі жетіп, жүрегінде «махаббат сезімі» ойана бастады. Өте ұнатты, ғашықта болды, ойлаумен күндер өткізе берді.

Шөкей істің мәні кеткінін түсініп, жайаулап жолға шығып, еліне бет алды. Дариғада ой салып, айтқанының бәрі шындық сипатына бөленіп, Мөлдірдің шын сүйіспеншілігі, арман сезіміне ұласып, ойлаумен сұлу жүзін жасырмады, ұзын шашы, қоланданып артына түсіп, ақшыл келбеті әсемденіп, қайып тігілген қызыл желеткесі, ұзын көйлегімен жарасып тұрған асыл денесі, бұданда көркін асырғандай, таңғаласың. Мөлдідің бар қасиеті, өзіне зұлымдық істеген адамнан «өзін-өзі» арашалап алып, «қыз қылығын» сақтап мөлдір - кейіпін достарына әңгіме еткен. Жүрегі алып ұшты, кездесіп ойымды жеткізсемдеп, ыңғайын іздеді.

Көп ұзамады, жарқын дүние есігі ашылып сүйіспеншілік танытты. Уәделескен жерге барып, күн көзі ұясына бата бергенде, қалың орман іші қараңғылық танытып, кіре бергенде артымнан құшақтай алған асылыма, менде бауырына кіріп, қос қолымды, жая құшақтағаным сол еді, менің денемді көтеріп, оймақтай аузымнан сүйіп, қалың шөпке апарып, жайғасқанын бірақ білдім. Денем ысып, ерік бермей, аузынан сүйуді тоқтатпай, құшақтай бердім. Ыстығым киімнен өтіп, шыдамадым, олда шешініп, маған көмектестіде, аузымнан сүйіп қатты, қысып өзіне тартып алдыда, менің асыл денемді баурына тартып, алма бағына бағыттап, денеммен - денесі жарасып, бақ ішінде балкумен болдым, аузынан айрылмай қайта - қайта сүйе бердім, ыстығымда басылып, құшағым айрылмай «алма бақ ішінде» біраз жаттық, сүйісу жалғаса берді, қыз қалпымды сақтағаным көңілі толып, арман асуына жеткенімді сездірдім. Әптен ыстығым басылғанша, алма бағында балкумен болдым, ауызым оймақтай болып, сүйе беруді тоқтатпай, құшағымды алмай, ұзақ жатуды қаладым.

Сүйіскен ернім күш беріп, тәттілік сезім өрши түсті, жаным деген сөздер айтылып, денем балкуда болды, құшағымыз жазылмады. Тіс жармауға, сертгесіп тарастық. Мөлдір, өткір ақылдылығымен,

байыппен сөйлеп, қызыметін істей берді, өмірге құлшына түсіп, қалаға оқуға кетті.

Тұтқиылдан шабуыл, бақа тірес, бірінен бірі өш алмай қоймас! - деген Төлеміс сөзі, бір жанжалдың болғанын растап, Әбдікте дауыс шығарып қояды. Жағаласқан екеудің, тапа тал түсте төбелесі, қоныс басынан шыққан Саркеннің биесін ұрлап Шеке, қызыл қанға булығып, мән жайын айтудан бас тартып, төбелеске ауысқан. Не пайда тапты, бірін -бірі қойғыштап, жұлқысумен әлек, салған жерден Нөкетай айғайлап: Тоқтат қырғынды! Тоқтат деп, арашалауға ұмтылды. Саркен қарулы қол Шекені екі бүктеп, басын қанға бояп, биесін тауып беруді, талап етіп соғысқаныда сол еді. Іс мұнымен бітпеді, жанжал өрши беді. Күндікті кім? Қалай болды? Қайтып, қай жерден? Нөкетай сұрастыра бастады? Саркен: Кеше кешкілік. Жарөткел қонысында, өзен бойын жағалап жайылып жүрген жылқы, аяғында тұсауы бар, кеш қарайып күн ұясына бата бергенде, Шеке атты біреулермен, өзен бойына қарай, жасырынып тығылған адамға ұқсап, кете барды.

Көп кешігіп, түн ауа қоныстағы үйіне келіп кірді. Бірге кеткен аттылар оралмады, қоныстағы жолмен жүрмей, дара жолды тауып, сырт кеткені байқалады. Содан кейін, бием ғайып болды, басқа мезгілсіз жүрген Шеке ден басқа ешкім жоқ. Талай ұрлыққа барғанын еститінбіз, - деді. Ондай адамды аластату керек, шышын айтқызып жанын шығару керек, - деп бұйырды Махмет, арамызды осындай арамтамақ қулар, кіріп кетіп, арымызды айрандай төгіп, бүлікке дейін баруға, бел буғандар емеспе. Шынында солай Махмет айтқаны дұрыс, - елді бүлдіріп, күнін малмен күн көріп отырған шаруа, сонда қалай күнін көрмек, ойлаңдаршы деп сауал тастады? - деді Төлеміс. Нөкетай тоқтатып, екеуін арашалап алғаныда, әйтпесе қанды қол болып бірін - бірі өлтіруге бекем еткен. Ортаға Шекені шығарып, жан - жақтан сауал қойып, сұрақтың астына ала бастады.

Мөлтип төмен қарап, айтқысы келмей, өтірікке басты. Жалтарып, суайттыққа жіберсінба, көпшілік қолын қайырып, жанын шығарды. Жарайт айтсам айтайын, бұзаулы сиыр бермек болған соң, көрші Жаркөл көтібақтарына шығарып бергенім еді. Ендеше олар қай уақытта келіп, сиырды айдап әкеп береді? - деді Махмет. Түс кезінде, - деді Шеке. Онда біз күтелік, Шекемен жауапты Төлеміс қалсын, қарулы жігіттермен, ертемен бір айналып соғамыз деп. - Махмет, Нөкетай екеуі орталыққа бет түзеді. Махмет ертеңіне атқа мінерлерді, ферма басшыларын жинап, үлкен жиналыс ашты. «Қоғам малын қойып, енді жекенің малына қол сұғып, күн көріп.

шаруаға белшесінен батып жүрген батырақтың күні не болмақ? Соны ойлайтын жан барма? Әлде опасыз ұрлықшыларға жол ашып, қазір бір бас болса, келер жолы табынымен айдап әкетуі сөзсіз», - деді Махмет.

Ондайларға орын жоқ, колхоздан қуу керек, сондағана тыныш өмір сүретін боламыз, Шеке деген біреу жылқы малын, сиырға айыр бастап, оңай олжаға батқысы келген, басында алтын тамып тұрсада, бір керемет еңбек қор болсада, біздің қоғамымызға бір тиын керегі жоқ, ондайлардан аулақ болындардеп, қатаң ескертем. Егер, бірдеңе болған жағыдайда, осында отырған ферма менгерушісі, ұрымен қоса жауап беретін болады. Жарәткел ферма басшысын Шеке дегенмен бірге қоныстан алу керек, қалуға болмайды деп бұйырды. Нөкетай осы істі орындауға сен жауапты болып, Саркеннің малын қайтартып берде, милиция шақыртып Шекені ауданға жөнеліт, - деп бұйырды. Қатаң талап қойылып, қоғам малына қырағы болуды тапсырды. Қоныс басына келген адам болмады, Шекенің күткен сиырыда жоқ болып шықты. Ауданнан келген қызыл жағалы, Жаркөлден биесін алғызып, Шекені қамауға алып, жол асып кетті. Ағайындары араша тұра алмады, үйткені ол бұрыннанда қолының жүріп - тұратынын сезген ағайындары сөз айтып, жоламады, «Ұрлық - түбі қорлық» деген осы болады, - деді біреулері.

Ел іші болған соң тыныштықы сақтап, салауатты өмір тілеп, күн көргісі келеді. Алайда, жұрт арасынан талай соқандардың бас көтеріп, ұрлыққа басын тігіп, оңай олжаға батқысы келетіндер, қысқа ойлап, ақылсыз - адасу жолды таңдап, елінен, жерінен, ағайын туысынан алшақтап, құба далаға кететінін түсінбеді, қысқа ойлап тон пішті. Ондайлар кезінде опық жемесе, оқыс мінезінен қатты зиян шегеміз, қайтадан орны толмас бүліншілік, дақ болып қалмасына кім кепіл. Махметтің ылғида айтып, құлаққа сіндіріп, жүрегіне құйдырып айтатыны: «Алдын алу - әр істің жоғалмауы» дейтін.

Сарсен малшы болғанмен, атақты бүркітші, ел игілігіне қызмет істеп, ит - құсты болдырмауға бар тәжірибесін, асыл - айласын іске асырып қолдануға шарт еткен. Бүгін, күздің бір самалында, қара жердің ойпат - қыратын топшылап, келген бүркітшілерге кеңес берумен болды. Бағытыда, қырат дөнестерін: Аяқбұлақтан бастап, Басбұлақ дөнестіне дейін, бүкіл шатқалды сүзіп, шығу қашқан аңды, жазыққа бұру мақсаты болды. Бұл үлкен жұмыстың басығана болатын. Жемсау беріп, тамағына тойдырып алу, керек етті. Шұбар шолақтың күтімде жаман емес, аспан әлеміне шығып, бой көтергенде, құстың даласыма, әлде иесіма деп, айыра алмай қаласың.

Бүркітшілер білмесе, сырт адамы, құстың қайсысын, топшылап отырасың. Тек үлкен үміт артудан басқа, тілек жоқ. Сарсен бүркіт бүгін ерекше, қонды қалпын сақтап, қонжиып отырысыда, қойдың жарты етіндей қомақты болып, қос қанатын қайта - қайта жайып, сермегенде жел болып, маңайды бұрқыратып қояды. Қасындағылардың көзіне шөп - салам түсіріп, бетіне орамалдарын жауып, қоғаныш етеді. Бүркітшілер жиналып, Сарсенді қоршап, алып жүруге топқа бөлініп, қозғала берді. Қолдаында сойыл, байлап алған ұзын құрық, отырстары мығым қалпымен ойға қарай сіңіп кетті. Махметте, Төлеміспен жолай соғуға сөз бергенді. Қос атпен, дөңеске келіп аялдады. Сарсен қолына қаршығасын қондырып, ақ боз атымен дөңеске қарай, қарсы жүрді.

Ойы, басшылармен кездесіп, сәлемдесу еді. Жете бергенде, құйындатқан аттылар, көлденең шауып: Әне, түлкі қашты! Түлкі қашты! Деген дауыстар, айғайға басты! Кәне, деп жалт бұрылғанша, Сарсен қолынан қаршығаның, жып етіп шығып кеткенін, аңғармады. Қаршыға көтеріліп, аспаннан бірақ шықты, қос қанатымен айналып, қалықтап жүр. Түлкі, құлаң дүзбен салып келеді, артынан құмай тазылар қуып келеді. Бұл көрністі тамашалап, Махмет пен Төлеміс көз алмай, айқастың төресін көріндер дегендей, ыңғай беріп Сарсен алыстан қолын бағыттап көрсетіп қояды. Бақа тірес енді басталды, жеткен жері түлкінің үстіне барып, қонжиған тазы, қап беліне ауыз салып, тамағын тістеп құлатты. тазылар қойсынба, қарсыласуға шамасын келтірмей, басып ұстап талап тастады. Шөңгедей сары түлкі, сол құлағанынан тұрмастай жатып қалды. Шаруасы бітті! Дөп, жанжақтан шабуылдап, тазыны айырып алып, түлкіні қанжығаға байлап, дөңеске қарай беттей берді.

Тағыда қашты! деген дауыстар, тиылмады. Талы түбінен қашқан қойанды, көріп қалықтаған қаршыға, қанатын баурына тартып, шүйіліп келіп, қоян үстіне құлағанын аңғарған Сарсен, атымен шауып, алдынан орағыта берді. Ұшып түскен, қоян екі - үш домалап барып құлады, тұруға шамасы жоқ, аяғымен тырбандап қозғала берді. Қаршыға жанына барып, шиқылдап белгі бергендей, топылдап айнала берді. Сарсен қоянды бауыздап, қанын сорғытып, қанжығаға байлап, Махмет жағына қарай жылжып жөнелді. Дөңес басында қызықтаған екеуі, Сарсенді ортаға алып, қаршығаның айбаттылығына риза болып қалысты. «Болар істің - басына, келші ағайын қасыма» дегендей сіздрдің тілекші екендерің өте орынды, - деп Сарсен түлкі мен қоянды екеуіне байлады, бұл дәстір атадан қалған деп байлам жасады.

Құс қанаты, көбейіп ауыл сәнін, осындай дәстірмен жалғады. Шилі жері ағашқада, аңғада бай, өзен бойында құстарда, қаз - үйрек атып алып Нөктай қалт жібермей күзгі маусымды, пайдаланып бос уақытын, жаға бойынан көретін болдық, - деді Махмет. Қош айттысып, Сарсенге табыс тілеп, жағаға қарай бет алды. Татарстаннан оқ - дәріні көп әкелген Нөкетай, құсты көп атып «қаз - үйрек» етімен Шариф жолдасына Махмет си етіп, молғып апаруды тапсырды. Қасына адамдар ертіп, құс базарын мол етті.

Егінді оруға «ловарика» алғызып, қаншама қиыншылықтан құтылып, көз ашты. Атқа тіркеп, «ловарикамен» жайқалған бидай сабағын орып, бір снопка тастап отырды, тездетіп өгіз арбамен қырманға жеткізіліп, бастырды. Астық ұшырылып, тазартқыш машинаныда алғызып, елеумен таза етіп, шығарып отырды. Колхоз ісі өз жалғасын таба берді, табысты молайып, халық тұрмысын жақсартуға бағыттады.

Күз айының бірі блатын. Дала келбеті түрлі - түске бой ұрған шақ. Сылдырлап аққан бұлақ дауысы алысқа естіледі. Далада соққан желде, көгідір аспан құшағына бөленіп, сұлу табиғат келбетін, қыраттарт мен белес қырларда өскен орман алқабыда баурап алғандай, кейіп танытады. Қаз - қатар, ақ үйлер аққу қанатындай жалғасып, көше бойын сән еткен. Шеткерек көшенің бірінде, Ақсұлу үйінің жанынан ақ отау тігіліп «қыз жөнелту» тойына дайындық жасалып, кешкі жастар әуені алысқа естіліп, жатты.

Ақсұлу отауы, әсемделіп, іші сытын көрікті етіп түске бойағандай, қызыл берен көрпелер төселіп, түсті кілемдер тұсқа ұсталып, оюлы текеметтер төселген. Оюлап жасаған, арабтардың ағаш төсағашы, атлас шымылдықпен безендіріліп, ілінген алқалы күміс тағылған, мойынды шашақтары қоса желбіреп, шымылдық пердесінің етегін жауып, оң жақ қанатына күн сәулесін беріп тұр. Құс жастықтарды, қонақтарға дайындап, көрпе үстіне апарып қойған. Қыз сәукелері, төсегінің тұсына ілініп, жарқыраған белдіктеріне дейін ұсталып, үйдің сұлу ішкі келбетін танытқан. Ақсұлуда өз арманына қол жеткізгендей, Құмардың қасынан ұзап шықпады. Әлде бір әңгімелерді айтып, көңіл жүзін ашу мен болды. Бір - біріне қарап көз айырмай, махаббатын дәріптеп шын «ғашықтықтарын» көрсетіп қолдарын айырмады, баурын басқан қозыдай Ақсұлудың соңынан еріп жүре бергісі келді, тоқтамады, көзінен таса қылмады. Кешілік кезі, Нұрсұлу бастаған, мектеп мұғалімдері, отау үйге кірісімен, екі жасты құттықтап «Ақ отауға» бүкіл отырған жастар

мен Ақсұлу мен Құмарды, концерт көруге шақырды. Кең дала төсінде ән шырқалып, үлкен көшемен жастар легі Ақотауға ауысты.

Қалың жұрт, бәріде құшақарын жайып, екі жастың бақытты болуына тілек айтып, қол соқты. Ине шаншар жер жоқ, назары шымылдықтың ашылуын күтті. Бір кезде күткен сәтте, барқыт шымылдық ашылып Махмет сахнадағы трибунаға қарай жақындай берді. Түрегеліп қол соққан халықтың шапалағы көпке дейін басылмады. Сұлу мүсінді, келбетті әдемі, үстінде қара костюм мен шалбар киіп, ақ көйлек пен қызыл галстугі, тамаша жарасып, сахна сәнін келтіргендей еді. Шешендік тілімен сөз сөйлеп, көпшілік назарын бірден өзіне аударды. Мұндай киіммен Махметті бірінші көруі еді. Сахнаға Ақсұлу мен Құмарды шақырды. Біз, - деді Махмет: «Тұңғыш рет, екі жастың басын қосып, отырған «Ақотауға» жиын ашып, болашақ - бақыт тілеп, жаңа құрылған кохозымыздың, келер ұрпағына жол ашып, істеліп жатқан шаруаның бәрі сол үшін, келешекте олар бұданда биік асқар тауға қол жеткізеді, барлығыда «техникамен» атқарылатын болады, соны меңгеретін сіздер, осы отырған жастар», - деді сөзін жалғап, бұдан бұлайда жастардың үйлену тойы, осында жалғаспақ, сондықтан «тамаша өмір салтын» ұйымдастыруды, мектеп директоры, жас мемлекетіміздің үздік мұғалімі Нұрсұлуға тапсырамын.

Көпшілік орындарынан тұрып, ду қол соқты, толастамады. Нұрсұлу концертті бастап, Ақсұлу мен Құмарға арналып, әндер айылды, домбыра тартылып, күйлермен шалқыды. Соңында жастар мен қосылып «Жар - жар» айтылып, ұзақ жолға шығарып салды. Жастар мен қосылып, үйге қарай, отауға жақындай бергенде «сатыр - сұтыр», айғайға басқан дауыстар, жылаған ананың сөзі: «қарғыс атсын» дегені естіліп, топ аттының дүбірі, ерсіл - қарсыл шабысы қотанды шауып, көшіріп жібергендей әкетіп барады. Тез арада хабар жеткіз, - деді біреулер. Нөкетай бастаған топ мылтығымен, шокпар мен сойыл алып қаруланған жігіттер қойсынба, жоғары мылтық атып ескртіде, тоқтамаған соң түгедей ұстап алып, сойылға жықты, Әшімбайдың жендетерін қамауға алып, сойқын істерін бетіне басып, қан етті, Мойнына қыл арқанды байлап, бас болып алып келген, көк сақалды, сүйретіп Махмет алдына әкеп тастады, сөйлеуге шамасы жоқ, ауысқан шал, сақалын сипап төмен қараумен болды. Ашу кернеген Махмет: «Сен аюандар бізді қорқытып, шаба келдіңдерме? Әлде жаулап алғыларың келдіме? Үстемдіктеріңді жүргізіп, қызымызды тоқал етіп, ұлымызды күң еткілерің келдіме? Аппақ сақлыңмен ар - ұяттан безіп, тоқтау айталмайтының бар, неге келдің,

өлім айдап, ескі заманның тәртібін орнатқың келдіме? Мұнау тұрған жұрт сенің жауабыңды күтіп тұр. Онанда келген мақсатың не, бізден енді құтылам деме, осы құрсау мәңгілік мойыныңа ілінеді, - деді. Әшімбайдың жиені көрінесің, ол қаюан, қалайша канфескация кезінде жер аударылмаған, айласын асырып, парамен қалып қойған, енді мен сендерді жер аударамын, мұндай адамдар жер бетінде жүруге тиісті емес. Ұмыттыңба? есіңе салайын «бұл үкімет - совет үкіметі, кедей халықтың үкіметі». Әшімбай екеуіннің аңсаған «тоқалдық» келмесе кетті. қазіргі жастар ұл болсын - қыз болсын тең провалы. Мынау отау: Ақсұлу мен Құмардың үйлену отауы, екі жас бір - біріне ғашық болып қосылды.

Өзің көріп тұрған «Ақотауда - ұзату» тойы өтеді, бүкіл ел болып шығарып салу тойы өтеді, - деді Махмет. Әлгі, ақсақал Сүйін жан біткедей, қозғалып орнынан тұрып: «Бұдан бірнеше жыл бұрын Әшімбай, әйелінен ұрпақ болмаған соң, Тірсек бойындағы бөдене қыздың әкесі Сейіт пен сөз байласып, топ - топ жылқысын беріп, құда болған еді. Қыз өте жас он үште болатын, жастығымен кейінге қалдырған. Әкесі өмірден өткенен, соң шешесінің туыстары Шиліге кошіріп алды. Ол кезде колхоз құрылмаған кез болатын. Қыз кемеліне келді, не қызды, не малды әкеліндер деп мені бас етті, - деді ақсақал Сүйін сөзін бітіріп. Совет басшысы Төлеміс: «Сіз ойладыңызба? Қазір қандай заманда өмір сүріп жатқаныңды? Неге нос корсетіп, аюандық жасап, шешесіне қол жұмсап, опсыздық жасағандарың үшін үкімет заңы бойынша 5 жылдан 7 жылға дейін түрмеде отырарсыңдар, барымталап кімді қиратқыларың келді, ешқандай мал берілмейді, ол шаруа мен үкімет малы, байлардың малы түгел үкімет қарамағына өтті. Үкімет - шаруа кедейлердің үкіметі, осыны есіңе сақта, ал жендеттерің, ертең қызыл жағалылармен жөнелтеміз, ауданға хабарланды, ал сен ақ сақалды жетпісті алқындырып қалғандықтан Махметпен келісіп көреміз», - деді. Дау - жанжал бұнымен бітпеді, ескіні көксегендер етектен тартып, әліде «тоқалдықтан» дәмесі барын, айтып қалып, үйір жылқыны сөз етіп, отырғандағы сыбағасын, алып үлгірді.

Енді Шилі өңіріне баспайтындай, етің кетіру «дұшпан» нан құтылып сағын сындырғандай болды. Жау жағадан алғанда, дұшпан етекпен тартқан, - заман болды, - деді Махмет: Ел ішінде реприсия жүріп жатқанда, ұстау - жазалау тоқтаған емес. Ескі заманның омыртқасын ұстаған Әшімбайлар бір жағынан тоқалдыққа қыз аламын деп, ойран салғаны халыққа батты. Жер аудару кезінде, малдарын, іргелес ауылдарға бөліп беріп, қулыған асырып канфескациядан

уақытша құтылу амалына көшкені белгілі. Жұртқа таратқанмен мал иесі Әшімбай болып қала берді.

Жендеттерді әктуге адамдар келіп, іс жүргізе бастады, айыптылар ұсталып, ұзақ жылға кесілді. Ауданда қобалжың туып, малды адамдарға қайтадан тексеріс жүре бастады. Бұл істің жалғасы, Әшімбайға да жетіп «қаншама малды» заңсыз ұстап қалғаны айтылды. Собалаң туған шақта, қайда барарын білмей әлекке түсті, өктемдігі басыла бастады. Жаңа заманды, шалып өтемдеген ойы іске аспады, құрықталғанын түсінген ол, басқаға көшуге әрекет жасаумен болды. Бай нәсілі тұғырықтан құлағанын сезді, ой - өркектігі басылып, қорыққаннан ұйінде тығылумен күн өткізді. Үкімет заны қойсынба, жер аударып, бір күнде жоқ болды. Малы түгел, кедей шаруаға таратылып берілді. Сүйін ақсақалда, бірге кетіп жоқ болды. Сармойын бойын кедейлер басып, малды болып, күн көрісін дүзей бастады. Ағайын - туғандарын жиып тұтас, рулы елге айнала бастады, жаңа өмір жолын паш етіп, тыныштық орнады. Үй салып, от басы болып, жер балшықтан баспана көтерді. Қора салып, малға пана жасады, отырмады қолмен орып, шөп дайындады, қыс қамына кірісе бастады.

Ақсұлу жаңа ғана құтылып, кәрі тарланның ісін ысырып тастап, бір жола өзінің сүйген адамын Құмарды, отауға шақырып, «қалыңдық» кешін өткізуді сөз етті. Қыздарда қостап, той - думанға Нұрсұлуды шақырып, бірге ән кешін өткізу болды. Ақжарқында қалмады, жұбайын ертіп, көтеріңкі көңілмен асқак әндер шырқалып, ауыл жұртын түгелдей келуін күтті. Салалы, күмбез бөрік киіп, өзі тігіп арнаған, қызыл атлас көйлегі, әсем келбетіне өң беріп, береннен тігілген, көк жасыл ұзын қамзелі, оюлап қайылған қымша белімен жабысып, ұзын қара шашы, қамзел бойына түскен сұлу бейнесін тамаша етіп, көріктіре түскендей. Алтын тағымы мойнын орап, ақ тамағына сәуле шашып, құлақ сырғасымен көріктенген. Жұрт алдына ән айтып шыға келгенде, таңғалысқан адам қалмады. Ақсұлу десе - Ақ құдай бүгін ерекше құлпыра түскен, Махмет оны, ажал аузынан алып қалды, - деседі жұрт. Ән созыла берді, Ақсұлу шаршамады, өзі шығарған «Ана жырын» айтқанда, көпшілік көзіне жас алып, мұңды әніне құлақ қойып тыңдасқан еді. Нұрсұлуда әнін бастап, тамылжыта салған әніне бүкіл ел жиналып, дала маңынан тыңдауға көшті.

Сырға сұлу Нұрсұлу келбеті, өте ажарлы жүзіне қызыққан көпшілік, қол соғып, кетпеуін өтінді. Жүйткіген добырада қалыспады, Құмардың тартқан күйлері, алысқа естіліп назды үнімен көпшілікті орап алды. Шақырылған ауыл басшыларына ас беріліп,

ән кешімен құрметей білді. Көңілді ойын сауықта тамаша сөздер айтылып, «екі жас Құмар мен Ақсұлуға» бақыт тілеп, болашақ өмірге бағыттады. Жарқыраған Ақсұлу той - думанның құшағына еніп, жастар мен қосылып, әнге ұласты. «Жақсы жол –елге жорға», - деді Махмет «Жаңа ұрпақ жаңа тілекпен келеді. Жас боп туып, өмірден жарымды көремдеп келеді. Жас ұрпақ талабын айтады, қолынан іс келетінін, соған қол жеткізіп, өмір кешетінін айтады», - деді. Жұрт тарасып, көңілді әнде сұйыла бастады. Жарық ай сәулесі, түндіктен түсіп, ақотауды жарық етіп тұра берді. Мезгіл жақындап, жеңгелрі салған ақмамық пен құс жастық қатар қойылған, кең ағаш көйкі, атластан тігіліп ұсталған жылтыр шымылдық, түгелдей етегін жауып, ай сәлесін түсірмей қараңғылайды.

Алып ұшқан жүрек сезімі Құмардында тыныштығын алып, Ақсұлуға жақындай берді. Жеңілденіп алған бойы Ақсұлуды артынан құшақтап, көтеріп алдыда, ақ төсекке күмп еткізді. Беті бері қараған Ақсұлуды, құшақтап, жұмсақ ерніне, ернін тигізіп, сұлу бетіне басын жақындатып, сүйе бастағанда, жайылған денесі бір - біріне жабыса түсті, қызулы дене дүбірі, қос дөңестің арасынан өтіп бара жатқанда, балқыған дене қызуы толастамады, өрши берді, жата берді. ұзаққа созылды.

Тәтті сезім күші, құшағын айырмады, сүйісумен болды, сағыныш құрышы, жайылған денесін жібермей, жабысқан қалпын ұстап, дене дүбірімен балқи берді, балқи берді. Ләзат сезімі екі ғашықтың жүрек соғуымен жалғасын тапты. Құмартқан қалыңдық баянды болып, Құмар ауылына жол тартты. Ақсұлу салған ән, көпшіліктің көңілінен орын алып, ұмытылмастай естерінде қала берді. Әсіресе, елмен - халықпен қотасқан арлы үні, көпшіліктің көңілін босатып, көрісіп жыласты. Қимастықтан Ақсұлу көшін, Қарағайлыға дейін, жайаулап жүріп, шығарып салған жұрт легі толастамады.

Егіс даласы. Нөкетай келген халық легін, қабылдап жұмысқа жіберіп, істейтін шаруаны тапсырып жатты. Өгізбен ат жегілген лаврикалар. егін оруға, келіп жатты. Шыққан егін жақсы екен, - деген сөздер айтылып, көпшілік көңілі өсіп тұрды. Қаншама тер төгілді, - деді Төлеміс кенеттен, бәрі қолымен атқарылды. Растаған Төлеміс сөзін бірден алып кеткен Нөкетай: «Көп түкірсе - көл болады» деген, халықтың ұйымшылдығының арқасында, - деді. Қаражорғамен қатты жүріп, егін басына бет бұрып, көпшілік жиналған жерге, тізгінін тартып тоқтай қалды. Өскен егінге көз жүгіртіп, нанымыз мол болады деп ішінен топшылады. Түгел жинап алдыда жұртқа

қарап: «Біз бір тұтас елміз, бір атаның ұрпағымыз, бұл үлкен іс халықтың игілігінде, аянбай еңбек ету, сіздермен бізге жүктеледі, уақытпен санаспай мол дүниені шашпай - төкпей жинап алсақ, жауында кедергі болмас еді.

Сіздерге қарап қырман жұмысыда, қыза түседі», - деді Махмет. Нөкетай: қазір мал сойылып, ас қос басында беріледі, - деп хабар етті, егін орылып біткенше, ұйымдастырылады, - деді. Ловарикалар біртіндеп, алқапқа кіре бастады, алқаптың алып жатқан жері, қырат үстін түгелдей қамтығанға ұқсайды, Аяқбұлақ пен Қызыл шілік, дөнесіне дейін қосылған. Шабылған егінге, жұмыла кірісіп, снопка байланып, шөмеле болып үйіле бастады, қарқын толастамады. Сар дала дүбірі, қызу еңбек құшағына еніп, халықта сүйсіне бастады. Дала дүбірі толастамады, қызу қарқын алып, көпшілік тамақты қос басында ішіп, ловарика шабуды тоқтатпады.

Қырмандада Әйгіміс - жеңгесі қыз - келіншектермен бидай сабағы басылған, астықты жинаумен әлек. Вим тазартқышпен елеп, тау - тауғып үйіп тастады, қапшықтарға салып, қырман басын жайнатып жіберді. Өгізге тіркелген, ауыр молотилка, тастан жасалған қалың бүртіктері, таза алаңға жайылған сноп, бидай сабақтарын, лезде үгітіп, дайын етумен болды. Құбылысты байқаған Нөкетай, жұмылған халықты көріп: - Расында, солай екен - ау Махметтің айтқаны, әрбір істің қайсысы болмасын, көпшілікті жұмылдыра білу «он күнді - бір күнде» істеп шығады дегені рас екен деп ой түйді, «Көп түкірсе - көл болады» деген осы еді.

Халықтың жұмыла кіріскен күшімен, бір айғы жұмысты, оншақты күннен асырмай орындап отыру, әдетке айналды, қиындықтың бәрі шешіліп «Үме - тойы» сыяқты құлашын кеңге жая бастады. Егіс даласын аяқтасымен, шөп науқанын қолға алып, қоныс басына тамақтар ұйымдастырылып, мал сойылды, тез арада шабылған шөпті қыстақ басына жеткізу шарты қойылды. Ауыл адамдары жасаған, шөп - арбалары көбейіп, дамылсыз ағылумен болды. Жар қыстағынан Ахмет белсенділік танытып, үйретілген өгіздерімен барлық қыстақтарға, айдап апарып, жеткізіп берді. Көк айғырының үстінен түспей, асау малдарды, аттаттырмай, алыс қыстақтарға жеткізу онай емес еді. Ахмет, тәтесінің сеніп тапсырған шаруасын орындады.

Шөпті бірінші болып, дайындап сегіз маяға дейін үйіп тастады. Жардағылар енді, қамыс - қоғасына ден қойыпты. Әйелдер, үй сылап, қораларын қалыпқа келтіріп, маңайын тазалап жатты. Халық

үлкен үмітпен қарап, болашақ өмірден қалыс қалмауға, бет бұра бастады, сауатары ашылып, үкімет заңына құлақ түре бастады, газет - журналдарды тез оқып, хатты еркін жазуға аяқ басты. Махмет оқып білім алғанына, сауатты азаматтардың өсіп көбейуіне көңілі толып, арманының орындалғанына дән риза болып, қуанды. Нұрсұлудың қосқан еңбегі, қоныстар мен мекендерді аралап, әріп танытып, хат жазуды үйретіп, білімін - сауатын ашты, қазір кітап алып оқуға талпыныс үстінде.

Қыз балалардың, үйінде отырып, қалмауына Нұрсұлу мен Ақжарқын екеуі, үй - үйледі аралап, «Ақотаудағы» жастар ұйымына тартып, концерттер қойып, болашақ өмір –бесігіне жол ашты. Махмет Нұрсұлудың ешқайда кетпейтіндігін біліп, туысына қосты, жеке ұйғып, «Ақотаудан» думанды той жасап, жаңа отауға келіншек болып түсті. Көпшілік қуанысып, си құрметке бөледі, алдына мал салып, әдемі жиықтарды тарту етті. Қаншама үйлер бой көтеріп, ауыл сәні сұлу болып сала берді.

Тұрмыстарыды жақсарып, сауын сиырларыда көбейді, үлкен ел болып қалыптасты, аз уақыт ішінде аты әлемге жайылып «қандай тамаша табиғатына – сай қалың жұрт татулық пен бірлікті жыр» етті. Махмет жоспары орындалып, енді Ақбұлақ суын бөгеп, бөгет салғызды, бау - бақша отырғызып, көкеніске жол ашылды. Махмет әрбір саланы, мұхият зерттеп, күнделікті жоспарына енгізіп, іске асырып отырды. Жауапты адамдарды тағайындап, ел игілігіне қызмет етуге шақырды, әр істің шешімін тауып, орындалуын қадағалап отырды.

Тәртіпті қатаң ұстады, оқыс жібермеуге, жолын бөгеп, өзі барып араласып, аралаумен болып, отырмады ерте –тұрып кеш жатты. Маңайындағыларға осындай тәртіп орнатты. Ахмет көк айғырдың тұқымын сақтап қалды, табын көбейіп, жазық даланы жайлым етті. Ауыл сыртына, көлеңке жасап, жел тартып, құлын байлады, бие сауғызды. Шөпшілерге сусын ғылып, қымыз берді. Жар қонысын басқарғаны көп болмасада, іс тәжірибесі молайып, шаруаның бәріненде өзі араласып, тындырып отырды. Көпшілік сеніміне кіріп, беделі өсті, сөзге шешендік танытып, халықты соңынан ерте білді. Ауыл мектебінен оқып білім алсада, кітап оқуды тастамады, білімін көтерді. Махмет Ахметке сенім артып, Татарстаннан әкелінген «қосилкаларды» беріп, шөп көлемін арттыруға кеңес беріп отырды «қыста қысылмай» шығу басты міндеттеп талап қойды. Тәтесінің сөзін екетпеді, малының әсіресе ірі қараның басы өсіп, төл алу науқанында күндіз - түні жұмыскер - малшылармен бірдей жүріп, төлдетіп сақтаумен болды. Еңбегі зая кетпеді, дала төсіне қаптағып,

жайлымға шығарды. Көкайғырымен бақылап, төңіректі шолумен болатын, жайлымның жақсы жеріне бағыт беріп, кеңес ететін.

Ахметтің күш жігері, әдемі жүзінің келбеттілігімен, айтқан тиынақты сөздері, жиырма үшке жаңа аяқ басқан, жас жігіт болатын. Туған туысқа өте бауырмал, адалдығымен жолдастарынада, ауыл адамдарынада, жаны ашып, өзіне тартып жақсы көруді қалайтын. Ақотаудың үлкен бөлмесі, сірескен халық, таяқ тастар жер жоқ. Бәріде жиналып, бір өзгерістің болатынын болжам еткен сыяқты. Сөз аяғы тиылған, тыныштық сақтап, төрге көз салып қояды. Сахнаға стол қойылған, перделі сахна шымылдығы, екі жағын әсемдеп, қазақ өрнегінің түрімен түсін, айқындап көрсетіп, күн сәулесімен жарқырай түскен бейнесін, жұрт тамашалап көз тастап қояды. Талай ойын - сауық концерттер осында өтіп, жас жұбайларды шығарып салу, әдетке айналғанын ішіне түйген қалпын сақтап, күліп қояды. Қуанышта осында, өтіп талайдың жүрегіне сүйіспеншілік - махаббат толтырғаны есінде. Стол басына Махмет пен ауылнай Төлеміс келіп, жайғасты. Кең маңдайлы, жүзінде қатаң, қабағы қатыңқы қалпын ұстаған бойы, ашық дауысымен: Төлеміске сөз берді. Төлемістің жайдарлы келбетіде, реніш тартып, сөз сөйлеуге сарандық байқа-тады.

Сондада, көпшілікке қарап: «Біз тағыда арамыздан, айтулы жас азамат Қаракеннен айрылып қалдық, бір ай тергеліп, азаппен көз жұмды. Артында жалғыз шешесі Тотығыс - әжейдің күні не болмақ, сүйген жары, жетім балалары, көзі кеміс қарындасы қалды. Қаралы жағыдай жағадан алып, қара бұлт басқан аспан әлемі, сойқын дауыл дүбірі, есімізді алып, «бүгін барда - ертең жоқ» дабылы, бойды алып жүрекке дақ сала бастады. Қалай, енді күн көріп, тіршілік камын жасайды? Махмет ақ түрмеде жатқанда, күн көріп отырған жалғыз сиырын тартып алып, етке өткізіп жіберген Мырзахмет ісінде жеткілікті, аянышты.

Махмет келісімен, сиырын қайтарып бергізді, алауыздарды колхоздан қуып, қыр асырды. Ел ішінде, әліде осындай, колхозды, көре алмайтын, ел тұтастығын ұнатпайтын, жатып ішер жалқау мен опасыз адамдар, болашақ өмірден еш хабары жоқ, түңілген бишара - сымақтар, арамызды бұзып, тас - талқан еткісі келеді, «бірақ - ол бола қоймас». Ойлап, қарасандаршы қаншама оқиғаға куә болдыңдар: «мал ұрлығы», «басымшылық жасап, малшыны ұрып соғу», «Үстемдік қылып, малын тартып алу», «Өрт қойып, қораны өртеу», «Күн көріс сиырын - сүтімен жоқ қылу», «Балашағасын айдап, үйден шығарып, мүлікке ие болу, оңай өмірдің шарасына кіріп, күп ете

қалуды ойлады». Осының бәрі, басымыздан өтті, кезінде тойтарыс беріп, Махмет екеуіміз халықтың амандығын сақтап, елдің тұтастығын ұстай білдік. Әсіресе, Махметтің өткір табандылығы арқасында, осындай бұл өңірде жоқ ұйым құрып, аш - жалаңаштық пен сұрапыл заманда қас жауларға тойтарыс бере отырып, еліне тарту етіп, жаңа үйлерге кіргізіп, халқы үшін барлық жағыдайды жасап үлгірді, қараңдаршы: «сендер отырған Ақотау, Мектеп, Емхана, Монша, Жаңа кеңсе, кітапхана т. б. толып атыр».

Жеті қоныста мал басы өсіп кледі, нанымыз мол, жыл сайын егіс көлемі ұлғайып, тарыда өсіріле бастады, бау - бақша, көгеністер егуге сырттан адам алғызып, үйретіп шығаруға бет бұрды. Кейін бұл молшылықты өзіміздің адамдарда егіп шығаратын болады. Совет үкімті бізден осыны талап етеді, сондықтан біздің әрбір сөзімізді, сендерге жеткізіп отыру, біздің жауапты екенімізді түсінгендерің дұрыс», - деді сөзін аяқтап. Қортынды сөзді Махмет жалғастыра жөнелді: «Туған жерімізді көркейтп, ел ету, халқымыз үшін аянбай еңбек етіп, тұрмыс жағыдайын жақсартып, білімді азаматтарды тәрбиелеп шығару, келешек ұрпаққа жол ашу, жасалып жатқан істің бәрі, халық үшін, осы отырған сіздер үшін. Сондықтан осы қол жеткен жетістігімізді, көздің қырағындай сақтай білу керек, қайда болмасын. қора - мүлік, құрал - сайман, мал басын, егіс алқабын, қоныс қыстақтарды, білім ордасын, мәдени ошақтарды, мекенді, ауылды, халықтың ең бірінші амандығы керек. «Ырың кезек, кімге керек, опасыз ұғым жарға соғады».

«Алауыздық – алысқа бармайды», - дейді дана халық, соны ешкімде есінен шығармауы керек. «Сонда, ғана іргесі тұтас - ауыз бірлігі мол, силастық жолмен Қазақ елі боламыз», - деді сөзін іркіп. Жаман айтпай - жақсы жоқ, айтпасқа болмайды, Әшімбай деген байшымақ, Сармойын бойынан, жендеттерін жіберіп, Ақсұлу қызды «тоқалдыққа» алып кетуге, үйіне ойран салып, тас - талқан етіп, күш көрсеткен «опасыз іс - іске аспады», қарулы жігіттер қойсынба, сазайын беріп, түрмеге тықтық. Әшімбайдың ісі тексеріліп Сибирге жер аударылып, жасырған малы үкіметке алынды.

«Өтірікшінің құйрығы - бірақ тұтам» деген сөз осыданқалған, - деді Махмет сөзін жалғастырып, күн көрісті - тұрмысты жақсарту: кедейдің от басын сақтау, жетім - жесірлерге көмекті аямау, «бала мен ананың» жыламауына қамқор болып, жағыдай туғызып отыру, біздердің міндетіміз, айтылған сөз - берілген бұйрық деп, ұғуларын керек, айтқызбай істеп орындау керек, қатаң тәртіп осы болмақ», - деді. Тағы бір ойға салатын істі айтпай кетуге болмас «табын»

жылқыны айдап әкетіп, үкімет малын барымталау, қойылмады ізін суытпай қайтарып алдық «тоқалдыққа» берілген малды даулап жендеттер үкім арқалап, қамауға алынды.

«Ұрлық – түбі қорлық» деген дана халық сөзі, раста «Жарөткел» қонысында, малшыны ұрып –соғып табын сиырды айдап апарып, өзен табанындағы, ит тұмсығы өтпейтін талды «амбалға» қамап ұстап, із суытып көп аттылар, қуып әкетуге, ыңғайлана бергенде, үстінен түсіп ұстап алдық. Оларда, жазасын арқалап кете барды.

Жан - жақтан анталаған «жендеттер» үйреніп қалған кәсібін жасап, оңай олжамен күн көруді мақсат тұтып, ел ішінде аухатты малы бар «байсымақтарды» паналап жүруді қоймаған, заңды белінен бір басып «оқыс» танытқан. Шешендік тілімен көпшілік назарын, өзіне аударып, қатаң талап қойып «көздің қырағындай сақтауға», алдын алып, болдырмас үшін, тез хабар етуді «қатаң» тапсырды. Тыңдап, үлкен мағұлмат алғандар қол соғып, қырағы болуға сөз берді. Жиын айқталып, көпшілік қоныс - мекеніне тарасты. Тағыда дүрбелең жұмыс басы. Татарстаннан, ат тырмасы әкелініп, қоныс басындағы шөпшілерге таратып берілді, енді олар шапқан шөбін жалға салып, тез жинап шөмеледен арбаға артуды асықты.

«Қарақұдық» мекені, он шақты үйден тұратын, төрт - бес түлік орналасқан, қалың аймақ болатын. Өрісі кең, шабындығы мол, ешкімнен сұрамайтын. Мекенде едауыр жұмыскер болғанмен, аралары шиленісіп, оқыс мінезін көрсетіп қоятын «атаман сымақтары» тағыда бірімен - бірі төбелесіп келіспегенге ұқсайды. Хабар жетісімен Махмет қарулы жігіттермен атқа қонды. Қаражорға алдымен салып келеді, ере алмаған аттылар артта қалып, жөнкілеген сыяқты. Сағым қуғандай болған жоқ, жетіпте келдік. Бізді байқаған жұрт жиналып, аттан түсіріп алып, мән жайды сұрастырып біліп алуға асықтық. Махмет салған жерден: «Кім, бұлай ойрандап, күш көрсетіп, әлсізді ұрып қан етіп, кәне бұлай шықсын, күш сынасып көрейік деп, айғайға басты?!!! Шақырындар мұнда, тездеп бұйырды. Қарулы, өзімен бірге келген, адамдар барып, қолын артына қайырып, ұмарлаумен алып келді. Еңгезердей, екі иығына екі кісі мінгендей, апыл отан біреу, жауаптыда қатқысы келмей, өзеуреп өзінікін дұрыс қылып бақты. Айтып тұрғаны өтірік, - деді ортадан біреу. Сен кімсің? Мен ұрылған малшының көмекшісі Бейсен боламын де өзін таңыстырып, бойындағы жарасын көрсете бастады. Бейсен шағын денелі, қауқары шамалы, арықша келген, аласа бойлы егіде тартқан адамға ұқсайды. Махмет: Сен неге гүжірейіп ұрасың, денесінде сау

жер жоқ, олда адам баласы, әлің келсе жекпе - жек шығып көрейік, кәне баста батылдығыңды танып? Сол жәрәні, қазір біз саған саламыз, сонда қалай болғанын көретін боласың, - деді.

Солақ екен, екі - үшеуі жабылып, гүжірейген Тұяқты әп - сәтте мысықтай етіп, екі бүктеп ортаға тастады, қансырап біраз жатты. Үстіне су құйып, есін жинатты. Ал енді, қалай Тұяқ, тағыда ұрып Бейсенді қан етпексіңба? Жоқ! Жоқ! ешқашан бұндай болмайды, құдай алдында кешірім сұраймын? Кешіріңіз бір жолға, қандай ауыр жұмыс болмасын, маған беріңіз, - деді Тұяқ ауырған денсін әрең жинап. Асау андыда, таяқпен үйретеді, Бейсенге тиуші болма, қайталайтын болсаң, бұл жерден мәңгілік қоштасасың, тек қарт әкең мен шешең үшін ғана қалдырып, кешірім етіп отырмыз. Сол себепті, біздің көзімізше Бейсеннен кешірім сұрағанда ғана, қалдырамыз әйтпесе сендей жалқау арамтамақтарды, қаматып бірнеше жылға басынды түрмеге тығатын едік, - деді Махмет. Аяғын жас баладай әлтек басып, Бейсеннен ең жорғасы түсіп, қоңыр дауысымен, қолын ұстап: «Кешір, кешір! - мені, құдай алдында ант етем», - деді Тұяқ. Махмет: «Әсіресе, қоныстағы еңбек адамдарының бірлігі, олардың татулығы, тұтас елдігімізді баян етеді. Қаншалықты ауыр болсада, малды түгел сіздерге сеніп, үкімет малын сақтап, күйлі етіп өсіру, сендердің адал еңбектеріне сүйеніп тапсырып отырмыз. Қыста қонды шығарып, төл алып, өріске аман есен шығарып, өрбітеді деген сенімдеміз. Барлық жағыдайды, қолдан кенгенше аянып қалмаймыз, тек қана менің айтар бір тілегім: «татулық - бірлік» керек.

Мал бағу қанша қиын болсада, соған төзіп, бір - біріңе жәрдемдесіп, көпшілік болып жабылып істеп тастасандар, қиындық болмас еді, - деді Махмет: екі - үш семьялы малшымен толқтырам, үй салып, қораларды кеңейтеміз, мекен жайларыңды қалыпқа келтіріп, үлкен ауыл етеміз, көп отбасы көшіп келетін болады, - деді. «Қарақұдық дауына» нүкте қойды. Тағыда ел ішінде өсек аяң елең ете бастады. Бұл жолы «Салима дауы» етек алып, ауылдарды аралап, әйел біткендердің аузынан еститін болдық. Қарабай Сүгір қызы Салима, бой жетіп, біраз үйінде отырып қалып, уайыммен күн кешшеде, келбетін бермей, сұлу қыз атанып жүрді. Жиенбет арасына сіңісіп кеткен әкесі Ұлықпан, сонау патша заманынан Шилі өңіріне, бала кезінде келген деседі. Жалғыз қызы Салима да тұңғышы болған соң, өткір, алдына адам салмайтын болып өсті. Махмет бұрыннан білетін, бала кезінен бірге өсті, ойын - сауықтарда көріп, қарындасым деп, силастығын аямайтын. Ұлықпан әкесі, Қызбел бойындағы, ауқатты Сәлім баласы Сапарға атастырып, топ - топ қалың малды иеленгені,

қаншама уақыт дерсің. Ол кезде Махмет Омбы қаласында, оқуда болатын. Науырзым өңірінде бірде - бір колхоз құрылған емес. Халак сауатсыз, атында білмейтін, «колхоз» дегенде екінің бірі - бұл не нәрсе? - деп жауап қататын.

«Тоқал алу» дәуірі өршіп, малы барлар төсек жаңарту «ата дәстiрiдеп» сылтау етiп, ерiккеннiң ерке тамыры қозып, ел жағалап, көрiктi қыздарға көз тастап, қолға түсiрудiң амалына көше бастады, екiден әйелi болсада шалдығын ысырып тастап, ашық кiрiсуге бет бұрды. Сұрапыл заманның, бiрi өзгерiп, бiрi келседе, елiшiнде баяғы сарын - сол сарын болып, сақтала бердi. «Шал сипаған денемдi, құрт жесiндеп» сазды уайымын өленге қосып, халық арасына жеткiзумен болды. Тұбағайлы шешiм болмады, қалың мал алынып, уәде басы жалғаса бердi. Салиманың атастырған адамы Сапар қайтып, жесiрiм деп өзегi толған, жасы жетпiстен асқан, екi қатыны бар Сабит деген ағасы, хабар айтып, жесiрiн алуға қамданып жатқанын сәлем еттi. Қыз әкесi малды, тағыда табынымен қабылдап, олжаға батты.

Лепiрiп сөйлеп, билiк айтып «қыз - жат - жұртқа жаралған, басқа үйдiң адамы» деп сөзбен басып отырды. Көп ұзамай, әкесi аурудан көз жұмды. Салима, еркекше киiнiп, шаруаның басында өзi жүрiп, күн көрiсiн ақсатпады. Шешесiн күтiп, өсек аяңға бас ұрмады, қайта тойтарыс берiп ауыздарын жабқызды. Махметтiң басқарма болып, колхоз құруына, қуанып арқа сүйер ағасының болғанын «ел жұртына таратты». Жылдар өтiп, колхоз өсiп, тамаша көрiктi елге айналуы «өмiрдiң өзгегенi» деп бiлген көпшiлiк отырған жерде, бас қосып ойын - тойда, айтатындары Махметтiң оқу бiтiрiп, елiн асырауға келiп, туған жерi жиенбет ауылын сөз етпейтiн адамдар кем - кем шығар, аудан түгiл, обылысқа дейiн тарап үгiрсе керек. Салима бiлiмдi, ақылды қыз екенiн ауыл адамдры құрметпен қарайтын. Соңынан қалмаған өтей сәлемi «жесiр дауымен» бiтпейтiндiгiн сезiп, ауылнай Төлемiске арыз түсiрдi.

Бұл хабар Махмет құлағына жеттi. Шырмалған қыз өмiрiн, арашалап алу, қалың малын құн еткендердi, заң жолымен шешу деп түйдi. Ойы Салима мен кездесiп, болған оқиғаны бас - аяғына дейiн анықтап өз аузынан есту едi. «Қызым өз теңiне бармай, қатын үстiне шалға тиемедеп», - уайымдаған анасыда, қайғымен қан жұтып, түн болса ұйқтамады, жалғыз қызының бақытсыз болғанын қаламады, қайран қылар шара болмады. Салимада, жалғыз шешесiнiң уайымын, көрiп қиналды, iзденiспен көп жүрдi. Түс әлi бола қоймаған, отау үйiнде шай iшiп, шешесiнiң ауырып қалмасына, жағыдай айта бергенде, үйдiң есiгiн ашып Төлемiс кiрiп келгенде, байқамай қалған

Салима кесесін столға қойып, атып тұрып тәжім етті. Шешесіде төрді нұсқап, көрпе салып, жайғастыра бастады. Төлеміс амандықты сұрап біліскеннен, кейін кеңседе Махметтің күтіп отырғанын жеткізді. Салима қуанып, ағалы - қарындастай бірге өскенін есіне алып, шешесімен баруға уәде етті.

Махмет ат арба жіберіп, қаражорғамен алдырды. Салима басына киген камшат бөрік, қималы өрнектелген желетке, жалтырақ түмелері бар, әсем көйлегімен жарасқандай, құлағында күміс сырға, аяғын байыппен басып, салмақты болып кіріп келді. Шешесі қоса кірді. Көптен бері көрмеген Салима ағасымен шүйіркелесіп қалды. Махмет орнынан атып тұрып, амандасқан соң, қатар отырғызып шаруа жайын сұрастыра бастады. Келбеті сұлу, кең маңдайлы, ақ құба келген бет әлпеті, ұзын бойлы Махметті бірінші көрген шешесі: «Әлі жас жігіт екенсің ғой, мен бұлай ойламап едім», - деді. Төлемісте келіп, орындыққа барып отырды. Әнгіме көпке созылды. Махмет: «Көп, уайымдамандар, екі жақты шақырып, қаталықтарын мойындатам, көнбесе жаза қолданамыз, мал сіздердікі, ешкім тартып барымта етпейді, біз оған Төлеміс екеуміз жол бермейміз», - деді Махмет. Махмет - аға! Сізге дейін, - деді Салима, талай рет келіп үйімізге ойран салып, зорлықпен шалға тиесіндеп «біз жесірімізді - өзіміз» аламыз деген өтей сөзі өзегімізді тілді, құныңды төлеп, табынды асырғанбыз, әйтпесе мал - мүлкің бір күнде тонаумен, үйіңді өртеп күл қыламыз дегенді. Жесір дауына, өкбесе қабынғанша, айтысып - тартыс қанына біткен мырзалар, дау жанжалды қуып жүріп, күлеке еткен түрлері тайымады, тайынбады.

Қалың малдың құнын іздеп, қыз Салиманың айтқан сөзін, құлағына алмады, тобыр сайлап билікке ден қойды «жесірімізді - жөніне кетпес» деген байлам жасап, қайтпады. Сүгір Байсалды, билік айтып, бір ымыраға келуін жасырмады. «Орынды сөз - ақылдыға бітеді, апай төс - жамандықпен бітеді» деген дана халық, сондықтан дау - дамайдың мәні барма? Аласұрған өмірдің демі бітіп, керегесі құлағаны қашан? Оны көкसेп, елдігімізден айрылып, қарым - қатынасымыз. бір опасыз дүние мал үшін, жетім қыздың өміріне балта шабу кімге керек? Бәріңде сондай, қыз ұстап, теңіне барса деген ойларыңа түспейме? Әлде, айламызды асырып, төбебімізге көк шыбын үйелеткілерің келеме? Соны айтыңдар! Саудаға түсер қызымыз жоқ.

Тобыр сайлап келулеріңе, қарағанда жесір әйел, жетім қыз, қорқытып көндіріп «барымта» ету, «тоқалдыққа» алып, күң етіп, «отымен кіргізіп, күлімен шығару», ешқашан бола қоймайтын, салт

пиғылдан айырылғандарың дұрыс. Ымыраға көнбеді, өзінікін істеп, жанжалға тағы басты. Құмайт тазы құсап өтей ақсақал Жалбыр: «Сөзіміз сөз «жесіріміз Салима біздікі, әкесі барда некесін қиып, бір үйірді тағыда алдына салып, айдап әкелгенбіз, «құйрық бауыр» жеп, баталасқанымыз қайда? Аруақ орнап, бай береке қылып «аталастырғанымыз» есімізде. Иман шынымда осы! Жасыратын бүкпем жоқ, қомағайлы ниетпен, ас ішіп қазан босатуға келгеніміз жоқ. Сыбағалы сөзіміді айтып «жесіріміді» әкетуге келдік, Қызбел елдің өтейлеріде, билік сөзін айтып кел, жесірімізді алып кел, болса жолынан, болмаса соңынан тұрып, шауып кел» дегенді.

Біз алтарыс сүгір алты ағайындымыз, - деді Байсалды ашуға басып: «Құл, ондай ойындарыңды бастап көріңдер кәне, естеріңді жинап ала - алмайтындай етіп, қайтатын жолдарыңды, білалмай, табалмауларың мүмкін, «айтқаныңнан қайт Жалбыр мырза», оқыс сөйлеп, опық жемей тұрғанда есің барда еліңді тап! - деді. Біз әліде елдігімізді сақтап, Сүгір - жиенбет бірге туған, бір кісінің баласындай, жағалай бізді анталап дұрыс шешімге келуімізді күтіп, қарындасы Салиманы «тоқалдыққа» бермеуге жанын пида етуге дайын, сенің жирма жендеттеріңді, отызы жабылып, быт - шыт қылады.

Олар сен түгіл, талай сойқандардың басын бүктеп, мойнынан қыл арқанмен, анау тұрған, қалың орманның, биік терегіне іліп байлап, түрмеден бірақ шығарған. Ондай болмасын десен, оныңды айт, әйтпесе жолың анау, аман тұрғанда еліңді тап!», - деді айтар сөзімде, нақтылы шешімімде осы Жалбыр мырза. Әліде көрерміз, бұнымен іс бітпейді, - деді - де орындарынан тұрып, аяқтарын сүйрей басып, жылжи берді.

Ауыл жұрты Байсалдыға риза болып, үйлеріне тарқасты. Салиманың қағылы мұңы, ел аузында қала берді. Сол мұңын өлеңге қосып, жыр етті. Қыз - келіншек, жас - желеңдер әнге қосып, талайды жылатып, мұңын жеткізді. Өз теңі, сүйгені Қогабаймен қосыла алмай, ой сезімін айта алмады. Аспан айналып, жерге түскендей қайғылы мұңы, Салиманың жүрегін азаптады, үмітін үзіп, оты өшкендей болды. Бас сүйер, ақылшы досы болмады. өзінің өткір мінезімен, байсалды ақылдылығымен жол тауып, өмірін сақтап қалды.

Махмет Төлемісті өтей жеріне жіберіп, келісім хабарын айтуды күтті. Махметтің сыртқа үлкен беделін түсінше керек, қатулы мінезіне ешкімде беттей алмайтынын біліп «дау аяғын» тоқтатуға келісім беріп, қайта оралмайтын болып келісті. Келбетімен кескіні

жарасқан Салима, қуанышқа бөленіп, тойларға барып, жастар мен тіл табысып, белсенділік көрсете бастады. Ізденіс үстінде болды, кітап оқып, білмін көтере бастады, есепке жүйрік, ойлы мәселерді шешуге ат салысты.

Махмет - ағасының арқасында қыз қалпын сақтап «мұнды - ойлардан» мүдем арылды. Ерлігімен талай тартыстың жауабын беріп, сөзбен тоқтатып, бетін қайтарды. Сол себепті, ауыл адамдары Салиманы құрмет тұтып, ақыл - кеңесін тыңдайтын - ды. Махмет шақырып алып, Қостанайға бухгалтерлік оқуға баруға, кеңес берді. Салима бірден қуанышты хабарды, естісімен: «барамын», - деді. Қостанай дегенде Қоғабайды есіне алып, оқуда екенін біліп, ой жүгірітті. Ғашықтық мұңын айталмай қол үзіп қалғанын, есіне алды. Сұлу келбетті жас жігіт Қоғабай, оқуға жаңа барып, институт қабырғасына қабылданғанын естіген - ді. Салима ойынан бір сәт шығармай, көрсем деген арманы өрши берді. Кестелі орамал тігіп, екеуінің атын жазып, өмірлік жар болуын қалады.

Қоғабайдың көңілін аулап, таза махаббатын силағысы келді. Кездесіп, сөйлесем деген, ой арманы қалықтап, ұшан теңіз мақсат дүниеге жетелеумен болды. Бухалтірлік оқуға түсіп, оқи бастады. Өткір қыз, ізденіспен тез меңгеріп, есептіде жетік білуге бет бұрды. Ақылдылығымен, достар арасында беделі өсіп, Салиманы құрметтеп жүрді. Салима Қоғабайды кездестіріп, кестелі «орамалын» беруге асықты. Қоғабайға хабар жетіп, Салиманы іздеп тауып алуға ынтасы ауып, сұлу қызды сүйетіндігін жеткізгісі келді.

Ауылдағы тойда алғаш көргені болмаса, тіл қатып сөйлесе алмағанын уайым еткен Қоғабай, қуанып: «құшағыма алып - сұлу денесін баурыма тартып, оймақтай аузынан сүйсем деген сезімін» есіне ала берді. Іздеумен көше аралап, сұрастыра бастады, көп жүрді. Ақыры, қалың ағаштың ішіне орналасқан, бір қабатты қызыл үйді көзі шалды. Жалғыз аяқ жолмен жүріп келе бергенде, қарсы алдынан, ақ құба сұлу қыз, баяғы өзі көрген, камшат бөрік, бұрыннан ажары ашылып, аппақ беті күлімсіреп Қоғабайға қарсы жүгірді, екі қолын айыра ашқан бойы, құшағына кіріп, белінен ұстай берді.

Қоғабай ыстық денесімн баурына басып, қос қолымен құшақтап, басына жақындай түсіп, ернін аузына жақыдатып, оймақтай аузынан сүйе бастағаны, дене толқынына күш бергендей сезніп, айрылмастай құшақтары көпке дейін жазылмады. Салима арман еткен жігітінен қолын алмай, белін қысып, ыстық денесімен қабыса берді, сүйген ернін жабыстырып, сұлу жүзінің сипатын

көрсетіп, Қоғабайдың әдемі келбетін аймалаумен болды. Салима сырын жасырмады, шын «ғашықтығын» жайып салды, ұялмады сездіруге реті келмей, ауыл адамдарынан жасқанып, өсекке айыптыды деп қорықты. Қоғабайда алғаш көргеннен - ақ Салиманы өмірлік серігім болса деп, ой түйді, жақындап сөйлесе алмады, хат беруге қоршаған қыздар қасынан шықпай, өкінішпен оралған кейпін білдірді. Енді міне, кездесіп екі ғашық сыр бөлісіп, мәңгілік айрылмауға серт берісіп, қайта - қайта құшақтасумен болды. Жұптары жазылмады, қаншама жылдарда ғашықтық сырларын, бойына сақтап, асыл қазынадай бір - біріне арнады. Талай жігіт сөздерін естіседе, оларға тосқауыл жасап, маңайлатпай ауыздарын жапқызып жүрді. Шын сүйген ғашығын Қоғабайды сырттай емденіп, жүрегiнiң сырын, бір жанға білдірмеді, оралып келетiнiн сезiп жүрді. Қоғабай қанша көрседе Салимамен кездесіп, жүрек сырын білдірудің амалын таппады, жанына барып жақындап «сүйетiндiгiн» бiдiре алмай. қиналды ұзақ қараумен шектелді.

Болған оқиғаны айтып, түсiнiстi. Сол арман асуларына жетiп, ендi ғана махаббат бесiгiне бөленiп, айырылмастай кездесулерiде сол едi. Салима қалтасынан, екеуiнiң аты жазылған жiбек орамалды ұсынды. Өрнектеп тiгiлген, әшекейлi, ақтүстi, керемет ойулар, жарқыраған түске бойап, Қоғабай көңiлiн бiрден аударды. Қолына ұстаған бойда, Салиманы көтерiп, үйге кiрдi. Кең бөлме iшi, ортадан шеткерек, қалың төсекке апарып, құс жастығын басына салып, жайғастыра бастады. Салима тез шешiнiп: «жаным» қасыма келшi деп, мойнына асылып, қос қолымен, Қоғабайды өзiне тартты. Ақ төсек, үстiне ығысқан Қоғабай қос қолымен құшақтап, баурына қысып, жұмсақ ернiнен сүйе бастады. Сұлу денесi, бойына жабысып, қызумен жалғасты. Жаным! Жаным! деп, қайталай бердi, Салима қос қолымен белiнен құшақтап жақындай бердi, қызулы күш қойсынба, екi томпиған денесiнiң арасынан өтiп, бойларын билеп ала жөнелдi, қызумен көрпелерi ашылып, балқыған денелерiн жаппады, жүрек соғысыда тәттiлiк танытып, тамаша сөздерiмен орап алды.

Көз қарашығындай сақтаған «қыз арманын» Қоғабай орындаған дай, кейiп танытып «Өмiрiм!» Салимашым! деп айтумен, аузынан қайта - қайта сүйiп, құшағын алмай, бақ iшiнде жүргендей болып, ұзақ қызықтады. Жаным, ғашығым деген сөздердi жиi айтып, Салима балқыған денесiн, Қоғабайдан айырғысы келмедi, тәттiлiк сезiмге ұя басып, қозғалмады жаны кiрiп, әдемі - жұмсақ ықыласымен аялаумен болды. Маңгiлiкке бет бұрып «ғашықтық - өмiрдi»

бірге кешуге уәделесті. Салима оқуын бітіріп, колхоз жұмысына «бухгалтер» болып орналасты. Тез үйреніп, есепке деген алғырлығымен, беделі өсе бастады. Қоғабай жиі келіп, Салиманы сағынып, оқуы біткен соң үйленетінін туыстарына сездірді. Салима аяғының ауыр екенін Қоғабайға айтып, мәз етті, бірақ жан адам білмеді.

Ақылды қыз ұятын сақтады, Қоғабайды сағынып күтумен болды, хабар алып тосумен күн өткізді. Махмет қатты қуанып, жас семьяға, той жасады. Кимелі қарындаш арбамен, парат жегіліп, көсемге қаражорғаны бас етіп, қалаға Қоғабай мен Салиманы шығарып салуға жиналған халық, екі жастың келбетіне қызығып, «ғашық» деген осындай болса деп ой түйді, сұлу жүздеріне қайран қалып, ел болып шығарып салды. Қостанайға барған, әрбір сапарында Махмет орыс досы Сужиковке соқпай кетпейтін, ағалық қамқорлы сөзін естуге асығатын. Осы жолыда жолы түсіп, кеңсесіне Қоғабайды ертіп, үлкен зәулім үйге кіре берді, көсемдеп жегілген аттар, ат қошшысымен үй сыртында аялдады. Қарсы алып құшақ жайған Сужиков көптен көрмеген соң, сағыныш сезімін жасырмды. Ол кезде жауапты партия қызметінде болатын. Қоғабайды таныстырып, болашақ өмірдің, жастар алдында не күтіп тұрғанын баян етті. Сужиков: «Партия жолы бұлай емес еді, көлденеңнен репрессия шығып бұрмалау тартып, зорлық - зомбылық жасап, халық берекесін алып, жазықсыз адамдарды ұстап әкетіп, ат тастау өршіп барады.

Совет үкіметі үшін, қаншама революционерлер жанын қиып, патшаға қарсы тұрып, өмірден өтті. Сол үкімет қайда, кімнің қолында, әділдік заман қайда кетіп барады? Махмет сен мойымы, Науырзым жерінде, тұңғыш рет колхоз құрып орнаттың, халық сауатын аштың, «ең бастысы еліңді, туған жерінді аштықтан құтқарып, алдына мал, аузына нан салдың», сенің өжет, өткір, қайратты қайтпас ер жігіт екенінді біліп, бүкіл халқыңды соңынан еріте білдің, оларға бүкіл жағыдай жасап, жаңа үйлерге кіргізіп, мектеп және қаншама мәдени ошақтар салып бергенінді естіп қуанудамыз, - деді. Егінде көбейіп, малда өрісін тапты.

Қоғабайды өзім тәрбиеге, алып қамқор етемін деп, - сөзін аяқтады. Әңгіме көпке созылмады, қош айтысып жолға бет алдық. Далаға қоса шығып, шығарып салып: «Махмет Оразалин сен әлі жассың, өмірің алда, айтқан қиындықты жеңе білу керек, оларға жол тауып, әділдік, теңдік, шындық, ең бастысы «төзімділікті» керек етеді, - деді бауырына қысып сөзін жалғайды, - «Ел сеніміне кірсең, халық сені мәңгілік айтатын болады». Қол алысып қоштасты. Қаражорға ұшқан құсқа ілескендей, даңғыл жолмен аңқытып келеді.

Сағымданған белестер, бұлдыр тартып көз соңынан қалып келеді. Самал желдің лебі бетке соғып, көк жиекке шыққан шөп толқыны мен жарысып, ұзақ жолды артқа тастапта үлгірді. Керемет құбылысқа көз тігіп, ой үстінде отырып, жан – жаққа қарап, алаңдап қояды. Тынығып қисаюды білмеді.

Алып ұшқан жас жүрегі, балаларын бір сәт сағынғандай, көз алдына елестетіп, тез жетіп барып, алып ұшқан жүрегімен құшақтап мауқымды бассам, бәріде ұмыт болар деп, іштей ой түйді. Серіктесі Тоққожа, атты айдап желітіп келеді, алыстан мұнартқан «Көк биегеде» келіп жеттік, ойымыз ат шалдырып, айалдау болды. Өзі білетін таныс үйге түсіп, дем алған соң, аттарыда қуаттанып, қаражоганың бетін қақпай, еркіне жіберіп, ауыл бағытына ілесіп, алып ұшып отырды. Ауылға кіре бергенде, жайқалған оман ағаштары желмен бас иіп, сарқырап аққан «тас бұлақ» суы маңында су шашып ойнап жүрген бір топ балаларды көргенде, масайраған күлкілері құлаққа естіліп, қуанған Махмет атын тоқтатып, біраз қызықтады: «Шіркін, заман енді осыларға туып, бақытты өмір сүрсе екен, бойларынан осындай күлкі кетпесе екен деп» ой түйді.

Соларды бақытты етіп, тәрбиелеп азамат қылсақ, болашақ Қазақстанның өрісі емеспа, солай боладыда. Қаражорға үй алдына тоқтай бергенде: «Әке! Әкем келді! Апа! Апа! Әкем келді! деп, Бағытжан бірінші болып, құшақтай алды. Жүгіріп шыққан Тайтунада, әрең басып Шкалнекте әкесіне қарай келе берді.

Махмет екеуінде, көтеріп алып беттерінен сүйіп ішке кірді. Бағытжанның қуанышында шек болмады, есін біліп, ақылды бола бастады. Көңілін танытып, балаларын қасынан шығармай, күш қуатының молдылығын көрсетіп, жас шағының сәті күндерінің молдығын қалады. Балаларына көп киім әкеліп, Құндыз екеуі киіндіріп, қуантты. Махмет беттерінен қайта - қайта сүйіп, балаларын сағынғандық қалпын білдіріп, Бағытжанын алдына алып, құшақтап, есейіп қалғанын аңғартты. Құндызға қарап: «Осы көбелектерім аман болып, жігіт болғанын көрсек», - деді Махмет. Расында, ер жетіп бірге қызықтайтын өмірде келер, бірақ ең бірінші сенің амандығың керек, - жағалай толған жауыздық, өміріміз қыл үстінде тұрғандай сезінемін, асыл азаматтардан айрылғанымыз есіндеме?!, - деп мойыды. Махмет: «Расында солай - бүгін барда, ертең жоқ!» - Қайратты болуымыз керек, орынсыз ой мен уайым ештеңе бермейді, елімізді халықымызды сақтауымыз керек, адал еңбек етіп, күн көрісімізді жақсарту қажет! - деді. Құндыз Махмет сөзін байыппен тыңдады. Оның батыл, күш - қуатына, жастығына сенді.

Махаббат отына бірге күйп, еріне деген сүйіспеншілік сезімін жалғастыра берді. Туған інісі Қоғабайды, мақпан тұтып, оның алғыр, ақылды жігіт, жақсы азамат болуын, Махмет бұрыннан біліп, баурына тартты. Комсомол комитетін басқарып, жастарды өзі бастап, егін оруға, шөп дайындауға келіп, талай рет, колхозға көмектескенде Қоғабай болатын. Сужиков досы, Қоғабайды жақсы қызметке тұрғызып, келешегі бар азамат есебінде қабылдап, білімділігін байқады. Қоғабай көп оқып, кітаптарды құр жібермеді, орысшаға зиін қойды. Кең байтақ, алып ұшқан ақ көңілде, жер сұлуына масаттанғандай көз тігіп, қарайтындар қаншама, алқап төңірегінен ой алмай кеткен емес. Табиғат сұлулығы әсер беріп, көңілінді қалайша көтермеске. Үлкен үміт арқалап, алысқа құлаш сермегендей, бойыңды күш - қуатқа байытып, ауа толқынымен бірге тербелесің.

Бұлда болса, бұл өңірдің, керемет қасиетідеп сыр түйесің. Махметті облысқа шақырып, әкеткелі бүгін, үш күнге толды. Жай шақырған жоқ! - деді Төлеміс, Әбдікте қостап: - Рас, айтасыз жоғарлатуға шақырған көрінеді. Жаста болса, қаншама іс тындырды, колхоз құрып, ел бірлігін сақтады, халық - Мақана дән риза, - деп сөзін аяқтады.

Қарағайлы қабағынан құлап түсіп, келе жатқан шаң көрінді. Жүйткіп келе жатқан, шағын затты көзі шалған, ауыл тұрғындары ат - биелерін мініп, шабумен алдын орады. Жеңіл машина, алғаш көргендеріде сол екен, тангалысып - аңырап тұрып қалды. Машина байаулап барып тоқтады. Ішінен сұлу жүзді, кең маңдайлы Махмет түсіп жатқанда, бәріде барып, құшақ жайысып, амандасып, қоршап алды. Қуаныштарында шек болмаған, ауыл адамдары Махметтің жаңа аудан басшысы етіп, сайланғанын естіп мәз болды. Кейбіреулер қимастық білдіріп жатты. Бүгін ауылда үлкен той. Аяқбұлақ ауылы. Жиналған халық, ас ішіп, бата берді, ақ жол тілеп, көңілді концерт тындады.

Нұрсұлу бастаған жастар әні, аспанға қалықтап, думанға ұласты. Нұрсұлу мен Ақжарқын салған тамаша әндері, көпшілік жүрегін тербетіп, бақыт құшағына кіргендей болып әсер қалдырды, қимастық жыр сазымен орап алды.

Науырзым мекені. Жаңа құрылған аудан орталығы. Қалын қарағай ағаштар аспанмен таласып, күн көзін жапқандай, бұлдыр толқынмен жарасқан көгілдір келбетін танытады. Шүйгін, ирімді құмдар, көше бойын алып жатыр. Бытырап салынған ескі үйлердің келбеті, қоңыр түске бойалғандай сән береді. Күн жағында, созылып жатқан, айдын көл, жалпақ аймақты алып жатыр, жиектріне өскен

ағаштар мен көгалды қиық шөптерге толы, құс базарына айналған. Жел тұрсада, су толқыны байқалмай, жалпақ арнаның күн көзіне шағылысып жатқанын аңғарасың.

Сондықтанда бұл кешенді орталық деп айтуларыда тек емес. Атағыда жайылып, байлығымен, алысты орағанға ұқсайды. Колхоз құрлысына қаншама қарағай - ағаштарын, күн сайын тасумен болғанын есіне алды. Бай өлке екенін Махмет бірден түсінді. Лудан орталығы болып, Науырзым ауданы атанды. Бұл жаңа заман дәуірінің басталған шағы еді. Үлкен аймақ, сонау Қызбел - Сағасынан басталып, «Көк бие» аймағына дейін созылып, Шөптікөл жерінен, Сыбынды қоса созылып жатқан жер көлемі болатын. Үлкен жиналыс ашып, ауданға қарайтын 18 ауылдық советтің құрамын бекітіп, қолынан іс келетін адамдарды іріктеп, ауылдық советке тағайындады. Жұмыс сапарымен елді – мекендерді аралап танысты, жиындар өткізіп, үкімет заңдарымен таныстырып, ел бірлігін сақтауды, азаматтардың тең правалы өмір сүруіне, оқыс оқиғаларды болдырмауға, қатаң тәртіп орната бастады. Жергілікті советке бағынуларын талап етті. Орталықта үлкен жиын өткізді. Махмет аудан орталығын салуға шешім қабылдады. Құрлыс бригадаларын ұйымдастырып, жауапты адамдарды бекітті.

Науырзым қарағайлары, кесіліп дайындалды, құрлыс алаңдары қрылып «пилорамды» іске қосты. Күндіз - түні жұмыс қыза бастады. Жан - жақтан мамандар тартылып жатты. Махмет, аудан орталығының «құрлыс - картасын» жасатып, көл жағалауына салуға, үйлерді тізбектеп, әсем етіп орналастыруды нұсқау етті. Келген құрлыс мамалары мектеп, аурухана, мәдени ошағын, атқару комиттінің үйін, екі - үш айда тұрғызып, салып үлгірді. Жаңа үйлер, жас аудан орталығын, өзгертіп сұлу келбетімен жұрт көзіне түсе бастады.

Қалың орманды - қарағай баурына кіріп, орын тебкен кіші қалашық, алыстан мұнартып, ақ шағаладай, көл сәулесімен көріктене бастады. Табиғат мүсіні өзгеріп, сұлу аймаққа айналған, аудан Науырзым жерінде тұнғыш рет орнады. Жер қойнауына қызығып, алыс - жақыннан көшіп келушілер, көбейіп кең шахарға айнала бастады. Махмет ол кезде, отызға тайап қалған, жалындаған жастың бірі болатын, күш қайраты мол, алғыр, айтқанын орындата білетін, қатал еді.

Ешкімді өзіне қарсы келтірмейтін, ұйымдастырғыш қабылеті өте жоғары, сөзге шешен, қара қылды қақ жарып, жиындарда тіліп өтетін, келбетімен жарасқан жас еді. Жаңа салынған кеңсесіне жи-

нап, ауылдық советтермен, колхозға басшы болатындай, іскер адамдарды шақырып, үлкен залына жиналыс ашты. Бұрын сонды көрмеген, әдемі салынған зәулім үйді көріп, таңданған көпшілік «қалай тез арада үлкен шаһардың орнауына» таңғалысты. Отырып жайғса бергенде, қарсы алдындағы столға жарық етіп шыға келген Махметті тік тұрып, қарсы алды.

Ат жақты, кең маңдайлы, сұлу жігіт, сөз бастап ала жөнелді: «Жаңа совет үкіметінің қаулысымен жана аудан құрылып, жаппай елді мекендерді біріктіріп, колхоз ұйымдастыруды, партия бізге тапсырып отыр, - деді Махмет сөзін жалғастырып, қолына үлкен ақ парақты қағазды ұстап, мұқият тыңдаңыздар деп, көпшілік назарын аударды.

Қазақстан жерінде жаппай колхоз құрылсын, кедей - шаруаларды топтастырып, егін мен мал шаруашылығын ұйымдастыру жергілікті партия - советке жүктелсін, - деген бұйрық алдық, - деді Махмет: «Біз советтерді бекітіп, енді колхоз басшыларын тағайындап, жер - жерлерге барып, халыққа түсіндіріп, үкімет талабын жеткізуғана емес соны орындату біздің міндетіміз, партия бізден осыны талап етеді.

Сіздерді түгелдей Шилі колхозын көруге, оталығы мен қыстақтарды аралап, егін алқабында боламыз, жергілікті құрлыс материалдары, қалай жасалып, қаншама үй тұрғызылғанын көзбен көретін боласындар. Алған тәжірибелерінді іс жүзіне асыру, елді мекендерінді осылайша көтеру керектігін қатаң тапсырамыз. Қолынан келмейтіндерді босатып, қайратты жастарды тартамын», - деді. Ертеіне, бүкіл жұрт Шилі өңіріне жүріп кетті. Махмет кимелі қарандаш арбасына отырып, пар аты жегіліп, қаражорғамен туған жеріне бет алды. Ағылған көлікте, адамда жер - жерден жиналғандар көп болды, қызықтап көруге асықты.

Табиғаты сұлу аймақ, құлпыра түсіп, жасыл орманымен, сылдырлап аққан бұлағы, маңайы толған гүлдер мен көк шөптің тамаша иісі мұрынға келіп, дем алғандай рахаттанған қонақтар легі, тас бұлақ суын ішіп мәз болып, кереметін көріп таңырқады.

Төлеміс күні бұрын Ахметке айтып, тәтесі бастаған, басқа ауылдың басшылары келіп, колхоздың аз уақыт ішінде, аяғынан тұрып, өркенін жайуы, сырт адамға, қызық бір жағы, өмрінде көрмеген жайтқа тап болуы, нанбастай үлкен аймақты алып жатқан құбылыстың куәсі болды. Ахмет көк айғырымен қасыны ерген бір топ қыстақ адамдарымен, алдын ала, хабар келісімен, семіз құнан сойылып, алты қанат кигіз үй тігіліп, қалың ағаш баурына, сая етіп, аққан

тас бұлағымен, көк алды шөп алаңына, жайғасты. Жершақ қазылып, бірнеше қазан көрсерілді.

Ауылдың жас қыз - келіншектерін басқарып Әйгіміс - әжеміз кісілерді, күтіп алып, ас берумен болды. Топ – тобымен орталықты аралап, салынған үйледі көрді, қыстақтарда болып, шөп науқанын қарап, «Жаңа косилкаларды, ат тырмасын көріп»естері шықты. мая - мая шөптерді қарап, егіс алқабына барып, «ловарика - машинасын» алғаш көруін сөз етті. Барлығын «Қызыл отауға» жинап, Махмет үлкен жиналыс өткізді. Мінбеге көткеріліп: «Аудан жаңа құрылып, жатқанда қаншама колхоз құрылып, жаңа дәуірін бастап кету керек, сол себепті, сіздерді жинап, өз көздеріңізбен көріп, ауылдағ - халықты көтеріп, бірігіп жұмылғанда ғана, колхоз басшысы мен совет бірігіп ұйымдастыру керек. Бас біріксе - іс бірігеді, - дейді халық, халық сөзі қата кетпейді. Жалқауланып бұра тартқан басшы - басшы емес, оның сөзін түрткі қылмай тұрғанда, көзін жою керек. басқаға зианы тимей тұрғанда кеткені жөн. Біз ешкімнің тәлтегіне жібермейміз, өтірік айтып, халықпен жұмыс істей алмайтын қуларды, шеттетіп аластату күн талабы, «партия» талабы, осыны естерінен шығармауға, қатаң тапсырды. Бізге еңбек ететін, адал жан. халықтың мүдесін ойлайтын, кедей - шаруаның жағыдайын біліп, отбасының күн көрісін, бақылап жағыдай туғызу, малы жоққа сиыр беріп, сүтімен бала - шағасын асырауға, тез арада көмектесу. басты міндет. Күн сайын, хабарласып осыны орындатып отырамыз.

Олар сендердің жұмыскерің, малшың, егіншің қайда жіберсеңде солар, колхозға бірінші болып мүше болады. ұйымды құрайды. Сондықтан, естерінде болсын, әңгіме басын. ұйымдық мәселе болсын, кедей тобымен шешуді қалт жібермеңдер. Осында көзбен көргендеріңді, оп айдап саман құйуды, қамысты үй құрлысына жаратуды, өгізді барлық шаруашылыққа пайдаланып, көбейту жағыдайын жасаңдар, қара күшпен алысқа бармайсың», - деді. Жиналыстан соң Нұрсұлу бастаған жастар ұйымы, концерт қойды, әндер айтылып, шырқалды. Нұрсұлу салған әнді естіген жұрт, жаңа өмірдің сәніне бөленіп, уайымын ұмытып, жүрек сазына оранып, тамаша дәуірдің назымен жалғасты. Көтеріңкі көңілмен, асқақ ойлармен оралғандарды Ахмет біраз жерге дейін шығарып салды. Төлемісті Шилі колхозының басшысы етіп тағайындады.

Жаппай колхоздастыру дәуірі жүріп жатты. Құмжота, Жаркөл, Қарасай (Шолақсайды атайтын), Аккүшік. Түбек колхозының басшысы Алменов Сұлтанды бекітті, бәріде колхозға бірігіп, Науыр-

зым ауданына қарады. Махмет бір сәт уақытын жібермеді, жауапкершілік күн санап өсе берді, аз уақыт ішінде, үкімет тапсырмасын орындауды талап етті. Қызбел еліне, Саға бойына бет алды, көсем деп жеккен, пар аты, қаражорғасын бірге ала келген, кимелі арба үстіне жайғасып, қыратардан асып, өзен бойын қуалай салған қоңыр жапа үйлерге барып аялдадық. Аудан басшысын, қарсы алып, қалың жұрт жиналып үлгірді. Жиналыс далада өтті, оймақтай тар бөлмеге сиар емес.

Сөзді аудан басшысына берді. Сұлу кейіп танытып, жігерлі дауысы шешендігімен ұласты: «Жаңа аудан құрылды, советтер бекіді, енді бүкіл аймағымызда колхоздар құрылып, жаңа өмір бағытына аяқ басқалы отырмыз, ендеше сол өмірде тұратында, еңбек ететінде, бала - шағаны асырайтында, от басын сақтайтында, тұтас Қазақстан елімізді құрайтында, мына сіздер, сондықтан бір ұйымға бірігіп, мал өсіріп, егін салып нан жесеңдер молшылық емеспа, бірлікте, татулықта болады.

«Көп түкірсе - көл деген атам қазақ» соны естеріңнен шығармаңдар. Жақсы басшы ер азаматы - елінің атағын шығарады деген, колхоз басшысын тағайындап, ұйымдық іске тез көшкеніміз жөн», - днді. Көпшіліктің қолдауымен Ақан Сәлменов «Қызбел» колхозының басшысы болып тағайындалды. Сөз алып, «Шилі» колхозында болғанын, жыр етіп, өмірінде істелмеген бұл өңірдіңде болмағанын айтып, халықты қайран қалдырды. Соның бәрін ұйымдастырған, бігінде аудан құрып, тамаша үйлердің қаз - қатар салынуын сөз етіп, жас болсада Махмет Оразалиннің басшылығы деп, - сөзін аяқтай бергенде, ду қол соғып «құрмет» көрсетті. Топтасқан халық қуанышты хабарды естіген соң, колхозға жазылып мүшелікке жаппай кіре бастады. Жастар қуанышында шек болмады, тігілген кигіз үйлерде тойланып, ән шырқалды. Жоспар құрылып, бригада құрлысын бастауға бет бұра бастады. Мектеп құрлысын бірінші бастауға сөз берген, «Қызбел» басшылары, шығарып салып, «оқыс» істің болырмауына уәде етті. Көңілмен оралған Махмет алдында, қаншама қоныстарға барып, осындай жиын өткізіп, колхоз құрлысын тез аяқтауға шешім қабылдады. Ертеңіне Данабике ауылына бет бұрды. Тақыр жол, айдалада көлеңке етер талда жоқ, жол беткейі өзенге қарай ығысқан, сар дала.

Алыстан мұнартқан, сағым қуған үйлер толқыны бірде - келіп, қоңыр тартқан бойнауымен жапан дүздей есігін ашқан, әр жерде бір үйлер көрінеді. Неде болса, шоғырланған ортаға салып келеміз. Көсем аттар жүрісті шыдатар емес, қаражорғаны бұрып, шеткерек

үйдің жанында, ақ отау тігіліп, маңайында толған адамдарды көріп, тоқтай қалдық. Көңілсіз түрлері, бірі - кіріп, бірі –шығып жатты. Махмет арбадан түсіп, кигіз үйге кіріп, қандай жағыдай болғанын сұрап білгісі келіп, таныс емес адамдардан сұрастыра бастады. Шет жағында, арқасын сүйеп, жүк алдында жылап отырған, ақ құба қызды көріп, көзінің жасын тия алмай, басын көтеріп бір қарадыда. көзін сүртіп ұйалынқырап қолымен бетін басты. Қасына барған Махмет, бетінен қолын алып, не болғанын айтуды өтінді. Данакүл: «Айттырып, бір шалға береміндеп, отау тіккізіп, жөнелтуге бір - екі күннен кейін, келіп әкетуге уәделесіп, қалың малын айдап әкеліп, өмірімді күн етіп «тоқалдыққа» бертін болды, - деп жылап көзінің жасын қайта - қайта іркіп алды. Сөз салып, шешемнің айтқанына құлақ аспай, кеудесінен итеріп шығарып жіберді, қасына маңайлатпады. Туғанымнан аялап өсірген ата –анам ұям еді. Сол ұям бүгінде, сия алмайтындай қапас болды, күйім жүдеу, үстімді қайғы басып, құздан құлап өлсем деп, ойлаумен жапа болдым, үмітім бітті, өзегім үзілді. Ұзақ түнді ұйқысыз жылаумен өткізген күнімде болды, - деді.

«Денемді шал сипаған, Құрт жесін деп, Қорланып жылауменен, Күнім өтті. Қор болып, бір жаманға кеткенімше, Қайғылы қан жұтумен, өмір өтті. Араша бір адамның болмағаны, Болса деп, бақытыма үміт етті», - деген жолдарын өлеңмен жеткізді. Данагүлдің мұңын естігеді, біраз ойланып тұрып қалды. Махмет Данагүлдің ақылды қыз екенін бірден аңғарды. Ұзын бойлы, сұлу келбетімен жарасқан киімі, бұрым шашын ұзынғып өріп, алдына жіберген, мөлдір көзімен жалт қарап, иіліп барып амандасты. Жібектей созылған бұраң белі, мәнерлі желеткесімен, әсем көйлегімен жарасып тұрғанын аңғарарсың. Мөлдір көзі, қоюлы қасымен, аппақ жүзіне нұр шашып тұрғандай еді. Махмет бұл іске төзе алмастай, қалып танытты. Тез арада совет басшылары мен ауыл ақсақалдарын, кеңсеге жиналуға бұйрық етті. Ауыл адамдары, кеңсеге көп жиналды, ине шаншар жер болмды. Аудан басшысын көруге келген, әйелдер мен шалдар жайғасып, орын алды. Қоныстанда келіп, қатынасты. Жаңа заманнан күткен күндеріде осы еді. Жергілікті совет басшысы Айдос Сәлменов орнынан тұрып, жұрт алдына шығып сөз алды: Бүгін сіздер жаң құрылған аудан басшысы Махмет Оразалинді таныстырып, сөз берді. Махмет: Сіздер, жаңа заман, жаңа үкіметтің адамысыңдар! Ескі заман ескіріп, заңы тозып, байдан жеріміз тазарып, кедей шаруаның қолына көшті.

Жаңа аудан құрылып, Науырзым жерінде тұңғыш рет шаңырақ көтерді. Ол сіздердің ауданы, келешек ұрпақтың орталығы болмақ.

Халықтың жаппай үлен - кішісіне қарамай, білім алуына, хат танып, жазуына жол ашып, мектептер, аурухана, мәдени ошақтарын салу, айтылғандарды іске асыру үшін, жергілікті құрлыс материалдарын пайдалану керек, колхоз басшыларына қатаң тапсырып, орындалуын бақылайтын боламыз. Тәуелсіз елімізде аянбай еңбек етіп, колхоз жұмысын ілгері бастыруларың, өздеріңнің қолдарыңда. Біз енді көшпелі қазақ емеспіз, тұрақты елміз, алдымызда малымыз бар, егістік жеріміз бар, житін нанымыз бар, соларды тек адал еңбек пен халық болып іске асыра аламыз. Тозығы жеткен заман - ай!

Әліде етектен тартып, ескіге бой ұрғанма? Естіген құлақта жазық бама? Данагүлдің осы бір ойлы сөзін естігенде: Мен бір сорлы жанмын, өмірде орнымды таба алмай, қапаланып қалғанымда рас. Тоқал алып, кәрі шалға қыз ұзату, Данагүлдей жас қыздың, өміріне балта шабуды тоқтату керек, іс насырға шаппай тұрғанда. Оның дәуірі өтті, әйел мен еркек тең правалы. Қалың малға сатуды тоқтатып, қыз өмірін сақтау, әділ заңға жүгіну деген сөз.

Ескінің есіргін басатын, уақыт келді, жағадан алып, дұшпан қылығын жасағандарды, түрмеге тоғытып, малын тығып ұстаған байсымақтарды, жер аударып, Шығысқа айдау қалды, - деді Махмет. Ауылдарды аралап, колхозға біріктірген жерінде, орган адамдарын (сот, милиция, прокурор) алып жүріп, табанда шешімін айтып, заңды халыққа жеткізіп, отыруды әдет қылды. Қалындыққа берген малды, үкіметке алып, «тоқалдықты» көксеген қартты ұстап, түрмеге тықты, қыз әкесіне іс қозғалып, жауапты деп айыптады. Махмет Данагүлді шешесімен, көшіріп алып, аудан орталығынан үй беріп, мәдени - клубтың директоры етіп тағайындады.

Данагүлдің ойы зирек, білімі бар, сегіз қырлы қыз болып, өнер адамдарын ұйымдастырып «қазақ - ансамбылын» құрды, өзінде бірінші болып, ән айтып, өлең шығарды, концерттер қойып жұрт сеніміне кіре бастады. Той - думан, үйлену кештері Данагүлсіз өтпейтін еді. Орталыққа бет алған, бағытын өзгертпей жарқыраған көлді басып, жазық беткейі ұзарып созылған, ақ бидайық толқынымен жарыса түскендей еді. Көгілдір аспанда, күн сәулесін түсіріп жарқырайды. Самал желде бетке ұрып, ыстық қалпын танытып келеді. Алыстан мұнартқан қыр қабағы, таулы дөңес құсап, шексіз созыла тартқанға ұқсайды. Кимелі арбаның сылдыр үнімен жарасқан, бидайық толқыныда ызың қағады. Керуен тартқан ұзын жол, жеткізер емес. Татан жеріде тарихқа толы, перизаттай қылаң беріп, асау тұлпардай аузымен алысқан, қойнау өңірінің сыры өзіне басқа. Айтар адам болса, сан жыр етіп, өлеңге қосуыда ғажап емес.

Табиғат құбылысын паш еткен, ауыл адамдары, өзекті іске, бар ықыласымен мойнын бұрған. Ой мен намыс жаңалыққа сүйрейді. Ағымныңда іздегені осы еді. Арманы орындалып, тұтас елдің бірі болып, қадамын басуға, елең бергеніде осы еді. Татан әулеті осылай шешті. Колхоз құрылып, аймақтар қауырт жұмысқа айналып, дүркірей бастады, бригадаларға ұйымдасып, құрлыс - ғимраттарын сала бастады. Махмет елді қоныстардың, бірін қалдырмай «колхозға» біріктірді, басшыларын тағайындап, нақтылы нұсқау беріліп, орындалуын қатаң тапсырды. Советтерге оқыс, мінез танытып, қоғамға зиян келтіретіндерді, бақылап, хабар етуді ескертті. Махметтің әрбір сапары, ел дағыдырын шешуге арналды, халықта келуін күтіп, бір жақсы жаңалығын естуге асығатын.

Аудан орталығы. Жаңа салынған тамаша ғимратқа «атқару комитетінің үйіне» жинады. Колхоз басшылары мен ауылдық советтер бас қосты. Жиналысқа дейін, салынған құрлыстарды көруге, Махмет өзі бастап, аралатты. Көрікті ғимраттар, аз уақыт ішінде, көл жағасынан бірнеше көше бойлап, өсіп қалғанын көріп, таңданды. Мектеп, Клуб, Почта үйі, аурухана және мекеме үйлерін көрді, қуаныштары қойнына симай, бірін - бірі құттықтап, жаңа үкіметке, жеке Махметтің өзіне ризашылығын білдіріп, қол соғып, құттықтап жатты. Жиналыс басталды. Бірінші болып сөз алған Махмет: «Сұрапыл заманда, жау жағадан алып, дұшпан етектен тартып» тұрғанға қарамай, Науырзым ауданының орталығын салу, 18 колхоз ұймдстырып, 18 советті бекіту, үкімет қаулысын орындау онайға түскен жоқ, бағытымызды бұра тартып, ел ішінде ойран салып, күн сайын кедергілер жасап, онай олжаның ізіне түсіп «мал ұрлап», кедей - шаруаның күн көріп отырған жалғыз сиырын тартып алып, бала - шағасын жылатқаны, жас қыздарды «тоқалдыққа» алуға, қалың мал беріп, қатын етуі, үкімет малын ұрлап, қораға от қойуы, малшыны ұрып соғып, қан етіп табынды айдап әкетуі, бәрімідің есімізде, өзіміздің жерімізде болған оқиғаны ешкім ұмыта алмайды. - деді.

Әліде бұндай оқыс оқиғалар жалғасып жатыр, соларды болдырмай, алдын алу, сезікті адамдарды қалт жібермей, ауданға хабар етуді, қатаң тапсырамын, қорғаштап туыстыққа салынғанға айаушылық жоқ екенін ескертемін «олай болатын болса» қоса бірге қуамын, ауданнан алас етемін. Сол себепті, сіздер елдің бірлігін сақтаймыз, халықпен жұмыс істейміз дейтін болсаңыздар, жауапты сендерден сұраймыз, қатаң талап қоямыз, қолдарыңнан іс келмейтін ынжық болып, жүрсендер орынды босатып кеткендерің дұрыс. Жас қайраты

мол, келешек өмірге бейімі бар, жауапты екенін сезінтін басшы керек. Бұл талап, үкімет талабы, партия талабы, осыны орындайтын адамдар, ел басқарып, біздің соңымыздан еріп жүре алатындар керек, - деді Махмет. Қараңғы түн, ыңыранған шақ, сүгірлердің шоғырлаған жері - Сармойын қопасы. Оты - суы мол, ауылды мекендерді көресің. Бұл аймақ Қараменді советіне қарайды. Болған оқиғаның дүбіріде осында. «Ауру қалсада - әдет қалмайды», - дейді қазақ. Расында солай, Айдос бастаған топ, мал ұрлап, сорлы кедейлерді жылатып, жалғыз сиырына дейін, айдап әкетіп, табын жылқыларға дейін жаудай тиіп, қалың қамыс арасында жасырынып, әрекетін асырып «тонаумен» болды. Бірнеше жыл созылған, оқиғаны естісімен, Махмет милиция жіберіп, қолға түсіруге бел буды. Қаруланған орган адамдары, топқа бөлініп, жолын кесті, айдап әкелген малымен ұстап, қолдарына кісен салып, жайаулатып ат бауырына салып, айдап әкеп, аудан түрмесіне тықты. Кедейдің малдары, қайтарылып жылқыларда иесін тапты. Көктал бойында, осындай сұмдықтың орын алып, халық берекесін кетіргендер, оқыс мінез танытып, колхозға кіруге келген жұртпен, жанжал шығарып, артын төбелеске ұластырған топта белгілі болды. Жауапты адамдарды жіберіп, Махмет өзі барып, халықпен жиын өткізіп, татулыққа шақырып істі басып отырды. Үкімет заңын түсіндіріп, болашақ өмірдің басталып, қадам басып, ел ішіне ене бастағанын түсіндірді.

Молшылық еңбекпен ғана келтіндігін айтты. Шиліні басқаруға, Нөкетайға тапсырды, Төлемісті, өзіне Аудандық атқару комитетінің бірінші орынбасары ғып, тағайындады. Аудан орталығының сот залы. Жиналған жұрт, алғаш соттың ашық түрде өтуіне, ризалық білдіріп, көп жиналды, тік тұрып шешімін күтті. Айуандық істерімен, кедей халықты ұрып - соғып, қан еткен қылықтарын мойындатып «Айдос тобын» Сибирге жер аударып, тұқымын құртты. Төлеміс аудан көлемін бақылап, оқыс оқиғаның алдын алып, болдырмау үшін, жер - жерлерге барып, көпшілікті татулық пен бірлікке шақырды. Қайнаған еңбек, алаңына айналған, ауданның барлық жерінде, дүркіреп үй салу науқаны құлашын жая бастады, мектеп үйі бірінші кезете тұрып, бой көтере бастады. Халық ұмтылысы, жаппай білімге бой ұрып, үкімет саясатын толық түсініп, толқын дүбірі, ауыл - ауылды аралап, қазақ елінің тұтастығын білдіре бастады.

Кедейшілікті артқа тастап, ұйымдасқанда ғана, тіршілікке қол жеткізіп, аш - жалаңаш болмайтынын, тамағы тоқ өмір сүретін жап-

пай түсінген халық, тобымен ұйымға кіріп, үлкен мекенге айнала бастады. Қызылту мекені. Қалың ағаштар мен қырат бойынан орын тепкен, аймаққа ауданның барлық еңбек адамдарын шақырып, ауданның «бір жйддығын» атап өтуге жиналған халықта, көп жиналып, болмаған өмірдің куәсі, естерін алып қуаныш бірліктің бақытына бөленгендей, толқумен болды. Махмет бастаған аудан басшылары, бірден өздеріне назар аудартып, стол басына жайғасты. Бірінші сөз алған Махмет шешендік тілімен, ашық дауысы көпшілікті бірден орап алды: «Бір жыл ішінде, аудан тұрғызып, тамаша көшелерімен сәулетті үйлер мен мекеме ғимраттары бой көтерді, мәдени ошақтар мен дүкендер салынып халық игілігіне берілді. Үлкен мектеп салынып, аудан балаларының оқуына жол ашылды, аурухана мен монша құрлыстарыда бітуге жақын», - деді сөзін жалғастырып, барлық аймақтармен жаңа ұйымдасқан 18 колхоз, мекенді құрап, құрлыс қарқынын күшейтіп, саманнан тамаша етіп биік, әрі жылы үйлерді тұрғызып, мектепті салуды бастапта кетті, ел болашағы сауатты азаматтар ел тірегі емеспе?

Соны есімізден бір сәт шығармауымыз керек, - деп қадап айтты. Сонда ғана, елдің де жердінде даңқын шығара аламыз. Бәріңеде, тапсыратыным «тыныштық» болса бәріде болады, бұқара қалықты сондарыңнан ерте білсең, олар таудыда қопарады, өрісіміз кеңейіп, тұрмысымыз жақсарады, өткеннің бәрін ұмытып, «адал еңбек етсеңдер ғана» қол жеткіземіз», - деді. Махмет сөзіне ду қол шапалақтаған халық, орындарынан тұрып «қошемет» көрсетті, батасын берген жұрт назары көпке дейін басылмады. Әр колхоздан тігілген, ақотауға ас беріліп, ат жарыс пен күрес балуандары күш сынасты.

Төлеміс басқарып, той - думанның жалғасы, Данагүлдің басқаруымен аудан жастарының үлкен концертін көруіне хабар етті. Көк алаң, қалың ағаш етегі, көлеңке тартып, таз ауа исімен дем алған халық легі, келіп жайғаса бастады. Жаздың құлшырған шақ, мереке күнін, әсемдеп сұлу табиғатымен өзіне тартып, құлпыра түскендей сезінесің. Бір сәт, алаңға қызыл - жасыл киінген, қыз - келіншектер мен жігіттер тобы келе бастады. Басында камшат бөрігі, ойулап тігілген қызыл камзелі, бліме жарасып, ұзын көкшіл көйлегі, атлас түрімен жарқырап, алдына түскен қомақты ұзын шашы, сұлу жүзін келбеттендіріп, жарқын қабағын көрсетіп жұрт алдына шыға келді. Ашық дауысы, ән үнімен жалғасып, көпшілік назарын бірден аударды. Асқақ ән толқыны, алаңға тарап толыстамады. Көңілдері көтерілген, халықтың қол соғысы Данагүлдің ән айтуын, сұраумен

болды. Өмірде болмаған, тойға ырза болған халық Махметке «ри-  
зашылығын білдіріп, үлкендер батасын беріп» жүректерінде қуа-  
ныш оты билегендей, болашақ өмірдің кілтін ашқан Махметке  
сеніммен қарап, топтасқан халық легі, соңынан ере берді.

Шилі өңірі. Қаракен ұсталып кеткелі Тотығыс әжеде төсек тар-  
тып жатып қалды. Жалғызынан айырлып, жылаумен күнін өткізіп,  
күйініш болып өте берді. Жалғыз сиыр, от бсында күнгеріс береке  
қаша бастады. Ағайын - туыста «халық жауы» деген сөзбен сырттай  
бастады. Аудан басшысы бұл жайды естісімен, келген еді. Ойы өз  
көзімен көріп, Қарекен үйіне келіп бас сұқты. Тотығыс –әжеде ба-  
сын көтеріп, Махмет дауысын бірден таныды: «Бардық жағыдайды,  
Нөкетайға тапсырып, сауын сиыр, отын - шөп, әкелтіп береді, - деді,  
алыста болсамда, жағыдайыңды біліп тұрамын, уайымды қойып,  
Қаракен келгенше от басына қараңыз. Махмет сөзі күш беріп, қуат-  
тана бастады. Аудан орталығына колхоз басшыларын жинады.  
Әңгіме табиғи байлықты пайдаланып, өзен - көлдерден балық аулау  
ұйымдасып, бригада жасақтау, аң аулап, қыстақтарды қасқырдан  
қорғап, мал басын сақтау сөз болды.

Сөз алған Махмет: «Балық табиғи байлық - халық тамағы» ау  
құрып, қайықтар алғызу керек, бригада ұйымдастырып, ыңғайлы  
адамдарды тарту, орынды мәселе болмақ, екіншісі ел ішінде қан-  
шама аңшлар, түлкі, қоян алып, қасқырдыда тобымен соққан Абен  
еді, тәжрибе алу, құмай тазы ұстап, қыс малшылар мұңын қорғау ба-  
сты міндет», - деді. Өркенін жаңа ғана жайып, ауыл топтасып, шару-  
ашылық бір қалыпқа түсе бастады. Суық хабар, лезде тарап үлгірді.  
Аудан таратылып, Голошокиннің бұйрығымен болғанын хабар етті.  
Ол кезде Орталық комитетің бірінші хатшысы Голошокин болатын,  
кейін «халық жауы» атанып атылып кетті. Ел тағыдыры тағыда қыл  
үстінде тұрды, еңсесі түскен халық қатты қиналды. Айтқан сөз, есіл  
еңбек еш болды. Шолақ үкім жасаған Голошекин бастаған топ өлім  
жазасына кесілді. Махмет басқарма төрағасы болып, қайта оралды.

Халқы қуана қарсы алып, колхозды ірілендіру ісі тапсырылды.  
Шилі колхозы іріленген шаруашылыққа айналды. Көршілес Құмж-  
ота ауылы, қыр қабағынан орын тепкен, ерназар - сүгір жері бола-  
тын. Сол аймақтың шақыруымен Махмет пен Төлеміс жолы түсіп,  
келген еді. Аңшы, бүркіт салып аң аулайтын «кәсіби» адамдары көп  
деп еститін. Міне бүгін соларды, көзімен көріп, қайту болды. Ауыл  
қыратының, астына жиналған топтың ішіне келіп кіріп кеттік. Қарсы  
алғандардың ішінде Аманболған мен Нұрашты бірден көзіміз  
шалды, қол алысып, бірден әңгімеге тартып, бүкітші Жетен бүркітін

мақтап көпіре сөйлеп, алып жөнелді. Аманболған жымия күліп, сөзін ерсі көріп, Нұрашқа көзін қысты. Қыста асырап, жазда баптап, ырықатын көрмеймісің, деп ашу қабақ танытқан Аманболған Жетенге қарап сөз етті. Жетен жалма жан, қашқан қоянға қарай бағыттап, қолынан ысырып, қоя берді. Алып ұшқан бүркіт ағымы, қанат соғысымен құлатыпта үлгірді. Жетен келгенше басып отырған тұяғын босатып, иесіне табыстады. тағыда бүркітшілер тобы «қиқуға» салып, қашқан екі түлкінің соңына түсті, алып соғып табанына салған түлкі дағыдыры, бүркіттердің құрсауынан шыға алмады. Олжа көбейіп, Аманболған көңілі өсіп, Жетеннің арқасынан қағып, мақтап бір қойды. Жетенің бүркіті жай бүркіт, аюлы баспандай аяғы, дәу денесінің өзі, ірі қойдың қоржыған түрін көргендей мәз боласың. Қонақтарға ас дайындалып, Жетен үйіне кіріп бас сұқанда, аяқтан төрге дейін түлкі мен қасқыр терісі төселіп, қабырғаға дейін қасқыр ішіктері мен еліктің терісінен жалаң шапан ілінген. Әсем жиналған құс жастықтықтар мен кестелі көрпелер сән беріп, құс мамықтар мен жинастырылған. Жетен қонақтарды, қарсы алып, жұмсақ көрпелер төселіп, құс жастықтар беріліп, төрге жайғастырды. Еліктің етінен қуырдақ жасалып, астаумен дастарқан үстіне қойылды. Аңшы деп осыны айт, қаншама өз шаруасын тындырған, - деді Төлеміс. Асырып, мақтап жібердіңдер, - деді Аманболған, біздің арқамыз, қыспадық - еркіне қоябердік.

Махмет: «Қол қақпау керек, Жетендей адамды көбейтіп, соңына ерте білу керек, - деді. Ертең қылышын сүйретіп қыс келеді, қыстақтарға қасқыр үйір болып, малды табынымен жеп қояды, тосқауыл болар тек бүркіт пен тазы емеспе?! Аманболғанда қостап: «Махмет сөзі орынды, көп болып көбейткеніміз дұрыс», - деді. Төлеміс мырс етіп күліп жіберді де: «Өзімде білгем, қуырдақ жегенсоң, райыңнан қайтатыныңды, - деді. Естіген жұрт, бәріде қарқылдап күлісті. Махмет: Бүркітші өте тәжірибені керек етеді. оның қай уақытта, қай кезде жіберуі, қалай жіберуі, - осының бәріне ұстамдылық, айлакерлік, ұқыптылықты керек етеді, - деді.

Соның бәрі Жетеннің бойында бар екенін аңғардық. Шынындада солай, ақыл ойды талап етеді, - деді сөзін жалғастырып, Аманболғанға бұрыла қарап, сен енді осылардың ақылшысы болып, Жетеннің соңынан еретін, топ құрып, ұйым жасасаң, малшы қауымның «мақтанышы» болар едің, - деді. Жетен қонақтардың сырын тындап, Нұрашқа ымдап, бүркітке бап керектігін ескерттіде, үйден шығып, айналды. Жем - сауын қамдап, күш алғызып, тағыда аңға қосуды бетке ұстады. Махмет көңілденіп: Бәрімізде соңын еріп,

байқайық «бүркіт - лашынның» қалай алып, құс қанатымен соғатынын бақылайық, - деді. Жетен: Әкеден қалған мұра, асыл құстың тұқымы еді, - деді. Сыртқа шығысымен аттарына мініп, Жетеннің соңына еріп, қырат мүйісіне бет бұрды.

Мұнда қоян мен түлкінің ордасы болатын, ескерткен Аманболған жотадан түсе бергенде қоянды көзі шалып: «Әне кетті қоян!» деп айғайлап жіберді. Жетен бақылап келе жатқанын сездіріп «лашынды» тез бостыпта үлгірді. Биікке ұшып, аспанда қалықтап, бағыдарлап алған бойында, құлдилап төмен зулаған бойында, қанатын артына тартып, аяғымен бүре соғып, қоян үстіне барып, лап етті. Екпініне төзе алмаған қоян, жалып етіп, лашын астына жата қалды. Аяғын босатып, Жетен құсты қолына қондырды, олжасын үзеңгіге байлап, жазыққа бет алды. Жотадан үлкен түлкі шығып, қырат бетіне жол тартты. Жетен, құсын сипалап, қос қолымен көтере беріп, тағыда бостып жіберді. Ұшқан құс аспанда кеңістік алғадай, самғай түсіп, түлкінің соңына қарай, түйіліп келеді, шүйіліп келе, бүре ұмтылғаны, қос аяқтың тұяғына іліктің ау дегенше, жалып еткізіп, құлатып үлгірді. Көрністі тамашалаған Махмет іштей ырза болып, осындай жігіттердің көп болғанын қалады, келер күнде басын қосып, бүкіл аймақтың тың шеберлерін жинап, қасқырға салу есінен кетпеді. Кереметтің куәсі болған Махмет пен Төлеміс Шилиге бет алды. Олжа! - деп асыққан Нұрашта торысымен тоқтады. Екеулеп құсты апарып қолына қондырған Жетен, тағыда жіберіп көрсек деген ниет білдірді. Қарқылдап күлген Нұраш: Өзімде ойлап келе жатқан едім, бір жерден шықтық, - деп наз етті. Қырат жотасын сүзіп, талды мүйістерге бет алды. Жарық сәулесін жасырмаған, аспан күмбезі бұлтсыз болатын. Ештеңе байқалмады. Нұраштың ендігі ойы: Жаратқол қойнауына бет дүзесек қалай? - деп Жетенге жақындады. Көңілі тояттаған құс әлпеті жақсы көрінді. - Барсақ барайық! - деп Нұраш соңынан ілесті. Тыныш аймақ, аңда осында өзенге қонған құстар дауысы қаңқылдап шығып, алыспен үндескендей. Жаратқол деп текке айтпаған! - деді Нұраш: Шынындада, бірақ жер өткел болса, оның өзі тік жарды басып жүріп келуімізде осыдан! - деді. Басын изеген Жетен құлағын салып тыңдаумен келеді. Бір кезде, шоқ тал түбінен атыла шапқан қасқырды көріп, қапаланып қалмасы барма? Жетен тік тұрып, бойына күш жинағандай, сәл ғана айалдап, құсты тез жіберуге асықты. Нұрашта көмектесіп, лашынды ұшырып жібергенін бірақ аңғарды. Ұшқан құс апанға тік көтеріліп, жан - жақты бағыдарлап, қалықтап ұшып келеді. Нұраш алыстан тамашалап: бүркіттің бағымы дұрыс болса «атан түйеніде алады»!, -

деген еді. Расындада, солай болды, құстың әрбір ұшқан бағыты, дұрысқа шығып, олжалы болатынын айтып, Жетенде маз болып, қасындағыларға ағынан жарылып жатты. Бірден қос қабатты, жез тырнағымен басынан бүріп, сілдесін шығарып үлгірді.

Басынан соққан қос қанаттың, екпін - күші, ойсырата жерге бұқтырып, тұр алмастай құлатты. Дарқан даланың аң - құсқа бай кездері «олжаға» бақаның сұлу табиғаттың тартуы деп қаласын. Жетен жанындағы, достарыда көбейіп, енді 5 - 6 бүркітпен шығуға, бел байлады. Қырат маңынан мекен жасап, малды ауылға топ қасқырдың бару жолын кесті, қар түсісімен, аттарына мініп, тазы ертіп, бағыттарын түзеумен болды. Аудан кезінде, ел жағыдайын біліп отыруды Махмет қалт жіберген емес, «Түбек» колхозы құрылып, Алменов Сұлтанды тағайындағаныда, өзі болатын, көпшілікті біріктіріп, мал мен егін салуға күштеген еді.

Төңкеріс заманның кезі болатын, жаңа үкімет орнап, халық өз бостандығын ала бастады. Ел ішінде, Досмағанбет болыстың, жүргізген патша саясаты, шайылып, жыраға аққан су құсап, кете бастады. Бірақ жесірмдеп, Ағайшаны ешкімге бермей, үй маңына сақтады. Жан адамға сөйлестірмей, алам деушілерді қуып, күзет қойды. Ағайша жастың сұлуы - ақылды келіншек болатын, жұрт қызыққан үмітін жасырмай, сөз алалмай тауыннан шағылып, күдерін үзгендер қаншама дерсің? Сүлеймен жастың жанып тұрған, қарулы күші бар, өте өткір жас жігіт болатын. Ойына алған мақсатын орындаумен тынатын. Алғаш көргеннен - ақ Ағайшаны ұнатып, жасырын сөз салып, алып қашуға бел буды. Досмағанбет беделі, ел ішінен кетпеді, бірақ Сүлеймен жаңа үкіметті пайдаланып «тең провалығын» сақтап, қос атпен алып қашты. Қараңғы түнде жол кезіп, алысқа кетіп бөтен жерді пана етті. Біраздан соң, елге оралып, заңды бетке ұстап, Досмағанбеттен «еншісін» талап етіп, бір үйір жылқысын қайтарып алды. Жендеттері қорқып, Сүлейменге бата алмады. Қарулы жігіт, өткір, пысықтығымен болыс Досмағанбетті жеңіп «іс әрекетін» табанға салды.

Ағайшамен Ақ күшік пен Түбекке келіп тұрақтады. Колхоз басқарды, мал өсіріп, шаруашылықты кеңейтіп, егінде өсірді. Халық тұрақтап, еңбек етіп, күн көрісін молайта бастады. Ел бірлігі, жер бірлігі қалыптасып, көшіп келушілер көбейді. Қанша қиын кезеңдерді басынан өткізіп, моймады шаруасын жүргізіп ел - жұртын сақтай білді. Баласы Дияр туып, той жасады, ақылды азамат болып өсті. Жасынан оқуға алғыр, кейіп танытып, ауыл балаларын оқытып білім берді. Сөзге шешен, журналистік қабылетін байқаған,

аудан басшылары «редактордың орынбасары» етіп тағайындады. Колхоз аралап, орынсыз істерді жіберген, жауапсыз басшыларды сынап, орындарынан қуды.

Газет беттеріне жариялап отырды. Сұрапыл соғысқа алынып, Москва түбіндегі шайқасқа қатынасып, Берлинге дейін барып, жеңіспен елге оралды. Жас жігіт кезінде Бегділда мен Сұлтаннар Махметпен бірге болып, ағайындық араларын үзген емес, ақыл - көмектерін беріп, «тар жол - тайғақ кешу» заманында біріне - бірі қол үшін бергені айғақ. Махметтің ісін жалғаушы, жиенбеттің «асыл» азаматтары, халқына қызмет етіп, ру тұтастығын сақтады, елін - жерін, ауыл мекенін сақтады, қалың орманы мен сылдырлап аққан бұлағын, табиғаты сұлу, әсем аймағын қорғады. Қарасай (Шолақсайды атайтын) жерінде, Сауда орны «Рабкопты» басқарып 20 - 30 жыл қызмет еткен Утин Есмұқан мен Бегділда Ихтиляпов, ауыр жылдары түйемен қаладан, халыққа керек киім - кешек, товарлар тасып, колхоздардан дүкендер ашып, ауыл жұртына қайырымдылығын аямады. Жетім - жесірлерге көмек етті, қысылғанда несие беріп, жолын тауып, ауыл адамдарын бауырына тартты. Ақтас Тұрмағанбетов, Мақанов Латыптар адал еңбек етіп, өз халқына силы болып, атақтары «ел аузында» сақталып келді. Махмет салған сара жол «Шилі» колхозының орнына «Первая семилетка» совхозы орнады. Тың көтерілді, Махмет армандаған жаңа өмір басталып, алып техникалар егіс даласында, шалқыған аймақтарды меңгеріп, астық тасқынын мол етті. Өріс - өлкелер малға толды.

Махмет Оразалин тұңғыш рет, өзі бастап құрған Науырзым ауданы, бүгінде Қараменді жерінде орнай бастады, бірнеше совхоздар кіріп, әсіресе «Козлова» совхозы, 100 мың гектар егіні бар «гигант» болып орын тепті. Өскелең заман талабы, өзгеріп әулет - рудың жаңа толқындары еңбек ете бастады. Қайран елім - жерім, туған ауылым деген Махмет өмірден өтседе, «өмірін жалғастырар» ұрпақтары қалды. Құдайға шүкір, Махмет Оразалиннің сегіз немересі Махметов болып, «ата өмірін» жалғап келеді. Туған бауыры Ахметте ұмытылмас, із қалдырды, мал өсіріп, қоныс басқарды. Махметтің құдасы Сүлеймен болса, келіні Азира Махметова медицина саласында бірнеше жыл еңбек етіп, медсестра және фельшерлік қызыметтер атқарды. Аудан орталығы. Мұғалімдер жиналысы. Мінбеге Нұрсұлтан Шайкенов көтерілді. Ұзын бойлы, келбетті келген, ажарлы жігіт, сөзге шешендік танытып, ашық дауысымен, кезек күттірмейтін мәселелердің бетін ашып, жұрт көңілінен шығып жатты. Ду қол соғып, «рахметін» айтып, ризашылық білдірді. Мұғалімдер талабын,

тиісті орындарға жеткізіп, өзекті жайттерді сөз етті. Ол кезде Соснов орта мектебінің директоры болатын. Жасынан ауыл халқына жақын, ел ағасы үлкен жиындарды басқарып, шешендік - ашық дауысымен жұртына қуанышты жеткізе біліп, талантты ұйымдастырғыш қабілетімен көпшілік алдында, көріне білді. Халық Нұрсұлтанды қадір тұтып, ел ағасы «мақтанышы» болып, бетке ұстады, үміт артты.

Өзінің іскерлігімен, қаншама жастарды тәрбиелеп, Қазақстан елінің таңдаулы азаматы етіп, білімді, ақылды, салмақты жігіттерді тәрбиелеп өсірді. Нұрсұлтан - ағаны «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деп құрмет тұтамыз. Оның ағалық қамқорлығы, айтылған кеңесі, ұлағаттық сөздері, көпшілік есінен шығармайды «ұмытылмас» қасиеті «ел ағасы» деп біледі. Науырзым ауданының орталығы. Қараменді ауылы. Жамбыл орта мектебінің алаңы. Тамаша етіп, безендірілген, орындықтар қойылып, шоқ гүлдерге толы, қызылды - жасыл маталар ұсталып, көк жалаулармен безедірілген. Жиналған жұрт ауыл - ақсақалдары мен қызметкерлерге толы, жастарда көп жиналған.

«Махмет Оразалинге - мамерилдық құрмет тақтасын» ашу салтанаты еді. Мінбеге аудан әкімі Балгарин Амантай көтеріліп, сөз алды. Ол аудан өмірінің тарихын Махмет Оразалинге арнап, 1928 - 1930 жылдары, аудандық атқару комитетін басқарған, тұңғыш рет ұйымдастырушы, талантты комунист екенін жария етті. Сұрапыл заманда жол тауып, халқын аштықтан құтқарып, білімді, сауатты етіп тәрбиелеуге жол ашты. Халықтың ер жүрек, өткір ақылды азаматы «ел мақтанышы» Махмет Оразалинге арналған «құрмет тақтасы» ашылуын хабар етті. Желбіреген көк матамен жабылған тақтаға жақындай келіп, Махметұлы Жаңбыртай мен Балгарин Амантай лентасын қиып ашып жіберді. Бірінші болып сөз алған Нұрсұлтан Шайкенов: Мен ол кезде жас болсамда, әкенің әңгімесін, айтқан дана сөздерін бойыма көп сіңірдім. Махмет жалынды жас жігіт, сөзге өте шешен, халық алдында сөйлегенде, жанып түсетін, айтқан тапсырмасын орындатып, қаталдылығымен халықты соңынан ерте білді, - деді әкеміз. Ол кезде, нан жоқ, күн көріс төмен, бір жағынан Сталиндік «репрессия» жазықсыз жандарды, атып тастаумен болды.

Өзінің өжеттігімен Махмет халықты біріктіріп, тұңғыш «Шилі» колозын құрды, мал өсіріп, егін салды, халқын аш қылмады. Оқу - білім ошағын орнатып, жаппай сауатсздықты жоя бастады. Сондықтан болар, тұңғыш ашылған Науырзым ауданын ұйымдастырып, өте керемет қабілетінің жоғары екенін байқатты. аудандық атқару комитетінің председателі болды, - деді. Астана салынды.

Жаңа Қазақстан аталып, бүкіл дүние жүзіне атағы жайылды. Сұлу қаланың көркі, көз тартып, болашақ жастар қаласына айналды. Президент жанындағы, харқаралық ұйымында қызмет атқарған Махмет немересі, Жомарт Махметов Қазақстанның тәуелсіздігін паш етіп, Россия, Қытай, Украина, Орта Азия елдері, Сингапур және Комбодже елдерін аралады. Малік Махметов изберкомда бөлімді басқарады, Марат Махметов, академия бітіріп, Темір жол Минстерствосында қызмет етеді. Габит Махметов Жаңа технология Минстерствода, генплан, генпроектіде жұмыс атқарып жүр. Акорда алдынан басталған 2,5 км. «Фонтан» проектісіне қатынасты. Махметтің құдай берген тілегі: 8 немересі, 12 шөбересі «ата» жолын қуып, өмірін жалғастыруда. Жомарттың баласы Мади Жаңбыртаев «Назарбаев университетінде» гособеспечениеммен оқып жатыр.

Туған бауыры Ахметті біз көкем Бағытжан екеуміз «бапа» деп атаймыз, олда біз дегенде жаны жоқ, құдай маған бала бермеседе, тәтем Махметтің «қос құлыны» аман болса екендеп тілейтін, сол «бапамның» балалары: Борантай мен Төлеутайдан, 11 немере 17 шөбересі өсіп келеді. «Орында бар - оңалар» деген қазақтың асыл сөзі, «алланың бергеніне тәуба айтып» - құлшылық қылумен келемін.

1941 жыл. Ұлы Отан Соғысы басталды. Отан қорғау үшін азаматтар майданға аттанып жатты. Желтоқсан айы. Қақаған суық. Ауыл азаматтарының бір тобы бірнеше атшанамен, жаяулап жолға шықты. Сонда ауыл адамдары ілескен лек-лек топ әлі жүріп келеді. Жылаған бала мен жылаған жардың дауысы естіледі. Күйзелген халық Махметті жолға шығарып, баяулап барып тоқтады. Әркімді «енді не болмақпыз» деген ой мазалап келеді.

Махмет көпшілікке қарап:

– Ал, халайық артта қалып барасындар, Отан қорғау біздің борышымыз, келешек ұрпақты сақтау керек. Елдегі сіздер бір-біріңізге сүйеу болыңыздар. Бірліктен айрылмаңыздар, – деп бастап быраз жылы сөздер айтты. Махмет балаларының бетінен кезек-кезек сүйіп, қош айтысты. «Жылама, балаларды бақ», – деп Құндызға қайта-қайта тапсырып жатты. Сол кезде ең үлкен Бағытжаны 5 жаста болатын. Есін білген ол әкесінен айрылғанын біліп, жылаумен көзі ісіп кетіпті. Сол кеткеннен Шұбаркөлге барып аялдады. Олар сол жерден бір жарым айдай әскери дайындықтан өтті. Мақанмен бірге жерлесі, әрі құрдасы Ертай Нұғымановта болатын. Көп ұзамай олар №267 атқыштар құрамына тіркеліп, Курск майданына бет алды.

Жарты жылға толмас уақытта жалғыз бауыры Ахмет Оразалинді де әскер қатарына алды. Мақаннан екі-ақ рет хат келді. Бірақ ел үмітін үзбеді. Елде қалған жас, кәрі аналар қарап отырмады. Белді буып майданға кеткен азаматтардың орнын басты. Жылдар зымырап өтіп жатты. Ел ішіне күңгірт-қайғы орнағандай болды. Жер дүниенің ындыны кеуіп, қурап барады. Қарағайлы сайдың мыж-мыж біткен қалың қабағын қуалай өскен талмен аралас ұйыса біткен биік жусанда күн қаңбағын бөздей өңіп кеткен. Осынау койнауа Ақжарға қарай жыралы сайдан кейін Серпілер жалпақ жазыққа біткен бидайыда сарбалақталып қалған. Өнешінді кептірген Ақан мен Бабашалдың шөліндей демінен жалын шыққан аңызак тірлік біткенді тұншықтырып тұр. Шаңырақ мүйіздерін тынымсыз шайқап қойып, ыңырана қозғалған қызыл-қасқа өгіздің сырт-сырт еткен аша тұяқтары ғана төңіректегі болмашы тірлікке белгі бергендей. Әукесі салбыраған жасаған қызыл-қасқаның қыр арқасына қонып алған, балтыры тілім-тілім, сидаң сирақты сары бала самайынан сорғалаған ащы терді өңі тайғанша көйлегінің жеңімен сүртініп әуре. Ернін жалап, әлсін-әлсін тамсанып қояды. Тырманың алқымына нығыздалып тығылған шөп қарасын байқаған бала сол жағында қалып бара жатқан шөмеленің тұсына жете беріп тоқтады. Жерге қарғып түсті де өгіздің күлтiген беріш мойынын жармадан босатып, шөмеелеге беттеді. Кеспектегі су жылымшы жылып кетіпті. Ожауды басына бірақ көтергісі келіп тұрды да, Құндыздың «жылымшы суды ішкенімен сусының қанбайды, қайта ішінді. Бұзып әлек қылады», – деген ақыл есіне түсіп, кебірсiген таңдайын жібітерліктей аузын шайды. «Шіркiн апамның суық айраны боларма еді. Үлмекен әжем жалғыз ұлы Қоғабайды соғысқа әкетісімен қызының қолында болып үй шаруашылығымен балаларын бақты.

– Айран болғанда қандай, Қасықты шаншып қойсаң тік тұрады ғой шіркiн» Кеспектен ожау батырып тағы да су ала бергенде кәдімгі өзеннің бақасы тырбаң етіп ыршып кетті. Тура ожаудың ішінен ыршыды.

«Ә, сайтандар-ай, ауылдағы тас бұлақтан су әкелуге ерініп, іргедегі сасық өзеннің суынан алған екен ғой. Анадан салмадан басқа шықты деп қостың басын азан-қазан қылған. Болашақтың сөзі шын болғаны ғой. Әйкүміс әжем қосты айнала қуып бишараға күн көрсетпек еді.»

Шөмеленің түбіне отыра берген бала аң таңырды тесіп жіберердей тасырлата шапқан тай тұяғының дүбірінен елендеп атып тұрды. Шөпшілерді бетке алып әлдекім құйғытып келеді. Кімде

Жаңа Қазақстан аталып, бүкіл дүние жүзіне атағы жайылды. Сұлу қаланың көркі, көз тартып, болашақ жастар қаласына айналды. Президент жанындағы, харқаралық ұйымында қызмет атқарған Махмет немересі, Жомарт Махметов Қазақстанның тәуелсіздігін паш етіп, Россия, Қытай, Украина, Орта Азия елдері, Сингапур және Комбодже елдерін аралады. Малік Махметов изберкомда бөлімді басқарады, Марат Махметов, академия бітіріп, Темір жол Минстерствосында қызмет етеді. Габит Махметов Жаңа технология Минстерствода, генплан, генпроектіде жұмыс атқарып жүр. Ақорда алдынан басталған 2,5 км. «Фонтан» проектісіне қатынасты. Махметтің құдай берген тілегі: 8 немересі, 12 шөбересі «ата» жолын қуып, өмірін жалғастыруда. Жомарттың баласы Мәди Жаңбыртаев «Назарбаев университетінде» гособеспечениеммен оқып жатыр.

Туған бауыры Ахметті біз көкем Бағытжан екеуміз «бапа» деп атаймыз, олда біз дегенде жаны жоқ, құдай маған бала бермеселе, тәтем Махметтің «қос құлыны» аман болса екендеп тілейтін, сол «бапамның» балалары: Борантай мен Төлеутайдан, 11 немере 17 шөбересі өсіп келеді. «Орында бар - оналар» деген қазақтың асыл сөзі, «алланың бергеніне тәуба айтып» - құлшылық қылумен келемін.

1941 жыл. Ұлы Отан Соғысы басталды. Отан қорғау үшін азаматтар майданға аттанып жатты. Желтоқсан айы. Қақаған суық. Ауыл азаматтарының бір тобы бірнеше атшанамен, жаяулап жолға шықты. Сонда ауыл адамдары ілескен лек-лек топ әлі жүріп келеді. Жылаған бала мен жылаған жардың дауысы естіледі. Күйзелген халық Махметті жолға шығарып, баяулап барып тоқтады. Әркімді «енді не болмақпыз» деген ой мазалап келеді.

Махмет көпшілікке қарап:

– Ал, халайық артта қалып барасындар, Отан қорғау біздің борышымыз, келешек ұрпақты сақтау керек. Елдегі сіздер бір-біріңізге сүйеу болыңыздар. Бірліктен айрылмаңыздар, – деп бастап быраз жылы сөздер айтты. Махмет балаларының бетінен кезек-кезек сүйіп, қош айтысты. «Жылама, балаларды бақ», – деп Құндызға қайта-қайта тапсырып жатты. Сол кезде ең үлкен Бағытжаны 5 жаста болатын. Есін білген ол әкесінен айрылғанын біліп, жылаумен көзі ісіп кетіпті. Сол кеткеннен Шұбаркөлге барып аялдады. Олар сол жерден бір жарым айдай әскери дайындықтан өтті. Мақаңмен бірге жерлесі, әрі құрдасы Ертай Нұғымановта болатын. Көп ұзамай олар №267 атқыштар құрамына тіркеліп, Курск майданына бет алды.

Жарты жылға толмас уақытта жалғыз бауыры Ахмет Оразалинді де әскер қатарына алды. Мақаннан екі-ақ рет хат келді. Бірақ ел үмітін үзбеді. Елде қалған жас, кәрі аналар қарап отырмады. Белді буып майданға кеткен азаматтардың орнын басты. Жылдар зымырап өтіп жатты. Ел ішіне күңгірт-қайғы орнағандай болды. Жер дүниенің ындыны кеуіп, қурап барады. Қарағайлы сайдың мыж-мыж біткен қалың қабағын қуалай өскен талмен аралас ұйыса біткен биік жусанда күн қаңбағын бөздей өңіп кеткен. Осынау койнауда Ақжарға қарай жыралы сайдан кейін Серпілер жалпақ жазыққа біткен бидайыда сарбалақталып қалған. Өңешінді кептірген Ақан мен Бабашалдың шөліндей демінен жалын шыққан аңызак тірлік біткенді тұншықтырып тұр. Шаңырақ мүйіздерін тынымсыз шайқап қойып, ыңырана қозғалған қызыл-қасқа өгіздің сырт-сырт еткен аша тұяқтары ғана төңіректегі болмашы тірлікке белгі бергендей. Әукесі салбыраған жасаған қызыл-қасқаның қыр арқасына қонып алған, балтыры тілім-тілім, сидаң сирақты сары бала самайынан сорғалаған ащы терді өңі тайғанша көйлегінің жеңімен сүртініп әуре. Ернін жалап, әлсін-әлсін тамсанып қояды. Тырманың алқымына нығыздалып тығылған шөп қарасын байқаған бала сол жағында қалып бара жатқан шөмеленің тұсына жете беріп тоқтады. Жерге қарғып түсті де өгіздің күлтiген беріш мойынын жармадан босатып, шөмеелеге беттеді. Кеспектегі су жылымшы жылып кетіпті. Ожауды басына бірақ көтергісі келіп тұрды да, Құндыздың «жылымшы суды ішкенімен сусының қаңбайды, қайта ішінді. Бұзып әлек қылады», – деген ақыл есіне түсіп, кебірсiген таңдайын жібітерліктей аузын шайды. «Шіркiн апамның суық айраны боларма еді. Үлмекен әжем жалғыз ұлы Қоғабайды соғысқа әкетісімен қызының қолында болып үй шаруашылығымен балаларын бақты.

– Айран болғанда қандай, Қасықты шаншып қойсаң тік тұрады ғой шіркiн» Кеспектен ожау батырып тағы да су ала бергенде кәдімгі өзеннің бақасы тырбаң етіп ыршып кетті. Тура ожаудың ішінен ыршыды.

«Ә, сайтандар-ай, ауылдағы тас бұлақтан су әкелуге ерініп, іргедегі сасық өзеннің суынан алған екен ғой. Анадан салмадан басқа шықты деп қостың басын азан-қазан қылған. Болашақтың сөзі шын болғаны ғой. Әйкүміс әжем қосты айнала қуып бишараға күн көрсетпек еді.»

Шөмеленің түбіне отыра берген бала аң таңырды тесіп жіберердей тасырлата шапқан тай тұяғының дүбірінен елендеп атып тұрды. Шөпшілерді бетке алып әлдекім құйғытып келеді. Кімде

болса шұғыл шаруамен жүрген біреу, әйтпесе мына ыстықта ақ сабын етіп айдап не көрініпті. Досқали болмаған. Ол болса тап-тал түсте өгізді қаңтарып қойып жатуын қара, мына иттің деп бір сабап алары сөзсіз. Аттылыдан көз алмай тұрған Бегалының жүзі жылып жүре берді.

– Мынау мылқау ғой – Қызымбек жетім бала, әкесін халық жауы деп ұстап кеткен, содан оралмады. Жастай еңбекке араласып, бұдан бір жыл бұрын таңертеңгі сағат бесте келіп, аяғынан қостан суырып алып Досқали Қазымбекті қарақұстан Тобылғының сабымен беріп-беріп жібергенде айғайлап бақырған баланың бірден үні өшіп, сылық етті. Тілі байланып бірнеше ай жатып әйтеуір қатарға қосылғаны да осы ғана. Бір топ бала қотан ортасындағы тас жолдың түбінде асық ойнап естері шығып жатқан. Үсті басы алым-салым, аузынан сілекей аққан Қызымбек жетіп келді.

– Балалардың көбі бытырай қашқанда табаны жерге жабысқандай есі кетіп, орнында сілейіп тұрып қалған.

Қашып үлгермеген бірер бала үрейлері ұшып, жер тепкілеп бақыра жөнелген. Бірақ Қазымбек ешкімге де тиген жоқ. Бет алдына ыржалантап бірдене деп былдырлай берген. Сөйтсе Қазымбек балаларға тимейді екен. Үлкендердің үрейге үйірсек алып қашты дақпырты болып шықты. Келе-келе қара көрінсе қалмайтын жетім козыдай балалардың соңдарынан. Салпақтап еріп жүруді шығарды. Ер-азаматы сирек қалған ауыл да басы артық адам болсын ба бұл күнде. Енді міне, сол Қазымбек еліре қиқулап төпеп келеді. Жай сөз жаяу төбелеске бергісіз неменің мына дүрмегіне құлақ қоймаған Бегалы өгіздерге беттей берген.

Әй, жүй, – деп омырауланып келіп қалды. Күрең тай бұлауға түскен дей жылт-жылт етеді. Езуінен көбік шашып, ыржақтаған Қазымбек дүлей таңымына түскен соң олда ақиланып еліріп алыпты. Танауы желп-желп етіп, сабынданған сауырыннан тері білінеді. Әй, мынау сақау баса ма? Еліріп қайтеді-ай, Нөкетай, Нөкетай әке... әке.

– Қысы-жазы үстінен түспейтін өңірі сауыс-сауыс шапанының етегі желп-желп етеді. Шикандай екі беті қызара бөртіп, жымқыра киген бөрігінің самайынан тер сорғалап барады. Жай шылықта көнтек еріндерінің етегін жиып ұстауды білмейтін талыс ауызды, көрпе сандық қақпағындай қиюы қабыспай тұратын езуі ыржақтаған сайын далпып, сілекейін шылбырдай шұбалтып жіберді. Бір-бірін бағып, атысып тұратын шапыраш көздері ұясынан шығып кетердей шатынай түскен. Жанарынан жан жұбатар жылылық белгісін танымаған Бегалы шошып қалды. Басын бозға соза сілейіп жатқан

қызыл-қасқаның тасасына барып тығылды.

– Өй, айда, айда...

Қықылдай билеп барып басылған Қазымбек енді кідірістесе маңызды бір жұмысынан қалып қоярдай ат басын кері бұрып алды да тасырлатып шаба жөнелді.

Бегалы, мына шіркіннің кеткені шын ба, дегендей өгіз тасасынан бұқпантайлай басын көтеріп Қазымбектің шаңдатқан ізіне үңілді. Қамыттан босанғандарын пайдаланып жата қалған өгіздерді орындарынан асығыс тұрғызған ол қызыл-қасқаның үстіне тырмысып шықты да мойнын созып Қарағайлы қырына қарады. Шынында да арба мінген біреулер Шолақсайдан келетін қара жолдың өзен сайдан өтер тұсына құлап қалған екен. Бегалы пошташы Дүрия – апайдың ала өгіз жеккен арбасын бір қиырдан таныды. Соғыс басталғалы бүтін ел жаңалығын жеткізіп тұрған ала өгізді арбаның ауыл үшін орны бөлек, көшеден салдырлатып өте шықса үйдегілер тысқа шығады, қиырдан көрінсе бала біткен жазбай танып қарсы жүгіріседі. Арбаның доңғалақтарының шикылы құлаққа сіңісті, қарасыны жылы ұшырайды. Дүрия – апаның арбасын Бегалы да танып тұр. Арба үстіне екеуі отыр ма қалай. Біреуі әскери киімде сияқты. Тесірейе қараған Бегалының бұлдырап кеткен жанарына өңірі толы орден, медаль болып, оларды күн нұрына шағылысып, жарқ-жұрқ етіпкеле жатқандай да болып кетті.

Сол,... сол Нөкетай болды. Есмағанбеттің баласы.

Жоқ әлде басқа біреу ме екен. Әлгі жындыдан дұрыстап сұрамағанымды қарашы. Бәлкім біздің Махмет – ағай шығар. Есалаңның сөзіне сенім жоқ. Махметпен шатастырып алған шығар. «Соқыр тауыққа бәрі бидай». Махмет – ағайдың үстінде солдат киімі, омырауы толы орден мен медаль емес деймісің. Анадағы бір хатында Құндызға жазған Даңқ орденімен екінші рет наградталдым деген жоқ па еді. Бағытжанның үйге сыймай қуанып, ауылды аралай айтқаны қайда. Махмет – ағаның үлкен баласы. Бағытжан ес біліп, ақылды өсіп келе жатқан жоқ па. Естіген бетінде зыр жүгіріп тар жолға қарай бет алып келеді. Есінде бар әкесінің кеткен жолы болатын, ендеше менің әкем шығар деген ой мазалап, алып ұшып келеді. Жоқ, алдымен Құндыз апамды қуантсам ба?

Титтей жүрегі кеудесіне сыймай тулап келді. Алға ұшқан сайын екі өкпесі күйіп, дем алысы жиілеп, мандайдан самайдан, қалқиған қос құлақтың түбінен тер сорғалайды. Қатқыл қау балтырын тырнайды. Табанына қадала қалып жатқан шөгірдіде елер емес. Қырқадан құлап келе жатқан арбада Нөкетай емес, өз көңіліне

болса шұғыл шаруамен жүрген біреу, әйтпесе мына ыстықта ақ сабын етіп айдап не көрініпті. Досқали болмаған. Ол болса тап-тал түсте өгізді қаңтарып қойып жатуын қара, мына иттің деп бір сабап алары сөзсіз. Аттылыдан көз алмай тұрған Бегалының жүзі жылып жүре берді.

– Мынау мылқау ғой – Қызымбек жетім бала, әкесін халық жауы деп ұстап кеткен, содан оралмады. Жастай еңбекке араласып, бұдан бір жыл бұрын таңертеңгі сағат бесте келіп, аяғынан қостан суырып алып Досқали Қазымбекті қарақұстан Тобылғының сабымен беріп-беріп жібергенде айғайлап бақырған баланың бірден үні өшіп, сылық етті. Тілі байланып бірнеше ай жатып әйтеуір қатарға қосылғаны да осы ғана. Бір топ бала қотан ортасындағы тас жолдың түбінде асық ойнап естері шығып жатқан. Үсті басы алым-салым, аузынан сілекей аққан Қызымбек жетіп келді.

– Балалардың көбі бытырай қашқанда табаны жерге жабысқандай есі кетіп, орнында сілейіп тұрып қалған.

Қашып үлгермеген бірер бала үрейлері ұшып, жер тепкілеп бақыра жөнелген. Бірақ Қазымбек ешкімге де тиген жоқ. Бет алдына ыржалаптап бірдене деп былдырлай берген. Сөйтсе Қазымбек балаларға тимейді екен. Үлкендердің үрейге үйірсек алып қашты дақпырты болып шықты. Келе-келе қара көрінсе қалмайтын жетім қозыдай балалардың соңдарынан. Салпақтап еріп жүруді шығарды. Ер-азаматы сирек қалған ауыл да басы артық адам болсын ба бұл күнде. Енді міне, сол Қазымбек еліре қиқулап төпеп келеді. Жай сөз жаяу төбелеске бергісіз неменің мына дүрмегіне құлақ қоймаған Бегалы өгіздерге беттей берген.

Әй, жүй, – деп омырауланып келіп қалды. Күрең тай бұлауға түскен дей жылт-жылт етеді. Езуінен көбік шашып, ыржақтаған Қазымбек дүлей таңымына түскен соң ол да ақиланып еліріп алыпты. Танауы желп-желп етіп, сабынданған сауырыннан тері білінеді. Әй, мынау сақау баса ма? Еліріп қайтеді-ай, Нөкетай, Нөкетай әке... әке.

– Қысы-жазы үстінен түспейтін өңірі сауыс-сауыс шапанының етегі желп-желп етеді. Шикандай екі беті қызара бөртіп, жымқыра киген бөрігінің самайынан тер сорғалап барады. Жай шылықта көнтек еріндерінің етегін жиып ұстауды білмейтін талыс ауызды, көрпе сандық қақпағындай қиюы қабыспай тұратын езуі ыржақтаған сайын далпып, сілекейін шылбырдай шұбалтып жіберді. Бір-бірін бағып, атысып тұратын шапыраш көздері ұясынан шығып кетердей шатынай түскен. Жанарынан жан жұбатар жылылық белгісін танымаған Бегалы шошып қалды. Басын бозға соза сілейіп жатқан

қызыл-қасқаның тасасына барып тығылды.

– Өй, айда, айда...

Қықылдай билеп барып басылған Қазымбек енді кідірістесе маңызды бір жұмысынан қалып қоярдай ат басын кері бұрып алды да тасырлатып шаба жөнелді.

Бегалы, мына шіркіннің кеткені шын ба, дегендей өгіз тасасынан бұқпантайлай басын көтеріп Қазымбектің шаңдатқан ізіне үңілді. Қамыттан босанғандарын пайдаланып жата қалған өгіздерді орындарынан асығыс тұрғызған ол қызыл-қасқаның үстіне тырмысып шықты да мойнын созып Қарағайлы қырына қарады. Шынында да арба мінген біреулер Шолақсайдан келетін қара жолдың өзен сайдан өтер тұсына құлап қалған екен. Бегалы пошташы Дүрия – апайдың ала өгіз жеккен арбасын бір қиырдан таныды. Соғыс басталғалы бүтін ел жаңалығын жеткізіп тұрған ала өгізді арбаның ауыл үшін орны бөлек, көшеден салдырлатып өте шықса үйдегілер тысқа шығады, қиырдан көрінсе бала біткен жазбай танып қарсы жүгіріседі. Арбаның доңғалақтарының шиқылы құлаққа сіңісті, қарасыны жылы ұшырайды. Дүрия – апаның арбасын Бегалы да танып тұр. Арба үстіне екеуі отыр ма қалай. Біреуі әскери киімде сияқты. Тесірейе қараған Бегалының бұлдырап кеткен жанарына өңірі толы орден, медаль болып, оларды күн нұрына шағылысып, жарқ-жұрқ етіпкеле жатқандай да болып кетті.

Сол,... сол Нөкетай болды. Есмағанбеттің баласы.

Жоқ әлде басқа біреу ме екен. Әлгі жындыдан дұрыстап сұрамағанымды қарашы. Бәлкім біздің Махмет – ағай шығар. Есалаңның сөзіне сенім жоқ. Махметпен шатастырып алған шығар. «Соқыр тауыққа бәрі бидай». Махмет – ағайдың үстінде солдат киімі, омырауы толы орден мен медаль емес деймісің. Аңадағы бір хатында Құндызға жазған Даңқ орденімен екінші рет наградталдым деген жоқ па еді. Бағытжанның үйге сыймай қуанып, ауылды аралай айтқаны қайда. Махмет – ағаның үлкен баласы. Бағытжан ес біліп, ақылды өсіп келе жатқан жоқ па. Естіген бетінде зыр жүгіріп тар жолға қарай бет алып келеді. Есінде бар әкесінің кеткен жолы болатын, ендеше менің әкем шығар деген ой мазалап, алып ұшып келеді. Жоқ, алдымен Құндыз апамды қуантсам ба?

Титтей жүрегі кеудесіне сыймай тулап келді. Алға ұшқан сайын екі өкпесі күйіп, дем алысы жиілеп, мандайдан самайдан, қалқиған қос құлақтың түбінен тер сорғалайды. Қатқыл қау балтырын тырнайды. Табанына қадала қалып жатқан шөгірдіде елер емес. Қырқадан құлап келе жатқан арбада Нөкетай емес, өз көңілін

ұялаған жан әкесі Махмет келеді. «Нөкетай ма, әлде Махмет әкем бе екен», – деген екі ұдай таласқан жоқ бала көңіл, әкем болғай, тап сол, осының өзі деген бір ғана тәтті тілекті іштей шегелеп қайталаған сайын, жан әкесімен жолығарына түбәсіз сенгендей. Сәл аялдаса осынау сенімнің Бағытжанға мәлім сиқырлы нәзік жібі шөрт үзіліп, жаңағы бір тәтті тілек үміті астан-кестен болып кететіндей. Аяғы жер баспай ұшып келеді. «Әкем, әкешім келді», қазір шөпшілерге осылай деп айғайлайды.

Содан кейін әдемі жүзіне қан тарап шыға келген анашым Құндызды кеудесіне басын сүйеп сәл тұрып тыныстайды. Одан кейін Дүрия – апаның шик-шиқ еткен арбасы жетеді. Шөпші біткен әкемді көтеріп әкетеді. Ол мені елден бұрын құшағына алып, құшырланып сүйеді де жерден қаңбақ ұқсатып көтеріп алады да: «Өй, Бағытжан, өзің деген осы», – деп жұртқа қарап жымияды. Мен де әкемнің тер сіңген көкірегіне басымды қойып күлген боламын. Сонда өзімді-өзім ұстай алмай солқылдап жылап жүрмейін. «Жаңа ғана өзінді жігіт деп мақтағаным қайда. Жылауыққа жол болсын» демей ме әкем. Жоқ жыламаймын.

Шымнан қалаған жер барақтың көлеңкесінде отырған шөпшілерге жете бере қалт тоқтаған Бағытжан алқымына тығылған сөзді айта алмай тұншыға кемсендеп тұрады да, жылап қоя береді.

– Әкем, әкем келе жатыр, – деген сөзді айтуға ғана шамасы жетті. Жан ұшырып қасына жеткен анасы Құндыздың құшағына құлап бара жатты.

– Не дейді? Кім келе жатыр дейді? Кім келе жатыр дейді? Келе жатқан Махмет деді ме?

Иә, тәңірім бере көр. Өзі шын айтып тұр ма? Орындарынан өре тұрысқан шөпшілер Қарағайлы беткейіне қарай дүркіресе жөнелді. Белден көмілген ағаш кеспектен алып, су ішкізген құндыз Бағытжанның басынан сипап: Құлыным, жаңағы хабарды кімнен естідің? – деді: Қазымбектен. Жоқ өзім көрдім. Әкеме қатты ұқсайды. Әкем шығар. Әкем болар. Анау сақау Нөкетай деді ме, әйтеуір айтқанын ұқпай қалдым.

Мына шұнақ Нөкетай дей ме, жөнін айтпай жын соққандай Қазымбек неғып сандырақтап кетті өзі, – деген Айкүміс-әжемнің етегі желпендеп, кебісін тырпылдатып Бағытжанның қасына келді. Ту шешей-ай, баланың өзі де не сөйлеп, не қойғанын білмей дал болып тұр емес пе, не де болса бара көрелік деген Құндыз жүзіне толқын шыға келген ұяң сезімді жасырып қалғысы келгендей төмен қарады. Махметтің жақын жеңгесі, еркек басты Айкүміс ілгері озып

кеткен топқа қарай ақ жаулығын желпендете жүгіріп барады.

Арба көрінді. Жұрт асықты екен деп шаңырақ мүйізді ала өгіз түскірі асыққан ба? Дүрияның таяғынан тон терісі тулақ болып кеткен жеріне шып еткен шыбыртқының іздерінен құйымшақ тұсын қиқаң еткізіп қойып аяндап келеді. Аспан төңкеріліп түссе де айылын жияр емес.

– Әй, Дүрия, айдасаңшы бар болғырыңды. Тіпті сасар емес. Ойбау-ау анауы кім. Арбаны таптап кетердей омырауланып қайтеді-ей.

– Өзіміздің Қазымбек тағы.

Ол қайдан сая болған. Әкесі халық жауынан келе жатқандай, о нес-ай екіленіп. Арбаға тайды омырлата төндіріп-төндіріп қойып. Қазымбек те қатарласып жағаласып келеді. Жалаң бас отырған жауынгер жігітке әлденен айтып есі шығып келе жатқан түрі бар. Құлыным, Қазымбектің айтқаны дұрыс екен, – Құндыздың дірілдей шыққан үнінен селк ете қалған Бағытжан төбеге ұрғандай бір орынында сілейіп тұрып қалды.

Кім Нөкетай ма? Әкем ші?

\*\*\*

Әкең де келер, құлыным. Ер-азаматтың қайсысы келсе де бөтендігі жоқ. Бұлда ағаң емес пе. Әкеннің қанды көйлек досы ғой. басқарма ғып орнында сайлап кетті.

Бағытжанның енбойынан әлдеқандай атты, өксік сезім жүгіріп өтті. Жүрегі елжіреп елпілдей ұшып келе жатқан қуанышты үмітті пышақ кесті үзіліп кетті. Бала әлгіндегі көкірек тұсында дүбір салған қуаныштың әдейілеп тұрып тасқа соққан шыны ыдыстай күл-күл болып кетерін ойламаған сияқты. Солқылдап қоя берді. Қой, Бағытжан жылама құлыным. Нөкетай да туыс-ағаң, қайта қуанбаймысың. Тіпті бола әкең де бір күнгідей болмай келіп қалар. Құндыздың үнінде толқу бар еді. Ол да алқымына лыксып келіп тығылған өксік жасты естелігіне бағып орға тыйып ұрған. Жанағы бір сәттегі Бағытжанның әкем келді деген қуанышты хабары Құндызға да жайлы тиген. Жүрегі шапшып алып алқымына тершіген. Екі беті алаулап қаны басына шапқан. Сарыла күткен сағынышты бейне жарқ етіп алдынан шыға келді деген көзсіз ынтықтың бойына бұрын-соңды болмаған ереше бір құштар қуаныш толқының қотарып кеткенді. Бірақ Бағытжанның әкесі емес, Нөкетай ғой мына келе жатқан. Құндыз арбадағы Махмет емес.

ұялаған жан әкесі Махмет келеді. «Нөкетай ма, әлде Махмет әкем бе екен», – деген екі ұдай таласқан жоқ бала көңіл, әкем болғай, тап сол, осының өзі деген бір ғана тәтті тілекті іштей шегелеп қайталаған сайын, жан әкесімен жолығарына түбәсіз сенгендей. Сәл аялдаса осынау сенімнің Бағытжанға мәлім сиқырлы нәзік жібі шөрт үзіліп, жаңағы бір тәтті тілек үміті астан-кестен болып кететіндей. Аяғы жер баспай ұшып келеді. «Әкем, әкешім келді», қазір шөпшілерге осылай деп айғайлайды.

Содан кейін әдемі жүзіне қан тарап шыға келген анашым Құндызды кеудесіне басын сүйеп сәл тұрып тыныстайды. Одан кейін Дүрия – апаның шик-шиқ еткен арбасы жетеді. Шөпші біткен әкемді көтеріп әкетеді. Ол мені елден бұрын құшағына алып, құшырланып сүйеді де жерден қаңбақ ұқсатып көтеріп алады да: «Өй, Бағытжан, өзің деген осы», – деп жұртқа қарап жымияды. Мен де әкемнің тер сіңген көкірегіне басымды қойып күлген боламын. Сонда өзімді-өзім ұстай алмай солқылдап жылап жүрмейін. «Жаңа ғана өзінді жігіт деп мақтағаным қайда. Жылауыққа жол болсын» демей ме әкем. Жоқ жыламаймын.

Шымнан қалаған жер барақтың көлеңкесінде отырған шөпшілерге жете бере қалт тоқтаған Бағытжан алқымына тығылған сөзді айта алмай тұншыға кемсендеп тұрады да, жылап қоя береді.

– Әкем, әкем келе жатыр, – деген сөзді айтуға ғана шамасы жетті. Жан ұшырып қасына жеткен анасы Құндыздың құшағына құлап бара жатты.

– Не дейді? Кім келе жатыр дейді? Кім келе жатыр дейді? Келе жатқан Махмет деді ме?

Иә, тәңірім бере көр. Өзі шын айтып тұр ма? Орындарынан өре тұрысқан шөпшілер Қарағайлы беткейіне қарай дүркіресе жөнелді. Белден көмілген ағаш кеспектен алып, су ішкізген құндыз Бағытжанның басынан сипап: Құлыным, жаңағы хабарды кімнен естідін? – деді: Қазымбектен. Жоқ өзім көрдім. Әкеме қатты ұқсайды. Әкем шығар. Әкем болар. Анау сақау Нөкетай деді ме, әйтеуір айтқанын ұқпай қалдым.

Мына шұнақ Нөкетай дей ме, жөнін айтпай жын соққандай Қазымбек неғып сандырақтап кетті өзі, – деген Айкүміс-әжемнің етегі желпендеп, кебісін тырпылдатып Бағытжанның қасына келді. Ту шешей-ай, баланың өзі де не сөйлеп, не қойғанын білмей дал болып тұр емес пе, не де болса бара көрелік деген Құндыз жүзіне толқын шыға келген ұяң сезімді жасырып қалғысы келгендей төмен қарады. Махметтің жақын жеңгесі, еркек басты Айкүміс ілгері озып

кеткен топқа қарай ақ жаулығын желпендете жүгіріп барады.

Арба көрінді. Жұрт асықты екен деп шаңырақ мүйізді ала өгіз түскірі асыққан ба? Дүрияның таяғынан тон терісі тулақ болып кеткен жеріне шып еткен шыбыртқының іздерінен құйымшақ тұсын қикаң еткізіп қойып аяндап келеді. Аспан төңкеріліп түссе де айылын жияр емес.

– Әй, Дүрия, айдасаңшы бар болғырынды. Тіпті сасар емес. Ойбау-ау анауы кім. Арбаны таптап кетердей омырауланып қайтеді-ей.

– Өзіміздің Қазымбек тағы.

Ол қайдан сая болған. Әкесі халық жауынан келе жатқандай, о нес-ай екіленіп. Арбаға тайды омырлата төндіріп-төндіріп қойып. Қазымбек те қатарласып жағаласып келеді. Жалаң бас отырған жауынгер жігітке әлденен айтып есі шығып келе жатқан түрі бар. Құлыным, Қазымбектің айтқаны дұрыс екен, – Құндыздың дірілдей шыққан үнінен селк ете қалған Бағытжан төбеге ұрғандай бір орынында сілейіп тұрып қалды.

Кім Нөкетай ма? Әкем ші?

\*\*\*

Әкең де келер, құлыным. Ер-азаматтың қайсысы келсе де бөтендігі жоқ. Бұлда ағаң емес пе. Әкеннің қанды көйлек досы ғой, басқарма ғып орында сайлап кетті.

Бағытжанның енбойынан әлдеқандай атты, өксік сезім жүгіріп өтті. Жүрегі елжіреп елпілдей ұшып келе жатқан қуанышты үмітті пышақ кесті үзіліп кетті. Бала әлгіндегі көкірек тұсында дүбір салған қуаныштың әдейілеп тұрып тасқа соққан шыны ыдыстай күл-күл болып кетерін ойламаған сияқты. Солқылдап қоя берді. Қой, Бағытжан жылама құлыным. Нөкетай да туыс-ағаң, қайта қуанбаймысың. Тіпті бола әкең де бір күнгідей болмай келіп қалар. Құндыздың үнінде толқу бар еді. Ол да алқымына лықсып келіп тығылған өксік жасты естелігіне бағып орға тыйып ұрған. Жанағы бір сәттегі Бағытжанның әкем келді деген қуанышты хабары Құндызға да жайлы тиген. Жүрегі шапшып алып алқымына тершіген. Екі беті алаулап қаны басына шапқан. Сарыла күткен сағынышты бейне жарқ етіп алдынан шыға келді деген көзсіз ынтықтың бойына бұрын-соңды болмаған ереше бір құштар қуаныш толқының қотарып кеткенді. Бірақ Бағытжанның әкесі емес, Нөкетай ғой мына келе жатқан. Құндыз арбадағы Махмет емес.

Нөкетай екенін әйелге тән сергек көңілмен жолаушылар төбесі сондайдан көрінгенде-ақ сезінген. Ол Махметтің әр қимыл отырысын, сонадайдан-ақ байқалар келбетін осы тұрған шөпшілердің қайсысынан болсын жүйрік көңілмен жетік білетін. Ол қателеспепті. Арбадан балдақ ұстап Нөкетай түсіп жатты.

Далбалақтай жүгірген Ділдебек шал балдақты жігіті құшағына ала:

«Нөкетай-ым, құдай бар болсаң жолына мен құрмалдық. Қазір алсаңда ризамын, әй, қоңыр қозым, әй, боздағым менің, уа, тәңірім, тілегім оңғарылғаны ма!» жанарына мөлтілдеп келіп қалған жасы жұрттан жасыра алмай босансый берген жапыр-жұпар қаумалаған ауылдастарының құшағынан осаған Нөкетай: Құндызбен сыпайы ғана амандасты да, Бағытжанға іштей тебіренген сезіммен елжіреп қарады.

– Ә, Бағытжан да осында ма еді, Кел, кел бермен кел. Балдағына артылып сылтып қозғалған Нөкетай бақылап қараған баланың бетінен еңкейіп сүйді де, басын сипап, – Мақан да келіп қалар. Нөкетай аяғы жазылып, балдақсыз жүріп кетті, оқ аяқтан тиіпті. Нөкеңнің жолдасы Батима бүгін өзгеше көңілде, күлкісінде шек жоқ...

Басбұлақ қыратынан басталып, Әлекбай жазығымен, Көпқұдық, Қарағайлы қабағына ұласып, Ақжарға дейін жатқан жалпақ өңір Шилі артелінің қоныс тепкен мекен-жайы. Бұл өңірдің атақты өзенімен жалпақ көлі болмаса да, сан түрлі елді қонысы Бабашал, Қара-құдық, Жараткөл, Ақан сияқты мекендермен әр тарапқа жол тартқан бұлақтары бар, саялы ағаштар мен шағын орманды аймақ. Сұлу табиғаты мен елден ерекше көрінген қайыңды терек-ағаштармен гүлдене өскен, балалар қызығып теретін мойыл мен додана да бар. Жараткөлдің сайы көктем мен күзде батпағы толарсақтан келер өткел бермес өзекке айналады. Ондайды артель адамдары сайдың қабағын жағалап кететін жалғыз аяқ соқпақты қатынас жолына айналдырып алды. Бұрын болғанымен дұрыс осы деседі. Жаз бойы тамшы тамбай кеуіп қалған жалпаң өңір сүмбілеге енгілі өңін жасартып алған. Етек жеңін жия алмай сорғалаған ақ жауын кеше ғана басылып егіншілер қос басына қараң-қараң қайта жинала бастаған. Қайыңды қыстаулардың жасыл желегі әлі желбіреп тұр. Бұл күздің ұзаққа созылар нышаны деседі қариялар жағы. Жаз бойғы табиғатпен алысып малға шөп қырып деп жарғақ құлағы жастыққа тимей көп шапқынмен жүрген жесір әйелдер мен Нөкетай бірақ түнде мұрттай ұшты. Жаралы аяғымен көп жүріп ел

басқару оңай дейсің бе. Оның үстіне арқа сүйер азаматтардан қол үзіп, зар жақ Досқалиді тірек тұтып жарылқағаны шамалы. Алайда хатшы елде өзінен басқа бос көтерер шаруа жайын жетік білер адамның қалмағанын алға тартып, ақыр бұл аяғына отырғызар болмағанда, ел басына ауыртпалық күн туғанда белсенділік таңытпағаныңыз жөн емес деп, келіп сөз аяғын коммунистсіз дегенге тірегенді. Кеше ғана Махмет шәкірт тұтып, тәрбиелеп өз орнына сеніп тапсырған ел-жұртына не демек. Махметтің қара жорғасын мінген Нөкетай шаруашылыққа шешіліп кіріскелі біраз ай болып қалды. Нөкетайдың байбаламы көп, жүгенсіз Досқалимен жағаласудан жалыққан жайы бар. Бас көтерер ер-азаматтарынан жұрдай болған ауыл үстіне әңгір-таяқ ойнатып, дәуірлеп барады. Нөкетайдың өзіне де бет берер емес. Жүз шайысып шақ-шақ етіп шайқасып қалады.

Ісінен сөзі көп Досқалидың былайғы адамға қиянаты мол екендігін жақсы білетін Нөкетай оны жұмсаудың орнына көбіне өзі жүретін. Енді міне, сол жүріс өтіп, соғыстың салдарынан, төсек тартып жатып алғаны мынау. Жан еттері суалып, әжім бедері тереңдей түсті. Шаруасы үлкен көздері шүңірейіп, тереңнен жылтырайды. Қара шырайлы өңі тез суалып сақараға салған сүйектей сұрланып қуара түскендіктен бе, әйтеуір суық реңі айқындалып, әдемі қалыпқа түскен. Аяқ қолын байлап-матап тастаған кесерлі кеселмен келіспес кейіппен жүзінен ызғар шашып жатыр. Мызғып кеткен екен. Үйге күңірене кірген Айкүмістің ащы зары науқастың жүрегіне ине сұғып алғандай селк ете түсті. Махметтің қаралы-қарақағазын естігеннен бері шөмпііп, шөгіп қалыпты. «Қу соғыс әлі талайды еңіретерсін», – деп ойлады. Нөкетай, катулы қабақ астымен өзіне қарай кемсеңдеп жатқан кісіге мүсіркей қарап.

Айкүміс науқастың аяқ жағын ала отыра берді. – Мына аруақ атқыр Досқали түскір дікілдеп өлтіріп барады.

Тағы не бүлдіріпті ол неме?

Нөкетайдың үні ызаланып зілді шықты. Салбырыңқы қабағы жиырылып, қатулана қалды.

– Анау балғын Бағытжанға қолы тиіпті. Өксігін баса алмай еңіреп келген де шығар. Ит жоқта шошқа үрген заманға қалдық қой, түгі.

– Махметтің жақын жеңгесі Айкүміс таусыла сөйледі, егіле сөйледі. Шырағым-ай, жатсаң еді. Әлгі Батима қайда кеткен. Мен сорлы өзіңнен басқа мұн шағар адам болмаған соң, келіп қалып едім.

Бекершілік болды-ау, қап енді қайттім әттеген-ай, жата тұрсаң етті. Біз сорлы бірдене қылып жүре тұратын едік қой. Ана келін баланың көз жасын көріп тұрып үйге сыймағаным да рас енді. Айкүмістің қолбалақтағанына қарамастан Нөкетай тысқа беттеді. Кеңсеге барып келейін. Бір шарасын қарастырмасаң мына неме елді ондырмас, – деген Нөкетай сырт айнала берді. Нөкетайды ой мазалап отыр. Егін шабу басталып кеткені мынау. Өзінің қайтадан атқа мініп, басшылық жасар шамасы келер емес, аяғы ауырып әкетіп барады. Досқалидің істеп жүргені анау. Ырқынан жықпағанды ықтырып, дегеніне көнбегенді желкелеп алудан тайынған емес. Ортақ өгізден оңаша бұзауды артық санар, ішіне қара пышақ бойламас тарып адамның қолына билік тисе тасырандап кететін әдеті емес пе. Басын қаралы, жаның жаралы деп те мүсіркемейді. Бала-шаға деп аяушылыққа бармайды. Қайта солардың әлсіздігін пайдаланады. Ал алдын олар біреу шықса соққыға жығудан тартынбайды. Досқали-ау, оның не десен: «еліміз үшін еңбек етуге ерінгендерді осылай жұмсау керек. Көнбегендерін көк шыбын үймелетемін. Бұл күні вредител деген қара пәле қаптап тұрған жоқ па. Коммунист бола тұра ондайға жол бермеймін. Өйтіп бредителдермен ауыз жаласпай-ақ қойдым», – деп кеудесін соғып шыға келді. Әттең, қолына басқармалық билік тимей тұр. Ал, тиді бар ғой. Шиліні шіл-құйындай тоздырып жіберер еді. Озбырлық, опасыз-жауыздығына найза бойламайды. Нөкетай ой желісін үзген жоқ. Орнынан ауырсына аяғын ақсандап басты терезе түбіне келді. Тысқа көз салды. Кәдімгі қоңыр күздің көрікті күндерінің бірі. Бос арбаны даңғыр-дұңғыр дыбысы естіледі. «Ой жамандатқыр, көтеншектеп қайтеді-ей», – деп деп бажылдаған әйелдің ащы даусы қотан жаңғырықтырады. Бұл қайсы болды екен. Ауданнан қайтқан кірешілердің бірі-ау. Сірә Нөкетай орнына барып отырады. Шилі қотанында қара ормандай қаптап жүрген жігіт-желеңнен айналасы екі-үш жылда осылайша жұрдай боламыз деп кім ойлады. Ауыруда жаман болды-ау, мына атың өшкір соғыс деген. Нөкең соғыста болды, қиындықтың бәрін басынан өткізді. Соғысқа дейін байланыс қызметінде, колхоз шаруашылығында араласып, оның үстіне Махметпен бірге жүріп, жанынан қалмайтын. Былайғы жұрт Шилінің басы кетіп мойнын мінбесең. Жағдай өте ауыр екенін әркімге де аян. Әйтсе де ер жігіт елі үшін еткен еңбегін сатпаса керек. Ер басқа күн туса етікпенен қан кешер, етегімен су ішер заман туып тұр ғой. Оның ащы дәмін өзімде татып келдім. «Аз күнгі көрген бейнетің – алдыңнан шығар зейнетің» деген бұрынғылар.

Егін болса жиналмай жатыр. Жаңағы Айкүміс жеңгейде еңірегінде етегі толып келген соң төсегімде жата алмадым.

– Досқали түскір Мақанның баласын жәбірлеген бе немене әй, ит-ай.

Ертеңгісін қара жорғаны ерттеп мінген Нөкетай аяғының ауырғанына қармастан Ортабұлақтағы егіншілер қосына жүріп кетті. Күзгі таңның салқын ауасы жігіт жүзін шарпыған сайын ширығып сергіте түскендей. Майданнан келгелі Нөкетайдың ең далаға шыққаны осы еді. Аяғының жарасы қозғалып үйде ұзағырақ жатып қалды. Келген бетте-ақ колхоз шаруасына кірісіп, біраз ертелі-кеш ат үстінен түспегені, өте қалжыратып жібергені болуы керек. Енді міне, ат үстінде ауылдастарының еңбек етіп жатқан ортасына қан базарлы қызыл қырданды бетке алып келеді. Ол төңірегіне тойымсыз бір іңкәр сезіммен елжірей қарайды. Шіркін туған жер-ай десенші қадірің артық-ау сенің. Туған жерге деген ыстық сезім сол бір жылдары осы өңірде асыр салып жүрген неге тап бүгінгідей лапылдап тұрмады екен. Әлде әр күннің мазасыз тәтті тірлігі сол бір отты сезімнің нарқын білдіре қоймаған болар-ау. Солайда шығар. Кім де болса өз ғұмырының қызығы мен тәтті шақтарында тағдырын жан жылытар қайғы-зарын ойлаудан бойын аулаққа салады емес пе. Сол бір қызықты күндерде Нөкетай осы өңірден қол үзіп кетемін, сөйтін оның сортаны шыққан жалғыз сүйем пұшпағына шейін үздіге сағынармын деп ойлады деймісің. Шиліден ұзап шығып көрмеген Нөкетай Аман-Қарағай станциясына бір қиырға алып бара жатқан состав терезесінен елжіреп қарағандағы көңіл-күйі күні бүгінге дейін есімде. Ел шетінен ұзап шықпай жатып сағыныш деген бір сиқыр жүрегіне от сезім болып құйылған-ды. Сол сағынышты сезім майдан даласында өткен әр күнде күшейіп, көкжиегін кеңейтпесе, бәсенісіп суытпаған. Соғыс даласына жүргенде осы Шилінің сәби шағынан жиырынып өскен әр сүйем жерін жүрек тереңінен сабақтай суырып отырып есіне алатын. Мына оң жағында қалып бара жатқан аспанмен таласқан жалғыз теректі есіне жиі алатын. Бұл ара Нөкетай үшін ғана емес, таман ауылдары үшін ерекше бір ыстық өңір ғой. Мойыл мен бүлдіргені қандай. Бала біткен жаз бойы сүзеді де жүреді. Тап осы қызылдың қойнында жаңбырдан жасырынып талай бүрсендеп отырмап па еді. Бірақ бала қорқынышы ұзамайтын, қызылдың бүлдіргені құшағына қойып кететін. Әрине Нөкетай туған жердің қилы толы тылсым тарихынан сыр тартудан гөрі көз алдына көлбеңдей ұшқан көбелегі мен иісі жұпар шашқан гүлі, бүлдіргендерін қатты қызықтайтын.

Енді міне ол қымбат өңір; ыстық мекен көз алдында көлбеп жатыр. Бұл осынау қасиетті мекен құшағына аман-сау оралғанына шүкіршілік етеді. Төңірегіне сағынышы мол тәтті бір сезім әсерін оралды. Осы Шилінің жүруге жарар адамы алды Қарағайлыға қарай ағылған. Боздақтарына ақ жол тілеп айрылыспақ ниетте. Иә, ол қол алын қoштасуға қиналған, қиналса да қoштасуға болмайтын ауыр шақ еді. Сонда, шанаға сүйеніп, егіліп тұрған Құндызға, ал қалай тұрып күңіреңіскен ауыл адамдарына қарап айтқан Махметтің сөзі, саңқылдай шыққан жігерге толы үні күні бүгін құлақ тұрсынан мыңылдап тұр. Сондықтан да ақтық сөзді ел болып Махметтен күткен.

– Неге жылайсыңдар, жыламаңдар. Ел шетіне жау келгенде ер жігітін атқа қондырар, ақ жол тілер өздерің емеспісіңдер. Көз жасыңды көлдетіп жан жастар күн емес. Аялдауға уақыт тар. Туған жұртым, аттанып бара жатқан ұлдарыңды жігерін жанып, қайратқа шақырғандарың мақұл. Күңіреніп егіле бергенше күндсі күліп оралыңдар демеймісің. Өзіз ана. ардақты ана, ақ батанды бер ұлдарына. Қайрат қосып, қайыспас күніңді ойла. Бұл соғыс не жанымызды, не сәнімізді алар. Бірақ ата мекен, туған елдің сүйем жерін жауға бере алмаспыз. Шилі елдігін, қайыспа қайратын көрсетер шақ туды. «Ер туса елден тумас елді тіле, елсізден ер тумас па білмеймісің» деген қайда. Қалып бара жатқан жұртым, сендер аман болыңыздар, бір-біріңе сүйсеу, жәрдемші болыңдар. Ұлдарына дақ салмас атақ арына. Біздің серт, біздің сөз осы. Ауыл төбесіне жиналған ауылдастарына айтқан Махметтің сөзі талайды жылатып та, ширықтырып та жібергендей болды. Шіркін, Махмет от едің. Сен де бір жұмыр бас пәндінің бодауында кете бардың-ау. Ағалық жаға едің, баршаның басы, ауылдың ұйытқы қазығы едің. Жігіттің соты деген сендей-ақ болар. Нөкетай жанарына лықсып келегін ашы жасын әлде біреу көріп қалмады ма екен дегендей өз-өзінен қуыстанып тез құрғатып, тез ширықты. Қоңыр күздің кер қабақ таңы аты келетін тыныштық қаймағы бұзылмаған. Жанағы бір үзіліп қалған ой сабағын жайлап жіберуге желі тапты. Ол ендігі бір сәтте Махметпен бірге өткізген қызықты шақтарын қым-қуыт қойнауына ойша сүңгі берді. Құндыз ауылына алғаш барған сәт ойдан кетер ме. Қыз ауылы Шиліден қол созым дейтіндей жерде. Жаркөлде. Той болады дегенді желеу еткен екеуі атқа қонған. Бұлар келсе шынында да ауыл үсті той дүрмегінде екен. Мәре-сәре жұрт жыртылып айырылады. Ол кезде той десе үйде адам қалмайтын еді-ғой деді. Және ешкім шақырту іздеп, сызылып отырмайды. Аяқ жетер

жердегілердің бәрі той төңірегіне тоғысады. Қымыз ішіп қызынып алған жұрт ауыл қотанына сыймай алаңға дүркереі кетті. Балуан күресі. Тойшылар алқа-котан отырысып алып балуандар белдесуін қызықтап ду-ду етеді. Құмжота ауылынан келген Аманболған шыдатар емес. Қарсы келгеніне шаң қайтарып ордаң-ордаң етеді. Жұрт алдында мерейі тасып-ақ тұр екен. Әй, Нөкетай, мына неменің осы ауылды сағалап келісінде бір мән бар ма деймін. Осы неменің Құндызда көңілі бар деп естуші едім. Енді көрдің бе шұлығына шаң жұқпай желігіп тұрғанын, – деді Махмет қызынып:

– Иә, «ел мақтаған жігіт қыз жақтаған» деген ғой. Осы жылы бір кимыл көрсетпесең Құндызың аузынды айға қаратып кетеді. Белдескен жігіттің бәрін жер қаптырып жатқан Аманболғанның етегін ұстап кетпегенде, ат тасасында бұғылып тұрған сені қайтпек, – деп Нөкетай да ағасының намысына тие сөйледі. Махмет шыдамады:

– Мә, тізгінді ұстай бер, – деп ортаға беттей берді. Сол кездегі Махметтің тұлғасы сұқсыр ілер қаршығадай оңтайлы да отты еді. Мұның лып етіп ортаға шығуы мұн екен анау да қалшылдап ұмтыла берген. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарамай болған. Аманболған да Махметті тойды жағалатып келісінен күдік илегендігі кәдік еді. Тістері сақылдап бір –бірін түтіп жіберердей болып ұстаса кеткен. Шіркін, жігіттік намысты қойсайшы.

– Уа, Шилі, уа Құмжота, – дескен айғай сүрең басын дөңгелетіп жіберді. Бір қызығы жұрт дүрліккендей белдесу ұзаққа бармады. Ұмар-жұмар ұстаса кеткен екеуінің жалаң аяқтары астындағы жасыл майса қоғадай жапырылып ойран-асыры шықты. Махмет қан көбелеп үйіріп алып қырға шалғанда Аманболғанның екі аяғы жерден таяныш таппай серей ете қалды. От шашқан өткір көздері қуанышты ұшқын атып топырақ қауып қалған Аманболғанды қолынан тартып тұрғызып жатқан Махметтің сол сәттегі тұр-тұлғасы Нөкетайдың күні бүгін көз алдында.

– Қап, мынаның аруағы басып кетті-ау.

– Бәрекелді тусаң ту. Аманболғанның да жамбасын жер иіскетер бар екен-ау дескен гу-гу сөз дүңкілдеп жатты. Намыстан ортеніп, жүзі түтігіп, топтан жырыла берген Аманболғанның қолын қысқан Махмет атына беттей берген. Осы сәтте оның алдынан Құндыз кес-кестеген.

«Орамал тонға жарамаса да жолға жарайды», деген Махмет. Мына той иесі бас балуандыққа тіккен бәйгесі, – деп қуаныштан жарылардай болып шаттанып тұрған Махмет иығына шапанды

еппен жапты. Жігіт жүзіне тіктеп қарауға Құндыз ұяң қылықпен көз қиығын тастап тұрып зерлі шапанды жөндеп қойған ие, олда бір дәурен еді-ау.

Нөкетай да ат басын егіншілер қасына тіреді, жаңағы бір қимас ой желісі де үзілді. Еңбек өнімді болсын.

– Е, айналасын, Нөкетаймысың. Махметтің қара жорғасын мініп келе жатқан кім болды екен десем. Жөн-жөн. Ие дүние десейші. Сапарың құтты болсын, – деді Селғазы сақалына қонған бидай қауызын қағып тұрып. Бидай жөнелтушілерінде кідіріс жоқ па, – деді. Нөкетай таразы басын санап тұрған Әлібекке. Е, бұйырғанын жөнелтіп жатырмыз да. Екі пар қостырамын деп еді, өзі әлі көрінбейді. Молотилканың қимылы қатты. Сондықтан қайтарылып қалмас үшін көлік күшін көбейткен жөн. Оны қазір бригадирмен ақылдасайық. Өне Досқалидың өзі де келіп қалды ғой. Ә, Нөкетаймысың, амансың ба. Тұғырға кондың ба? Жөн –жөн. Майданда болдың ғой енді тылдың да бір әуселесін байқаймын дегенің жөн болыпты, – деген бригадирдың қамшысымен етік қонышын сипай қамшылап өте берді. Тазаланған бидайдың алақандай қырманға үйе бергеннен гөрі мемлекетке жеделдетіп жөнелту керек. Кім біледі, ертең-ақ ауа райы. Қазірге бере қоятын көлік жоқ. Қырмандағы бидай емес пе тәйірі. Қайда қашар дейсің. Осылар-ақ көлік-көлік деп ауыздарын ашады да отырады. Менің берер көлігім жоқ. Досқали-ау жұмыс жағдайын таусылмай-ақ шешуге болмай ма. Жаңа келген соң мән-жайды білмей жатқан болармын, – деп Нөкетай қызырақтап тұрып қалды. Жағдайды білмегенің көрініп тұр. Сондықтан мәселенің алдын орамай артын бағып сөйлеген дұрыс болады. Досқали қия тартып қисық сөйлеп тұр. Әлібек қикақтап қалды. Онысы келмей жатып ашу шақырып орақ ауызды Досқалидан сөз естіп меселі қайтып қал ма деген кобалжу еді. Бірақ, Нөкетай бұл жолы, ауырған соң, тіс жарып ештеңе деген жоқ. Бұларды еркінсіте берсең анау астындағы атынды бер деуден де қашпайды, – бұлар деген Досқали қыңыр әңгімені өршітпесе өшірер сыңар аңғартпайды. Е, атының басы алтын, арты күміс пе еді. Қаласақ онымен де астық тасимыз, – деген Селғазы тіксіне қалды. Ат түгіл арыстан Махмет те...

Сен шалдың жөн сөйлегенінді естісем керек болайын. Нағыз бредитілсің-ау бредитілсің. Досқали қонышын осып-осып жіберіп атына мінді. Нөкетай молотилкамен өгіз айдап бау бағып жатқандарға беттеді.

– О, ағай келді жақсы болды ғой, – деген Жаппас мәз болып

қалды. Жаңа ғана Досқали түскірдің қиқуынан құлағымыз тыныштап еді. Тырнадан қарауыл қойсаң төбеден қиқу кетпес деп. Жұмыс, жұмыс деп діңкілдеуге келген шығар тағы. Солай ма қайным, – деп қарқылдай күлді Бимаржан.

– Әне, егіншілер де келіп қалды. Бидайды ұшыруды тездетіп жіберейік, – деген Айкүмістің дауысына жалт қараған Нөкетай қырманның арғы тұмсығына ілінген Құндыздың арбасын байқап еді. Арбада Құндыз бен Бағытжан қатар отырған. Арба екпіндеп келіп тау бидайға жанасалап тоқтады. Сәлемет пе Құндыз? Саламат болдың ба. Орның құтты болсын, – деп ұяң жымыды. Құндыздың көзіне сондай тұрған қара жорға жылы ұшырап еді. Құндыз бір түрлі толқып кетті.

Махметтің топ жылқыдан таңдап мінген аты еді. Үстіндегі күміс қасты ер-тұрманы да соныкі. Қаражорға танығандай оқыранып қалды. Таныс үн, ет жүрегін шым-шым еткізер сағыныш үні. Көп болды-ау осы бір мақпал оқырынысты естімегеніне. Құндыз жүгіріп барып қара жорғаның жағын тарап, қырып алар қызылы жоқ басына маңдайын сүйеп тұрғысы келді. Оңаша жолығысып жүргенде сөйтер әдеті еді. «Құндыз менімен емес, қара жорғамен қиыспай қоштасады», – дер еді ондайда Махмет жымып. Өттең ат үстіндегі Махмет емес. Нөкетай, бар айырмасы осы ғана. Махмет тірі болса осылай жайрандап келіп тұрмаспа еді шіркін дүние-ау. Мына Айкүміс, анау Бимаржандармен қатты ойнайтын. Жас-кәріге бірдей өтінеді еді ғой, асылым. Ол келгенде қырман басы қан базар болып кетуші еді. Мүмкін Махмет тірі шығар, «қара – қағаз» қатасып та келуі мүмкін... Босанып бара жатқан көңіл тізгінін тез жинап, тез ширыққан Құндыз арба үстінен жеңіл секіріп түсті де, ақшыл орамалын жөндеп қайыра байлады. Ол қолына күрек алып астық тиеуге кірісіп кетті. Қалай Құндыз шаршап жүрген жоқсың ба? Деді. Бізді қойшы. Көндік қой. Мына балалардың оқуы қиын болып тұр. Таңмен талас тұрарда ептеп тартыншақтайды. Оның үстіне оқудан қалғандары да жаңға батып жүр. Жақында астықты жинастыру бітеді. Содан соң мектепке барады ғой. Мұғалімі Нұрсұлмен де келіскенбіз. Бір жетіге шыдап берсе, бұл болашақ жігіттерге рахмет айтамыз ғой... Басқарма сылти басып атына барып мінді. Нөкетайдың қабағы бүгін жадыраңқы еді. Таңертең Совет информбюросының хабарын тыңдаған. Онда Левитан Совет Армиясының кезекті ірі жеңісін хабарлаған еді. Соғысты таяуда, әрі кетсе 7-8 айдың ар жақ, бер жағында бітер деп топшылады. Бастырылған алқапты аралай жүріп, Басбұлаққа шоғырланған

егіншілердің жұмысын байқамақ шыққан беті осы. Бұдан екі жеті бұрын ғана лебінен жусаң естіп, жаныңа тәтті сағыныш сарынын құмырдай мизамы қалқыған күзді қабағы бұл кезде ысқаяқ ызғар таратып қалған. Қайың терегі жарыса біткен тоғайлар бар алданышы қаймағы бұзылмаған бейқам тыныштық болғандықтан ба, әйтеуір, Нөкетай түскен бозқырау онсыз да бозаң тартқан дала берекесін қашырып жіберіпті. Кеше ғана шаңы аспанға көтеріліп жатқан мына жолдың жоны да қатайып, тоңға айналып қалыпты. Қара жорғаның тұяғы барабан қағып келе жатырма дерсің, дүңк-дүңк етеді. Келе жатып оң жағымда егістік жерлер өтіп жатыр да, сол жағымда жайылған колхоз қойлары, тоң жердің топырағын тырнап, қаудың түбін қырнай қырқып бас алар емес. Қой отарын ауыл маңына аударту керек. Мына жазықты жаз бойы еміп келеді. Өзінің оты да қалмапты –ау. Кешемір күннің ар жақ, бер жағында жұмыс қалғандай еді. Тегі бар күшті астық тасымалдауға аударған жөн болар. Досқалиға айтып жегін малдың бәрін тасуға қосу керек. Күз қабағы осы түйілгеннен енді қара жауынға тірелмей жадырамас. Жаңбыр соңы қарға ұрынуы да мүмкін. Әйтеуір көршілерден ширақ қимылдап аңызда тік масақ қалдырғанымыз жоқ. Бүгін ақырғы гектардың астығы қырманда болар. Оның ойын текіректтей шоқытқан ат тұяғының дүбірі бөліп жіберді. Нөкетай жалғыз теректен әріректен бұрылар соқпақпен салып ұрып келе жатқан Досқалиді бірден таныды. Ат алдында зырыл қаққан бір қара оқтау келді. Бала болды. Ойдым-ойдымда төбесі қылт-қылт етіп бір батып, бір көрініп қалды. Бригадир ат үстінен қамшы үйіріп зекіп қоятындай. Өктем үн еміс-еміс құлаққа шалынады. Нөкетай қара жорғаға қамшы басты.

Досқалидің тарғыл өңі өт қақтаған қара мыстай ала бөтен қошқылданып, тырс-тырс етіп, долыра ісініп кетіпті. Ақ шел басқан екі көзі ұясынан шығып, ақиып алыпты. Алдына салып безектетіп келе жатқан Бегалы екен.

– Мына күшіктің істеп жүргенін көрдің бе, – деді Досқали амандық – саулықтан бұрын.

– Мә, ол не істепті. – Бидай ұрлапты. Ұрлағам жоқ. Сұрап алдым. Қарап-қой ант ұрған. Тағы өзі мойындамайды, ит неме. Мына қамшымен тағы да бір-екі рет жон тереңді сыпырғандай етіп біліп-біліп алса мойындар едің. Бегалы атын омыраулатқан. Досқалидың ызғарлы жүзінен қаймығып бұғына берді. – Сонда не істемексіз?

– Е, не істеуші еді, мұндайда. Өкті жасатып соттатып жіберу

керек.

Ағасы Сәдуақас пен шешесі Күлтайды қоса жауаптау керек. Сонда олар біледі мемлекет бидайын ұрлаудың не екенін, – деген Досқали қанжығасына байлап алған дорба бидайды нұсқап екпіндей түсті. Шыдырлап алыпты, – Жә, Досқали, колхоз бидайын қорғағаныңызды орынды –ақ дейік. Күздің қара суығында баланы жалаң аяқ, жалаң бас дірдектетуіңізге батылыңыз қалай барды, Нөкетай үнінде кейістіктен гөрі ашудың лебі бар еді. Досқали ақшия қалды. – Сен шырақ, не сөйлеп тұрсың. Мені мемлекет мүлкін тонаушыны әшкерлегенім үшін кіналап тұрғаннан саумысың өзі. Ұрыға председательдің өзі жақ болғанда басқа жұрт қалай жер басып жүрмек. Ай, шырақ, мына көріне көзге бредительдік қой. – Тоқтат, аузына келгенді сандырақтамай. Нөкетай атын тебініп ентелей берді. Жок, председатель. Мені бұл жолы шошыта алмайсың. Ұрыға жақтастығың үшін жауап берерсің әлі. Әр түйір жауға атылған оқ деп жатқанда көрінгенге дорбалатып бидай ұрлата алмаспыз, шырақ. Қоғам мүлкіне жаны ашитындар Шилі де барлығын ұмытпа. Коммунист бола тұра жол бермеспіз. – Жетеді Досқали. Бір дорба бидай түгілі арыстай әкесінде сен айтып тұрған жау жолына құрбандыққа беріп отыр емес пе. Ұрлығы емес. Балалығы болар. Баланы қоя бер.

– Ә, сен ашықтан-ашық қорғамақ екенсіз ғой. Оныға жол бере қоймаспыз, жолдас председатель шырақ. Тірі тұрсам бұл тәлкегіңе көнбеспін, – деп нығырлай сөйлеген Досқали да атын ойқастатып үзеңгіге шірене түсті. Досқали, жағаласпа. Әкемді де боқтады. Тәйт әкеннің. Ұры сенсің, сенің көзіңді жоямын, – деген Досқали атын ыршытып жіберді.

– Не дейді? Мынау кімге ауыз салады. Нөкетай атын оқыс тебініп,

Досқалидың қасына жетіп барды. Қалшылдап кетті. Қамшысын алып, қолын көтере берді.

Әй мына неме, мені шынымен сабағаның ба? Кантожін неме, қайтеді өзі қу ақсақтың. Орнынан ата жөнелген оқыс қимылы мен бірге шаң ете қалған дауысы Досқалиды жалп еткізгендей болды. Ашудан қалшылдап кеткен Нөкетай бұрылғанша болған жоқ. Досқали атын борбайлап Шиліге қарай шаба жөнелді.

Әй, ел іші-ай, құшығына осындай арамзалар да сыйып жүре береді-ау.

«Бас жарылса бөрік ішінде» деп жүре бергеніміз ғой. Талайды қанқақсатқан қаражүрек неме енді маған қанды аузын салмақ. Жок,

Нөкетай тірі тұрса бұл қылығыңды кешірмес те, ұмытпас. Жан дүниесінің астан –кестенін шығарып кеткен жаңағы зәрлі сөз жүрек басына қара қан ұйығандай еді. Ертеңіне Щертоков деген милиция келіп, Досқали астық ұрлады деген айып тағып: Садуақас пен Күлтайды ұстап алып кетті. Әкесінен бір айрылса, ағасы Садуақас пен шешесі Күлтайдан айырылып жылаумен болған, жетім Бегалыны аяр ешкім болмады. Ауданға суыт жеткен Нөкетай еш қайда бұрылмастан бірінші хатшының өзіне кірді. Үлкен кабинеттің төрінде отырған, ұзын бойлы қара жігіт қарсы алды. Ә, Нөкетай Есмұханбетов – білем, білем. Төрлетіңіз, төрлетіңіз, – деп орнынан тұрып бұған қарсы жүрді, фронтовиксіз ғой. Тап солай бірінші хатшы соғысқа барып, ранения алып қайтқан жайымыз бар, – деді Нөкетай өзіне ілтипатпен ұсынған хатшының қолын алып тұрып. Махмет Оразалиннен бұрын сіз жайлы лебізін естіп едім. Ал коммунист жетік білетіндегі іс жүзінде дәлел деп шықты. Ауданда бірінші болып мемлекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындап шыққан Шилі колхозы. Бұл өте қуанарлық жай. Шиліліктердің қажырлы ісі үшін алғыс айтуға әбден болады. Жарыс жеңімпазына тағайындалған ауыспалы туымыздың да ендігі иесі өздеріңіз болғалы отырсыздар. Иә, тек мына бір.

– Хатшы аз мүдірді. Жаңағы жайсаң қабағы болмашы кірбеңдік шалып өткендей болды. Нөкетай да қалды. Бірақ хатшының қара жүзі тез жұмсарып, жылылық ұшқыны белгі берді. Майданның бет алысы түзелді емес пе? Таяуда жеңісті де тойлайтын боламыз, – деп қарсысындағы отырған жігітке жымыя қарады. Сол үшін де күресіп жатырмыз емес пе? Әрине тойлаймыз. Шылым шегіңіз, – қорабын сырып қойды. Рахмет Сізге, шылыммен әуестігім жоқ еді. Нөкетай шылым қорабын ілгері итерді де, қалтасынан бет орамалын алып, маңдайын бір сүртіп, шалқайыңқырап барып отырды. Нөкетай негізгі әңгіменің енді басталарын сезгендей салмақты, сабырлы қалыпта көшіп, оңтайланып отырған болды. Менің сізді не үшін шақырғанымды сезіп отырған аңқау түрі тез суынып, ресмилік кейіпке көшкен. Сіз деп сызылтып отыр.

Нөкетай да бойын тез жинап, хатшының жүзіне түсінбедім дегендей таңдана қарады.

– Онда мыналармен танысыңыз. Хатшы стол суырмасынан қағаздар тізілген папканы алып Нөкетайдың алдына жылжытты. Папканы жүрексіне ашқан ол, әріптері ордандаған, қиқы-шойқы жазуларды – қай жерде ұшыратып едім, деп сәл ойланды. Дәл таппасам да, бір жерде кездестіргенім бар. Бірақ қай жерде көріп еді.

Оны елегінде екшеп, ежіктеп отыруға уақыт тар. Ол көз жүгірте жылдамдатып оқып шықты. Өз көзіне өзі сенбегендей. Нөкетай шағымдарда тағы да шұқшия оқи бастап еді хатшы:

– Қайта, қайта оқығанмен майы шықпайды, председатель. – басын көтерді. Екі беті дуылдап, қатты қысылғанда сыр беріп қоятын құлақтары қызарып шыға келді. Сөзді неден бастарын білмей күйзеліп отыр. Махмет болғанда бір тоқетерін айтып, қандай қиындықтарда да ретін тауып кететіндігі еске тіскен болатын.

– Ал, Нөкетай Есмағанбетов, бұған не айтасыз? – деген хатшы тұйыққа тірелген кісіні жетекке алып әңгімеге тартты.

Меніңше жалақорлыққа бару, тек арсыз адамның қолынан келеді, жолдас хатшы. Нөкетайдың үні қырлығыңқы шықты.

– Дәлелдеңіз, дәлелдеріңіз қандай? Бұл арада не деп дәлелдей алмақпын.

Бар айтарым амандық, азаматтық арыма сенсеңіз екен деймін. Баска... Коммунистік арым деңіз. Азаматпын деп кеуде қағуға бәріміздің де қолымыздан келеді. Мәселе онда емес, мәселе басқада.

– Адамдық, азаматтық ары таза болмағандар меніңше Коммунистте бола алмайды. Мен солай түсінемін. Ал мына арыз артындағы адам.

– Иә, иә, ол коммунистпін жалғаны жоқ деп жазып отыр ғой. Партия басшы бол, қосшы бол бәрі бірдей деп үйретеді. Біз, сол принципті ұстаймыз.

– Ол дұрыс қой. Әйтсе де Нөкетай тосылып қалды. Жарайды Сіздің де сөзнізге сенейік. Арыздың бидай ұрлағандарға көмектесті деген тұсы бар. Соның басын ашып айтыңызшы.

– Бидай ұрлау деген болған емес. Тек бір болмашы жағдай. Менің де білгім келіп отырғаны сол болмашы жағдай ғой. Сөз сыңайыңызға қарасам ұрлықты болмашы жай деп сырғыта салар түріңіз бар ғой деймін, – хатшы қатулы қабақпен қарады. Ол бір жетім баланың ісі еді. Әкесінен соғыстан айырылған, бір ағасының қолында болып, жастайынан колхоз жұмысына араласа бастағаны сол еді. Өзіне аяушылық жасамасқа бола ма, үстіне киер киімі жоқ, жалаң аяқ табаны тілім-тілім, көйлегі де жыртық, бой-бой болып жөніне кеткен. Басынан өткен ыстықпен терлеген, бетін бойлаған кір –шаң басып, қап-қара күс қылып жібергенін көрсен дәтін де бармайды, шыдамассың.

Бұлай болмасқа, кім баласына көз жеткізбек. Совет Армиясының семьясы, әкесі жауға қарсы Отан үшін, біз үшін ұрпақ тағдырын сақтауға қасықтай қаны қалғанша күресіп жатқаны

әркімге де аян, шындық. Махмет те өзі құрған колхозы, жұрттың халқын сақтандар, ел бірлігін, бүтіндігін ұста деп, – тапсырғанын есіне алған Нөкетай өте ышқынып кетті.

Қай Махметті айтасыз? Шилінің бұрынғы председателі Оразалин Махметті айтамысың. Елін еңбектеп жүріп, халқының тамағын ойлап, аштық-жалаңаштықтан да сақтаған сол Оразалин. Бүгін де қарсы шайқасыпті, ерлік істерімен көрсетіп жатқан Махметті қалай ұмытпақсыз. Иә сол аяулы жігіттің төресі еді. Амап бар ма? Хатшының қатулы жүзі жүдеп шыға келді. Үніндегі зілді леп те сабасына түскендей. Бір дорба бидайы үшін жетімді шырылдатпай аяушылық жасауға да болмас. Ойыныңызды мен де ұғынып отырмын. Бәріміз де ет жүректі адамбыз ғой. Бірақ жау жағадан алып жатқанда, қысылшаң шақта орынсыз жомарттыққа орын жоқ. Иә, ол бір өзет жігіт еді. Шиліні қатарға қосып кеткен де сол Махмет еді. Хатшы бөлме ішін тынымсыз кезіп жүр. Ойына әлде бір жайлар түсіп кетіп әңгіме тізгінінен айырылып қалғандай. Нөкетайдың жан-ағасы Махметтен мезгілсіз «қара-қағаз» келгенін аудан басшысында тебіrentіп кеткенін сезіп отыр. «Қайран Махмет-ай сенің беделің, азаматтық іскерлігің, естен кетпес жықсылығың қысыл шақ сәтте күш –жігер беретіні ылғи да алдынан шығады-ау».

Дегенмен абай бол, Шиліні он есе, жүз есе күшейтуді талап етеміз. Ел басқарудағы қабілетінді таныттың. Бірақ ағайыншылықтан аулақ бол. Хатшы Нөкетайдың алдында жатқан папканы алды да сейфке салды. Сөйтті де бойын түзеп стол қасына келді. Ал, Нөкетай шырақ, «Әңгіменің басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген. Басында кімді болсада қысып-қысып алатын осындай әдетім бар, – деп қарқылдай күліп қолын ұстады. Хатшының сенім артқан соңғы сөзін көңілге медеу тұтып тұрса да жаны осынау сапарына риза еместі. Ол сыртқа беттеді. Аспан асты алабұлт, күн реңі бұзыла бастағаны екен. Терістіктен ысқырық жел бас көтеріпті. Таңертеңгі бұлтсыз аспан жайдары қалпынан жаңылғандай біраз шашып, суықтық танытады.

Нөкетайдың бойы тоңазытып кетті. Астықты жиып алғанымыз қандай абырой болған. Бұған да шүкірлік. Түнеруі жаман екен қарға апарып соғар.

Үй арасының апшысын қуырып бұған мына ызғар, далада тіпті желігіп алған шығар. Нөкетай қара жорғаға асығыс мінді. Ышқына соққан өкпек жел әрекет түскен. Тобығы басып шалып, шу-шу етеді. Ашу буып бұрқ-бұрқ дүлей күн бас көтеріп келеді. Жеңіл киінген Нөкетай тоңазиын деді. Сауырына дыз еткен ащы соққыдан ыршып

кеткен қара жорға көсіле шапты. Манағы жанын жаралап, азаматтық арын аяқ асты еткен арызды қиқы шойқы, әле топырық әріптер тізбегі көз алдына келген сайын бойын билей алмай қалтырайды. Жазықсыз жаладан күйінгендіктен бе, ызғырық бойын жаулап алғандықтан ба, әйтеуір ер үстінде әдеттегідей нық орныға алмай қыл тізгінен әлсін-әлсін айрылып қалып келеді. Бар ойы алыс жолға арба жегіп қара жорғамен күндіз-түні жүріп ауылға жету керек болды.

Иесінің мазасызданғанын сезген есті жануар, арбаны жеңіл сүйреп баурырын қайыстый созып көсіліп, желіп келеді. Қара жорға ауыздығын сүзе жұлқып, еті қызған сайын аруағы артып, киелі жылқының қолтығы сөгіліп, ысқырық ескен желге омырауын төсеп көсіліп келді. Жан дүниесі алай-түлей, құлақтары шыңылдап Нөкетайдың көз алды шыр айналып, мынау жалпақ әлем төңкеріліп бара жатқандай. Арба үстінен қайта-қайта пожыны тартпай, қара жорғаны езулей бермей, өз еркіне жіберген. Аттың құйрық жалы ауырылла соққан долы желмен желп-желп етеді. Төңірек қараңғы басқан сайын ысқырынып іш тартпа ұлыған құбыжықтай шуға толып барады. Ымқына соққан желмен жырысып Көкбиеге қарай ағындай желіп, маңынан өтіп бара жатқанын да сезбей қалған еді.

Қара жоға ышқына кісінеп жібергенде барып есін жинады. Жүзін сабалаған желден бетін бұрып тұқырына түскен ол басын көтерді. Ат тұяғының тысыры еміс-еміс естіліп барып, ысқырынған үнмен тұншыға жұтылып білінбей кетті. Қара жорға жер баспай, ауада жеңіл қалғып келе жатқандай.

Нөкетай ат басын тежегенмен бағдарлы белгіден көз жазып қалғандығын кеш аңдады. Ендігі әрекеті бос далбаса екенін, өзінің дәрменсіздігін ұғынған ол ат басын тіптен бос тастап, пожыны өз еркіне жіберуді жөн көрді. Осы төңіректі мол аңғарған қара жорға аттың тұяғы қате баспай ауыл қотанына жеткізер деп топшылады. Оның ойына, ауданға келерде қойды ауылдан шығармандар, қарашаның қабағына сенім жоқ деп шегелей тапсырғаны оралды. Жетім Бегалының жайы не болды екен. Шешесі Күлтайды да ұстап әкетуі, бала тағдыры енді не болмақ. Бұл нағыз жауыздық.

«Жау жағадан алғанда, дұшпан етектен тартар» деген осы емес пе. Дұшпан Досқали сияқтылар ел үшін бүлдіріп, жазықсыз бала-шағаларды құрбан етпек. «Ел тыныштығын сақтап, жетім-жесірлерді көп жылатпа», – деген Махметтің сөзі көңіліне қайта-қайта орала берді.

Не істемекпін енді, милицияның тармағына іліккен адамдарды

шығару екі талай. Садуақас пен Күлтай сотталса да, ел тыныштығы бұзылады емес пе.

Курск түбіндегі шайқас. Бет қаратар Коммунисттер алдыңғы шепте. Рота Командирі майор Куликов коммунист Махмет Оразалинді барлаушылар бөлімшесінің командирі етіп тағайындады. Тез арада жасақталып, маңызды тапсырмамен алға қарай жылжы жөнелді. Жау снарядтары мен миналары маза беретін емес. Ауаны ысқырта тіліп, қорқынышты дыбыс шығара оңды-солды түсуде. Олардың әрқайсысы зор жауапкершілікпен бір-біріне сенім артып «өлім мен өмір» тартысын түсінгендей жүріп келеді.

– Фриц ызаланды білем, снарядты қардай боратып жатыр, – деді кіші лейтенант, командир Махмет Оразалин. Ал, жерлесі Ертай Нұғыманов тіптен көңілсіз. Көңілі абыржып, бойын үрей бидегендей. Әр дүрбелеңге құлақ түреді. Өзінен – өзі қысылып, бейберекеті қашып келеді. Маңайындағыларға көз салып еді, олардан өте абыржушылықты аңғармады. «Жасықпын деп, – кіналады өзін Нұғыманов – қара терге түскенім не. Ұят-ай! Қой, мұнымды ешкім сезе көрмесін. Жақсы емес бұл.» Нұғыманов ротадағылардың жас жағынан ең үлкені болатын. Соған орай өмірден көргені де, түйгені де мол. Еңбекке ертеден араласып келеді. Немістер атыс бірте-бірте күшейте түсті. Оразалин көш бастап келеді. Қатайып алған. Жүзі суық. Бойындағы ыза – кек сыртына төніп тұр. Жастыққа тән қызбалыққа еріксіз бұғау салып өзін –өзі іштей тежеп, сабыр шақырып жатқандай. Рота командирі жауынгерлерді оралысымен екінші өте жауапкершілік тапсырмаға дайындалындар деп бұйрық берді. Ол жолдастарына ең маңызды оперативтік міндеттерді егжей-тегжей түсіндірді. Сосын өзіне көз тіккен жігіттерге қарап:

– Көріп тұрсындар оңай іс емес. Өз еркімен баратындарды іріктеп аламын, – деді.

– Маған баруға рұқсат етіңіз, – деді Нұғыманов Ертай.

– Менде барайын. – деп өтінді Романов. Ал шеткеректе тұрған ұзын бойлы, шегір көзі Сәлім Жанбаев қолын көтеріп, баруға тілек білдірді. Сөйткенше болған жоқ бөлімшенің барлық адамдары алға бір адым аттау керек.

Сәлім ауыр күрсінді.

– Сізге не болды? – деп сұрады Махмет Оразалин.

– Мен ілесе алмай артта қалып қояды деп ойлайтын шығарсыз? – деді Жанбаев баяу сөйлеп. Өзіне сенімнің болмағанына ол сәбише бұртия қалды. Мұны сезген кіші лейтенант Оразалин

Жанбаевқа қарап:

– Жарайды әзірленіңіз, – деді.

Бұлар жаудың негізгі штабына барлау жасап, «тіл» әкелу керек болды. Үлкен «Операцияға – дайындалу» үшін қажетті хабарды жеткізу керек. Оразалин тобы түн қараңғылығын жамылып ұлпа қарды омбылай майдан шебіне қарай беттеді. Бәрі де бір кісідей сақтық жасап үнсіз келеді. Төңірек тым-тырыс, бәрі мүлгіп тұрғандай. Бұл тыныштықты ара – күдік неміс автоматтарынан атылған оқтың зуылы бұзып өтеді. Оған жауап ретінде безілдеген біздің пулеметтер жер-көкті күңіретіп тұр. Жауынгерлер құлақтарын түре тың тыңдап, алға баяу жылжыды. Ең алда жан-жағын жіті барлап Оразалин «із» салып барады. Одан қалып қоймауға тырысып Нұғыманов пен Жанбаевта шапшаң басып келеді. Кенет пулеметтің суық үні ауаны кесіп өтті. Сол – ақ екен орман ішінен автоматтар сөйлеп қоя берді. Үш жақтан апталап, оқыра тиген сиырдай бір топ неміс шыға келеді. «Атаңағалеттер көріп қалды, – деп балағаттап жіберді Оразалин, – бізді қоршауға түсіргісі келді білем. Қазір мен көрсетейін қоршағанды!» Барлаушылар ақ қар үстіне бауырларын төсеп жата – жата қалысты. «Байқаусыз өтіп кете алмадық, деп өкінді Оразалин, – көре жатармыз». Оның әмірімен жауынгерлер оқ ата бастады. Немістер енді бұрынғыдай емес анда – санда баяу жауап қатты. Романовта қарап жатқан жоқ. Өзеурей көздеп оқ боратуда. Өзі тістеніп алған. Барын салып жатыр. Оның бұл қимылын көзі шалып қалған кіші лейтенант:

– Қайда атып тұрсыз? – деп айқайлады Романовқа, – оғыңыз далаға кетіп жатыр ғой. Ана бір шағын топты көресіз ба? Солай қарай атыңыз. Романов түсіндім деген ишарат жасап басын изеді.

– Солға қарай еңбектеніз, анау жерден ату оңай. Романов лейтенант мезгеген жалғыз ағашқа қарай жер байырлай жылжыды. Көп кешікпей оның автоматы іске кірісті. Неміс пулеметының үні өшті. Жол ашылды.

– Жарайсың Романов! – лейтенант Махмет Оразалин риза болды. Қарсы атылған оқ саябырсып, әлден уақытта тіптен тоқтады. Барлаушылар алға жылжи түсті. Бір кезде барлаушылардың біреуі:

– Тоқта, сұр жылан!

– Хальт неміс! – деп қатты айқайлап жіберді.

Оразалин айқай шыққан жаққа жанұшыра ұмтылды. Алпамсадай бір гитлершіл серең-серең етіп ышқына қашып бара жатты. Оразалин қуып жетіп, оның тусыртынан қарулы қолымен

мыти ұстады. Дұшпанның бұлтаруға дәрмені болмады. Шарасы таусылып, күдіретті күштен доғаша иіліп мысық құрлы көрмеді. Біздің лейтенант жаста болса тау жығар күштің иесі екен. «Мұндай батыл да, білгір жол бастаушымен бірге жүру қызық – ау өзі», – деп ойға берілді Романов.

– Романов жолдас, тұтқынды алып жүріңіз, – деген лейтенант дуысынан селк етіп ойынан айыққан Романов Сергей «тілді» арқасына салбырата салып, ширақ басып штабқа бет қойды. Арада бір сағат өткен соң неміс өз сыбайластарының барлық сырын алақанға жайып салды. Барлаушылар жыраны бойлай жүгіре отырып, алдағы шок қарағайға жақындады. Күн ұясына бара жатқан кез еді.

Төңірек қызыл арай сәулеге малынып, уақыт өткен сайын қалың бояуынан айырылып барады. Дөңгелене тірілген киіз үй секілді көрініс беретін қарағайлы қалың орман көзге сұсты көрінеді. Оның құшағында небір қорқыныш атаулы жиылып, тақай қалсаң тәлкегіне алатындай. Барлаушылар болса батыл басып, аса бір сақтықпен орман шетіне ілікті. Бір бүйірде етек-жеңін кең жайған, салқам-салқам деревня жатыр.

– Бұлан әрі баруға болмайды, – деді кіші лейтенант Махмет Оразалин, – осы жерде қарауғылық түскенше күтуге тура келеді. Барлаушыларға жеке-жеке тапсырмалар берілді. Кейбіреулер ағаш басынан «жайлы» орын алып, немістердің бағытын барлай бастады.

– Көзге түртсе көргісіз мылқау түн орнады. Кенет майдан шебіндегі біздің деревня қуатты прожекторлардың сәулесіне көмілгендей болды. – Бері жақынданыздар, – деді кіші лейтенант Оразалин қатулы жүзін барлаушыларға бұрып, іске кірісетін уақыт жетті. Немістер деревняны өртеп жойып жібергісі келді. Бұған жол бермеуіміз керек. Жазықсыз отандастарымыз жапа шекпесін. Жанбаев, Нұғыманов, Сандібеков, Седов менің соңымнан еріндер. Ал қалғандарың Ромашовпен бірге қимыл жасайсындар. Романов жолдас, сізді топтың бастығы етіп тағайындаймын. Лейтенант Оразалин жедел қимылмен алға түсті де, Романовқа бұрылып:

Сақ болындар. Берілген бапсырмаларды мүлтіксіз орындауға тырысыңыздар. Деревняда кездесерміз. Әзірге қош! – деді. Дауысы қатқыл. Екпінді сөзінен жаудан өлшеусіз кек алуға шақырған қайратты леп еседі.

Жауынгерлер жанып жатқан деревняға тақай түсті. Оразалин Махмет бастаған топ сым қоршаудың алдына тоқтады, сақтықпен тың тындап отырған жау бұларды сезіп қалып, оқ ата бастады. Біздің

жауынгерлер де граната лақтырып, жауап берді. Олар автоматтан оқ жаудырып, бір орыннан екінші орынға жүгіріп өздерін немістерге көп етіп көрсеткісі келді. Аспанда жолақ-жолақ із тартқан жасыл, қызыл, көк түсті ракеталарда есеп жоқ. Атыс өрши түсті. Немістердің бірте-бірте көбейіп, күш алып бара жатқаны байқалады. Жендетер енді өздерін тіптен батыл сезінуге айналды. Бір тобы жақын келіп:

– Русс беріл капут! – деп өнешін жырға айқай салды.

– Атаңа нәлаттар, – деді Оразалин жеке немістер естісін деп қатты дауыспен.

– Бірінші взвод оң жаққа, екінші взвод сол жаққа, автоматшылар, оқты, аямай төгіндер. Қалғандарың менің соңымнан алға! – деп команда береді.

Барлаушылар уралап жібереді. Бірақ фашистер шағын топты көрген соң тағы да:

– Русс, біз көппсіз, беріл! – деп айқайлайды. Гранаталарды дайындаңыздар! – деп команда береді кіші лейтенант. Барлаушылар іске кірісті. Осы сәтте деревня ішіне бойлай кіріп, оңтайлы бекініп, алған бір топ барлаушылар немістерге оқты қарша боратты. Ту сырттарынан ойламаған жерден тиген соққыға шыдамаған жау бытырап қашуға айналды.

– Осы бір ұрымтал сәтті пайдаланып, командир бастаған төрт жауынгер деревняға кірді. Жанып болған, орнында қара күлі қалған сарай жанында күрек, балтамен қаруланған бірнеше шаруа тұр екен. Үшеуі мылтық асынып алған. Ет жеңді, аласа бойлы біреуі қызбаланып сөйлеп тұр.

– Бұлардікі не жиын екен? – деп мұрады Нұғыманов қасындағы Оразалинге шыдамсыздана қарап.

– Жүр бара көрелік. Тақап барғанда Нұғыманов балаша қуанып:

– Өй, ортадағысы біздің Романов кой. Өне Әубәкіров пен Салменов те тұр, – деді. Бұлар жақын келді.

– Есен-сау табыстық па, – деп күлімсіреген Романов Оразалинге қолын ұсынып қалғанын өзі де сезбеді. Оразалин болса Романовты көрмеген адамша оған назар аудармастан анадай жерде сұлап жатқан өлікке тақалды.

Өмірлері үзілген ана мен бал бейне бір ұзақ жолдан шаршап келіп, тыныстап жатқандай еді. Бала ананың бауырында жатыр. «Ғазиз жүректі абзал ана-ай, балапаныңды оқтан тасалап, ажалдан арашалаған түрің-ау бұл. Бірақ фашист сұм аямаған ғой».

Махмет ккңілі астан-кестен болды. Бейкүнә жандардың

қайғылы қазасы жас жүрегіне біз сұғып өткендей. «Ана мен баланың кегі үшін, қаны үшін!»деп күбірледі ішінен.

Лейтенанттың тас түйін түрін көрген Романов, осы сәтте енді-енді жемін іліп түсірмеккебар болмысымен жұмылған қыран бүркіттiкөз алдына елестетті. Елестетіп тұрып:

– Ана мен баланың кегін алайық, – деді. Романовтың берік шешімді қатқыл дауысын естігенде барып кіші лейтенант оған назар аударды.

– Сіздер бізден бұрын деревняға қалай кірдіңіздер?

– Өте оңай, жолды қысқарттық, соқпақпен жүрдік. Жол – жөнекей кезіккен «иттерді» жоя отырып, деревняға кірдік.

– Дауысынан масаттанғандық білінеді.

– Минаға кезіккен жоқсыздарма?

– Кезіктік, бірақ жауға деген ыза-кек бойынды билегенде мина ешнәрсе емес екен. Шөгiрлі жерден көзді жұмып жүріп өткен қара табан баладай болды, – деп жымиды Романов. Жолаушылардың бұл сөзіне Оразалин де рахаттана күлді. Командир бөлімге кіргенде барлаушылар дем алып жатыр еді. Әрқайсысы өз ісімен шұғылдандуда. Нұғыманов гимнастеркасының үзілген түймесін қадап отыр. Жақында ғана ұстара алған Салменов аса бір көңілді кейіппен сақал-мұртын қырып тұр. Бұрышта төрт жігіт домино ойнап отыр. Төменгі сәкіде Оразалин мен Романов қатар жатыр. Сөзді бірінші болып кіші лейтенант бастады:

Рота командирі Куликовқа сіздің семьяңыз бар ма? Екі балам бар, сабаққа алғыр шетінен алтын. Ересек, үлкенім мүмкін көмекке келіп те жатар.

– Ал, менің балаларым өте жас. Ең үлкенім Бағытжан мен кеткенде 5-ке ғана толды, – деді Махмет Оразалин ойлы кейіппен. Сәндібеков лып етіп тереде жақтауына сүйеніп, сыртқа көз тікті де:

Әубәкіров, – деп айқайлап жіберді. Есікті ашып Әубәкіров ішке кірді. Қолында хат хабарға толы бума қағазды асықпай жігіттерге бір қарап алды да столға қойды. Өкел хатымды, – деді Жанбаев шыдамсызданып. Қанда хат? Кәдімгі хат.

– Бұл жолы саған ештеңе жоқ. Ал мына хатты кімдікі екенін тауып берші.

– Кәне мен айтып берейін, – деді Романов бір бүйірден қосыла кетіп.

– Сәлменов, Нұғыманов, Седов алдыңғы күні хат алды. Маған да жиі-жиі келіп тұрады. Ендігі кезек кіші лейтенант Оразалиндікі болуға тиіс. Ол балаларын сағынып, елін көп айтады. Романовтың

болжамы дұрыс болып шықты. Бұл жолға хат Оразалинге келген екен. Әубәкіров хатты тез оқып шыққан. Оразалинге қарап, көңілінің көтеріңкісін байқаған ол,

– Жолдас лейтенант хатыңызды рұқсат етсең, дауыстап жолдастарға оқып берсем қалай?

Махмет басын изеуі мұң екен. Әубәкіров судырата ашық дауысымен оқи жөнелді:

«Сіздің ерліктеріңіз ауылға да жетіп жатыр. Бұрынғы өзіңіз құрып кеткен Шилі колхозына рота командирінің қолымен бүкіл ел-жұртқа арналып Куликов қол қойған хатты оқуыма тура келді. Сен қара жүректі – фашистерге қарсы тұрып оларға тосыннан тойтарыс беріп, құртып жібергендерің қандай ержүректік. Елдегі жылаған бал мен еңбектеген қарттарға дейін қуаныштары қойнына сыймай, мен оқытып жатқан мектеп балаларының аузынан түспей жеңіспен оралуға тілектестік білдіріп амандықты жаз деп тапсырған еді. Жалма-жан қолыма қалам алып, өзіңе әдейі сүйіспеншілік пен амандық білдіріп отырмын, сүйіктің Нұрсұлу».

– Оһо, сөзі жақсы екен, өзі де сұлу шығар. Ұзатпай хат жіберсенші, – деді Әубәкіров – дұрыс айтады, дұрыс, – десіп жатыр. Көкшетаулық Жанбаев күлімсірей отырып, баяу ырғақпен ән бастап кетті. Оған көңілдерін көтеріп, аз үзілісті пайдаланып жауынгерлер бір кісідей қосыла жөнелді. Елден алған сәлемге көңілдері қуаныштанып, біраз шаттық-күлкіге бөлініп қалды.

Көңілді демалыс сағаттары зымырап өте шықты. От пен оқтың толасы осы бір шағы кімге де болса жанға жағар жайлылықпен құнды бола түсуші еді. Дәл қазір де солай. Олар енді эзіл айтыса жүріп, тынығуға дайындала бастады. Дәл осы сәтте есік ашылып ішке рота командирі Куликов кірді. Ол бірден Оразалиннің қасына келіп:

– Тығыз тапсырма бар. Қасыңа сенімді жауынгерлердің бірін ал, – деді. Оразалин шешінгелі жатқан Романовка «дайындал» деген белгі берді. Далаға шыққан соң Куликов оларға не істеу керек екенін түсіндірді.

– Әне, – деді ол ұрыс болып өткен жерді нұсқап, неміс генералы жатыр. Жаудың көзіне түсіп қалмай, оны осында жеткізу керек. Бізге оның документтері өте қажет. Бұйрығыңыз орындалады! – деді Оразалин қолын шекесіне апарып.

– Бізге сеніңіз, – деп қалды Романов. Бұл жолға тапсырма да сәтті орындалып еді. Рота командирі Куликов стол үстінде жаюлы картаға бар назарын салып, шұқшиып отыр. Картаға әр түрлі түсті

белгілер соғылған. Міне мынау көк белгі неміс қорғанысын әйгілеп тұрса, садақ жебесінің суреті шабылдаушы роталарды бейнелейді. Жебенің ұшы енді пункт Лесная деревнясына қадалып тұр. Бүгін осы деревняға рота тегеурінді шабуыл жасаған. Көздеген мақсат орындалмады, қимыл сәтсіз аяқталды.

«Леснаяда не бер екен?» деп ойлаған майор Оразалин мен Романовты жедел шақыртып алды. Майор Куликов оларға Лесная деревнясына байланысты алда тұрған міндеттерді айтып, негізгі мақсат: деревнядағы жау санын, атыс нүктелерін анықтау керек екендігін түсіндірді де, оған қай тұсынан барудың қолайлы болатынын мезгеді. Бұл өте қиын тапсырма еді. Оны байыбына жеткізе орындау өздеріне сын екенін жақсы түсінген барлаушылар қауіпті сапарға тыянақты дайындалды. Қару-жарақтарын тәртіпке келтірді. Деревняға кірер жолды ұзақ ақылдасып белгіледі. Бұлар бір-біріне сенімі мол, бәрі де Қазақстандық жігіттер еді, әр біреуі әртүрлі облыстардан болатын. Ымырт үйіріле бастағанда барлаушылар жолға шықты. Жол ауыр еді, өйткені омбы қарды омбылай жүру керекті. Оразалин тобы қарға малтығып әрең дегенде деревня шетіне ілікті. Бірақ оған кірудің сәті жуыр маңда түсе қоймады. өйткені немістің күзетшілері тым сақ жүрді. Жын соққан фрицтер мына тұстағы күзетті мықтаған екен, деді Оразалин. – басқа жермен кіруге әрекет етіп көрейік.

Барлаушылар ақырын жүгіріп отырып терең сайдың қармен бітелген аңғарына тап болды. Немістер дәл бұл тұстан қауіп болар деп ойламаса керек, күзетсіз қалдырыпты. Екі барлаушы омбы қарды еңбектеп өгіп, бақша ішіне кірді де еңселі үлкен үйге қарай беттеді. Бір бүйірде тұрған қорғаны тасалап оның терезесіне тақалды. Терезе пердесі ұқыпты жабылған екен, бөлме ішіндегінің бәрі ап-айқын көзге көрініп тұрды. Оразалин қаннен-қаперсіз рахаттана әңгіме соғып отыр. Біреуі даурыға сөйлеп, қарқылдай күліп өзін өзгелерден ерекше ұстады. Бір кезде ол қарсы алдындағы көк көз, сары жігітке қадала қарап бұйыра тіл қатты. Сөйткенше болған жоқ сары жігіт орынан ұшып тұрып, екінші бір бөлмеге кірді де, іле қайта шықты. Рюмкаларға шүпілдегіп құйылған ішімдікті подноспен ол ортаға әкеліп қойғанда, отырғандар өлексеге кез болған қарғаша шу ете түсті. Үй іші азан-қазан болды. «Керелерінді ішкізбей құртайын», – деп ойлаған Махмет Романовқа дайындап деген белгі берді. Олар бір мезетте төрт гранатаны бөлме ішіне тастап үлгерді. Жалын құшқан үйді қалдырып барлаушылар ілгері кетті. Жолда Оразалин:

– Операцияны қайталау керек. Жер деревняның басқа бір тұсынан тиіселік, – деді. Екінші бір үйге де жасырынып келді. Олар мұнда да қызу қимылдады. Романов қолындағы гранатасын үйдің ішіне тастағалы тұрғанда неміс күзетшісі ту сыртынан атып жіберді. Абырой болғанда оқ дарымай кетті. Күзетші екінші рет атуға оқтала бергенде Махмет оны винтовканың дүмімен көк желкеден оңдыртпай ұрып, ұшырып түсірді. Бұл кезде Романовтың қолынан шыққан граната үйдегі немістердің күлін көкке ұшырып кетті. Үй қараңғы түнде от құшағына оралып гүрілдей жана бастады. Деревняның әр жерінен жиі бой көрсете бастаған өрт немістердің бой берекетін алды. Олар дүрлігіп, бет алған жаққа оқ ата бастады, айкай-шу көтеріліп шала бүлінді. Барлаушылар жауынгерлік тапсырмасын ыждахатты орындаған соң кері қайтып кетті. Ал рота командирі деревнядағы өртті, немістердің сасқанын, тәртіпсіз оқ шығарғанын көріп бір взводты іске қосты. Ұрыс ұзаққа созылмады. Таң біліне Лесная деревнясы біздің қолымызға көшті. Түн қараңғысында барлаушылар небір керемет ерліктерді туындатып жатады. Бұл жолы да солай болды. Оразалин бастаған топ «тіл» әкелуге суыт жүріп кетті. Олар орман алқабын бауырлай келе жатқан. Бір кезде арба шиқылы құлаққа шалынды. Ол бірте –бірте тақай түсті.

Фашистерді жол үстінде күту керек. Қане, оңтайлы жерге жасырынайық, – деп Махмет қалың бұтаның түбіне жайғасты. Арба келіп қалды. Үстінде суықтан бүрсіп екі адам отыр. Оразалиннің өзі белгі беруі мұң екен Романов арбадағыларға арыстанша атылды. Кіші лейтенант бірегей қимылдады. Тез қимыл жасаған барлаушылар қолына винтовкасын ал берген немістің бірің дыбысын шығартпастан қанға бояды, ал екіншісін тірідей қолға түсірді.

Барлаушылар майданның алдыңғы шебінен өтіп, жау бекінген белеске көтерілді. Күн желді болатын. Көк жүзінде ала шабдарланып ай көрінеді. Оның әлсіз сәулесінің өзі барлаушылардың ілгері жылжуына кесел жасады. Дұшпанның көзіне шалынып қарулары мүмкін. Олар амалсыздан бүйірде қарауытқан бұтаға қарай орын ауыстырды. Соны қалқалай отырып, әлден уақытта неміс тылына апаратын қара жолға шықты. Олар асықпай алға жылжыды. Ара – тұра тың тыңдап, алдын болжап алды. Төңірек құлаққа ұрған танадай. Кеудесімен жылжып келе жатқан Романов қолы керілген сымға тиіп кеткенде оның жүрегі атша тулап, өңі боп-боз болды. Абайлап қараса сымның бір ұшты

минаға байланған екен. Енді бұл жолдың әрі жүрудің қауіптілігін сезген ол оң жақтағы жалғыз аяқ соқпаққа түсті. Сөйткенше болған жоқ бұларға оқ жауып қоя береді. Сол сәтте жерге етпеттей жата кеткен Оразалин:

– Гранаталарыңды әзірлеңдер! – деп бұйырды. Жау оған жауап қатпастан, олардың ту сыртына шығып алу үшін барлаушылар етпеттей тез қимылдап көзделген жерге жетті. Сол сәтте немістер атысты доғарып, жайбарақаттыққа түсті. Жау онша көпте емес екен. Оразалин белгі беруі мұң екен, алты граната қатар атылды. Барлаушылар немістердің бұл тобын жойып әрі қарай жүрді. Орманның бір қапталынан тағы фрицтер бой көрсетті.

– Бұта, бұтаға шіркейдей жабысқан сорлылар, – деп күлді де Оразалин жаудың атыс нүктесін белгілеп алды.

– Енді кері қайта беруге болады, – деді кіші лейтенант барлаушыларға бұрылып, – тапсырма орындалды. Тамаша орындалды.

Барлаушылар кері қайтты. Ол деревнядан бір шақырымдай ұзағандай шок шіліктің арасынан жарқ еткен оттық жар қылын көздері шалды.

– Қызық болсын, – деді бөлімге «тілмен» оралайық, артығы болмас. Оразалин бастаған топ жер бауырлай еңбектеп қара шілікке кірді. Міне, қызық, үш неміс жырада қару – жарақтарын жайып тастап, шылым тартып отыр. Романов пен Нұғыманов олардың ту сыртынан барып пышақ жұмсады. Өзге барлаушылар үшіншісін тірідей қолға түсірді. Сөйтіп, Оразалиннің тобы өлген немістердің бес автоматын, екі винтовкасын, карта мен документтерін алып «тілді» бөлімге жеткізді. Барлаушылар орналасқан жер үйге Оразалин асыға кірді. Жауынгерлер қаруларын тазартып отыр екен. Лейтенанттың мына суыт келісінің жай емес екенін олар бірден сезіп, оған назар аудара қарады.

– Бізге дұшпанның блиндажын жою және «тіл» әкелу міндеті тапсырылды. Винтовкаларың мен гранаталардың әзірлеп жорыққа дайын болыңдар. Сол-ақ барлаушы – жауынгерлер абыр-сабыр болды да қалды. Бірақ бәр бір кісідей көзді ашып жұмғанша киініп, сапқа тұрып үлгерді. Түн тұманды. Адым жердегіні көру қиын. Барлаушылар осы ұтымды сәтті пайдаланып, өз жоспарларын іске асыруға аттанды. Олар шеңбер жасай алға жылжыды. Мақсаттары егер жау сезе қалғандай болса көп күш болып көріну. Бірақ оларды жау көпке дейін сезе қоймады. Совет барлаушылары немістердің блиндажына жақын баруын қамтамасыз етті. Қолайлы сәтті

пайдаланып Оразалин бастаған топ блиндажға бірнеше граната тастады да, жүгіріп есік алдына барды. Сол-ақ екен іштен үрейлері ұшқан үш неміс атып-атып шықты. Түстері қашып дір-дір етеді. Ешкімнің бұйыруынсыз – ақ қолдарын көтеріп, серейіп қатты да қалды.

– Міне тәртіпті деп осыларды айт, – деп күліскен барлаушылар тұтқынға түскендердің ішінде бір офицер бар еді. Ол қолын байламай тұрып бір офицер бар еді. Ол қолын бойламай тұрып бір офицер төрт биктелген қағазды алып берді. Оразалин оған көз жүгіртті де, маңызды документ екенін біліп бір жымып қойды. Лейтенант жүзі жылылғын көрген офицер езуіне күлкі үйіріліп зорлан күлімдеді. Бір минут болсада өміріне төнген қауіп бұлтының әрі ысырылғаны ол қуанып тұр еді. Біздің барлаушыларымыз Николаевка селосындағы мынандай жайтты анықтады. Немістер бір блиндажды тастап кетеді де, мұнда тек түнеп шығуға келеді екен. Оразалиннің тобына осы блиндажға келушілердің ішінен «тіл» алып келу тапсырылады. Сол «тіл» кезекті бір шабуылдың сәтті өтуіне өлшеусіз көмектесетін еді. Тапсырманың маңыздылығын жете түсінген Оразалин өз тобын бастап кезекті жорыққа шықты. Бұлар өте баяу жылжи отырып, қараңғы түспей-ақ блиндажға тірелетін жолдың жағалауындағы жуан сырғауылды торалап, бұғып жатты. Кешікпей қараңғылық түсті. Көзге түртсе көрінбейтін мылқау түн алда болар қанды қимылдың қорқынышын еселей түскендей. Барлаушылар алға көз тігіп, жауды ызылана күтіп жатыр. «Әккі немелер, бізді сезіп қалып бүгін келмей қалмаса жарар еді», деп ойлады ішінен Оразалин. Осы сәтте құлаққа аяқ тықыры еміс-еміс шалынды. Өздері көп сықылды. Біруі бөлініп шығып, алға ұзады да тың тындай бастады. Қауіп-қатердің жоқтығына көз жеткізгесін «жүріңіздер» деген белгі берді де, өзі блиндаж есігін ашып, ішке кірді. Оразалин санап үлгерді. Он екі неміс автоматшылары қаруларын қолдарына кезей түсіп, есікке бет алды. Соңғысы кірген кезде барлаушылар блиндажға лап беріп, гранаталарды бірінен соң бірін лақтырды. Сосын өздері батыл басып ішке енді де, тірі қалған немістерге қол көтеріндер деп бұйырды. Тірілері төртеу екен. Олар совет барлаушыларын көргенде көздері шарасынан шығып қаққан қазықтай қалтиып тұрып қалды. Махмет Оразалинның осы сапардағы ерлігі жоғары бағаланып, оған лейтенант атағы берілді.

Ротаның командирі Куликов лейтенант Оразалинді шақырып алды. Ол келгенде командир Куликовтың аузындағы шылымын үсті-үстіне сорып бөлме ішін кезіп жүргенді.

– Ә, келдің бе, жолдас лейтенант, – деді командир оған қарсы жүріп, – төрлет, төрлет. Сенің батыл қимылыңның бізге тығыз керек болып тұрғаны. Өзеннің арғы жағалауынан бір «тіл» керек еді.

– Құл болады, жолдас командир.

– Қасыңа бір көмекші қосып алып, бөгелмей жолға шық, – деп командир Оразалиннің қолын қысып, арқасынан қақты.

– Жолың болсын! Табысты оралуына тілектеспін! Командирден шығып бара жатып қасына кімді ертуді ойластырды. Ақыры ол аға сержант Романовқа тірелді. Мерген десең мерген, әсіресе өзеннен өтуге шебер-ақ. Суға жүзу қабілеті де өте жақсы. Махмет жауынгерлеріне келіп тапсырманың мән-жайын түсіндірді де, Романовқа өзімен бірге баратынын айтты. Сол-ақ екен Ертай Нұғymanов орнынан атып тұрып:

– Өзенге нешеуін тұншықтырып өлтір десеңіз де мен дайынмын. Сенім артыңыз мағанда бірге баруға, – деді батылдық көрсетіп. Үшеу болып, тапсырмамен жолға аттанды.

Анау толқын жағаны өршелене соққылап жатыр. Мұндай тау-тау толқында арғы жағаға өту оңай емес. Бірақ жел саябырын күтіп отыруды уақыт көтермейді. Үшеуі дайын тұрған салға мінді де, толқын өткен бет қойды. Романов зор денелі қайратты жас жігіт. Махмет пен Ертай да қажырлы, қайтпас, тепсе темір үзетін шақтары болатын. Жүргенде түгі бар, батыл азаматтарға жауапты жұмыстар тапсырудың да мақсаты осында. Романовтың әсіресе істі орындаудағы табандылығы мен қайтпас қайсарлығы қатты ұнайды Оразалинге. Әйтсе де үлкен сын алдында жігерін жанып қоюдың артық болмайтынын еске алып Махмет оған: Романов, жау көп біз азбыз. Ал қайратты жауын қатал бола білетін адамға мыңның күші дариды. Қазір тағы бір ерлік бетін ашалық, – деді. Ой құшағында елтіп отырған жас жігіт айбарлы жүзін Махметке бұрып, күлімсірей басын изеді. Асау толқынмен арбасқан үшеу, білектерінің күшімен қарсы жағаға шықты. Салды жарқабақтағы үлкен ағаштың түбіне байлап, тың тыңдады да, маңайларын шолып алды. Ешқандай сыбыс білінбейді. Олар сосын ағаштың ішімен ілгері қарай жүрді. Аса бір сақтықпен келеді. Тоғайдың орта шеніндегі кішкентай алаңда жүрген жиырма нақты немістің бұлардың көзі шалды.

– Романов, – деді Оразалин, – міне, сын кезең туды. Олар көп біз үшеу ғанамыз. Сен қазір жақ бетке жат. Біз Нұғymanов екеуіміз немістерді атқан кезде сен де оқ жаудыр. Екі жақтан қысып көрмесек, алданып қалуымыз мүмкін. Романов оң жаққа қарай жер бауырлап еңбектей жөнелді. Немістер Махметке жақын келді.

Оразалин қолайлы сәтті мүлт жібермеуді ойлап, автоматының тиегін ағытты. Жолдың қарсы бетінен де оқ борап қоя берді. Немістер жаңбырдай жауған оқ астында қатты састы. Біразы сеспей қатып, тірілері бытырай қашты. Оразалин мен Нұғыманов екеуі үш немістің сонынан түсті. Оның екеуін құлатып, біреуін тірідей қолға түсіреді. Анадай жерден Романов көзге түсті. Ол да біреуін алдына салып келеді. «Жігіт-ақ екенсің» деп жымыды Оразалин оған сүйсіне көз тастап. Рота командирі Куликов бір емес екі «тілді» көргенде үш барлаушыны айқара құшақтап, қатты риза болды.

Кеш түсімен лейтенант Махмет Оразалин мен аға сержант Романов неміс блиндажынан алыс емес жерден өздеріне орын сайлап алды. Терең қазылған траншеядан дұшпанның атыс нүктелерін бақылауға өте тиімді болды. Олар екі күн боиына траншеядан ешқайда аттап шықпады. Немістердің қай бағытта шабуылға шығатынын болжау мақсатында зерттеулерін жүргізе берді. Алып шыққан тағамдары таусылып, судан зарықты. Сыз жерге жата алмай әбден қажыды. Үшінші күні олар траншеядан шығып, кері қайтты. Жау кезіп қалып оқ астына алды. Романовқа оқ тиді. Жараланып жүре алмай қалған жолдасын арқалап, немістермен атыса шегінген ержүрек Оразалин бөлімге есен-сау оралды. Оразалин мен Романовтың төзімділігімен жиналған мәліметіне сүйене жүргізілген шабуыл біздің армияның немістерге күтпеген жерден күйрете соққы беруін қамтамасыз етті. Оразалиннің взводы кезекті барлауға шықты. Қорғаныстың алдыңғы шетінде ол біраз аялдап, едәуір жайттарды анықтады.

Романов тез арада айығып, барлауларға қосылды. Барлаушылар бір километрдей еңбектеп жол жүрді. Неміс блиндаждарынан өткен соң, орман ішіне кіріп кетті. Артта тоғыз километр қалды. Командир деревнялардың біреуіне кіруге ұйғарды. Барлаушылар үш топқа бөлініп, оған үш жақтан енді. Колхозшылардан жағдайды сұрап білді. Деревняда небәрі екі-ақ неміс бар екен. Олар жау паналаған үйді қоршап, қапысыздана немістерді қолға түсірді. Оразалин дұшпанның тылына бұдан да терең бойлауды ұйғарды. Келесі деревняға кіріп еді, онда да немістерден береке қашқан екен. Қоныс сыртында үш неміс барлаушыларды көріп қалып, зыта жөнелді. Жауынгерлер оларды ұзатпай қуып жетіп, қолға түсірді. Сөйтіп, бұл жолы да құр бос қайтқан жоқ. Барлаушылар командованиеге маңызды документтерімен көздері байланған төрт тұтқынды әкеліп табыс етті. Оразалинға ертеңінде жоғары награда берді.

Арада біраз уақыт өтті.

Қуатты мотор үні таңғы тыныштықты бұзды. Жаудың жүк машиналарының легі көрінді. Манадан бері дұшпанды күтіп жатқан жауынгерлер тас жол жағасындағы жұмсақ қара жотаға жата кетті. Лейтенант Оразалин барлығының алдында жатып, алға көз тігуде. Оның қасында жауынгер Романов пен батыл бес жерлестері еді. Жау колоннасы бұларға тақалып келіп тоқтады. Алдыңғы машинада жан-жағына аса бір сақтықпен қарап автоматшылар келеді. Қолбасшыларының бұйрығы болса керек, олар әлсін-әлі жолдың екі жағын атқылап қояды. Оразалин алдағы машинаға автоматтан оқ жаудырды. Жүк машинасы бөгеліп қалды. Жүргізушіге оқ тиген екен. Немістер сасқалақтап, қашудың амалын қарастыруға бастады. Бірақ барлаушылар оларды еркіне жібермей оқ астына алды. Бірнеше минуттан соң гранаталар жарыла бастады. Жаудың тағы бір машинасы қирады. Оразалин немістердің бір машинасының бір сытылып, орманға бет қойғанын көріп қалды. «Жаяу әскерін біздің тылымызға шығарып, қоршап алғысы келеді».

– Барлығыңызда орманға кіріп бекініндер, – деп бұйырды Оразалин. Өзі Романовпен бірге немістің жүк машинасын қарсы алуға ұмтылды. Машинадан жан ұшыра қарғыған фашистерді нысанаға алып, оқты қарша боратты. Қираған машина жанында әлден уақытта жиырма шақты өлік сұлап жатты. Барлаушылар өз істерін тындырды. Жау колоннасы шоңқиды. Оразалиннің тобы жау тылындағы екі күн ішінде бірнеше елді пунктерді, тас жол бойындағы түрлі қару-жарақ, зат тиеген машиналарын жойды. Немістердің жүзеге тарта солдаттары мен офицерлерін жер қабыстырды.

Дұшпанның сым қоршауының алдындағы сайда фашистердің барлаушылар бөлімшесі пайда болды. Олар мұнда жасырынып отырып, біздің барлаушыларды қолға түсіргісі келді. Бірақ ойлағандары оңайлықпен іске аса қоймады. Гитлершілдер таң атқанға дейін міз бақпай отырып, еш нәтижесіз өз бекіністеріне оралды. Олар осылай үш күн қастарынан суыққа тоңып, әбден зығырлары қайнады. Сонда да алған беттерінен қайтпай, мақсаттарына жетуге ұмытылды. Алыстай бағдарлаудың нәтижесі бойынша Оразалин Махмет:

«Неміс барлаушылары терең етіп траншея қазып бекінген. Олар соның ішінде біздердің келуімізді күтіп жатыр» деп топшылады да, өз жауынгерлеріне алда тұрған міндеттерді түсіндірді. Жендеттердің арам ойы түсінікті болды, – деді ол, – біз қозғалмасак олардың әрекет жасайтын сиқылары байқалмайды. Ұяларынан адым

аттауға иленетін төбеттер сияқты. Енді біз олармен уақыт өткізбей сол «үйшіктерінде» тұншықтыру амалын қарастыруымыз керек.

Оразалин барлаушыларды екі топқа бөлді. Оларға операция жоспарын егжей-тегжейлі түсіндіріп, жүретін жолды көрсетті. Біздің алдыңғы шебімізден немістер жасырынған траншеяға дейін бір-ақ километр. Оразалин тобы немістер барлаушылары майдан шебінен өз позициясына өткен кезде траншеяға барып орналасуға ұйғарым жасады. Бірақ фашистердің траншеяда қай кезде болатынын барлаушылар айыра алмай қойды. Бұл тұйықтан да Оразалин алып шықты. Екі-үш күн байқауым бойынша олар түнде ғана траншеяда болатынға ұқсайды. Сондықтан бүгін қараңғылық түспей тұрып, траншеяға бекініп алуымыз керек, – деді ол. Қараңғылық әлде қашан түскен, – деді ол. Қараңғылық әлде қашан түскен. Маңайда еш қыбыр білінбейді. Барлаушылар болса бүгінгі түннің кімнің пайдасына шешілетінін іштей саралап, сергек отыр. Жолдас, – лейтенант құлағыма бір дыбыс шалынды, – деді Романов сыбыр ете түсіп.

– Елегізгендіктен шығар.

– Аяқтың шықыры естіледі.

– Міне, міне тыңдаңызшы, – Романов баяғының тыңшыларындай, жерге құлағын төсеп, демін алмай қатты да қалды. Оразалиннің құлағы да сыбдырды шалып қалды да, жауынгерлеріне дайын отырындар деп бұйырды. Бір кезде совет барлаушылары жатқан жерге тиеді. Сол сәтте үшеуі де совет барлаушыларының қарулы құшағында қалды. Сирек кездесетін мұндай ерліктері үшін Оразалин, Романов «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталады. №267 Қызыл ту атқыштар дивизиясы Беларусь, Украина, Литваны азат ету үшін жүргізілген кескілескен шайқастарға қатысты.

– Батыс майданның барлық учаскелерінде тегеуірінді шабуыл жасаған совет жауынгерлері гитлершіл басқыншыларға ойсырата соққы беріп, оларды кейін тысқыра түсті. Фашистер қорғанысқа кейбір жерлерде бар күштерін төгіп, арындап алға аттаған совет әскерлерінің қайратты қарқынын уақытша болса да, тежеуге жандарын салып бақты. Беларусь жері. Алайда немістер зор стратегиялық маңызды бар кейбір елді пункттерді қолдан шығармауға тырысты, танктер қостаған жаяу әскерлерін қосып бақты. Жауынгерлер зор тосқауылдарды жеңе отырып үлкен-кішілі деревняларды жау қолынан тазарта отырып алға жылжыды. Немістердің қорғанысы тораптарында кескілескен шайқас басталды.

Әсіресе, Малвовка елді пунктін алу оңай болмады. Бұл бағытта рота командирі Куликовтың ротасы немістердің қарша бораған оғы астында қалды. Командир тез шешімге келіп, кішкене топты жаудың маңдай тұсына қалдырды да, өзі қалған күшпен оң жақ бүйірден соққы берді. Жерлесіміз Әубәкіров, Жанбаев ауыр жараланып, Сәлменов дүние салды. Шабуыл өріс ала түсті. Рота түгел өзіміздің қазақстандықтар еді. От жалында жауын жайлай білген аға сержант Романов, взвод командирі Оразалинмен деревняға бірінші болып кірді. Олар дұшпанның расчелттарымен бірге пулеметтерін, отыздан астам солдаттарды жойып жіберді. Жендеттер әрбір үй ішін қырқысып бақты. Жауынгер Седов жарақат алып, қаза болды. Бірақ күш алып жеңіспен рухтанған жауынгерлер атой салып арындап, алға аттанды. Малваканы азат еткен Совет жауынгерлері Минск бағытына қарай жылжыды. Шабуыл біздің пайдамызға жалғаса берді. Жерлесіміз Ертай Нұғманов госпиталдан оралған беті мені көргенде балаша қуанып жүгіріп келді де, құшағыма кіріп кетті. Ол жараланып біраз көз жазып қалғанбыз. Мен де қуанып қысылтаң шақта, есен-сау кездестіргеніме мәз болып жатырмын.

– Қалай, есен-саумысың? Жаудың керегін бердің бе – дедім мен.

Көріп тұрсыз, жер басып тұрмыз, ал бірақ біраз жерлестерімізден айырылды. Қиын екен, қарулас достардың өмірі үзілгенін көру. Шыдап барамыз да, бірақ соғыс шығынсыз болмайды ғой. Мақаң осы сөзді айтып жүзін төмен салды. Әбден қажығаны көрініп тұр. Бірақ оның өткір көздерінен кек отын көрмеу мүмкін емес еді.

– Қиындыққа мойып тұр деп ойлап қимаңыз, – деді Махмет Оразалин. Шәйт болған жерлес-жолдастарды еске түсіріп көңілдің сәл босағаны, – деген ол әңгіме арқауын өз жауынгерлеріне бұрады.

Бірінші Ақтөбелік Сапар Сәлменовтың есімін ауызына алды. Шабуылдың Қызған Сәтінде Сапар бірінші болып жау траншеясына қарғып түседі. Сол жерде немістердің өлігінен басқа көзіне ештеңе көрінбейді. Траншеяны бойлай жүгіреді. Бір кезде сұлап жатқан өліктің белінен басып кетсе керек, мүрдем кетті деген немісі кәдімгідей ауырсынып, ыңырысып қалыпты. «Мұнасы несі» деген оймен Сапар тоқтай қап, тамырын басып көреді, неміс тірі екен.

– Тұр орныңнан деп ақырады Сәлменов. Неміс қалбалақтап орнынан көтеріле береді. Ол Сәлменовке мүләйімсіп қараған күнде ыммен маңайындағы екі денені мезгеп бірдеме дейді. Автоматтарын кезей олардың қасына тақағанда екеуі қабат ілби тұра бастайды.

Автомат тетігін қолы еркінен тыс басып қалып екеуін сұлатып тастапты, сосын ол алғашқы өлігін алдына салып айдай біздің ортамызға келгенді. Осы ұрыста Сапар Сәлменов ауыр жараланып, екі аяғынан бірдей айырылды. Госпиталға барар алдында ол:

– Жарам жазылып, аяғым басуға келсе, өз бөлімшеме ораламын. Достарым жауды құртуда менің үлесімді де орындап жүріңдер, – деді жолдастарына.

– Өмірбек Сәндібеков қалай қимыл көрсетуде дедім мен Романовқа. Ә, ол жігіттің төресі ғой, – деді аға сержант ажалдан бір тиіп жараланып, толық жазылмаса да ұрысты жалғастыра берді. Оның қайтадан госпиталға баруы керек еді. Бірақ ол:

«Менің оң қолым әлі сау ғой. Демек немістерге сазайын тартқызуға әлі толық мүмкіндігім бар. Олармен бойымнан әл кеткенше айқаса беремін» деп өз бетінен қайтпады. Лейтенант Махмет Оразалиннің взводындағы жауынгерлер кілең ержүрек-батыл жігіттер еді. Жанбаев, Нұғыманов, Әубәкіровтарда сондай қайтпас, алған бағытынан шығатын жандар болатын Оразалин өзі Романовтан бастап жерлесі-ауылдас Ертай Нұғмановты да осылай тәрбиелеп алғанды. Сәндібеков айтқан сертінен шыға білді, жалғыз оң қолымен жүріп он немістің өмірін үзді. Оның мергендігі, дәл нысанаға тигізіп, бұлтартпай қалпақтай ұшыратын. Өмірбек Сәндібековтың қаза табуы жолдастарына қатты батты. Бірақ ерлікпен өмірін қиған жас жігіттің бейнесі олардың жүрегінен кетпестей болып орын алған. Жауды жер жастандырып, фашист пулеметн расчөтін толық жойған батыр Өмірбек взводтың алға жылжуына жол ашып, жеңіске бір табан жақындатып тастады. Лейтенант Махмет Оразалиннің барлық жауынгерлері де Отанын, оның ішінде өз Қазақстанын қорғауда табандылық көрсете білді. Олардың әрқайсысы қолынан қаншама фашистерді жойып, тұтқындап «тіл» әкелді, қару-жарақ қоймалары мен бекіністерін талқандады. Махмет өзі туралы ештеңе айтпады, – деді взводқа келген газет тілшісі. Қанша өтініп сұрасам да, сөз тіркінін көптің ерлігіне бұра берді. Ынтымағы жарасқан коллективтің ерен істерін әңгімелеуден жалығатын емес. Мен деп өзін жекелегенді, өзін дәріптегенді жаны сүймесе керек. Көптің атынан сөйлеуге дағдыланғаны көрініп тұр. Оның әр сөзінен Қазақстандық жерлестерінің отанды қорғауға, өз Қазақстанын қорғауға қасықтай қандары қалғанша жаумен айқасатыны сезіліп тұр. Олардың әрқайсысының ауылда жары, бұлдіршін балалары болатын.

– Қош болыңыз, – деді маған қолын ұсынған Махмет, – өмір

болса әлі де кездесерміз. Ендігі келгенде бұдан зор жеңістерге жетуге жерлестеріммен уәде етемін. Ол үшін әрине фрицтерді жойып батысқа қарай қуатын болармыз. Мен оның бұл сөзіне бас изеп, қол алысып қоштастым да, редакцияға қайтып келдім. Көп кешікпей лейтенант Махмет Оразалиннің взводындағы жауынгерлермен батыл-сұрапыл істері жайлы:

Очерк «Қазақстан – батырлары» деген тақырыппен газеттің бірінші бетінде суретпен берілген болуын. Сауаты барлар орталық газеттен оқып. Махметтің жерлестері қуанысып қалысты. Оның жеңіспен оралуын бүкіл ел болып асыға күтті. Бірақ соғыс жүріп жатты. Барлық шайқастарда табандылықпен көзге түскен дивизия, оның ішінде ротасы мен взводы Курск, Полтава, Киев, Житомир, Львов қалаларын азат етуге қатынасты. Махмет үлкен ой үстінде болатын. Елден хат алды. Туған бауыры Ахмет ауыр жараланып, ішінде оқ қалған бойы елге оралған көрінеді. Аман қалғанмен еңбекке араласа алмайтын кеміс болғаны, жалғыз бауырының кемістігі қатты батты. Туған балдызы Қоғабай Есентаевты үйге жіберместен, мұғалімдік институттан тіке соғысқа аттандырғаны, жалғыз анасы Ұлмекеннің жылаумен күндерін өткізгені көз алдына елестегендей болып, әр сарапқа шомылып отыр. Бәрі де соғыстың, фашистердің ісі екені, одан кек алу, әрбір совет жауынгерлерінің жігерін қайнатты. Жаудың қарсы атакасы тойтара отырып, совет әскерлері Львов қаласына жақындап келіп қалды. Немістердің қалада алғашқы қарсылық көрсетуі кескілескен ұрысқа айналды. Мұнда қалаға бекінген гитлершілер біздің жауынгерлердің қимылына тойтарыс беріп бөгемек болды. Алайда бұлардың бұл ойлары жеміссіз аяқталды. Көп кешікпей Львов қаласы біздің қолымызға көшті. Сұрапыл соғыс. Белоруссия деревнялары мен қалаларын фашистерден тазалап, дивизия батысқа қарай жүріп келеді. Шабуыл. Тағы да қуатты шабуыл басталып кетті. Жер бүдірлеп, ауа қара түтінмен ласталды. Соңғы жағдайды түсінген барлаушылардай соғыс шебіне кірді. Ауыр зеңбіректер еңтіге күрсілдеп, берекені олар «қорқынышты» үніне басты. Оған айқай-шу қосылып, кең аспан асты алақандай ғана болып тарылып кетті. Совет жаяу әскерлері алға уралап лап қойғанда, артиллеристер оларды үздіксіз қолдап оқ жаудырады. Алға жылжу оған орай, берілместей бекінген дұшпан қатты қарсылық жасап бақты. Оларда табан тіреп күресуге мықтап бел буғанға ұқсайды. Бар күштерін салып көпке дейін тегеурінді қарсылық көрсетті. Бір кезде немістер ойламаған жерден бекіністерінен тұра-тұра келіп, қаз-қатар тізілген

күйде атакаға шықты. Біздің жауынгерлер оларды өздеріне жақын жіберіп алып, атуды мақұл көрді. Міне, оқ боратып келе жатқан сап совет жауынгерлеріне тіптен жақын келіп қалды. Осы кезде:

– Атыңдар, – деген команда берілді. Жер мен көкті оқ кезіп кетті. Ажал оғы ұшып жүр аспанда, ажал оғы жерге шаншылып жатыр. Қорғасын оқ адамзаттың өмірін үзуде. Түбінен кесілген томарша өліктер жайрай бастады. Біздің ротаның пулеметтері сайрап берді. Олардың әр оғы көздеген жеріне тиіп жатыр. Олардың әр оғы жауын жалтартпай о дүниеге аттандыруда. Себебі бұлардың қолынан шыққан әр оқ жауға деген өшпенділіктің отына қақталған. Ұдайы атыстың пайдасы бізге шешілді. Қатты қысым көрген жау кері қаша бастады. Міне, сол кезде рота командирі Куликов бастаған жауынгерлер алға қарай қызу ұмтылып немістерді жөңкіле қуып, өздері олардың бекінісіне барып кірді. Екі взвод біздің ротаның жағына көшті. Олар жап-жақсы бекініп алды да, жаңа айқасқа әл жинап, дайындала бастады. Немістер совет жауынгерлерінің бұл шағын тобын негізгі күшпен бөліп алып, жойып жібермекке бар қуаттарын төкті. Осы мақсатпен екі дзотка кіре беріс жерді үздіксіз атқылады. Жау қоршады. Алдарында қаншалықты қиыншылық, тіпті өлім даяр тұрғанын Куликов және оның взвод командирлері жақсы білді.

«Қарадан қарап тұрып қатыстыққа мойып не керек, – деп ойлады Куликов. Өлерміз, бірақ жауымызды жойып кетерміз». Ол командирлердің басын қосып, жауынгерлермен қысқаша кеңес құрды. Әр қайсысына міндеттер жүктеді. Олардың ұрыс жүргізетін орындарын белгіледі. Командирлерден де мойығандықтың нышаны байқалар емес.

– Өлімге бас тіксек те бір адым шегінбейміз. Жауыздардан тартып алған жердің бір үзімін қайыра олардың қолына беру біз үшін – масқара, деген Куликовтың сөзіне жауынгерлер рухты үн қосты:

– Жау көп, біз азбыз. Күресеміз қасық қанымыз қалғанша, – деді жауынгер Ертай Нұғыманов.

– Бүгін міне, біз үшін сын кезең туды. Содан мүдірмей өтейік жолдастар! – деді Куликов. Неміс жеңдеттері олардың есін жидырмау мақсатында оқ тиегін ағытты. Барлық күштерін соларға төге бастады. Біздің екі жауынгер оққа ұшты. Қалған жауынгерлер тізе қоса қимылдап қарсылық көрсете білді. Рота командирі капитан Куликов оларға дем беруге де, жауып сұлатуға да күш беріп жүр.

– Отан үшін аянбаңдар! Сендердің бұл ерліктеріңді ешкім

ұмытпайды! Оның бұл қызылу сөзі әскерлерге қанат бітіргендей болды. Жігерлерін жанып, батылдандыра түсті. Полк штабы қоршауда қалған рота жауынгерлерімен байланыс орнатуға бірнеше рет талпыныс жасады. Бірақ ешқандай нәтиже болмай шықты. Байланыс сымы үзіліп, миналап тастаған қоршауға еңбектеп адам бара алмайтындай, әлсін-әлі миналар жарылып, қопарылып жатты. Ұрыс екінші сәткіге ауысты.

Лейтенант Оразалин мен сержант Романовтар ұрысты жалғастыра берді. Шығын басқа взводтың ержүрек жігіттері қаза тапты. Куликов ішіне оқ тиіп, құлап бара жатып:

– Бауырларым, жерлес Қазақстандықтарым, бізге де күш келіп қалар, аянбай күресе беріңіздер... деді.

Үнсіз тістеленген Романов, капитан Куликовтың аянышты сөзін естіп, сәл көзінен атып шыққан ыстық жасты бір сүргіп пулеметтен оқты бората бастады. Жауынгерлер өздеріне жол ашып, көмек келгенде, жігіттердің жартысынан көбі оққа ұшып еді. Әрқайсысы әр қалай күйде жан тапсырды.

Взвод командирі коммунист Махмет Оразалин бастап жол ашқаны сол еді, жау зеңбіректері атқылап, жер қыртысын бұрқ еткізеді. Аспан құлап, жер төңкерілгендей. Снаряд жарылысы толастамды. Бір сәтте Махмет Оразалин шалқалақтап барып етбетінен құлап түсті. Махмет Оразалин саған не болды? – деп, Ертай оны құшақтай алды. Романовта жалма жан жүгіріп келіп, басын сүйей бастады. Махмет тілге келгені сол-ақ екен:

«Елге тірі барсаң Бағытжаным» деп үзіп, айтты да сөзін аяқтай алмай, қол-аяғын бауырына тартып сылқ ете түсті.

Аяулы жерлесінің, әрі сүйеніш командирі Махмет қазасына Ертайдың қабырғасы қайысып, өкіреп қоя берді. Романов та құшақтай алып, айқайлап жылап жіберді. Көп бөгелуге уақыт қайдан болсын Екеулеп көтеріп, тасалау жерге әкелді де, Ертай шинелін шешіп бетін жапты. Рота командирі Куликовта ренжіген бойы, жауды жойғасын, көмуді ұйымдастырамыз деп Нұғымановқа ниет білдірді. Мұндай ержүрек адамдар өте сирек. Сол сәтте жойқын күш легі орман ішіне бойлай еніп бара жатты. Дәл қазір олардың бетін қайтарар жау бола қояр ма екен? Бұлар жау бекінісін талқан етіп, шегінуге мәжбүр етті.

Куликов жауынгерлердің асқан ерлігімен жауға соққы бере отырып өз қоршауын бұзып шыққан рота мен коммунист Махмет Оразалиннің жолдастарына Үкімет наградаларын табыс етті. Махмет 1943 жылдың 13 қаңтарында Белоруссия жерінде қаза

болды. «Махмет Оразалиннің Ұлы Отын Соғысы жылдарындағы өшпес ерліктерін тізе берсе, әңгімеміз бұдан әрі жалғаса түсер еді, – деп жалғастырды аман сау елге оралған жерлесі Ертай Нұғыманов. – Мен тек оның өзім куә болған жорықтарынан үзінділер келтірдім. Ол қиын-қыстау сол бір сұрапыл кезеңде өз жолдастарының сүйіктісі болды. Біз өлімге қарсы тұрдық, оны жеңіп шықтық. Біз Отанымыз Қазақстанды қасық қанымыз қалғанша қорғай білдік. Сендер әкелер даңқын, ерлігін жалғастыруға күш салындар, – деп, – аяқтады сөзін Ертай Нұғыманов».

Ол бейбіт өмірде өзінің адамгершілігімен құрметті, сыйлы азамат бола тұра, еңбекке араласып: ферма менгерушісі, зам директор болып қызметтер атқарып өмірден өтті. Арман құшағына бөлене отырып, бала-шағалы болды. Өмірін жалғастырап: Аманжол Нұғымановтар қатарын түзеді.

Белестеніп барып, біріне-бірі иек артқан осы бір сұлу Шилі өңірі биыл ерекше гүлдене түскендей. Қойнауына Қайың – терек шоғырлана өсіп аспанмен таласады. Балалар да мәз, додана мен мойылға күз айында тереумен жалығатын.

Майдың алғашқы күндерінің бірінде...

Ауыл ерте оянды. Почташы Дүрия тын сабалап, арба үстінде жалғыз келді.

Әй, Селғазы, сүйінші. Біз жеңдік. Германия құлады. Жылқышы бір орнынан тұра алмай сасқалақтап қалды.

– Мына Дүрия не дейді. Жеңдік дейді. Распа жаным-ау. Жанарынан ыршып кеткен ащы тамшы өңіріне барып тамды. Дүрия тасырлатып өте шықты, беті колхоз кеңсесі. Үсті-үстіне айғайлап, пожысын қайта-қайта ұрғылап келеді.

– Сүйінші, сүйінші. Біз жеңдік. Соғыс бітті.

– Ал, ол тілеуің бергір. Қалауыңды ал, – деп күбірлеген Селғазы аңырап тұрып қалды. Сәлден соң барып есін жиды. Кірпігіне жас іркілген кәрі жанарымен шолпанға қарады. Есік алдында отырған Нөкетай колхоз кеңсесінің тұсына екпіндей келіп тоқтаған Дүрияны көріп жалма-жан қарсы жүрді. «Дүрияның жүрісі бүгін тым екпінді ғой. Бір хабар болғандай». Екеуі бірге кеңсеге беттеді.

Кеңсеге бір сыпыра ауыл адамдары жиналып қалыпты. Босағадан аттамай жатып дабырласқан дауыстарды құлағы шалды.

– Сүйінші дедім ғой, баршаға сүйінші. Ойбай тілегінді берсін, айтқаның келсін хабарыңа құлдық. Мың жаса!

– Атаңа нәлеттерді өз ордасымен құртып жіберді дей ма? Бөсі,

солай болса керек. Отпен ойнама – өзіңді жиді деген осы...

Өй Дүрия жәредің. Көз жасын көлдеп, хат хабар әкелуге ренжіп кейін тартып тұрушы едің.

– Шолақсай жаққа енді құсша ұшамын десейші. Жиналғандардың қуанышты көңіліне, даладағы зарлы дауыс бөліп жіберді. Жинлаған ауыл адамдары дүркірей далаға шығып, көріскен әйелдерге қарай толастады.

– Қайран қос құлынымнан айырылдым деп дауыс қылған Ұлмекен әжем, қозы Құндызды бауырына қысып: екі бірдей Махмет пен жалғыз ұлы Қоғабайдан айырылып қалғанын. Зарлыда – мұнды үнімен ауыл адамдарын тегіс жылатты. Жас гұмыр 20 жастағы Қоғабай, өмірде арман – мақсатына жете алмай, соғыстан оралмады. Махмет те жары мен балалары Бағытжан мен Жанбыртайдың жетім болып қалғанын да, күйсеу баласы Махметтің соғыс жерінде қаза болып, елге оралмауы бүкіл ауыл адамдарының, арман үмітін үзіп бірге жоқтап жыласты.

Құндыз ауданға ертеңіне келген. Әскери комиссариаттың арнайы шақырту қағазы болғандықтан ат басын аудан ортасындағы ескілеу ағаш үйге тіреген. Әскери комиссардың бөлмесі алдында ұзақ бөгелуге тура келді. Сары ала киімділер кезек тоспай сапырласып кіріп-шығып жатыр. Жайғасып отыра бергені сол-ақ еді, тыстан әлде кім самбырлай кіреді. Сары шешей екен. Қолындағы таяғымен еденді тесіп жіберердей тақылдатып жүріп келді де босаға тұстағы орындыққа отырды. Күту залының іші қапырақтау, қараңғы екен. Құндыз ыстықтайын деді. Басына тартқан қара бөкабайын желкесіне қарай сыпырып қалды. Екі айрып тараған ұзын шашы қоңырқай жүзіне ерекше бір көрік беріп тұрғандай еді.

– Үх, аллай, белі түскірі үзіліп зорға жеттім ғой түгі, – деп сары шешей демін ішінен алды.

– Өкпесі түскір, өшіп қалды ғой. Құндыз орнынан тұрып, есіктен сығалады. Селк ете түскен сары шешей бұл отырған тұсқа сығырая қарады.

– Көтек, мұнда тағы біреу барма еді. Көзі түскір көруден қалды. Есенбісің, шырағым. Танымадық, осы Әуликөлдікімісің.

– Мен Шиліденмін. Қай Шилі Сұлукөлдің бе? Жоқ Жаркөлдің Шилісі...

Онда кімдегеннің келінісің? Оразалин Махметтің жолдасымын.

Е, шырағымай өзіміздің Оразалин Махметтіме, неге білмейік, бүкіл ел, жұрт біледі. Ол бірдіретін өрімдей азаматтың өзі еді ғой.

Жігіттің сұлуы, өткір, халқының тірегі еді. Шіркін-ай талай сабаздар, жас ғұмырын құрбан етіп, елін, жерін, бала мен жарын тастап кеткені ме? Е, дүние-ай десеңші ел аңырап бос қалды-ау, – деп күрсінген сары шешей көршілес Құмжота колхозынан еді. «Келіннің аяғынан» деп сен келгелі Оразалиннің шаруасы дөңгеленіп кетті. Жастайынан коммунист атанып Махмет атқа мінді, артель-колхоз құрды, одан жоғарлап Наурызым ауданының атқару комитетінің председателі болды. Құдай оның қызығын да көпсініп, соғыстан оралмағаны өте қазалы қайғы емес пе. Сары шешейдің көңілі босап жанарына жас келді. Орында бар оңалар қалқам балаларынды бақ, оның бірі көзі бірі Махметтің өзі емес пе, азаматта болар әлі...

Менің қос құлыным бірдей армиядан оралмай, естірту қара қағазы келіп қайғылы мұңыммен келіп отырмын мынау деп, – Ақбала шешей орамалмен көзінің жасын сүртті. Ақ баланың әр сөзіне өксіп жылаған Құндыздың да көңілі басылмай, біраз мұңдасып отырды. Бір кезде бөлмеге шақырды. Комиссар егде тарқан үлкен кісі екен: Қымбатты туғандар: Сіздерге бағалап награда тапсыруға әдейі шақырдым деп, – Ақбала шешейге жақындап, мынау қызыл жұлдық ордені мен медалдарын табыс етті.

Орнынан қалбалақтай тұрған Ақбала шешей комиссар ұсынған награданы алды. Өздері қаза болғандықтан ең жақын туысы не болса анасына мәңгілік сақтауға беріледі.

– Е, шырағым-ай, бұл орденің қос құлынымның орнына толтырар деймісің. Олай емес шешей. Отан осы сияқты батырлардың ерлігін ұмытпайды. Сондай батыр ұлдарды тәрбиелеген Сіздей анаға үлкен рақмет айтып, құрмет көрсету үшін әдейі шақыртып отырмыз. Жөн ғой, шырағым. Біз әйтеуір күйініштен, қайғыдан айтылған деп, – сөзін аяқтай алмай өксіп-өксіп қоя берді шешей.

– Мына награда Шилі колхозының бұрынғы председателі Оразалин Махметке берілу керек еді. Ол азаматта мезгілсіз...

Орнынан тұрған Құндыз комиссарды қолындағы күмістей жарқыраған наградаға қарады.

– Кешіріңіз сіз кім боласыз.

– Жолдасымын.

Ғафу етіңіз, жарыңыз «Қызыл жұлдыз», «Данқ» орденімен медалдарымен наградталған. Мынау ақырғы ерлігі үшін берілген сол орденнің бірінші дәрежесі. Жолдастарыңыз туған елі алдында өз парызын абыроймен орындаған, отанын сақтап қалып, лейтенант

дәрежесіне дейін өскен коммунист азаматы – баласы мен жары, сіздің өзіңіз мақтан тұтуыңызға әбден болады.

– Ойбай, Махмет сияқты азаматты мақтан тұтпайтын кім бар еді. Қарағым-ай десейші, елімнің тірегі емес пе еді.

– Сары Ақбала кейістік білдіріп, күйзелеп қалды. Комиссар бұдан кейін майдангерлер семьясына біраз сыйлығымыз бар еді деп екеуіне бір-бір пакет ұстатты.

– Уақыт жылжып, жылдар зымырап өтіп жатты. «Сендер әкелер даңқын, ерлігін жалғастыруға күш салыңдар». – деп соғыстан оралған Махметтің жолдасы Ертай Нұғыманов кішкентай Бағытжанды алдын алып, кезек-кезек бетінен сүйіп, «Әке» аманатын осылай жеткізген еді. Махметтің ең үлкен Бағытжан б-дан жаңа ғана асқан еді.

Бағытжан жасынан алғыр, оқуға өте зирек болды. «Әкесі құсап» деп ауыл адамдары, айтқанынан қайтпайды. Ұзын бойлы, иықты, сұлу жігіт болып, қатарынан ерекше болып өсті. Семья жағдайымен оқи алмай, механизатор курсын бітіріп, еңбекке араласа бастады. Жас болса да бірден – ақ көзге түсіп ауыл жастарының 25-30 дайын тракторист мамандығын алып беріп, үйретіп шығарды. Қазірде Айнабек Бимендин, Серікжан Мырзахметовтар белді де механизатор, ауыл азаматтары.

Бағытжан Махметов кейін бөлімше басқаруға дейін жоғарылады.

Әке арманын жалғастыра бастағанда 1962 жылдың 2 шілдесінде кенеттен қайтыс болды. Бағытжанның өлімі анасы Құндызға қатты батты. «Орынында бар оңалар» дегендей Базылжан мен Нұрлан Махметовтар болып ер жетті. Үлкені Базылжан Семиозер ауданының «Тірсек» совхозының гл.зоотехнигі қызметінде болса. Нұрлан «Науырзым» совхозында мал маманы болып еңбек ете бастады.

Махметтің шөберелері атанып, өмірге қадам баса бастады.

*Ж. Махметов. Махмет Оразалин. Роман*

Формат А5, объем стр. 162, объем п.л. 10. Тираж 100 экз.

«ҰлтССО» АҚ полиграфиясында басылды.

Қазақстан Республикасы,

Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, 28/1

тел.: 8 (7172) 32 40 05